

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 821.512.122.09(043)

Қолжазба құқығында

КОЖАБЕКОВА РАУШАН САНАТҚЫЗЫ

**АБАЙ МЕН ШАУҚИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМ БЕЙНЕСІНІҢ
ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ
(САЛЫСТЫРМАЛЫ-САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)**

8D02305 – Шетел филологиясы (шығыс тілдері)
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
PhD, қауымд.профессор Палтөре Ы.М.
Шетелдік ғылыми жетекші:
PhD, қауымд.профессор Хаслина Б.Х.
(Малайзия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ	
АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	4
 1. ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1. Көркем шығарманы талдаудағы салыстырмалы-типологиялық әдістің теориялық негіздері мен қолданысы	12
1.2. Герменевтикалық әдістің теориялық негіздері және оның көркем мәтінді талдаудағы мәні мен қызметі	19
1.3. Ф. Шлейермахер теориясындағы негізгі герменевтикалық категориялар.....	31
 2. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АХМЕД ШАУҚИДІҢ ТҰЛҒАСЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ҰҚСАСТЫҚ	
2.1 Абай және Шауқи шығармашылығының бастаулары: қоғам, дәуір, әлеуметтік-ағартушылық орта дискурсы.....	48
2.2 Абай поэзиясындағы «адам» концептінің негізгі идеялары	65
2.3 Шауқи поэзиясындағы «адам» тақырыбының қолданылу негіздері...	73
 3. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АХМЕД ШАУҚИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМ БЕЙНЕСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	
3.1 Абай поэзиясындағы адам бейнесінің философиялық және этикалық негіздері	88
3.2 Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің көркемдік және концептуалдық тұрғыдан айқындалу ерекшеліктері	101
3.3 Абай және Шауқи поэзиясындағы адам бейнесі парадигмаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары	121
 ҚОРЫТЫНДЫ	133
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	140
ҚОСЫМША	148

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды:

Герменевтика – (гр. hermēneutikos – түсіндіру, талқылау) – түсіндірудің теориясы мен әдістемесі, мәтіндерді (текст) түсіндіру өнері. Ол көбіне діни мәтіндерді, әдеби шығармалардағы даналықтарды, философиялық мәтіндерді түсіндіреді.

Герменевтикалық анализ – бұл тінді қайта құрастыру. Туындының түсіндірілуі автор құндылығының жүйесі, этикалық таңдаумен анықталу керек. Герменевтикалық түсіндіруде әдеби мәтіннің тарихи қайта құрылуы және тарихи шығарманың контекстімен бірге біздің тарихи контекстісін дәйекті түрде отаршалауы ғана емес, сонымен қатар оқырмандардың хабардарлығын кеңейту, өзін терең түсінудегі көмегі бастысы болып келеді.

Парадигма – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көз-қарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны.

Концепт – мәселені шешудің тәсілдері жүйесі; өзіне ғана тән пікірлер мен тұжырымдар тудыратын кез-келген құбылысты түсіну, ажырату және түсіндіру тәсілі.

Интерпретация – белгілі бір тілде ұсынылған синтаксистік жағынан аяқталған мәтіннің мазмұнына мағыналық, семантикалық және прагматикалық тұрғыдан түсініктеме беру процесі.

Қасыда – араб әлемінде жәһилия дәуірінде жиі қолданылған жанрдың бірі. Бадауи ақындар өз ойларын өлең сөзбен жеткізуде осы үлгіге жиі жүгінетін. Қасида деген термин арабтың “қасада” сөзінен шығып, бір адамға не бір нәрсеге ерекше назар аударуды, оны жоғары көтермелеуді айтады.

Рационализм – (лат. ratio – ақыл) – ақылды, ойлауды ең анық, сенімді білімнің негізі және қайнар көзі деп есептейтін философия мен ғылым әдіснамасындағы бағыт. Бұл термин тек XIX ғ. ғана белсенді қолданыла бастады. Рационалистік дәстүр әдетте эмпириялыққа, сол сияқты (басқа негіздерде) иррационализмге қарсы қойылады. Рационализм үшін ойлаудың сезімдерден басымдылығын бекіту тән, бұл жәйт антикалықтан басталатыны белгілі (элеаттар, атомистер, Платон және т.б.).

Семиотика – таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы, табиғаттағы немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән.

Метафора – (грек metaphora – ауыстыру) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы және араб әдебиетінің неоклассигі мысырлық ақын Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасын салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан талдауға арналған. Диссертацияда Абай және Шауқи шығармаларындағы «адам» бейнесі тақырыбына қатысты философиялық, этикалық және эстетикалық идеялар зерделеніп, қазақ және араб әдебиеттерінің мәдени-көркемдік ерекшеліктері салыстырылды. Зерттеуде екі ақынның адам бейнесі сомдалған шығармаларына ортақ тақырыптар мен олардың даралығын танытатын жеке стильдері анықталды.

Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи шығармаларының мазмұны туған халықтарының руханиятына өз заманының ғана емес, болашақ даму мүмкіндіктері тұрғысынан да қарай алғанымен ерекшеленеді. Екі ақынның да есімі өз мәдениеттерінің тарихында шешуші мәнге ие ағартушылық идеяны таратушы миссияларымен сақталып қалды. Бұл зерттеу жұмысында олардың адамның рухани өсуі, қоғамдағы орны мен жауапкершілігі, моральдық құндылықтар жайлы философиялық-эстетикалық көзқарастарына талдау жүргізіледі және қазақ әдебиеті мен араб әдебиетінің ортақ сипаттары мен ұлттық ерекшеліктері де қарастырылады. Абай және Шауқи шығармаларындағы адам бейнесі герменевтикалық әдіс арқылы талданып, ақындар стилі мен азаматтық және қайраткерлік қағидаттарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты философиялық ойларға герменевтикалық талдау жасаудың өзектілігі ең алдымен олардың шығармашылық жолы қалыптасқан екі мәдени ортаның – қазақ және араб әдебиеттерінің көркемдік, идеялық ерекшеліктерін салыстырумен байланысты. Қазақ және араб әдебиеттерінің даму тарихы әр халықтың өз тілінде жан-жақты зерттелгенмен, шетел филологиясы, салыстырмалы әдебиеттану ғылымында бүгінге дейін олардың мәдени-философиялық дәстүріне жеке салыстырмалы талдау жасалмаған. Абай және Шауқидің мұралары өздері өмір сүрген қоғам мен заманның мәдени, философиялық және этикалық құндылықтарының көркем өнердегі көрінісі болып табылады. Территориялық өлшеммен алғанда бір-бірінен алыста өмір сүрген ақындардың шығармашылық идеяларын салыстыра зерттеу арқылы олардың әлемді, адам табиғатын және қоғамды танып-қабылдаудағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға жол ашылады.

Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясы көне Шығыс философиясынан, оның ішінде ислам дінінен, суфизм мен гуманизмнен бастау алған. Екі ақынның адамгершілік-философиялық идеяларын салыстыру әлемдік өркениеттер аясындағы Шығыс диалогын зерттеуге ықпал етеді. Шығыс халықтарының арасында бірегей сипатқа ие араб және қазақ әдебиеттерін салыстыру оларға ортақ мәдени мұра мен ұлттық әдеби ерекшеліктерді, авторлардың стильдік шеберлігін тереңірек түсінуге, ұқсас және ерекше

әдістерін анықтауға мүмкіндік беруімен де өзекті. Академик З. Ахметовтің «Ел, жұрт» деген ұғымдарды Абай қалың ел, қазақ жұрты, халық деген кең мағынасында алып, бүкіл халықты тұтас алып мінездеу үшін де қолданады. Мысалы, үшін «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», - деп басталатын өленді еске түсірсек жеткілікті. Ал кең мағынасында халық бейнесі бұған қоса жоғарыда айтылған сан алуан топтардың өкілдерінен, әр түрлі мінез, іс-әрекеттердің иесі болып көрінетін адамдардан жинақталып, қосыла келе толық көрініс табады» деген тұжырымы ақын шығармашылығында адам мен халық бейнесі ұғымының мағынасы мен өлшемі қаншалықты кең екенін дәлелдейді [1, 14 б.]. Ғалымның осы пікірі бүгінгі күні де өзекті, Абайдың адам тақырыбындағы идеясы мен философиясы қазақ халқының өзімен бірге жасай беретіндіктен заманауи контексте жаңа әдіс-тәсілдермен зерделенуі тиіс екендігі соңғы жылдары жиі көтеріліп келеді.

Ахмед Шауқи поэзиясында ақын өмір сүрген заман үшін өзекті басқыншылық отарлық саясат, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік теңдік, араб әлемінің бірлігі сияқты мәселелерді батыл және жиі көтергендіктен оның саяси поэзия арқылы жеткізілген идеялары бүгінгі күн үшін маңызын сақтап отыр. Ақынның ұлтқа қатысты көзқарастары жаһандану, ұлт бостандығы, бірегейлікке қатысты идеологияға қуатты негіз саналады. Шауқидің шығармашылығы араб әлемінің маңызды мәдени мұрасы болумен қатар тарих пен қоғам жайлы құнды дереккөз саналатындықтан қазіргі уақытта араб қоғамында жүріп жатқан әдеби процестердің мәнін түсініп зерттеу үшін өзекті

Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері герменевтика теориясының негізін салушы, зерттеу әдісі ретінде әдебиеттануда қолдану ерекшеліктерін бекіткен Ф. Шлейермахер, Г. Гадамер, Е.Н. Шульга, салыстырмалы әдебиеттану теориясын қалыптастырушы В.М. Жирмунский, Р. Нұрғалиев еңбектерінен бастау алды.

Абайтану саласы бойынша оның негізін қалаған ғалымдар Ө. Бөкейханов, М. Әуезов, Қ. Мұхамедханов, Қ. Жұбанов, З. Ахметов, М. Мырзахметов, Р. Сыздықова, Ж. Дәдебаев және басқа көптеген зерттеушілер еңбектері басшылыққа алынды.

Ахмед Шауқи шығармашылығының қалыптасу, даму жолдарын анықтау үшін жаңа заманғы араб әдебиетінің тарихын зерттеуші Шауқи Дайф, Таха Хусейн, Мұхаммед Хейкал, Махмуд Бадауи, Аббас Махмуд Әл-Аққад, Мұстафа Садық Әр-Рафиғи сияқты ғалымдардың еңбектері қолданылды. Сондай-ақ Ахмед Шауқидің шығармашылығын зерттеуге өзіндік үлестерін қосқан шетелдік ғалымдардан Шарль Пеллат (Charles Pellat), Сюзан Пикней Стеткевичті (Suzanne Pinckney Stetkevych) атап өтуге болады.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениеті мен философиясы сияқты салалар тарихында рухани қазына ретінде алатын орны мен аталған салаларды дамытуға қосқан үлесіне және бірнеше ұрпаққа қалдырған бай мұрасының мазмұны мен мәніне байланысты гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар аясында іргелі зерттеулердің жүргізілуіне негіз болды және қазіргі уақытта да

жалғасын табуда. Ақынның шығармашылығында адам тақырыбы оның ағартушылық, философиялық, этикалық көзқарастарының негізі саналатындықтан гуманизм, «кемел адам», әділдік пен даналық және т.б. ой-тұжырымдар абайтанушы ғалымдар Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, Қ. Мұхамедханов, З. Ахметов, М. Мырзахметов, Р. Сыздықова, Н. Ғабдуллин, Ғ. Есім, С. Қасқабасов, Ә. Қоңыратбайұлы, Б. Кенжебаев, Г. Бельгер, Д. Ысқақов, Ж. Дәдебаев, Т. Жұртбай және басқа әдебиет, тіл білімі мамандарының еңбектерінде терең зерттелді. Олардың қатарында диссертациялық жұмыстың нысанына алынып отырған Абайдың поэзиясындағы адам бейнесіне жеке тоқталып, ақынның адам психологиясын, дүниетанымын жеткізудегі шеберлігін кешенді түрде қарастырған ғалымдар З. Ахметов, М. Мырзахметов, Ж. Дәдебаев еңбектері осы тақырыпқа қатысты іргелі зерттеулер саналады.

Абайдың шығармашылығын басқа халық ақындарымен салыстыра зерттеу мәселесіне келетін болсақ, ғылымда бұл тақырыпты жеке қарастырған жұмыстар көп емес. Қазақ ғалымдарының ішінен З. Ахметов Абайдың орыс ақыны М. Лермонтовтың поэзиясын қазақ тіліне аудару шеберлігі жайлы диссертация (1951) қорғап, кейіннен ол теориялық негізделген іргелі зерттеуге айналды, «Лермонтов пен Абай» тақырыбы академик З. Ахметовтің абайтану саласына қосқан ең үлкен үлесі және жаңашылдығымен монографиялық, ұжымдық еңбектерінің, ғылыми мақалаларының бастауында тұрады.

Салыстырмалы әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму кезеңдері жайлы зерттеу мақаласында шығыстанушы ғалым Д. Мәсімханұлы қазақ авторларының басқа халық өкілдерімен салыстырылуы жөнінде батыл және ашық ой-пікір айтқан: «..салыстырмалы әдебиеттану ғылымының өзі «ықпалдастық теориясы» және «пареллель зерттеу теориясы» деп жіктелетін болса, кеңестік идеология осындағы тек «ықпалдастық теориясына» ғана жылы қабақ танытып келді. Оның өзінде бұл теория тек бір бағытта, яғни одақтас республикалардан шыққан қаламгерлердің тек «ұлы орыс қаламгерлерінің, орыс әдебиетінің шекпенінен шыққандығын» «дәлелдеу» үшін қызмет етуі керек болды. Ал, салыстырмалы әдебиеттану ғылымының тағы бір үлкен саласы – адамзат ақыл-ойының, сана-сезімінің, эстетикалық аңсарының, арман-мұратының үндестігін, сәйкестігін, тамырластығын, қанаттастығын, өзектестігін, сарындастығын айқындауға бағытталған, сөйтіп бүгінгі жер бетіндегі діні, тілі, түрі бөлек халықтардың өмір сүру мұраты, әлемді қабылдауы мен тануы, махаббаты мен ғадауаты қарайлас, о баста шынымен де Адам ата мен Хауа ана дейтін бір тектен, бір атадан жаралған «Адамзат» деп аталатын бір жұрт екендігін дәлелдеуді мақсат тұтатын «пареллель зерттеу» деп аталатын бұтағы мүлде шеттетіліп келді. Әрине, кеңес одағында өмір сүретін халықтардан бір ғана «кеңес ұлтын» жасауды мақсат тұтқан қызыл империяға бұл бағыттағы танымның да, теорияның да ұнай қоймасы екібастан анық болатын» [2, 1 б.], Ғалымның «параллель зерттеу» туралы пайымы тағы да осы жұмыстың өзектілігін аша түсетінін айту қажет, себебі, Абай поэзиясы күні бүгінге дейін басқа халықтар әдебиеті өкілінің шығармаларымен жеке салыстырылып зерттелген жоқ. Ал шығыс халықтарының әдебиеті аясында

қазақ және араб ақындарының поэзиясы, ондағы адам концепті алғаш рет арнайы зерттеуге тақырып ретінде алынып, дербес қарастырылып отыр.

Кеңестік шығыстанушылар И. Крачковский, А. Крымский, А. Долинина, В. Кирпиченко және т.б. бірқатар олардың еңбектерін жалғастырушы ғалымдар араб әдебиетінің жаңа заманғы қалыптасу және даму тарихын жүйелі және кешенді түрде зерттеді, олардың еңбектерінде Ахмед Шауқи ақын, драматург, араб әдебиетінің жаңа кезеңіне айтулы үлес қосқан күрескер автор ретінде бағаланады. Олардың еңбектерінде Ахмед Шауқидің жаңа заманғы араб әдебиетінің қалыптасуындағы рөлі мен шығармаларының қоғамдық дамуға көрсеткен ықпалы, жаңашылдығы оған замандас ақындар Хафиз Ибрахим, Сами әл-Барудидің туындыларымен салыстырыла зерттелді [3, 85 б.].

Ахмед Шауқи шығармашылығы өзінің гуманистік бағыты мен ағартушылық идеясына сай Мысырмен қоса бірқатар араб елдерінің зерттеушілері тарапынан ғылыми жұмыстарға арнайы тақырып болды. Араб ғалымдары мен шетел әдебиетшілері Ахмед Шауқидің әр түрлі тақырыптағы қасыдаларына қоса оның шығармашылығының мысыр драматургиясы мен театр өнерінің негізін салушы ретіндегі қырына жиі назар аударған.

Әзірбайжанда 1992 ж. «Ахмед Шауқидің драматургиясы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған зерттеуші Н. Бакиханова ол жөнінде төмендегі пікірді айтады: «Араб авторларына келсек, Бутрус әл-Бустани, Шауқи Дайф, Мұхаммед Мандур, Махмуд Хамид Шауқат, Ханна әл-Фахури, Илья Хауи, Омар әл-Фахури, Мухсин Итмиш, Камал Мұхаммед Исмаил, Адуар Ханін, Мұхаммед Ғунайми Хилал әр жылдары Шауқи драматургиясымен байланысты ғылыми мақалалар жазған. Әйтсе де жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде Шауқи драмалары арнайы зерттеуге ұшыраған жоқ. Жалғыз ерекшелік - Жамал ад-Дин ар-Рамадидің «Араб және ағылшын әдебиетіндегі Клеопатра пьесасы» шығармасы, онда автор Шауқидің «Клеопатраның өлімі» драмасын ағылшын драматургі Драйденнің ағылшын тіліндегі Клеопатра өмірі туралы «Барлығы махаббат үшін», драмасымен салыстырады, сондай-ақ Аббас Махмуд әл-Аккадтың Шауқидің «Камбистар (ежелгі парсы патшалары)» драмасындағы тарихи фактілерді талдауға арналған «Таразыдағы камбистар» атты сыни мақаласы [4, 2 б.].

Зерттеу жұмысының мақсаты

Қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы және мысыр неоклассигі Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмаларын анықтау осы диссертациялық жұмыстың басты мақсаты ретінде белгіленді. Оған қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

– әдеби шығармашылықты зерттеуде салыстырмалы әдістің пайда болу тарихын сараптау;

– салыстырмалы әдебиеттануда герменевтиканың қолданылу заңдылықтарын зерделеу;

– Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи шығармашылықтарының бастауларын салыстыру, ақындық, тұлғалық қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-ағартушылық орта дискурсын талдау;

- Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам тақырыбының философиялық-этикалық негіздерін салыстыру;
- Абай поэзиясындағы «адам» концептісінің мәні мен идеясын анықтау;
- Ахмед Шауқидің адам тақырыбындағы шығармаларының мазмұндық және жанрлық ерекшеліктеріне, сюжеті мен идеясына ғылыми талдау жасау;
- Абай және Шауқидің адам бейнесін сомдаудағы шеберлігін анықтау, тілдік құралдардың қолданыс аясын жіктеу;
- Абай және Шауқи поэзиясындағы философиялық идеяларына кешенді талдау;
- Абай және Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты парадигмаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Зерттеудің нысаны. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ, аудармашы, қазақ жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы мен «أمیر الشعراء» («Ақындар әмірі») лақабымен белгілі араб неоклассигі, мысырлық ақын, жазушы, драматург, ағартушы, аудармашы ақын Ахмед Шауқидің поэзиялық шығармалары.

Зерттеудің пәні. Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің философиялық және этикалық негіздері, адам бейнелерінің түрлері мен қырлары, ақындардың адам бейнесін жасаудағы шеберліктері, герменевтикалық стильдік шешімдер.

Зерттеуде қолданылған әдістер. Диссертациялық жұмысты жазу барысында жалпы және жеке теориялық әдістер, жинақтау, жүйелеу, классификациялау әдістерімен бірге зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндетіне сай герменевтикалық талдау, интерпретациялау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылды.

Жалпы теориялық әдістер зерттеу нысанын кең тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік берді. Зерттеудің алғашқы теориялық базасында салыстырмалы әдебиеттану, герменевтика, шығыстану салаларындағы жетістіктерге сүйенеді. Нақтырақ айтқанда, салыстырмалы әдебиеттану саласының қалыптасуы мен дамуын ашатын тұжырымдар, герменевтика негіздерін түсінудің жалпы теориясын қалаған неміс ғалымы Ф. Шлейермахердің тұжырымдары, герменевтика ғылымының кең және тар мағынадағы қолданысы, сондай-ақ қазақ ойшылы Абай мен араб ақыны Шауқи шығармашылығындағы ұқсас және ерекше сипаттарды анықтау үшін осы зерттеудің герменевтикалық әдісі таңдалып, жүзеге асырылды. Зерттеудің жинақтау әдісінде жеке ақындар жайлы деректер жиналып, бір жүйеге түсірілді және олардың ортақ белгілері айқындалды. Ал жүйелеу әдісінің нәтижесінде зерттеу нысаны болып табылатын ақындар Абай және Шауқидің поэзиялық шығармаларының ішкі құрылымы мен өзара байланысы айқындалып, ғылыми тұжырымдар реттеліп, талқыланды. Классификациялау әдісінде зерттеу материалдарын құрылымдауға және салыстырмалы талдауға дайын ғылыми база қалыптастыруға мүмкіндік берді. Интерпретациялау әдісі болса, ақындар шығармашылығындағы діни-философиялық мәтіндердің көпқабатты мазмұнын ашуға көмектескен болатын. Зерттеу барысында қазақ ақыны Абай және араб ақыны Шауқи поэзиясындағы

адам тақырыбының өзара байланысы салыстырылды. Сондай-ақ салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы зерттеу тақырыбының ортақ универсалды және ұлттық ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеудің дереккөздері. Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен поэмалары және Ахмед Шаукидің қасыдалары мен поэзиямен жазылған пьесалары (араб тілінде). Олардың ішінде Ахмед Шаукидің 20 қасыдасы, 1 поэмасы: «نهج البردة» («Шапан жолы») және 5 пьесасы: «مصرع كليوباترا» («Клеопатраның өлімі»), «قمبیز» («Камбиз»), «الست هدى» («Мадам Худа»), «مجنون ليلى» («Лейла-Мәжнүн»), «علي بك الكبير أو دولة الممالك» («Әли бек әл-Кәбир немесе мәмлүктер мемлекеті») зерттеу барысында талқыланды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– «Шетел филологиясы» аясында алғаш рет араб және қазақ ақындарының шығармаларына салыстырмалы талдау жасау мақсатында герменевтика әдісінің ерекшеліктері арнайы қарастырылды;

– Абай және Шаукидің ақындық тұлғаларының қалыптасуы, поэзияларының бастаулары олар өмір сүрген әлеуметтік-мәдени контексте салыстырыла отырып талданды;

– алғаш рет салыстырмалы әдебиеттану теориясына сай белгілі қазақ және араб ақындары Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасын анықтаудың әдеби және философиялық ерекшеліктері анықталды;

– екі ақынның шығармалары негізінде қазақ және араб әдебиеттерінің ұлттық ерекшеліктері салыстырылып, олардың адамзатқа ортақ құндылықтармен арақатынасы анықталды;

– Абай және Шаукидің ұлттық әдебиетті қалыптастырудағы рөлдері олардың қоғамның рухани даму жолында атқарған миссиясы арқылы салыстырылды;

– Абай мен Шаукидің адам бейнесін сомдаудағы ақындық стильдерінің ұқсас және ерекше қырлары анықталды;

– Екі ақын шығармашылығының бүгінгі қоғам үшін маңызы мен олар ұсынған «адам» концептінің мәні мен қызметі қоғамның қазіргі даму үрдістері мен заманауи мәдениеттер диалогы контекстінде талданды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

– Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шаукидің шығармалары олар өмір сүрген қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени сипаттарын танытатын маңызды қайнаркөз;

– Екі ақынның «адам» концептісіне қатысты идеяларының қазіргі заман үшін мәні өте жоғары, әсіресе, материалдық құндылықтардың басымдығы рухани тәрбиеде адамгершілікті насихаттауды өзекті етеді;

– Абай поэзиясында көтерілген оқу-ағарту, өзін-өзі тану, рухани даму, сыни ойлау, тәрбие мәселелері қазіргі жаһандану процесінің ықпалындағы әлеуметтік даму үшін өте өзекті;

– Ахмед Шауқидің поэзиялық мұрасының қазіргі заман үшін өзектілігі араб халқының бірлігі, ұлттық бірегейлік, бостандық пен моральдық нормалар мәселелерінде анық көрінеді;

– Абай және Ахмед Шауқи поэзиясының философиялық аспектілерін Шығыс дүниетанымы тұрғысынан зерделеу мәдениетаралық түсіністікке ықпал етеді;

– қазақ және араб халықтары арасындағы мәдениеттер диалогының нығаюы нәтижесінде әдеби туындылар жалпыадамзаттық құндылықтарды арттыра түседі;

– Абай және Шауқи ағартушылық бағыттағы шығармалары арқылы ұлттық әдебиеттің негізін салумен бірге оны жаңа деңгейге көтерген ақын, жазушы, аудармашы болып табылады;

– Екі ақын да шығармашылық миссияларымен өз халықтарының рухани дамуына қызмет ету арқылы шынайы ұлт зиялысы мен рухани көшбасшының тұлғасын көрсетті;

– Абай және Ахмед Шауқидің ағартушылық идеялары, философиялық ойлары мен поэтикалық шеберліктері шығармашылық тұрғыдан бір-бірімен толық үйлесім тапқан, екі ақынның да поэзиясы рухани кемелденуді, терең білім алуды, ұлтқа адал болуды насихаттайды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеудің нәтижелері салыстырмалы әдебиеттану, жаңа заманғы әдебиет тарихы, әдеби сын теориясы бойынша еңбектерді толықтыра алады. Зерттеуде талданған ұлттық әдебиет тууы мен қалыптасуы, әдебиеттегі ағартушылық идея, әдебиет пен философия пәндерінің байланысы, көркем шығармадағы философиялық идеяларға қатысты тақырыптар Абай және Шауқи шығармашылығындағы ортақ концепциялар мен поэтикалық әдістерді тереңірек түсінуге жол ашады.

Зерттеудің практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен зерттеудің нәтижелерін араб филологиясы бойынша оқылатын дәрістер мазмұнында, атап айтқанда, жаңа заманғы араб поэзиясы, стилистика, әдеби байланыс, көркем аударма пәндерінде қолдануға болады. Сонымен бірге зерттеу материалдары Абай және Шауқидің шығармашылығын насихаттау, ағартушылық-философиялық идеяларын оқып-үйрену мақсатында білім беру, мәдени қарым-қатынас салаларында жүргізілетін жұмыстарға пайдасын тигізеді.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы. ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі ұсынған тізім бойынша ғылыми журналдарда

1. Абай және Шауқи шығармаларындағы даналық: Literary studies // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2022. – №3 (140). – 387-396 бб. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-181-190>

2. A reflection of the ottoman empire in the poetry of Ahmad Shawki // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану хабаршысы. – 2023. – №1 (101). – 77-82 бб. <https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v104.i1.09>

3. Hermeneutical analysis of the poems of ahmed shawki // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану хабаршысы. – 2024. – №1 (108). – Алматы, 2024. – Б. 16-24 бб. <https://doi.org/10.26577/JOS.2024.v108.i1.02>

4. Ахмед Шауқи поэзиясындағы «сағыныш» концептісі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (150). – 209-220 бб. <https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-209-220>

Ахмед Шауқидің мысал өлеңдеріне герменевтикалық талдау // Қазақстан Шығыстануы. – 2025. – №2, Том 14. – 294-305 бб.

<https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.294>

Scopus базасына енгізілген журналдарда

1. Spiritual culture of modern youth: a cultural and philosophical analysis // Xlinguae. – June, 2023. – №16 (3). – P. 117-124.

(<https://www.scopus.com/sourceid/21100890928>) (80 процентиль).

DOI: 10.18355/XL.2023.16.03.12 ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X

2. The image of a human in the poetry of Abai Qunanbaiuly (1845-1904) and Ahmed Shawqi (1868-1932) // Scientific Herald of Uzhhorod University journal. – 2024. – №5. – P. 2133-2139. <https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.213td3>

Халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланған мақалалар

1. Ахмед Шауқи поэзиясындағы “әйел бостандығы” концептісі // Фараби әлемі = Фараби алеми : материалы междунар. науч. конф. студенты и молодые ученые (Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2022 года) / КазНУ им. аль-Фараби, факультет восточного ведения; ред. кол.: Н.Б. Эм, С.Т. Джакубаева и др. - Алматы : Казахский университет, 2022. – 28-32 бб.

2. Socio-political views in the poetry of Abay and Shawki // 2nd International Scientific Conference “Modern Scientific Method”. – Vienna, 2023. – P. 196-201. <https://ojs.publisher.agency/index.php/MSM/citationstylelanguage/get/harvard-cite-them-right?submissionId=895&publicationId=897>

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшан тұрады. Диссертациялық жұмыстың көлемі 160 бет.

I ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Көркем шығарманы талдаудағы салыстырмалы-типологиялық әдістің теориялық негіздері мен қолданысы

Әлем халықтары әдебиетінің тарихын, оның жанрларын, авторлары мен туындыларын, жалпы алғанда әдеби үдерісті оқып зерттеуде қолданылатын негізгі әдістердің бірі – салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі.

Әлемдік деңгейде әдеби үдерісті жүйелі түрде оқып-зерттеу ісі XIX ғ. басында қолға алынды. Әдебиетті салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу бағытының Батыста пайда болуы жайлы сөз қозғалғанда А. Вильмен (Abel-Francois Villemain), Ж.-Ж. Ампер (Jean-Jacques Ampere), Э. Кинет (*Edgar Quinet*) сияқты ғалымдардың есімдері аталады. Бұл салаға айтулы үлес қосқан ғалым француз тілінде жиырма томдық «*Etudes de litterature comparee*» (Салыстырмалы әдебиеттану бойынша зерттеулер) еңбегінің авторы Ф. Шаль (Philarete Euphemon Chasles) (1847-1864) болды.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында салыстырмалы әдебиеттану әдебиет тарихының дербес саласы болып қалыптасты. Х. Познеттің «Салыстырмалы әдебиеттану» атты еңбегі (1886), Ф. Брюнетьер (Ferdinand Brunetier), Ж. Текст (J. Text), Ф. Бальдансперже (Fernand Baldensperger), П. Ван Тигем (Philippe Van Tieghem) және т.б. ғалымдардың зерттеулері жарияланды.

XX ғ. 70-90 жылдары бұл салада А. Фаринелли (A. Farinelli), А. Дима, Д. Дюришин сияқты батыс ғалымдардың терең зерттеулері пайда болды.

Ал Ресейде салыстырмалы әдебиеттанудың негізін салушы А.Н. Веселовский (1838-1906) саналады, ғалымның «Историческая поэтика» еңбегі В.М. Жирмунскийдің алғысөзімен баспадан 1940 ж. шықты [5, 1 б.], дәл осы еңбекте компаративистиканың әдіснамалық негізі қаланды және күні бүгінге дейін осы салада әртүрлі халықтардың әдебиетін зерттеуде қолданылатын негізгі еңбекке айналды. Ресейлік ғалым бұл еңбегінде әдебиетті салыстырмалы зерттеудің әмбебап шешімдерін ұсына отырып, тарихи поэтика идеясын алға тартады және оны ғылыми түрде негіздейді.

А.Н. Веселовский әдебиетті салыстырмалы түрде зерттеуге жалпы адамзаттық тарихи-мәдени үдерістің бірлігі туралы өзекті идеялар енгізген. Осы бірлікті әмбебап үдеріс ретінде сезіну ұлттық әдебиет тарихына салыстырмалы түрде дербес және бірегей тұтастық ретінде, алайда жалпыға ортақ үдеріс – әлем әдебиеті тарихына апаратын тұтастық ретінде қарау қажеттілігінен туындайтынын түсіндіреді.

А.Н. Веселовский әдебиетте бір-біріне ұқсас бағыттардың кездесіп отыруы әдебиетаралық байланыстардың алғышарты деп санайды, яғни әртүрлі елде өмір сүріп, әртүрлі тілде сөйлейтін халықтар әдебиетінде қандай да бір ұқсастықтардың болуы кездейсоқ жайт емес деген уәждемені алға тартады. Ресейлік ғалым бұл мәселеде қандай да бір «ойдың қарсы қозғалысы», яғни қабылдаушы жақта ондай нәрсеге ұқсас тенденция болмаса, онда оған ешнәрсенің енуі немесе ауысуы да мүмкін еместігін дәйектейді. Ғалымның бұл идеясы кейіннен әлем халықтары әдебиеттері арасындағы сәйкестіктердің генетикалық және типологиялық тұрғыдан жіктелуіне негіз болды [5, 8 б.].

Неміс ғалымы Ханс-Роберт Яусс (Hans Robert Jauss) “Қабылдау эстетикасы” теориясында әдеби дәстүр оқырманның күту көкжиегін қалыптастырып, жаңа шығармалардың қалай қабылданатынын анықтайтынын айтқан. Оның ойынша, дәстүр – шығармашылық үдерістің белсенді бөлігі, себебі әрбір жаңа туынды алдыңғы дәстүрлермен диалогқа түседі. Сондай-ақ ол алғашқылардың бірі болып тарихи-әдеби үдерісте әдеби дәстүрлер рөлінің маңызы жайлы тұжырым жасаған болатын. Ол әдебиетті салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісіне өзі арнайы ұсынған әдіс арқылы белгілі бір дәуірлерде дамыған әртүрлі халықтар әдебиетіне тән жалпы сипаттарды ғана емес, сонымен қатар әлем әдебиетінің дамуындағы кейбір заңдылықтарды да ғылыми тұрғыдан зерттеп анықтады: ол өзі «кезбе» деп атаған қайталанып кездесетін сюжеттер, тақырыптар және мотивтер қатары [6, 10 б.].

Салыстырмалы әдебиеттануға француз ғалымы Франсуа Жюльен (François Jullien) қосқан тағы бір маңызды тұжырымы – универсалдық пен ерекшелік теориясы. Оның мәні – еуропалық және қытайлық ойларды салыстыру арқылы олардың айырмашылықтарын немесе ұқсастығын жай ғана анықтау арқылы «өмір сүру философиясын» құру әрекеті болып табылады [7, 12 б.]. Сонымен қатар ресей ғалымы А.Н. Веселовскийдің ұсынған параллелизм теориясын Франсуа Жюльен (François Jullien) де ұстанған. Онда әртүрлі ұлт өкілдері өз шығармашылығында ұқсас формулалар арқылы өмірде көп кездесетін, сипаты жағынан бір-біріне жақын құбылыстар тудыратын ұқсас жағдайларды бейнелейді. А.Н. Веселовскийдің пікіріне сай, олар бір халық екіншісіне тікелей әсер етпей-ақ пайда болуы мүмкін және адам психикасының жалпыға тән сипаттарымен байланысты таралады. Бұдан әдебиеттегі сюжеттік ұқсастықтардың себебі генетикалық, ал мотивтердің ұқсастығы типологиялық негіз екенін көруге болады.

Неміс ғалымы Генри Ремактың теориялық көзқарастары XX ғ. ортасына дейін салыстырмалы зерттеу әдісін әдеби құбылыстардың генезисін зерттеу, оның жалпы әдеби үдерістегі орнын анықтау құралы ретінде ғана емес, ұқсас әдеби құбылыстарды анықтауды көздейтін жаңа ғылыми бағыт ретінде қарастырылды. Батыстық зерттеулерде әдеби үдерістегі барлық ұқсастықтар дамыған еуропалық әдебиеттердің басқа әдебиеттерге әсері деп түсіндіріліп, соған сәйкес Батыс мәдениеттерінің Шығыс мәдениеттерінен артықшылығы туралы жаңсақ болжамдар да жасалды [8, 229 б.]. Біржақты айтылған көзқарастарды жеке шығыс халықтары әдебиетінің бірегейлігін, ұлттық сипатын кең ауқымда қарастырылмағанымен байланысты болса керек деп түсіндіруге болады.

XX ғ. 60-шы жылдары Шығыс халықтары әдебиеттері бойынша жүргізілген зерттеулер Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің бірдей даму кезеңдерінен өткенін анықтады. Н.И. Конрад өзінің іргелі зерттеулерінің нәтижесін «Запад и Восток» (1972 ж.) кітабында жариялап, онда жекелеген ұлттық мәдениеттерді бір-біріне қарама-қарсы қоймай, әлемдік мәдениеттің жалпы даму заңдылықтарын ашу қажет деген тұжырымды ой айтқан [9, 3 б.]. Салыстырмалы тарихи әдебиеттану дәстүрлерін Ресейде одан кейін

В.М. Жирмунский (1891-1971), Л.П. Гроссман (1888-1965), Б.В. Томашевский (1890-1957) және т.б. ғалымдар жалғастырды.

Еуропалық ғалым Н.И. Конрад атап көрсеткендей, әлем халықтары әдебиеті бірі екіншісінен сюжет, тақырып, идея, мотив қабылдай отырып дамиды. Ғалымның пайымына сәйкес, әдебиетте де тарихтағыдай «бірінен біріне өтетін үдерістер» жүреді, олардың міндеті де ұқсас. Сол себепті қандай да бір ұлттың әдебиетінің даму ерекшелігі оны басқаларымен салыстырғанда, яғни әлем әдебиеті контекстінде қарастырғанда ғана анықталады [9, 270 б.].

Ресейлік ғалым В.М. Жирмунский салыстырмалы тарихи әдебиеттануды әдеби байланыстар мен қатынастарды, әртүрлі елдер әдебиетіне тән әдеби-көркемдік құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттейтін әдебиет тарихының жеке бір саласы деп атады [10].

Әдеби фактілердің ұқсастығы, бір жағынан, халықтардың қоғамдық және мәдени дамуындағы ұқсастықтарға, екінші жағынан, олардың арасындағы мәдени және әдеби байланыстарға байланысты пайда болуы мүмкін; соған сәйкес белгілі бір халықтардың әдебиетінде әдеби үдерістің типологиялық ұқсастықтары және «әдеби байланыстар мен олардың бір-біріне әсері» ерекшеленіп отырады. Әдетте екеуі де өзара әрекеттеседі, бірақ бұл олар бір-біріне міндетті түрде әсер етеді дегенді білдірмейді.

В.М. Жирмунский 1979 жылы жазылған «Сравнительное литературоведение. Восток и запад» таңдаулы еңбегінде, әдебиеттерді салыстырғанда олардың ұқсастықтарын, ортақ мәселелерді ғана емес, олардың бір-бірінен айырмашылығын да анықтау қажет деген пікірді алға тартады. Нақтырақ айтсақ ол: «Кез келген әдебиетті салыстырмалы-тарихи зерттеуде ұқсастық туралы мәселе қандай маңызды болса, айырмашылық белгілері мен олардың тарихи алғышарттары туралы мәселе де соншалықты маңызды», – деген тұжырым жасайды [10, 75-76 б.].

Әртүрлі халықтардың әдебиетін салыстыра зерттеу олардың арасында міндетті түрде тікелей байланыстың болуын қажет етпейді, олардың әдебиетіндегі ұқсастықтар тарихи-әлеуметтік заңдылықтармен байланысты болса, айырмашылықтар әрқайсысының бірегейлігін көрсетеді. Салыстырмалы зерттеу әдіснамалық тұрғыдан дұрыс негізделіп барып жүргізілуі тиіс.

Ресейлік ғалым А.Н. Веселовский мен В.М. Жирмунскийдің мен салыстырмалы-тарихи әдісін ары қарай дамытып, оны үшке бөлді:

1) *Тарихи-генетикалық салыстыру*. Мұнда әдебиеттердегі ұқсас құбылыстардың себебі туыстық жақындығымен және уақыт өте тарихи жағдайларға қатысты алыстаумен байланыстырылады.

2) *Тарихи-типологиялық салыстыру*. Ұқсас құбылыстардың себебі туыстық жақындығы жоқ болса да қоғам дамуындағы ұқсас жағдайлардың болуымен байланыстырылады.

3) *Салыстырмалы-салғастырмалы мәдени қатынас*. Мұнда қоғамдық дамуға, тарихи жақындыққа негізделген себептер қарастырылады

Әдеби үдерісті зерттеу әдісінің әрқайсысы белгілі бір мақсатпен жүргізіліп, соған сай өз нәтижесін ұсынуы тиіс. Ресейлік ғалым М.В. Храпченконың пікірі бойынша «Әдебиетті салыстырмалы-тарихи тұрғыдан

зерттеуден типологиялық зерттеу әдісінің айырмашылығы - ол әдеби құбылыстардың жеке алғандағы бірегейлігін және тек олардың ұқсас белгілерін немесе байланыстарын анықтауды емес, белгілі бір әдеби-эстетикалық тұтастық туралы айтуға мүмкіндік беретін ұстанымдар мен негіздерді табуды/ашуды мақсат етеді». Тарихи-типологиялық сәйкестіктер мен әдебиеттердің бір-біріне әсері бір әдеби үдерістің өзара диалектикалық байланыстағы екі қыры ретінде қарастырылуы керек [11, 58-59 б.].

Бір әдебиеттің екіншісіне әсері идея қабылдаумен, оны шығармашылық өңдеумен және өзара әрекеттестіктің алғышарты болып табылатын әлеуметтік жағдайларға, тұрмыстық ерекшеліктеріне, қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңіндегі ұлттық сипатына, ұлттық әдебиетке бейімделуімен байланысты. Мұндай диалектикалық көзқараспен әсер ету жазушының шығармашылық даралығын қалыптастырудың бір кезеңі ретінде ғана қарастырылады. Жалпы алғанда әдеби үдерісте кез келген автордың қалыптасуы әдеби дәстүрмен тығыз байланысты, өз шығармаларында автор оны не жалғастырады, не оған сүйенеді немесе өзіне тән тың сара жол таңдайды, осыған орай әр автордың шығармашылығының әдеби дәстүрмен байланысын қарастырудың әдістемелік маңызы анықталады. Әрі осы арқылы автордың шығармашылық дербестігі танылып, оның әдебиеттің дамуынан, соған сәйкес ұлттың тарихынан алатын орны айқындалады.

Салыстырмалы типологиялық талдау жеке шығармалар мен тұтас көркемдік жүйелер арасындағы байланыстардың түрлерін, сипатын, мәнін анықтау үшін жүргізіледі. Оларға тек тікелей байланыстар ғана емес, ең алдымен дәстүрді ұстанудан, сабақтастықтан, бірінің екіншісіне әсерінен көрініс табатын және жазушының қоғамдағы белгілі бір проблемаларды, идеяларды, образдарды, керағар пікірталастарды қозғап, оларды өзіндік тәсілмен баяндауынан байқалатын генетикалық байланыстар да жатады.

Дүниежүзі халықтарының әдебиеті нақты көркем үдеріс ретінде әртүрлі аймақта әдеби шығармашылықтың жазба формасы пайда кезеңнен бастап өмір сүрсе де, «әлем әдебиеті» ұғымы сол халықтар арасында жалпы әдеби байланыстардың орнауы мен ұлттық құндылықтардың алмасуы нәтижесінде қалыптасты деуге болады. Бұл мәселе қазіргі кезде дүние жүзінің әр тарапында ауызша не жазба тілі бар халықтар таратып отырған көркем әдеби дәстүрлердің жалпы жиынтығы іспеттес.

«Әлем әдебиеті» ұғымы әлемге танымал ақын-жазушылардың есімдерімен қатар, халықтар әдебиетінің дамуын қамтиды және ол халықтың әдебиетінің әртүрлі тарихи себептермен өз мәдени аумағында немесе одан тыс қаншалықты аз не кең тарағанына қарамайды. Әлем халықтарының әдебиеті – жеке халықтар шығармашылығынан құралып, біртұтас дамып келе жатқан көпқырлы тарихи көркем жүйе. Негізі оларға ортақ заңдылықтар нақты тарихи мазмұнның шексіздігінен және өзіндік қайталанбас шығармашылық шешімдердің ерекшелігінен көрініс табады. Бұдан әр халықтың әдебиеті өз алдына дербес, алайда біртұтас әлемдік жүйеде дамитыны анықталады, соған сәйкес оны оқып-зерттеудің әдістері оларды сол жүйеде және салыстыра отырып зерттеуге бағытталуы тиіс.

Жүйелік тәсіл қандай да бір шығармашылықты, ұлттық әдебиетті өзара сабақтас, әрі ажырамас нақты бөлшектерден тұратын көркемдік жүйе деп қарастыра келе салыстырмалы тәсілмен де тығыз байланысты. Мысалы, «ұлттық әдебиет» ұғымы бір жағынан белгілі бір ұлт жазушыларының шығармаларын қамтыса, екінші жағынан оның өзі әлем әдебиеті деген ұғымға енеді. Сол себепті, ұлттық әдебиет бір жағынан, жекелеген ұлттық авторлардың шығармаларымен салыстырғанда біршама жоғары деңгейлі жүйе саналса, екінші жағынан, макрожүйе сипатындағы әлем әдебиетіне қатысты алғанда микрожүйе екенін аңғартады. Жеке алғандағы бір шығармашылық микро және макро жүйеге енетіндіктен екі бірдей – жүйелік және салыстырмалы тәсілдің зерттеу нысаны бола алады.

Әдеби құбылыстарды талдауда жүйелі көзқарасты қолдай отырып, ресейлік ғалым И.В. Стеблева тарихи поэтика деңгейіндегі зерттеулерді нәтижелі еңбек деп бағалайды, себебі, жүйелік тәсіл өте кең географиялық кеңістікте, әрі ұзақ дамыған әдебиеттің даму заңдылықтарын анықтау үшін мол материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Әдебиеттің әрбір даму кезеңінде өзіндік көркемдік жүйесі қалыптасады, сондықтан ғалым әдебиеттің белгілі бір кезеңін қарастырғанда жеке әдебиеттің поэтикасын ғана зерттеп қоймай, бүкіл әдеби-көркем жүйенің даму кезеңдерін бүкіл әдеби үдеріс бойындағы әдеби формалардың сабақтастығын зерттеу өте маңызды екенін алға тартады. Сондықтан оның пайымдауынша, «...әрбір әдебиеттің поэтикасын зерттеу оның көркемдік ерекшелігін анықтауды да, әлемдік әдеби үдеріске тән жалпы бағыттарды анықтауды да көздейді және оларды кейін басқа әдебиеттердегі ұқсас құбылыстармен сәйкестендіруге болады» [12, 176-177 б.].

Бұған қоса әртүрлі халықтардың әдебиетінің тарихындағы белгілі бір кезеңдегі поэтикның ортақтығын ресейлік зерттеуші ғалым И.В. Стеблева: «...Олардың сол кездегі бастан өткен қоғамдық-экономикалық құрылым жағдайындағы рухани өмірінің ұқсастығымен анықталады. Сондықтан әртүрлі халықтар әдебиетінің поэтикасының ұлттық болмысымен ұштасатын ортақ белгілері бар», – деген уәждемені алға тартады [13, 8 б.].

Әдеби үдерісті жүйелі түрде қарастыруды ары қарай қолдай отырып, ғалым И.В. Стеблева «...адамзат қоғамы дамуының табиғи заңдылығымен байланысты кезеңдік әмбебап сипаттарды анықтау мүмкіндігі пайда болады. Олар әртүрлі әдебиеттер жанрларының дамуындағы типологиялық ұқсастықты көрсетеді», – дейді [13, 10 б.].

Ал енді араб елдерінде салыстырмалы әдебиеттану XIX ғ. басында Мысыр мен Сирияның Еуропа елдерімен әдебиет, мәдениет және оқу-білім салаларында орнаған байланыстарынан бастау алады деуге болады. Араб елдері арасында көшбасшысы ретінде Мысыр мен Сирия жазушылары батыс әдебиетімен басқа араб елдеріне қарағанда алғаш болып таныса бастады. Әсіресе, Наполеон Бонапарттың (Napoleon Bonaparte) Мысырға жасаған әскери жорығынан соң байланыс жан-жақты дами түсті. Еуропа елдеріне оқуға барған жас қаламгерлер батыс мәдениетінің озық жақтарын ел ішінде насихаттаумен айналысты, олар батыс қаламгерлерінің шығармаларын араб оқырмандарының көзқарасына бейімдеп аударды және осы алғашқы ағартушылық сипатта

басталған еңбектер бірітіндеп уақыт өте келе көркем әдебиеттегі нақты байланыстарға жалғасты. Батыста білім алған, шет тілдерін меңгеріп жергілікті ұлттық әдебиетке оның жетістіктерін ұсынған авторлар арасында Каирде атақты «مدرسة السُّنن-Мадрасат әл-Әлсунниң» (Тілдер мектебі) негізін салған Рифаа ат-Таһтауи, Гомердің «Илиада» поэмасының араб тіліне аудармашысы Сүлейман әл-Бустани (Suleiman Al Bustani), араб әдебиеті мен Еуропа (Мольердің «Тартюф») әдебиетін алғаш салыстырушы Рухи әл-Халиди (Ruh Al KHalidi) сияқты жазушылар болды.

XX ғ. бірінші жартысында көрнекті жазушылардың есімі, олардың терең мазмұнды еңбектері белгілі болды: Таһа Хусейн (Taha Hussein), Шукри Фейсал (Shukri Feisal), Михаил Нуайме (Mikhael Nuaime), Мухаммад Мандур (Mohammad Mandour) сияқты авторлардың туындылары араб елдерінде салыстырмалы әдебиеттануды дамытуға сүбелі үлес қосты.

1953 жыл араб әлемінде аталған саланың аса маңызды кезеңі саналады, осы жылы Мухаммад Ғунайми Хилал (Mohammad Ghunaimi Hilal) салыстырмалы әдебиеттану бойынша арнайы теориялық зерттеуін баспадан шығарды. Аталған еңбек күні бүгінге дейін салыстырмалы араб тіл білімінде басты әдіснама саналады [14, 5-6 б.]. Қазіргі кезде араб тілі бойынша салыстырмалы зерттеулер (الدراسات المُقارَنة في اللُغة العَرَبِيَّة) қарқынды түрде даму үстінде.

Ал қазақ салыстырмалы әдебиеттануының бастауы Шоқан Уәлиханов есімімен байланысты. Омбыдағы кадет корпусындағы оқуы кезінде халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысқан болашақ ғалым алғашқы зерттеуін осы саладағы ұстазы Н.Ф. Костылецкийдің кеңесімен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан бастайды. «Қазақтың халық поэмасының үлгілері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-ертегілері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар», «Ер Көкше», «Ер Қосай», сондай-ақ қырғыз халқының «Манас» жыры бойынша жүргізген зерттеулерінде қазақ халық поэзиясының жырау, ақындарын жоғары бағалап, оларды Батыстың рапсод, бардтарымен салыстырған болатын [15, 1 б.].

Қазақтың бас ақыны атанған Абайдың бұл салаға қатысты еңбектерін атайтын болсақ, ол батыс пен шығыс әдебиеті туындыларын көп оқып-зерттеді, аударды, олардың сюжеті мен тақырыбына ұқсас поэмалар жазды. Науаи, Физули ғазалдарынан бастап, Шығыстың ұлы шайырларының өзбек, түрік тілдеріндегі туындыларымен танысты. Науаи, Физулиді терең зерделеп барып, Фирдауси, Сағди, Қожа Хафиз сияқты ақындар жырларын оқыды, олардың ерекшеліктерін шәкірттеріне үйретті. Қазақ әдебиетінде соның нәтижесінде шығыстық сюжеттер мен сарындар пайда болды.

Қазақ тіліндегі іргелі ғылыми зерттеулерге келетін болсақ, салыстырмалы әдебиеттану классик жазушы, драматург, әдебиеттанушы М. Әуезовтің еңбектерінен бастау алады. Бұдан соң XX ғ. 60-70 жылдары қазақ-орыс әдеби байланыстары көп зерттеліп ғылыми мақалалар мен монографиялар жарияланды. Ш.Қ. Сәтпаева, З. Ахметов, Ш. Кереева-Канафиева, Н. Сағындықова, Е.В. Лизуова, М. Маданова сияқты тағы басқа көптеген басқа да әдебиетшілердің еңбектері осы саладағы зерттеулерге жатады.

Отандық шығыстанушы ғалым, профессор Д. Мәсімханұлы салыстырмалы әдебиеттануда ҰҒА академигі Р. Нұрғалидың терең зерттеулерін ерекше атайды. Нақтырақ айтар болсақ Д. Мәсімханұлы: «...Басын ашып айтар бір нәрсе, өмір бойы қазақ әдебиетін, оның түрлі жанрлары мен өзекті мәселелерін, ондағы Алаш рухын жеріне жеткізе зерттеген академик Р. Нұрғалидың барлық әдеби-зерттеу мұраларын қарап отырсақ, ғалымның салыстырмалы әдебиеттану ғылымының да бірегей білгірі екендігі, аталған ғылымның өткен-кеткенімен, қыр-сырымен жан-жақты хабардар, жай хабардар емес, тіпті оның үлкен теоретигі екендігі менмұндалап көрініп тұрады...» дей келе өзі «Алаш рухын зерттеуші» деп атаған ғалымның қазақ әдебиетінің әр кезеңін басқа елдер әдебиетімен салыстыра, салғастыра зерттеу тәсілін ұтымды пайдаланып отырғанын айтады [2].

Отандық шығыстанушы, профессор Д. Мәсімханұлы түрлі халықтардың әдебиетіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді табиғи заңдылық деп есептейді. «Адам баласы жер шарының қай түкпірінде жасамасын, қай нәсілге жатпасын, қандай діни нанымды ұстанбасын, олардың өмірлік түпкілікті ұстанымы, тіршіліктегі өзекті принциптері, басты адами арман-мұраттары шамалас, сарындас болатыны жасырын емес. Соның әсерінен белгілі бір суреткер қай елде туып, қандай мәдени ортада өскеніне қарамастан, оның шығармаларын көп жағдайда дүниежүзіндегі өзге халықтар да соншалық етене, таныс, жылы қабылдайды». Ғалымның бұл тұжырымы өзі зерттеу мақаласын арнап отырған академик Р. Нұрғалидің «Телағыс» атты монографиялық зерттеуіне негізделген: «Үлкен талант – мейлі қайраткер, мейлі суреткер, мейлі санаткер болсын – бір ұлттың шаңырағында туса да, тек сол елдің шеңберінде қалмаса керек. Өйткені, тіл, дін, сенім әр түрлі болғанымен сезім, әсемдікке құштарлық, арман адам баласына ортақ» [16, 114 б.].

Профессор Д. Мәсімханұлының пікірі бойынша «байыптап қарасақ, қазіргі жаһанданудың жойқын үдерісі ұлттық тіл мен ұлттық территорияны әуел баста-ақ өзінің басты нышаны, өзекті өлшемі еткен «ұлттық әдебиет» атты ұғымның өзіне белгілі деңгейде өзінің кері ықпал-әсерін тигізе салыстырмалы әдебиеттану ғылымына жаңа өріс ашып берді. Өйткені, жалпыға мәлім болғанындай, «ұлттық әдебиет» ұғымы XVI ғасырда ұлттық мемлекеттердің жаппай бой көтеруі мен ұлттық тіл бірлігі мәселесінің тарих сахнасына атойлап шығуына ілесе өмірге келген мәдени, идеологиялық құбылыс болатын. Сондықтан ұлттық әдебиет о баста-ақ өңірлік, ұлттық, тілдік, мәдени ерекшеліктерді өзінің басты қайнар бұлағы, тіршілік тынысы, бет-бейнесінің қалыбы етіп қалыптасты. Ал салыстырмалы әдебиеттану болса, өмірге жолдама алған күннен-ақ ұлтаралық, мәдениетаралық ұғымдарды басты тұғыр ете отырып, алды-алдына «би» болған, жеке-дара өмір сүріп жатқан ұлттық әдебиеттер арасындағы ықпалдастықтар мен үндестіктердің себеп-салдарын, қыр-сырын, заңдылықтарын ашуды басты мақсұт еткен болатын» [16, 116 б.]. Осыған сәйкес біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттерін салыстырмалы әдебиеттану ғылымы туғызып отырған мүмкіндіктер аясында, ұлттық әдебиеттердің тілдік, ұлттық, аймақтық айырмашылықтарынан тыс, тілдік әдеби контекске, оның ішкі мазмұнына қарап салыстыру деп белгілеуге

болады. Салыстырмалы зерттеу әдісі әдебиеттер арасындағы байланыстардың, тілі мен мәдениеті әртүрлі жазушылар шығармаларындағы үндестіктер мен ерекшеліктер сипатын тануға және бағамдауға жол ашып беретінін айту қажет.

Әдеби шығармашылықты зерттеуде салыстырмалы әдістің пайда болуы XIX ғасырдың екінші жартысындағы жалпы гуманитарлық ғылымдардағы дамумен тығыз байланысты. Бұл кезеңде Еуропада тарихи-компаративтік тіл білімі дамып, оның нәтижесінде әдебиеттану да салыстыруға негізделген жаңа бағытқа бастау алды. Осыған орай қазақтың бас ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, әлем әдебиетінің классигі, аудармашы, ойшыл, ағартушы, сазгер Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904) пен мысырлық ақын, жазушы, драматург, аудармашы Ахмед Шауқи (1868-1932) шығармашылығына герменевтикалық талдау жасау осы жұмыстың тақырыбы ретінде таңдалып отыр.

1.2 Герменевтикалық әдістің теориялық негіздері және оның көркем мәтінді талдаудағы мәні мен қызметі

Герменевтика (гр. hermēneutikos – түсіндіру, талдау) термині ғылымда көне грек мифологиясындағы Олимп құдайлары мен адамдар арасындағы дәнекер Гермеспен байланыстырылады, оның міндеті құдайлардың қалауын олардың тілінен қарапайым тілге аударып баяндау арқылы адамдардың санасына жеткізіп отыру саналған. Герменевтика ежелгі дәуірде өзінің басты нысаны ретінде діни мәтіндер, яғни Інжілді ала отырып христиан діни мәтіндерін түсіндіру, талдау ретінде туындаса, бірнеше ғасырлық эволюциядан соң Батыс елдерінде XX ғасырда әдеби мәтіндерді интерпретациялаудың теориясы негізінде қалыптасқан философияның арнайы бағыты ретінде кең тарады. Екі жағдайда да герменевтика мәтіннің түп мағынасын, егер толық сақталмаған болса немесе бұрмаланған болса оның тілінің ішкі мәнін талдап, түсіндіруді көздеді. Осы тұрғыда функционалды ілім ретінде герменевтика діни, әдеби ескерткіштерді түсіндірумен қатар олардың кейінгі заманға мағыналық тұрғыдан бұрмаланбай бастапқы мазмұны мен мақсатын дұрыс сақтап жетуіне ықпал етті. Антикалық авторлардың, Гомерден бастап, классикалық әдебиет өкілдерінің қай қайсысының да поэзиясын жарыққа шығару үшін оған түсіндірме жазылды, осы қырынан алғанда герменевтика әдеби сын пәні саналады.

Герменевтика поэзияны болмыстың мәні мен мазмұны жайлы көркем мәтін деп түсіндіретін философиялық ілім ғана емес, сонымен қатар ғылыми әдіс, оның өзі де поэтикалық сипатқа ие және негізгі нысаны - мәтін. Герменевтика мәтінді интерпретатормен бірлесе шығармашылық жолмен талдауды мақсат етеді. Талдау мен түсіну - герменевтикалық процестің екі жағы, талдау мен синтезді танытады. Мәтіннің рухани мәні сакралды, поэтикалық тұтастықты білдіріп тұрады.

Екінші жағынан алғанда Шлейермахердің герменевтикалық шеңбері мен мәтін талдаудың грамматикалық және психологиялық ұстанымдары жайлы ілімі герменевтиканың өз әдістемесінде біртұтастық қағидасын сақтауды

қолдайды. Осыдан келіп поэзия туындысын талдау оның қайда, қандай жағдайда, не себепті пайда болғанын анықтауды, яғни тарихи, әдеби, мәдени дискурсты зерделеу қажеттігі туады.

Әлемде мыңжылдықтар тоғысында жүріп жатқан жаһандану үдерісінде әр ұлттың даму бағыты мен қарқыны саналуан тенденциялар мен озық технологиялар арқылы бәсекелестікке ұмтылуымен өлшенеді. Сананың уақыттан озуы, шындығында сол қоғамның санғасырлық гуманизмі мен заманауи іскерлігінің терең сабақтаса алуын танытып отыр. Тарих белестеріндегі мәдени байланыстар мен өркениеттердің дамуы, кейінгі замандарға қалдырған ізі осындай сабақтастықтан туған нәтиже. Мұндай уақытта ұлт мәдениетінің мазмұны дәуір келбетін қалыптастырады. Ал “ұлт өркениеті” біртұтас ұғымын уақыт сахнасына алып шығатын сол қоғамның тарихында айрықша танылған тұлғалар саналады, олар - өз халқының ұлттық символына айналған тұлғалар. Сондай тұлғалар ретінде қазақ ойшылы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен жаңа заманғы араб әдебиетінің көрнекі өкілі мысырлық ақын Ахмед Шауқидің поэзиясы осы зерттеудің нысаны ретінде таңдалды.

Адамзат тарихында ерте замандардан бастап ақын-жазушылар қоғамды рухани жағынан толықтырушы, әрі дамытушы күш ретінде рөл атқарды, олар өз туындылары арқылы әрбір жеке адамның «толық адам» ретінде өсіп, қалыптасуын насихаттады, өз оқырмандарының ой-санасына «адами қасиет», «адамгершілік», жан-жақты адам» ұғымдарын дарытуды мақсат етті. Өз шығармашылығы мен әдеби ғұмырын осы миссияға жұмсап, адам концептісін басты орынға қойып өткен қазақ ақыны Абай мен араб шайыры Шауқидің адамдық, гуманистік, философиялық танымдарының тамыры тереңде жатыр. Ал олардың өз ұлтының шеңберінде ғана қалып қоймай, одан да кең және тұрақты сипатта бүкіл адамзаттың ортақ мұратына қызмет ететін бірегей рухани байлыққа айналу жолдарын анықтау өзекті мәселе және ол жолдарды зерделеу мен әр ақынның мұрасының насихатталуы үшін арнайы ғылыми-зерттеулер жүргізу арқылы үлес қосу міндеті туындайды.

Герменевтика теориясы бойынша поэзиялық туындыны талдап-түсіндіруде оның авторының шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына ол туып-өскен орта, өмір сүрген дәуір мен қоғам оқиғалары белгілі дәрежеде ықпал етеді [17, 38 б.]

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ және араб әдебиетінің көрнекі екі өкілі Абай Құнанбайұлының мен Ахмед Шауқидің әдеби мұраларына арналған жұмысымыздың негізгі зерттеу әдісі ретінде герменевтика теориясы арнайы тоқталуды қажет етеді. Философиялық герменевтикадан филологиялық герменевтиканың дербес ілім ретінде бөлінуінің тарихи алғышарттары мен себептері бар.

Ең алғашқы герменевтикалық жұмыс – христиан ойшылы Аврелий Августиннің (354-430) «Христианская наука, или Основания священной герменевтики и искусства церковного красноречия» саналады, яғни ол діни мәтін негізінен ауызша, яғни діни насихат түрінде көп оқылатындықтан оның

осы формасының мәтіннің ішкі, тереңде жатқан мағынасына жетуге герменевтикалық түсіндіру әдісі, интерпретация қажет болатынын көрсетті.

Әдебиет теориясының тарихында герменевтика термині неміс романтизмінің ерте кезеңінде қолданысқа енді. Герменевтика негіздерін түсінудің жалпы теориясын қалаған неміс зерттеушісі Ф. Шлейермахер (1768-1834) оның қолданысын егер белгілі бір мәтін ішкі, терең мағынаға ие болмаса, онда герменевтикалық интерпретация туралы ілім мен оның түсінігі де қажет емес деп көрсетті [18, 76 б.].

Ғалым өз еңбектерінде герменевтиканы «түсіну өнері жайлы» ілім деп анықтады. Ол өнердің ең басты міндеті мәтінді жаңсақ түсінуге жол бермейтін, дұрыс түсіндіре алатын интерпретациялау қағидаларын айқындап, бекітумен байланысты деп белгіленді. Ф. Шлейермахердің пайымдауынша, түсіну өнері дегеніміз - басқа адамның ойын оның сөзін басқаша, қайта құру арқылы жеткізе білу, герменевт қандай да бір мәтіннің жеке бөлігі арқылы оның тұтас мағынасын анықтап жеткізе алуы тиіс. Антикалық герменевтикада ондай мағынаға ие мәтіндер ең алдымен мифтер, ал христиандық герменевтикада Қасиетті Жазбалар болды. Ф. Шлейермахер мәтіннің пәндік-мазмұндық және жеке индивидтік қырларын бөліп қарауды ұсынды, ол мәтіннің мазмұнын, яғни онда баяндалатын оқиғаны оның жеткізілуіне, яғни сол оқиғаның сипатталу тәсіліне, стильдік ерекшелігіне, мәтіннің тіліне қарама қарсы қойды. Ф. Шлейермахер ілімі бойынша герменевтикадағы басты мәселе – мазмұн мен ой емес, керісінше сол мазмұнды жеткізушінің өзі, яғни ой иесі.

Ал функционалды стильдер жүйесінде ішкі терең мағынаға ие мәтіндер қатарына ең алдымен көркем мәтіндер жатады. Яғни діни мәтіндер мен поэтикалық көркем мәтіндердің ортақ ұқсастығы бар, ол – екеуінің ерекше стильдік қолданыс, көркемдік құралдар, арнайы немесе астарлы лексикамен берілген мән-мағынасы түсіндіре отыра талдауды – герменевтиканы керек етуімен байланысты. Бұл герменевтиканың дін мен ғылым үшін бірдей аса үлкен зәруліктен туындағанын танытады.

Інжіл христиан әлемі үшін Логос, Құдайдың әлем мен адам хақындағы сөзі, сонымен қатар Құдайдың сөзін таратушы пайғамбарлар мен әулиелердің жасаған түсіндірмелері, яғни әрі Құдай сөзі, әрі адам тарапынан шыққан сөз, сондықтан Інжіл көк пен жердің, Ақиқат пен оның түсінігінің, әлем мен мәтіннің синтезі болып шығады, яғни оның мазмұнын түсіну үшін оны ашу, талдау керек болды. Христиан дінінің рухани басшыларының бірі Августин өзінің герменевтикаға қатысты философиясы мен теологиялық көзқарасын «Түсіну үшін сену керек және сену үшін түсіну керек» деген сөздерімен тұжырымдады [19, 30 б.].

Інжіл діни мәтін ретінде сакралды, көк пен жерді жалғастырушы мәтін болумен қатар, мазмұны жағынан да, формасы жағынан да поэтикалық болып та саналды /И.Г. Гердер (Johann Gottfried Herder) /: мазмұндық поэтикасы оның сакралдығы мен мистикалық тереңдігінен көрінсе, формалық поэтикасы сол сакралдықтың салдары немесе көрінісі, ол сипаты оның тілдік формасы (синтаксис, параллелизм, антитеза; бейнелеу, метафоралық, символизм, экспрессивті лексика және т. б), жанрлық көптүрлілік (эпос, әңгіме, дұға, ән,

уағыз, афоризм, пайғамбарлық, драмалық диалог және т.б.) және композициялық-тілдік (кітаптарға, тарауларға, өлеңдерге, сипаттамалар) формасынан танылады [20, 22-23 б.]. Интерпретацияның негізгі нысаны ретінде діни және поэтикалық мәтін герменевтикалық әдістің аса маңызды белгісі ретінде оның осы поэтикалық сипатын белгіледі.

Мәтін ауызша және жазбаша сөйлеу арқылы жүзеге асатын шығармашылықтың нәтижесі ретінде ұзақ уақыт бойы ғылымның философия, логика, әдебиеттану сияқты бірқатар саласының зерттеу нысаны саналып келсе, XX ғ. екінші жартысында неміс философтары Ханс-Георг Гадамер (Hans-Georg Gadamer) (1900-2002), Мартин Хайдеггер (Martin Heidegger) (1889-1976), француз философы Поль Рикёр (Paul Ricoeur) (1913-2005) сияқты ғалымдар ілімінен бастау алған жаңа ғылыми пән филологиялық герменевтикада арнайы қарала бастады және онда діни мазмұн бәсеңдеп, теориялық-танымдық ұстаным басымдық танытты.

Филологиялық герменевтика философиялық герменевтиканың дербес саласы ретінде дамығанмен, одан қатты алшақтаған жоқ, сөз мағынасы мен мәнін интерпретациялауда философиямен тығыз байланысты теория мәнінде қалыптасты, яғни адам тілінің қызметін көбіне болмыс философиясы тұрғысынан қарастырды. Тіл мен ойдың байланысының нәтижесінде туындайтын мағына әртүрлі болуымен қатар, оның берілу стилі де саналуан, герменевтика сондықтан мәтіннің жалпыға түсінікті мағынасына емес, арнайы түсіндіруді қажет ететін жақтарына қолданылады. Осы тұрғымен байланысты тілдің өзі және тіл қызметінің негізгі өнімі ретінде мәтін герменевтикада басты номинативті қызметіне сай маңызды онтологиялық категориялық мағынаға ие болды.

М. Хайдеггердің пайымдауынша кез келген зат немесе құбылыстың болмысы оның атауымен немесе ең алдымен оның тілдегі вербалды репрезентациясымен тікелей байланысты. Сондықтан да ғалым “Адам болмысының негізі оның тілінде” деп санады (Бытие человека основано в речи) [21]. Ғалымның осы пайымы герменевтикалық тұрғыдан алғанда поэзияның тілдің ерекше формасы саналатынын, себебі басқа мәтіндерге қарағанда поэзияда тілдің номинативті қызметі жоғары деңгейде танылатынын нақтылай түседі. Себебі, поэзияда сөз өзінің бастапқы белгілі мағынасынан алыстап, астарлы немесе жаңа, тың, кейде тосын мағынаға да ие болуы мүмкін, ақынның сөз қолданысында кез келген үйреншікті зат немесе құбылыс жаңа атауға ие болып, сол арқылы оқырманның ойы мен дүниетанымына да өзгеріс әкеледі, жаңа эмоциясын тудырады, яғни әлемнің онтологиялық бейнесіне әсер етеді. Бұдан тілдің ерекше дербес функционалды формасы ретінде поэзия қызметінің бірегейлігі анықталып, поэзия тілі арқылы болмысты ең алдымен түсінуге, танытуға және сол арқылы оның ақиқатына бойлауға мүмкіндік туатыны белгіленеді. Бұл ұғымдар өз кезегінде тереңірек талдауды керек етеді.

Қазіргі заманғы ғылымда «герменевтика» ұғымы екі түрлі, кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада *герменевтика* жоғарыда айтылғандай, «гуманитарлық ғылымдардың мәтінді түсінуді қарастыратын бағыты, бір мезгілде әрі интерпретациялау теориясы, әрі мағынаны түсіну жайлы ғылым,

әрі түсіну мен түсіндіру жайлы өнер» [22, 88 б.]. Тар мағынада *герменевтика* «білімнің белгілі бір салалары - филология, теология, құқықтану және психологиядағы мәтінді түсіндіру қағидалары мен техникасының» жиынтығы [22, 90 б.]. Берілген анықтамаларға сәйкес, «герменевтика» ұғымы кең мағынада «мәтінді интерпретациялау өнері», әрі оның синонимі болып қалыптасты.

Нобель сыйлығының лауреаты И. Бродский (Josepf Brodsky) (1987) әлемдік әдеби сыйлықты алғандағы лекциясында ақынның шынайы поэзиясы өмірді, ғаламды тануға бастайтын бірден бір жол, поэзия тілдің өмір сүру формасы екенін негіздей келе “ақын әдетте Музаның үні деп саналатын түсініктің іс жүзінде тілдің диктаты екенін; тіл оның құралы емес, керісінше өзінің тілдің өмірін жалғастыратын құрал екенін ұғатынын” тұжырымдады [23, 4 б.].

Сондай-ақ И. Бродский поэзия тілінің басқа жанрлардан ерекшелігін оның ойды жеткізудегі әдісімен байланысты түсіндірді және оның берген анықтамасы да герменевтиканың жоғарыда аталған туу себептеріне толық сәйкес келеді, яғни оның айтуы бойынша “танымның үш әдісі бар: аналитикалық, интуитивті және Киелі кітапты түсіндіруде қолданылған пайғамбарлар әдісі - Аян (құдайдан келген белгі). Поэзияның әдебиеттің басқа формаларынан айырмашылығы - ол аталған үш (негізінен екінші және үшінші) әдісті бірден бірге қолданатындығында, себебі, үшеуі де тілде бар; кейде бір сөздің, кейде бір ұйқастың көмегімен ақын өзіне дейін ешбір уақытта ешкім жетпегенге жетіп, өзі қол жеткізгісі келгеннен де асып түсуі мүмкін. Ақын өлеңді ең алдымен поэзия сананың, ойдың, дүниені сезінудің теңдессіз қозғаушысы болғандығы үшін жазады” [23, 6 б.].

Ақынның тіл мен поэзияға берген бұл анықтамасы философиялық мәнімен бірге филологиялық пәндер - әдебиеттану мен лингвистикада да қолдануға қолайлылығымен сипатталады, сол арқылы философиялық герменевтиканың көркем әдебиетпен тығыз байланысын айқындайды. Нақтылай келгенде бұдан тіл мен адамның тілдік қызметіне үлкен назар аударылып, философиялық герменевтиканың аясында тіл мен мәтінге жоғары рөлдің берілуі нәтижесінде филологиялық герменевтиканы оның жеке саласы етіп қалыптастырғанын көруге болады, яғни бұл жаңа ғылыми пәннің қажеттілігін анықтады, ал жаңа ғылыми пән ретінде филологиялық герменевтиканың мақсаты - көркем мәтінді барынша толық және терең зерделеумен байланысты болды, ал оның әдіснамалық негізі немесе іргетасы мәтін интерпретациясы болып белгіленді. Аталған мақсат өз кезегінде біздің осы зерттеу жұмысымыздың да тақырыбына басты арқау болып белгіленді, жаңа заманғы араб әдебиетінің көрнекті өкілі мысырлық ақын Ахмед Шауқи мен қазақ ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы ұқсас және ерекше сипаттарды анықтау үшін зерттеудің герменевтикалық әдісі осы себеппен таңдалды.

Дербес ғылыми пән ретінде филологиялық герменевтика философиядан бөлініп қана қоймай, танымның бұған дейін аталған әдебиеттану мен лингвистикадан басқа салалары – психология, эстетика, мәдениеттану, семиотика пәндеріне де енгізілді, ал бұл ерекшелік герменевтиканың қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдардың барлығына бірдей ортақ әмбебап ілім

екенін және аталған пәндердің біздің зерттеу жұмысымыздың мазмұнына да қатысты болатынын айқындайды, себебі, поэзия кең мағынада алғанда болмысты танудың құралы, ал болмыс қоғам және адам өмірінің түрлі салаларымен тығыз байланыста екені белгілі. Поэзия уақыт пен әлемдегі барлық құбылыс пен оқиғаны көркем тіл арқылы түсіндіріп, болмысты толық және терең танытатын өнер ретінде адамның ішкі жан-дүниесінің, сана-сезімінің, түйсігі мен эмоциясының тереңі мен кеңдігін бір мезгілде жеткізетін шеберлікке ие. Сондықтан сакралды мәнге ие діни мәтін тәрізді поэзия мәтінін де түсіндіру үшін тілдің қызметі ең алдымен философиялық тұрғыдан қарастырылып, филологиялық герменевтиканың нысанына айналды [24, 84 б.].

Герменевтика болмысты түсіндіретін поэзия жайлы философиялық ілім ғана емес, сонымен бірге ол мәтінді басты нысан ретінде қарастыратын ғылыми әдіс ретінде қалыптаса келе, басқа әдістерден түсіндіру өнері ретінде өзінің поэтикалық сипатқа ие болуымен ерекшеленді. Оның бұл сипаты герменевтикалық талдаудың негізгі мақсаты – интерпретациялау үдерісінде талданатын мәтінді автормен шығармашылық бірлікте қарастыра отырып түсіндіруімен байланысты танылды. Түсіндіру мен талдау герменевтикалық үдерістің екі қыры ретінде оның аналитикалық және синтездік табиғатын көрсетеді. Мәтінді түсіну үнемі тұтастықты қажет етіп тұратындықтан, әрі міндетті түрде оған қол жеткізуді көздейтіндіктен күрделі талдау үдерісінен өтеді, сондықтан мәтіннің рухани, яғни сакралды, поэтикалық мәні сол тұтастықты қалыптастырады.

Герменевтиканың тұтастық тәсілі, оның мәтінді түсіндірудегі басты эвристикалық әдісі – *герменевтикалық (эвристикалық) шеңбер* әдісінен анық көрінеді, соған сәйкес: бөлшек тек бүтінмен байланыста ғана танылса, бүтін тек оның барлық бөлшектері танылғанда ғана толық танылды деп саналады. Осы себепті мәтіннің кез келген бөлігі тек бүтінмен байланыста ғана барынша толық интерпретациялануы мүмкін, себебі, мәтіннің ең шағын деген бөлшегінің өзі оның біртұтас үйлесімін құраушы элемент. Ал мәтіннің өзін алатын болсақ, ол дәл осы тұста бұдан әлдеқайда кең, әрі көлемді құрылымдардың, атап айтқанда автордың жеке шеберлігінің, әдеби бағыттың, сондай-ақ дәуір стилі немесе тақырыбының бөлшегі болуы мүмкін. Мұнымен қатар шеңбер, тұтастық идеясы зерттелетін нысан – мәтінді соңына дейін түпкілікті талдап, түсіндіру мүмкін еместігін көрсетеді, бұл оның рухани тұрғыдан алғанда негізгі мақсат таныммен тығыз байланыста екендігінде, ал оның нәтижесі тек шартты және үнемі қосымша нақтылауды қажет етіп тұрады.

Герменевтикалық тұтастық өзінің алғашқы қолданысы – діни мәтіндерді түсіндіріп талдауда нақты нәтиже бергеннен кейін басты, әрі тұрақты әдіс ретінде қалыптасты, ол діннің біртұтас мәні мен мағынасын оның жекелеген бөлшектері – ой, идея, түсінік, атау, тіркестерді бір-бірінен ажыратпай, керісінше өзара тығыз байланыста алып қарағанда ғана, яғни шеңберді нысанға тұтас алғанда барынша дұрыс игеруге болатындығымен дәлелдеді. Осыған сай В. Дильтей мен Ф. Шлейермахердің «герменевтикалық шеңбер» идеясы жоғарыда берілген Августиннің сенім мен түсіну жайлы тұжырымын ары қарай бекітті, олар түсіну мен түсіндіруді бірге қарастырып, «түсіну үшін түсіндіру

керек, ал түсіндіру үшін түсіну керек» деген жалпыға ортақ қағиданы ұсынды. Сонымен қатар философиялық герменевтика өзінің ежелгі тарихында бұл тәсілдің екінші қырын да көрсетті, егер діни мәтіннің бір бөлігі жоғалған немесе сақталмаған болса, шеңбер бұзылады, онда оны қалпына келтіру қиындық тудырады, дәл осы ерекшелікті Н. Кузанский “танымайтын таным” (непознающее познание) деп атады. [25, 16 б.]. Осыдан мәтінді адекватты түсіну үшін оның барлық бөлшегінің толық болуы ғана емес, біртұтас, кешенді талдануының маңызды екені көрінеді.

Қазіргі заманғы филологиялық герменевтикада Ф. Шлейермахердің “өнер жайлы ілім” атты жалпы қағидасы мен интуитивті түсіндіру теориясы негізгі маңызға ие. Неміс тілінде “өнер” (kunst) сөзі екі түрлі мағына береді және қолданылады, біріншіден, герменевтиканың негізгі нысаны - өнер және өнердің екі түрлі негізгі формасы бар - сакралды және поэзиялық.

Екіншіден, “өнер” сөзі мәтінді түсіндірудің сипатын анықтайды, әдеби туындыны түсіндіру үшін оның көркемдік негізі болуы тиіс. Осы себепті бұл теорияны қалыптастырушы Ф. Шлейермахердің тұжырымына сәйкес “Герменевтикалық үдерісті жалпы алғанда өнер туындысы деп қарастырған дұрыс, бірақ бұл оның көркемөнер туындысы болып шығуын емес, әуелден өнердің сипатына ие болуын білдіреді, себебі, қағидалар өздерінің қолданылу тәсілдерін өздері бекітпейді, соған сәйкес ол тәсілдер механикалық түрде қолданылмайды” [18, 81 б.].

Осыдан келіп мәтінге интерпретация жасау міндетінің күрделілігі танылады, яғни интерпретация жасаушы (интерпретатор) автордың не айтпағын оның өзінен артық түсінуі тиіс, әдеби сынның әдебиет теориясының ең қиын саласы екендігі де сонымен байланысты. Ал сакралды герменевтика талабы бойынша сөз мағынасы тек рухани тәсіл тұрғысынан алғанда ғана түсінікті болды.

Герменевтиканың филологиядағы теориялық негіздерін қалыптастырушы ғалым ретінде Ф. Шлейермахерді атағанда оның герменевтикалық тұжырымдамасы ғылымда біртұтас толық басылым түрінде жарияланбай, негізінен ғалымның Берлин ғылым академиясында оқыған лекциялары, баяндамалары мен зерттеулерінің қолжазбалары түрінде сақталып, баспадан ол қайтыс болғаннан кейін жарық көргенін ескеру қажет. Бұл жағдай ғалымның өз ілімі мен оған қатысты ойларын жылдар бойы жинақтағанын көрсетеді, яғни арнайы теория болып қалыптасқанға дейін Ф. Шлейермахердің герменевтика тұжырымдамасы ұзақ уақыт зерделеніп, сұрыпталып барып ғылыми теорияға айналған. Ф. Шлейермахердің орыс тіліне аударылған еңбегі «Речи о религии» және «Монологи» 1994 ж. жарық көрген, аудармашы С.Л. Франк басылымға жазған алғысөзде еңбек «Речи» (сөздер) деп аталғанымен, олар ешқашан қандай да бір аудиторияда ауызша баяндалмағанын жазады. Бұл да ғалымның өзіндік ерекше стилі болғанын көрсетеді және Ф. Шлейермахер еңбектерінен жалпы герменевтиканың жаңа кезеңі басталғанын, мәтінді талдау теориясы жан-жақты талданып барып тұжырымдалғанын байқауға болады.

Ф. Шлейермахер филологиялық герменевтикада мәтінді грамматикалық және психологиялық тұрғыдан түсіндіру қағидаларын бекіткенде ең алдымен

оны сакралды деп қарастырды, алайда бұл принципті ол кез келген рухани мәні бар мәтінге қолдануға болады деп атады. Осыдан қазіргі заманғы герменевтика теориясында мәтіннің приматтығы, яғни басты элемент екендігі оның негізгі қағидаттарының бірі саналады және ол мәтіннің жеке көркемдік жақтарын назардан тыс қалдырмайды, керісінше оны нақты қарастыруды көздейді.

Мәтінді түсіндіру теориясында Ф. Шлейермахер (Friedrich Schleiermacher) екі түрлі әдісті атап көрсетті: салыстырмалы және интуитивті (divinatorisch). Ғалым екінші әдіс, мәтінді интуицияға, яғни түйсікке сүйене отырып немесе оның мәніне терең бойлау арқылы түсіндірудің өзінің екі жағы бар екенін атады: объективті-интуитивті және субъективті-интуитивті, олардың алғашқысы тілдік жүйеге бағытталса, екіншісі автордың тұлғасына қарайды [18, 93-94 б.].

Интуитивті түсіндіру идеясы және онымен қатар түсіндірудің психологиялық жағын бөліп көрсету принципі мәтінді түсіну үдерісінде субъективтіліктің мәнінің жоғары екенін танытады. Осыған байланысты неміс философы, мәдениет тарихшысы В. Дильтей (Wilhelm Dilthey) (1833-1911) герменевтиканы рух жайлы ғылым әдіснамасы деп атап, оны табиғат жайлы ғылымға қарсы қойып қарастырды, себебі, ол табиғатқа қатысты ғылымда таным субъекті таным үдерісінен барынша тәуелсіз болатынын алға тартты. В.Дильтей философиялық түсіну үдерісінде субъективті элементті объективті табиғи-ғылыми танымға қарама-қарсы қояды да түсіндірілетін мәтінге психологиялық тұрғыдан бойлай еніп “бірге сезіну” арқылы жүзеге асатынын тұжырымдайды.

Кез келген мәтін белгілі бір тарихи кезең мен ортада пайда болатыны сияқты, оны түсіндіретін субъект те қандай да бір тарихи кезеңнің, ортаның мүшесі, ал ол кезең түсіну үдерісі мен оның нәтижесіне тікелей өз әсерін қалдырады. В. Дильтейдің тұжырымдамасына сүйене отырып, алғашқыда М.Хайдеггер (Martin Heidegger), одан кейін Г. Гадамер (Hans-Georg Gadamer) мәтінді “объективті” түсіну мүмкіндігін жақтайтын позитивизм мен историзм теорияларын сынады, позитивизм мен историзм ілімдері мазмұнды объективті және тұрақты категория деп қарастыруды немесе оны автор қалай түсінсе солай түсіну керектігін алға тартқан болатын. Бұдан белгілі бір кезеңде болған оқиға немесе құбылысты историзм факт ретінде қарастырса, көркем мәтінде ол сезім арқылы жеткізілетіні көрінеді, яғни тілдің бейнелеу қызметі басты орынға шығатындықтан оны түсіндіру үшін түйсіну, автормен бірге сезіну арқылы жүзеге асырылады.

Швейцарлық герменевт Э. Штайгер (Emil Staiger) (1908-1987) өзінің герменевтикаға арналған басты еңбегін “Die Kunst der Interpretation” (“Түсіндіру өнері”) деп атап, герменевтиканың негізгі үш категориясын белгіледі: интуитивті, яғни алдынала түйсік арқылы түсіну - көркемдік ерекшеліктерге ғылыми талдау жасау - тұтас көркемділікті түсіну.

Швейцарлық басқа филолог, әдебиет сыншысы Ж. Старобинский (Jean Starobinski) (1920-2019) интерпретатордың жұмысы белгілі қағидаларды қолданумен шектелмеуі тиіс деп санап, мәтінді түсіндіруші бір мезгілде оған әрі сын жүргізетінін атайды. Ж. Старобинскийдің пайымдауынша мәтінді

белгілі қағидалар арқылы ғана талдап шығу әдіснамалық тұрғыдан түсіндіруді статикалық үдеріс етіп көрсетеді, әрі әдеби сынды ұдайы қозғалыс үстіндегі сипатынан ажыратады. Ал іс жүзінде сынның дәл осы шығармашылық қозғалысы әртүрлі “әдіснамалық императивтерден” тұратын әдісті құрайды. Шығарманы түсінудің негізгі кілті одан алынған субъективті әсермен тікелей байланысты, алайда ол әсер герменевтикалық құбылыс ретінде кейіннен тілдік субстратқа қатысты объективті параметрлер анализі арқылы зерделенуі тиіс [26, 44 б.].

Ал Г. Гадамер (Hans-Georg Gadamer) «Түсінуге тырысқан әр адамның кателесуінің себебі - іс жүзінде дәлелденбеген ойлардың болуында. Сондықтан түсінік әрқашан іспен дәлелденген нақты, адекватты ойлардың болуын қадағалау қажет» дей келе «Оқырман шын мәнінде тек мәтінге көңіл аударып, ондағы ойлардың өзінің ойынан шығуын қалайды, солай өзінің ойын тексереді. Яғни өзінің ойында жүрген нәрселердің іс-жүзінде жүзеге асуын, шынайылығын, қайнар көзін іздейді» дейді [27, 394 б.].

Көркем мәтін авторы шығарманы жазу кезінде ойы мен қиялына шектеу қоймайтындықтан оған берілген интерпретация да соған сәйкес болғаны дұрыс деп санаған Ж. Старобинский сыншыны (интерпретатор) кең айдыңға шыққан жолаушымен салыстырады, ғалымның пайымдауынша сыншыға толқын қайда апаратынын білмей теңізде еркін жүзген жолаушының еркіндігідей кеңдік керек.

Ғалымның көзқарасы Г. Гадамердің жоғарыда айтылған герменевтикалық талдау барысында мәтінді түсіндіруші автормен шығармашылық бірлестікте әрекет етеді деген пікіріне сәйкес келеді.

Қарастырылған зерттеулер герменевтиканың көркемдік табиғаты тарихи тұрғыдан аллегориялық әдістен танылғанына айғақ болады. Осыған сәйкес герменевтика теориясында мәтінге аллегориялық түсіндіру проблемасын төмендегі тұрғыда зерделеу қалыптасты:

а) диахронды (антикалық дәуірден Ф. Шлейермахерге дейін аллегорезаның пайда болу және қалыптасу тарихы);

ә) синхронды (Гадамер-Сонди, Гадамер-Деррида, Э. Штайгер-М. Хайдаггер арасындағы герменевтикалық пікірталастар жатады).

Мұнымен қатар аллегориялық әдіс аясында «О границах поэтики, стилистики и герменевтики», «Метафора как инструмент толкования» еңбектерінің авторы Н.О. Гучинскаяның (1937-2001) герменевтикалық тұжырымдамасы арнайы қаралады.

Герменевтика ғылымына арналған зерттеулердің мазмұны мәтінді түсіну және түсіндіру өнері, интерпретациялау теориясы ретінде оның (герменевтиканың) бірнеше ғасырлық тарихы, даму сатылары бар күрделі, әрі ғылыми әдіс болып қалыптасқанын танытады. Герменевтика атауы жалпы алғанда мәтінді түсіндірудің филологиялық, тарихи теориясы мен әдіснамасы және мәтін мағынасын түсіну жайлы ілім болғандықтан терең, әрі пәнаралық ғылыми құбылыс болып танылды, яғни қолданбалы техника ретінде гуманитарлық білімнің бірнеше саласына: дінтану, психология, тарих, әлеуметтану, құқықтану, филология, өнертану және т.б. бірдей ортақ категория.

Сондықтан нақты алғанда филология ғылымының, кең мағынада алғанда гуманитарлық ғылымдар саласында герменевтиканың бірнеше ғылыми пәнге ортақ әмбебаптығы, көпфункционалдығы ұзақ тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан.

Жалпы ғылыми әдіснамада герменевтиканың екі негізгі – философиялық және филологиялық бағытының бар екені нақтыланғанда, жоғарыда аталғандай, ғылыми теория ретінде алғаш философиялық герменевтиканың қалыптасқаны және оның негізгі мақсаты «герменевтикалық тәжірибенің құрылымына талдау жасау» болып белгіленгені тұжырымдалады [28, 324-363 б.]. Философиялық герменевтикада түпкі мән мен мағына автордың айтпақшы ойы немесе идеясы да, оқырманның субъективті қажеттіліктері де есепке алынбай қайта құрылады, яғни философиялық герменевтика тікелей ғылыми танымға бағытталған.

Ал қазіргі заманғы филологиялық герменевтиканы алсақ, ол белгілі бір мәтіннің мазмұнында оқырманға анық көрінбей, жасырын тұрған мағынаны анықтауды, түсінуді көздейді. Филологиялық герменевтика автордың қандай да бір мәтін арқылы берген идеясын әдістемелік тұрғыдан қайта құруды мақсат етеді, бұл жағдайда мәтін әмбебап байланыстырушы қызметке ие болып, автор мен оқырман арасындағы тілдесуді жүзеге асырып тұрады, сондықтан басты назарға мәтін алынады. Осыған байланысты, герменевтикада интерпретация үшін диалог идеясының мәні үлкен екендігі көрінеді. Бұл идея алғаш рет филологиялық герменевтика ілімінің негізін қалаған Ф. Шлейермахер (Friedrich Schleiermacher) еңбектерінде айтылып, оны кейіннен философ, әдебиеттанушы ғалым М.М. Бахтин (1895-1975) өзінің мәтіннің диалогтық түрі тұжырымдамасы арқылы ары қарай дамытқан болатын.

Герменевтикада диалогтық идея «өзгенің» сөзін түсінуге ұмтылыс сипатындағы түсіндіру үдерісінен бастау алады, диалог арқылы қандай да бір мәтінді тудырған бұрынғы мәдени дәуір мен өз субъективті әлемі бар интерпретатор арасында арақашықтық еңсеріліп, байланыс орнайды, сондықтан түсіндіру үдерісінде алынған мағына нақты бір кезеңнен тыс, дәстүрлер арасындағы өзара субъективті диалогына тән болып шығады [28, 324-363 б.]. Филологиялық герменевтикада мәтін мен интерпретатордың диалог арқылы өзара әрекеттесуінің негізінде «герменевтикалық шеңбер» принципі – мәтін бөліктерінің органикалық байланысы және бір-біріне бағыну принципі қарастырылады, оған сәйкес мәтінді оның қарапайым семантикалық элементтерінен анағұрлым күрделісіне қарай немесе керісінше күрделіден қарапайымға түсіндіру жұмысы дәйекті орындалады.

Интерпретацияда тұтас мағына әрқашан интуитивті түрде түсініледі, әрі бөлшектерді талдау арқылы нақтыланады, ол бөлшектердің әрқайсысы бүтіннің, яғни тұтас мағынаның идеясына қанық, ал бұл түсінудің циклдік сипатынан туындайды – әрбір жаңа нәрсені танып-білу ұзаққа созылатын процесс, сол себепті де герменевтикалық шеңбер статикалық емес, ол әр айналымда кеңейіп отырады, ал оның бұл ерекшелігі өз кезегінде шеңбер принципінен өзге, бірқатар ғалымдардың «түсіндіру спиралі» аталатын әдіс жайлы еңбек жазуына себеп болды, олардың қатарында француз ғалымы Пауль Рикер (Paul Ricoeur) «Interpretation theory» (Интерпретация теориясы) (1976),

«Time and Narrative» (Уақыт және баяндау) (1984-1988), канадалық философ Жан Гордин (Jean Gordin) «Introduction to Philosophical Hermeneutics» (Философиялық герменевтикаға кіріспе) (1994), америкалық ғалымдар Ричард Пальмер (Richard E. Palmer) «Hermeneutics: Interpretation Theory in Schleiermacher, Dilthey, Heidegger and Gadamer» (Герменевтика: Шлейермахер, Дильтей, Хайдеггер және Гадамердегі интерпретация теориясы) (1969) және Дэвид Хой (David Couzens Hoy) «The critical circle» (Сыни шеңбер) (1978) ресейлік ғалымдар Е.Н. Шульга «Когнитивная герменевтика», В.Г. Кузнецов «Герменевтика и ее путь от конкретной методики до философского направления», И.Н. Инишев «Чтение и дискурс: Трансформации герменевтики» зерттеулері бар.

Осылайша, мәтінді түсіндіру процесін жүзеге асырушы субъектінің ойлау аспектілерін нақтылау герменевтиканың негізгі міндеттерінің бірі болып қалыптасты, сондықтан филологиялық герменевтикада интерпретация мен түсіну жетекші категориялар ретінде қарастырылады.

Тар мағынада алғанда интерпретация ұғымы көркем мәтінмен жұмыс барысында қолданылатын негізгі әдістердің бірі дегенді білдіреді, алайда, егер талдау кезінде ойлау дедукцияға негізделсе, интерпретация барысында ойлау индуктивті, яғни бөлшектер бүтінге бағытталады, мәтіннің жеке сипатқа ие элементтері тұтас мағынаны игеруге қызмет етеді. Ал кең мағынада интерпретация «герменевтика» сөзінің латынша нұсқасы бола келе, түсіндіру терминімен синоним түзеді және танымдық процесті білдіреді, тілмен немесе тілсіз әрекеттер арқылы жеткізілген мағынаны анықтаудың нәтижесі, яғни интерпретацияның нәтижесі түсіну болып табылады [20, 9 б.].

Өз кезегінде филологиялық герменевтикадағы түсіну сөз авторының санасын оның адресатының санасымен табыстыратын қабілетке ие құбылыс. Танымдық операция ретінде түсіну интерпретацияны алдын ала бағдарлайды, оның негізгі қағидаларын белгілейді, сондықтан түсіну негізгі екі – процессуалды және нәтижелі кезеңнен тұрады. Түсіну процесі дегеніміз – интерпретацияның өзі. Түсінудің нәтижесі екі түрлі болуы мүмкін – мағынаны интерпретация-мәтін арқылы сырттай жеткізу немесе «ішкі бекіген күйде» қалу [29, 38 б.].

Мәтіннің тұтас мәнін түсінуге жетудің негізгі жолы – түсіну актісінің негізі ретінде және өзінің нені, қалай түсіну себептерін түсіндіре алу қабілеті ретінде герменевтикада рефлексия жеке категория болып қалыптасты, себебі түсіну нәтижесі саналатын мағына тек рефлексияда – интерпретатор мен мәтін арасындағы диалогта көрініс табады. Яғни, мағына түсінудің нәтижесі не өнімі болса, түсіну рефлексияның негізі.

Осылайша, түсіндіру мен түсіну көркем мәтінмен жұмыс барысында басымдыққа ие когнитивті амалдар болғандықтан өзара диалектикалық бірлікте қатар жүреді, түсіндіру амалы түсінудің басқа бір дербес болмысы және керісінше, түсіну түсіндіру амалының басқа бір болмысы саналады және мәтінді түсіндіру процесінде кезектесе белсенді қызмет атқарып отыратынын көрсетеді.

Көркем мәтін филологиялық герменевтиканың басты нысаны саналатындықтан оның онтологиялық имплицитті (жасырын) немесе эксплицитті (айқын) белгісі интерпретатордың негізгі міндетін анықтауға мүмкіндік беретін айрықша сипатқа ие. Сол сипат арқылы мәтіннің имплицитті мағынасын барынша дұрыс анықтау жолы – экспликация табылады.

Көркем мәтіннің шекарасы белгілі бір мазмұнға ие кеңістік ретінде интерпретация жасау барысында бірнеше элемент – мазмұн, мағына, мән және соларды жеткізуші тіл құралдарының өзара байланысы мен әрекеттесуінің нәтижесінде анықталады, сол шекарада берілген

а) мәтіннің мазмұны оның предикатты жиынтығы ретінде автордың тарапынан ұсынылған семантикалық категория саналып, оның интенциясына (түсіндіру мен түсінуге бағытталуына) жатқызылады;

ә) мәтін мағынасы семантикалық құрылымдардың инвариантты мағынасы ретінде мәтінде «тұрақтылық қағидатын» жүзеге асырады немесе интерпретацияда келесі бір мән қалыптастырушы негіз немесе өзек сипатында көрінеді;

б) ал мәтіннің мәні оның ішіндегі барлық байланыстардың жалпы тұтастығын танытып, тек интерпретация жасау барысында анықталады және оқырманның субъективтілігіне байланысты, әрі күрделі конфигурация болып табылады және өзінің біртұтастығы арқылы мәтіннің метамәнін, яғни жалпы көркем идеясын жеткізеді.

Филологиялық герменевтикада поэзия өзінің негізгі мағынасында – тіл қызметі арқылы туатын шығармашылық деп қарастырылып, «таным формасы мен болмысты түсіну» (Гучинская) деп, ал поэзия мәтінінің герменевтикасы символ герменевтикасы деп түсіндіріледі. Бұдан символ ұғымының мағынасы анағұрлым кеңейіп, тұтас алғандағы мәні бірнеше қабатты, күрделі құрылымнан тұратын поэзия мәтіні ұғымымен сәйкесетінін байқауға болады. Француз философы П. Рикер (Paul Ricoeur) (1913-2005) мәтіннің мұндай табиғатын «қосарлы мағынаға ие сөздер шеңбері» деп атаған болатын, оның анықтамасы бойынша, тура, бастапқы, сөзбе сөз саналған мағына бір мезгілде әрі жанама, туынды, астарлы мағынаны да беріп тұруы мүмкін және оны тек сол алғашқы негізгі мағына арқылы ғана түсінуге болады. Осыған байланысты символды интерпретациялау ұғымы кең мағынаға ие болады, бұл – айқын мағынаның астарындағы мәнді анықтау үшін жұмсалатын ойдың жұмысы, сөзбе сөз мағынаға бекітілген ауыспалы мағыналардың мәнін ашу, яғни біртіндеп жасырын мағынадан айқын мағынаға көшу. Осы жол арқылы символ ретіндегі поэзия мәтініне интерпретация жасағанда герменевтикалық шеңбер принципі арқылы жүзеге асатын метамән динамикалық түрде құрастырылып шығады. Сондай-ақ, араб ғалымдарына тоқталар болсақ, мысырлық ғалым نصر حامد ابو زيد Наср Хамид Әбу Зайд (1943-2010), «مفهوم النص» (Мәтіннің ұғымы), نقد محمد أركون Мұхаммад Аркун (1928-2010) «Lectures du Coran, the Unthought in Contemporary Islamic Thought» (Құранды оқу. Қазіргі исламдық ойдағы назардан тыс қалған нәрсе) сияқты герменевт ғалымдар бұл жағдайда да символдың толық семантикасына жету мүмкін еместігін айтады, себебі, түсіндіру арқылы толық түсінуге, яғни анық

мағынаға тек жақындауымыз ғана мүмкін, ал символ дегеніміз түптеп келгенде «құпия сыр, оны тек герменевтика арқылы жақын келіп түсіндіруге болады». Наср Хамид Әбу Зайд Құранды тарихи-контекстуалды мәтін ретінде түсіндіруді ұсынып, батыс герменевтика (Гадамер, Рикер) әдістерін араб-ислам мәтіндерінде қолданса [30, 1 б.], ал Мұхаммад Аркун Құран герменевтикасын дамытып, батыс философиясын ислам мәтіндерімен тоғыстырды [31, 1 б.].

Екі түрлі әдебиет өкілінің шығармалары байланыста зерттелгенде екі бірдей – көркем әдебиет интерпретациясы мен аударма теориясындағы интерпретация тәсілдері өзара байланыста қатар қолданылады. Көркем әдебиет интерпретациясының теориясы мен практикасында батыс ғалымдары М. Хайдеггер, Х.-Г. Гадамер, П. Рикер еңбектерінде қамтылған тәсілдер қолданылады.

Әдіснамалық зерттеулер мазмұны көркем шығармадағы автордың оқырманға айтпақшы ойын, идеясын, мәтіннің эстетикасы мен эмоциясын түсіну мен талдауда басты бағдар береді. Соған сәйкес автордың ойындағы көркем шынайылық интерпретатордың «шығармашылығы» арқылы оқырманның ойындағы көркем шынайылық болып қайта құрылу процесі орындалады, ал шет тіліндегі әдеби мәтін интерпретациясында осы әрекет екі тілде – түпнұсқа және аударылған тілде орындалады, яғни интерпретация негізгі саналатын білімнің де аясы кеңейтіні тәрізді, соның нәтижесінде оқырманның да білім көкжиегі артады.

Шетел әдебиетін оқып-тану барысында герменевтиканың өзге қоғам мен мәдениетке, әсіресе, беймәлім рухани категориялар мен реалияларға қатысты ойларды оқырманға белгілі мәліметтерге сүйене отырып түсіндіру қызметі нақты танылады. Бейтаныс орта мен басқа бір шетелдік әлеуметтік-мәдени қатынастар аясында туған мәтінді өз ана тілінде қабылдау қандай да бір танымдық тәжірибелердің болуын керек етеді, яғни интерпретатор бұл жағдайда басты назарға түпнұсқаны алатыны белгілі. Дегенмен, оқырманға мәтіннің барынша шынайы мазмұн мен мағынада жетуі міндетті түрде ескерілуі тиіс. Сол арқылы адресат дүниетанымы мәдени, рухани біліммен толығады. Өз халқының тарихы, мәдениеті арқылы және тіл байлығы арқылы өзге халықтың тарихи-мәдени көркем идеясына бойлай алады, зерделейді және өзара ойша салыстырады. Шет тіліндегі біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны ретіндегі араб тіліндегі көркем мәтін герменевтикасы осыған қол жеткізуді көздейді. Аталған мәдениетаралық алшақтықтар мәтін интерпретациясы арқылы анықталып, оның шекарасы белгісіз немесе беймәлім жағдайды оқырманға таныс, белгілі нәрсемен түсіндіру тәсілімен жойылуы тиіс.

1.3 Ф. Шлейермахер теориясындағы негізгі герменевтикалық категориялар

Герменевтиканың негізгі ұғымдарына келетін болсақ, теория авторлары Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher), Г. Гадамер (Hans-Georg Gadamer), М. Хайдеггер (M. Heidegger) – өз еңбектерінде оларды келесі атаулармен береді: «болжамдау» (предпонимание), «түсіну» (понимание), «герменевтикалық шеңбер» (герменевтический круг), «мән» (смысл). Г. Гадамер (Hans-Georg

Gadamer) мен М. Хайдеггер (M. Heidegger) «түсіну» ұғымымен тығыз байланысты «болжамдау» ұғымын алдыңғы орынға қойып, «Түсіну дегеніміз, ең алдымен істің өзін түсіну, тек содан кейінгі кезекте ғана өзгенің пікірін осы сипатта даралау, бөліп көрсету. Барлық герменевтикалық қағидалардың ең алғашқысы *болжамдау* болып шығады және ол біздің сол іске назар аударуымыздан туындайды» деп нақтылайды. Хайдеггер «болжамдау» ұғымын интерпретациялаушы сананың алдын ала дайындығы, түсінуге қабілеттілігі деп түсіндіреді. Көркем мәтінді интерпретациялау үшін аталған ұғымдар қажетті шарт болады.

Ф. Шлейермахердің филологиялық герменевтика теориясын дамытудағы рөлі оның «түсіну», «герменевтикалық шеңбер», «интерпретация» және «мән» сияқты бірнеше ұғымды мақсатты түрде қолданып, оларға анықтама берумен байланысты және олар жеке тоқталуды қажет етеді.

Ғалым герменевтика ілімінде «түсіну» мәтінді талдау мен оған интерпретация жасауда негізгі және аса үлкен мәнге ие амал ғана емес, сонымен бірге ерекше қызмет атқаратын, бірегей категория екенін алға тарта отырып, түсіну қаншалықты дәл, терең болса түсіндіру де соншалықты дәл болады деп санайды. Бұл ретте ол «*subtilitas intelligendi*» [түсіну дәлдігі] және *subtilitas explicandi* [түсіндіру дәлдігі] терминдерін қолдану арқылы интерпретатордың міндеті ең алдымен мәтіннің ішкі мәніне қаншалықты терең бойлап, оны өз мәнінде жеткілікті түсінуімен байланысты екендігін, тек сонда ғана ол мәтінді адресат дәл сондай дәрежеде жан-дүниесімен түсінетінін көрсетіп береді. Осылайша, Ф. Шлейермахер «түсінуді» басты межеге шығарып, түсіндіру жайлы сұрақты келесі орынға қояды. Түсіну интерпретацияның алғышарты, ал «дәл, толық немесе анық түсіндіру дегеніміз – ол түсінудің сыртқы белгісі ғана емес, ол да герменевтиканың объектісі және баяндау өнеріне жатады» [18, 31 б.].

Сондай-ақ түсіндіруді ол интерпретатордың ішкі ойы мен оны сөзбен жеткізуі түрінде қарастырады: «түсіндіру мен түсінудің айырмасы ішкі ой мен оның сырттай дыбысталуының айырмасы сияқты» [18, 31 б.]. Бұдан келіп Ф. Шлейермахер «түсіну» мен «түсіндіру» ұғымдарын неге синоним деп атап, герменевтикаға неге «түсіну өнері» деген анықтама бергені айқындалады.

Ғалымның пайымы бойынша, «түсіну» сөйлеуші мен тыңдаушының, жазушы мен оқушының, автор мен интерпретатордың арасындағы диалог барысында орындалады. Бұл диалог барысында интерпретатор ауызша немесе жазбаша мәтінді қайта құрады, яғни адресатқа арнап оның ішкі мәнін ашып, сол арқылы жеткізілмекші ойды түсінуге тырысады [32, 224-263 б.] Ғалымның анықтамасына сай, «түсіну» бұрыннан белгілі құбылыстар және деректермен сәйкестендірілетін немесе салыстырылатын операция (амал).

Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) түсінуді «құру», нақтылай келгенде «қайта құру» деп те түсіндіреді, ғалым мәтіннің мәнін жеткізу үшін ол (мәтін) тілдің жазушы мен оқырманға ортақ бүкіл сөздік қорынан қайта құрылады деп санайды. Мәтін қайта құрылуы үшін ауызша немесе жазбаша сөздің мәні мен мағынасы керек және ол мән бөгде бір ой емес, тек бастапқыда автордың өз мәтіні арқылы жеткізген ойының өзі болуы тиіс екенін айтқан оның қағидасына

сай, автордың ойы кейін қайтып барып құрылады, яғни «қайта құрылады». Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) әрбір ауызша немесе жазбаша ұсынылған сөзді бір субъект тарапынан берілген шығармашылық өнім деп қарайтындықтан, түсіну де шығармашылық әрекеттің өнімі болып шығады. Автордың ішкі ойы мен толғанысынан шығармашылық өнім түрінде туған мән мен мағына интерпретатордың дәл түсіндіруі нәтижесінде енді оқырманның ойына қонған шығармашылық өнім болады және ол үшін алдымен герменевтикалық «түсіну», одан соң «қайта құру» актілері орындалады. Бұдан герменевтика классиктерінің көзқарастарына сай қандай да бір мәтінді интерпретациялау дегеніміз - оның моделін құрастыру, яғни автордың онда айтпақшы болған ойын, астарында жатқан мәнін мүмкіндігінше толық анықтап көрсету үшін оны теориялық тұрғыдан қайта құру екені белгілі болады.

Ф. Шлейермахер мәтінді түсіну кезеңіне «қайта құру» деп анықтама бергенде оны герменевтиканың «жағымды формуласы» деп түсіндірді, яғни: «өнердің қағидалары тек жағымды формулалардың негізінде жазылады, бұл тілдің тарихи және дивинаторлы (профетикалық), объективті және субъективті қайта құрылуы» түрінде жүзеге асады [33, 83 б.].

Объективті тарихи қайта құру дегеніміз *sözdi* (речь) тілдің тұтастығы аясында түсінуді, ал оның мазмұнын сол тілдің өнімі деп қарауды білдіреді. Дивинаторлы (болжалды) әдісті мәтін бойынша болжам жасау емес, белгілі деректерге сүйене отырып гипотеза құру деп түсіну қажет, мұнымен қатар гипотеза уақытша болатынын ескеру қажет, яғни бұл интерпретатордың бұрын білдірген көзқарасынан бас тартып, пікірін өзгертуге дайын болатынын көрсетеді. Осыған сәйкес, жаңа білім мен тұжырымға ашық болу дивинаторлы әдісті қолданудың міндетті шарты болып табылады, яғни жаңа тұжырым, жаңа көзқарасты қабылдауға дайын болу бастапқы сәттен жалпыға ортақ байланыс, өзара түсіністік пен тәуелділіктің нәтижесі деп саналуы тиіс.

Адамзат тарихындағы түрлі империялар арасындағы саяси немесе идеологиялық соғыстар, отарлық жүйе, болмаса феодалдық қатынастар тұсында жазылған шығарманың мәні, әсіресе, азаттық пен бейбіт өмір тұсында қайта зерделеуден өтуі дивинаторлы әдістің объективтілік пен өзектілік сипаты бірдей қажет екенін білдіреді. Белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында пайда болған мәтіннің интерпретациясы басқа бір уақыт пен кеңістікте басқаша қабылдануымен қатар, уақыт өте келе дәл сол ортаның өзінде жаңа ұстанымдар тұрғысынан өзгерген, тың мән мен мағынаға ие болуы Ф. Шлейермахердің «тарихи қайта құру» теориясында герменевтика мен диалектиканың өзара берік байланысын танытады.

Нақты бір мәдени орта мен қоғамның өнімі саналатын қандай да бір мәтінге келесі бір жаңа мәдени контекст интерпретация жасау процесінде өз рухы мен тұрғысынан қарайды, соған байланысты оның «жаңа моделі» құрастырылып, қосымша (жаңа) мағына үстеледі. Кейінгі мәдени орта алдыңғы орта мен қоғамға, соған сай одан жеткен мәтінге әлеуметтік-психологиялық, діни, саяси-идеологиялық, философиялық, ұлттық-мәдени қағидаттар тұрғысынан талқы жасайды және мәтін жаңа мағынамен қоса жаңаша мән мен

қызметке де ие болады. Ол автор мен интерпретатордың «шығармашылық диалогы» арқылы жүзеге асады.

Субъективті қайта құрудың тарихи әдіспен арақатынасына келетін болсақ, ол сөздің ой немесе жанның дерегі ретінде қалай жеткізілгеніне байланысты, субъективті дивинаторлы әдіс ойдың сөз арқылы қалай жеткізілетінін алдын ала сезініп, әсерін бағамдай алуды білдіреді, нақтылай келгенде қайта құрудың объективті жағы тілдің интерпретациясына, ал субъективті жағы автор тұлғасының интерпретациясына қатысты болады және бұл екеуі өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады, екеуі біртұтас назарға алынғанда барып көзделген нәтижеге қол жеткізуге болады. Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) мәтінді түсінуге алдымен оны біртұтас объект түрінде пайымдап сезіне алу және бұдан кейін оны түсіндіру, жеткізу деп қарауды ұсынады, бұл интерпретация процесінде интуитивті түсіну адресатқа жеткізу үшін сөзге айналады, жетілдіріледі, яғни оның рационалды формасы жасалады дегенді білдіреді.

Герменевтика аясында қарастыралатын маңызды мәселелердің бірі - тіл мен ойлау, олардың байланысы. Тіл білімі мен философия ғылымында тіл мен ойдың арақатынасы, бір-бірімен байланысы терең зерттеліп, іргелі еңбектердің жазылуына себеп болды. Тіл мен ойлаудың байланысы, атап айтқанда тілдің шығуына қатысты тақырыптарды қозғағанда нақты зерттеу нысаны болды және ғылым тарихында әртүрлі, бір-біріне кереғар көзқарастарды қамтыған теориялардың тудырды. Тілдің шығуы туралы теорияның негізі діни немесе гуманистік болсын, қай қырынан немесе тұрғыдан алып қаралсын – екеуінің арасындағы тығыз байланыс негізгі мәселе болып көрсетілді.

Неміс философы И.Г. Гаман (Johann Georg Hamann) (1730-1788) тілдің шығуы жайлы мәселеде ол XVIII ғ. ағартушыларының тілдің адам ақылы мен еңбегінің жемісі деген тұжырымға қарсы келіп онтоотеологиялық бағытты ұстанды, оның ұстанымы бойынша Құдай сөзі мен адам сөзінің арақатынасы екеуінің ажырамас байланысынан көрінеді, адамзаттың қолданысындағы тіл ол о баста Құдайдың тілі болған, ол Құдайдың тарапынан жаратылып, адамдар оны «аударып» қолданысқа енгізген. Ғалымның пайымы бойынша кез келген зат Құдайдың тарапынан «пішім» (плоть) берілген сөз болып табылады, оны адамдар «сөзден жасалған» жаратылыс деп түсінеді. Құдай жаратқан әлемде адамның ең алдымен танығаны да, көргені де, түйсінгені де бәрі де сөз болған, сондықтан ауыз бен жүректегі сөзден тілдің шығуы табиғи, әрі жеңіл болды деп түсіндіре келіп, «тілдің шығуы Құдаймен, жалғасы адаммен байланысты» деп тұжырымдады [34, 36-47 б.]

Тілдің шығуына қатысты теориялардың қатарында осы теологиялық көзқарас ислам діні ғалымдары тұрғысынан да мақұлданады, оған сәйкес алғаш Алла тағала адам баласын жаратқанда оған сөйлеуді үйреткен, сол арқылы оны басқа тіршілік иелерінен бөлек етіп, ерекше қабілет берген т.б.

Неміс ойшылы Гердер (Johann Gottfried Herder) : Тіл адам санасының ажырамас сипаты деп санап оған тарихи тұрғыдан қарайды және «тілдің табиғаты адам табиғаты сияқты» деп анықтама береді. Ғалымның пайымдауынша тіл әдеби шығармашылықтың механикалық құралы емес, адам

ойының формасы, белгілі мағынада сол ойдың мағынасын анықтап тұрады және сонымен бірге өзі де сол мағына арқылы анықталады. Ойдың өзі нақты бір тілдік әдіс немесе жолдармен жеткізілуіне қарай барған сайын пішім алып отырады - тіл ойдың басқа адамға ауызша немесе жазбаша жеткізілу формасы, яғни бір адамның ойы басқаларға ауызша немесе жазбаша сөз/мәтін арқылы түрлі стиль, жанр арқылы жеткізіледі, сондықтан әдеби мәтінді интерпретациялау, бір тілден екінші тілге аудару процесі сәйкес парадигманың дұрыс таңдалуына тікелей байланыстығы көрінеді және өзектілігі арта түседі. Осыдан келіп алдымызға мәтін интерпретациясының *грамматикалық және психологиялық* кезеңдерінің ерекшеліктерін анықтау міндеттері қойылады.

Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) ілімінің басты мақсаты мәтіннің мәнін ашу екені белгілі, бұл дегеніміз - әдебиет саласында герменевтика автордың ішкі толғанысы, пайымы мен өмірлік тәжірибесінен туған ойын оқырманның санасына жеткізіп, оның эмоциясы мен ойына айналдыруды көздейді деген сөз. Осы ретте тіл арқылы жеткізілген әрбір ойды түсіну және түсіндіру екі жолмен – грамматикалық және психологиялық тұрғыдан жүзеге асырылу қажет болады. Бұған қоса, қазіргі заманғы зерттеулер грамматикалық және психологиялық интерпретацияны кеңейтіп мәтінге стильдік және тарихи да талдау жүргізу қажеттігін көрсетеді. Сонда іс жүзінде Ф. Шлейермахер мәтін герменевтикасында *грамматикалық, стильдік, тарихи және психологиялық* талдауларды белгілегенін көреміз.

Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) әрбір адамды тілдің өмір сүру, таралу немесе түрленуіне мүмкіндік беретін шағын кеңістік деп қарастырады және ол адамның ойын түсіну үшін оның тілдік тәжірибесін зерттеп, бағамдау керектігін ескертеді. Сонымен қатар ол адамның жан дүниесі мен ойы да үнемі дамып отыратын өзгермелі құбылыс, ал тіл адам ойындағы сол өзгерістердің көрінісі екенін айтады. Бұдан адамның сөзі оның жан дүниесінің қаншалықты толғаныста, оның өмірге көзқарасының, дүниетанымының қалай өзгергенін танытып отыратын негізгі маркер екенін көруге болады. Түсіну екі жағдайға байланысты: сөзді/ойды тілдің қатысынсыз түсіну, яғни ойша пайымдау және рухтың ойы деп қабылдау. Бірінші жағдайда интерпретатор автордың ойын тікелей, ешбір сөзбен түсіндіріп жатпай-ақ қабылдайды және екінші жағдайда сөзді рухтың ойының нәтижесі болмаса тілмен жеткізілген формасы деп қабылдайды. Бұл жерде ғалым рухтың ойы деп адам болмысы мен жан дүниесінен көркем тіл қызметі арқылы жеткізілген толғанысты қарастырады деп түсіну керек.

Психологиялық интерпретация сөзді «сөйлеуші өмірінің бір сәті» деп қарастырып, сол сөздегі ойды автордың өмір сүрген ортасы мен оның дүниетанымына әсер еткен түрлі факторларға сүйене отырып түсіндіруді мақсат етеді. Қандай да бір ұлттың әдебиеті оның өкілдерінің шығармашылығы арқылы тұтастай бір дәуір, қоғам, халық, тарихты танытатыны осыған байланысты. Біздің зерттеу жұмысымызда шығармашылығы қарастырылатын екі автор Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқидің өмірбаяндық деректері мен ақын, ұлттық әдебиет өкілі болып қалыптасу ортасына төменде жеке бөлім арналады. Жоғарыда айтылғандай, әр шығарма ақын өмірінің белгілі бір сәтін

анықтайындықтан екі әдебиет тұлғасы туып-өскен, ақын, ағартушы, философ ретінде қалыптасқан кезеңдер арнайы өзара салыстыра отырып зерделенуі керек.

Филологиялық герменевтикада әрбір шығарманың екі қыры қарастырылады, алдымен оның тілдік ерекшеліктері талданса, екіншіден автордың жеке дүниетанымы, авторлық тұлғасы сипатталады және ол екеуі бір-бірінен ажыратылмай, біртұтас объектінің екі қыры болып назарға алынады. Әдебиет туындысы болғандықтан интерпретация барысында шығарманың тілі тікелей автордың тұлғасын танытып тұрса, яғни оның «өзі» болса, автор ойы мен эмоциясын жеткізу үшін тілдің барлық қызметін пайдаланады. Іс жүзінде шығарманың тілі мен авторы біртұтас қарастырылады, ал бұлай деп бөлудің өзі шартты, әдістемелік ұғымдарды ғана білдіреді. Шығарманы түсіну - оның авторының тілін түсіну немесе керісінше, тілі арқылы шығарманың авторын түсіну, яғни оның оқырманға айтар ойы мен толғанысын түсіну. Бұдан интерпретацияның екі қырының өзара терең байланысы көрінеді, яғни Ф. Шлейермахердің кез келген мәтінді әртүрлі әдістермен жеткізілген біртұтас мән деп қарастыру себебі анықталады. Осыған байланысты герменевтикада грамматикалық интерпретация міндетінің өзі тілдің бірнеше категорияларын бірден қамтитыны белгілі болады: мәтінге грамматикалық талдау жасалғанда автордың көркемдік әлемі, шығарма жазылған кезеңге тән белгілер қарастырылмайды, негізінен оның лексикалық ерекшеліктері, яғни тілдік бірліктер, сөз оралымдары, олардың қолданылу сипаты, тәртібі сондай-ақ грамматикалық формалар, синтаксис ережелері т.б. назарға алынады.

Екінші жағынан мәтінге тән стильдік талдаулар жасалады. Стильдік интерпретация автордың өз шығармасында айтпақшы ойы оқырманға тілдің қызметі мен көркемдік құралдары: метафора, гипербола, троптар т.б. арқылы қалай жеткізілгенін анықтайды, соның нәтижесінде ойды жеткізудің белгілі бір стильмен байланысты ерекшеліктері айқындалады, нәтижесінде жеке ұлттық, жанрлық немесе авторлық стильдің табиғаты да ашылуы мүмкін. Стильдік интерпретация сондай-ақ басқа қандай авторлардың шығармасы талданып отырған автордың стиліне әсер еткенін де көрсете алады, сол арқылы нақты бір қаламгердің тұтастай бір дәуір немесе әдеби бағыт стилінің қалыптасуындағы орны да танылады.

Герменевтикада грамматикалық және психологиялық интерпретация бір бірінен соң емес, бір мезгілде, өзара байланыста орындалады, бірақ олардың әрқайсысы дербес. Екеуі бір мәтіннің аясында жүреді және әрқайсысының белгілі орны бар, тіл автордың ойын жеткізуші құрал ғана, сондықтан психологиялық интерпретация басым деп қарастырылмайды немесе керісінше, тіл болмаса автордың жеке тұлға ретіндегі ойы, жан дүниесі танылмайды, сондықтан грамматикалық интерпретация басым деп саналмайды. Оларды бірін бірі толықтыра отырып мәтіннің мәнін ашатын әдістер деп қараған дұрыс.

Интерпретацияның грамматикалық және психологиялық екі қыры өз алдына дербес, дегенмен мәтіннің ерекшелігіне сай әр түрлі деңгейде қолданылуы мүмкін, нақтылай келгенде, тарихи мәтінді түсіндіру үшін «объективтілік» басым категория, онда психологиялық интерпретацияның

маңызы аз, сондықтан оның тіліне диахронды әдіс қолданылуы керек, керісінше, лирикалық туындыны түсіну үшін психологиялық талдау өте қажет болады.

Әрбір әдеби шығарма белгілі бір қоғамда жазылатындықтан оны «тарихи» жағынан түсіну қажет болады. Грамматикалық интерпретация жасағанда тілдің тарихына, тілдік бірліктер мағынасының өзгерісіне тиісті көңіл бөліну керек, ал психологиялық жағынан алғанда автордың дүниетанымын, әсіресе, оның жеке тұлғасын қалыптастырушы мәдени ортаның тарихы, дәуір келбеті мен көзқарасы, автордың өз тәжірибесі, шындықты қабылдау, түйсіну ерекшеліктері зерделенеді. Ф. Шлейермахер тұжырымы бойынша «адамның сөзін түсіну үшін оның өзін білу керек, бірақ, адамды тек оның тілі арқылы ғана білуге болады»[33, 44 б.].

Тарихи интерпретация шығарманың жазылуына себеп болған жағдайларды анықтайды, яғни әдеби мәтін герменевтикасында автордың өмірбаян деректерін білу, оның тілі мен стилін түсіну аздық етеді, мұнымен қоса әр автордың өз дәуірінің өкілі, оның шығармасы басқа дәуірге жеткен үні екенін айту керек. Ал бұл жағдай тарихи интерпретация аясының өте кеңдігін танытады, автор өмір сүрген қоғам мен дәуірді неғұрлым терең зерттеп, көп мәлімет жинау, мәтінді барынша дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Тарихқа талдау жасау автордың танымдық, көркемдік әлеміне әсер еткен оқиғалар мен деректерді анықтаумен қатар, оның көзқарасы мен сезіміне әсер етпеген жағдайларды да анықтайды. Ал бұл тарихи интерпретация «субъективті», яғни автордың тұрғысынан да, объективті де – оның дәуіріне тән деректер мен оқиғалар тұрғысынан да жүргізіледі дегенді білдіреді. Жалпы алғанда өткен дәуірлерлерге қатысты тарихи талдаулар аса үлкен жауапкершілік пен ізденісті қажет ететінін есте ұстаумен қатар, олардың ретроспективасы толық болмайтынын ескеру керек.

Біздің зерттеу жұмысымыз бір тарихи дәуірде, бірақ әртүрлі қоғам мен ортада өмір сүрген араб және қазақ ақынының шығармаларына қатысты болғандықтан, ал олардың терең мазмұнды, әрі көпқырлы болуы себепті филологиялық герменевтиканың осы категориялары арнайы тоқталуды қажет етеді. Ф. Шлейермахер іліміне сай, мәтіннің мәні мен мағынасын автордың жеке тұлғасы мен ішкі дүниесін оның тілін түсіну арқылы ғана ашуға болады. Сондықтан алдымен «грамматикалық интерпретация» ұғымы мен ерекшелігін қарастырамыз. «Берілген сөздің нақты мәнін тіліне қарай және тілдің көмегі арқылы табу өнері» [33, 37 б.]. Бұл жерде «грамматика» термині тура лингвистикалық тұрғыдан емес, одан да кең түрде, «сөзбе сөз интерпретация» мағынасында да қолданылатынын есте ұстау керек.

Грамматикалық интерпретацияда қолданылатын негізгі екі қағида «канон» аталады. «Бірінші канон: берілген сөзде әлі де нақтылап анықтауды талап ететін тұстардың барлығын тек автор мен оның алғашқы оқырмандарына ортақ тілдік мағыналар аясында ғана анықтауға болады» [33, 101 б.].

«Екінші канон. Әрбір сөздің мәнін өзі тұрған орнында және оның айналысында тұрған сөздермен байланысына қарай анықтау керек» [33, 116 б.].

Грамматикалық интерпретацияның мақсаты - жеке сөздің, сөйлемнің және тұтастай алғандағы сөздің мәнін олардың тұтас контекстпен арадағы

байланысына қарай анықтау. Соған байланысты Ф. Шлейермахер тұтас контекстің жеке элементтер мен фразаларды түсінудегі рөліне үлкен мән береді, сол себеппен ол өз теориясында негізгі семантикалық бірлік ретінде сөз емес, сөйлемді алады: «Сөйлем түсіну мен түсінбеудің ең шағын элементін құрайтын бірлік» [33, 98 б.]. Бұл жерде ғалым сөйлемнің контекстегі және одан тыс тұрғандағы мағынасының арасында айырмашылық болуы мүмкіндігін айтады, мәтінді жекелеген сөйлемдерге бөлсек, олардың әрқайсысы бір белгісіз, толық анықталмаған мағына береді. Ал бұл түптеп келгенде алдымен жеке сөздерге байланысты, себебі, Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) сөздердің екі түрлі мағынасы болатынымен түсіндіреді: “*sprachwert*” сөздің жалпы қолданыстағы мағынасы және “*lokalwert*” нақты бір қолданыстағы мағынасы болады. Бұдан контекстен бөліп алынған сөйлем оның құрамындағы жеке тілдік бірліктердің беретін мағынасына қарай, яғни автордың сөз қолдану стиліне байланысты сол сөйлемнің ғана емес, контекстің мазмұнын, соған байланысты мәнін де өзгертуі мүмкін екені айқындалады. Оған қарапайым мысал ретінде қазақ тіліндегі «қол сермеу», «бет ашу», «іш тарту» тіркестерінің тура және ауыспалы мағынада қолданылуын немесе ислам дініндегі ғибадатпен байланысты «ауыз бекіту», «ауыз ашу», «сәждеге жығылу», «сәлем беру» сияқты әрекет атауларын келтіруге болады.

Лексикалық бірліктер мағынасының контекске қатысты болуы логикалық тұрғыдан алғанда тұтас тілдік құбылыстардың динамикалық табиғатын, жеке тілдік тәжірибенің өзгермелі сипатын түсінумен байланысты қарастырылады. Бірінші канон автор мен оқырманның ойын бір жерде табыстырып, мәтіннің әрбір элементінің мәнін ашуға мүмкіндік беретін тілдік жүйеге, контекстке байланысты болса, екінші канон тұтастай алынған тілдік жүйеге емес, ең жақын контекстегі айтылған ойдың мәнін ашуға бағытталып тұрады. Интерпретатор автордың стиліне тән ерекше қолданыстың мәнін ашу үшін алдымен оған қатысты тарихи, әлеуметтік, мәдени, ұлттық т.б. ерекшеліктерді түсіне отырып берілген сөз қолданысын басқа бірліктермен алмастыру мүмкіндігі бар-жоқтығын айқындай алуы тиіс. Сөздің жалпы және нақты қолданысының ерекшеліктерін анықтауға қатысты талдаулар осы зерттеудің алдындағы міндеттердің бірі саналады, олар кейінгі бөлімдерде орындалады.

«Бірінші канонға» сай автор мен оқырманға «ортақ нүктелер» жеке қарастыруды қажет етеді, сондықтан, тақырыптың теориялық негіздеріне арналған тараудың бұл бөлімінде мәтін элементтерінің парадигмалық байланысын анықтауда автордың тілдік тәжірибесі басты категория саналатынын атап көрсету қажет. Ал әр автордың тілдік тәжірибесі оның өмірбаяндық деректері, білімі мен кәсібі, сол тілді қолданған ортаның өзімен байланысты үздіксіз дамып отырады.

Мәтінге интерпретация жасау практикасы сонымен қатар оқырманның тілдік ерекшелігіне де байланысты болады. Автор шығарма жазу барысында оны үнемі нақты бір аудиторияға арнап жазбайды, ол жайлы арнайы ойламайды немесе бір аудиторияның өзі саналуан сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалы, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін атауға болады. Ең бастысы көркем әдебиетте қаламгер оқырманның қалыпты тілдік тәжірибесінен

тыс, оған таныс емес элементтерді жиі қолдануы табиғи жағдай. Автордың қолданысындағы сөз оқырманға дыбысталуы таныс болғанмен, шығармада мүлде тың, жаңа мағынада берілуі де әдеби стильдің белгісі. Ф. Шлейермахер осыған байланысты өз теориясында тілдің даму тарихы және соған қатысты барлық сұрақтарды ескеру жөнінде герменевтикалық тұжырым жасайды.

Классикалық герменевтикадан филологиялық герменевтиканың тағы бір ерекшелігі – Ф. Шлейермахердің оған арнайы енгізген қағидасымен байланысты. Егер философиялық не діни мәтін интерпретациясы бір тілді қолданушылардың барлығына ортақ норма аясында орындалса, енді интерпретация жасау қажет болатын көркем мәтіннің жеке қыры назарға алынатын болды.

Ф. Шлейермахердің анықтауы бойынша, әрбір сөздің, сөйлемнің немесе тұтас мәтіннің шынайы мағынасы дегеніміз - оған автордың жүктеген мағынасы, оны автор арнайы немесе өз еркінен тыс, шабытпен береді. Сөз немесе мәтіннің сыртқы формасын анықтаған соң интерпретатор автордың ойы мен жеке тұлғасын зерделеуді қолға алады.

Көркем мәтіннің мағынасын түсінуде автордың жеке тілдік тәжірибесінің тілдік жүйеге қатысы да маңызға ие. Әдебиеттің белгілі бір даму дәуірінде жеке автор шығармаларының рухы арқылы тіл өзінің жаңа бір кезеңіне қол жеткізіп, жеке бейнесін анықтайды. Қазақ әдебиетінде оған Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы нақты дәлел. Өз кезегінде Ахмед Шауқидің шығармалары да жаңа заманғы араб әдебиетінің даму бағытын анықтаған басты туындылар саналады.

Әр адамның өзіне ғана тән жеке стилі мен тілдік көркемдік әлемі болуына байланысты автор тілдің белгілі бір элементтеріне әр туындысында жаңа мағына үстеп, оларды бір бірімен жаңаша байланыста қолданады, соған сай әдеби тіл ары қарай жаңа образ, тың мағынамен толығып дами түседі. Жеке автордың қолтаңбасы мен дүниетанымы тұтастай бір халықтың әдеби және тілдік жүйесі, көркемдік әлемі мен дүниетанымы байып, жаңа кезеңге өтеді. Осыдан келіп тіл мен әдебиеттің бір орында тұра беретін жансыз объект емес, керісінше, динамикаға ерекше қабілетті, өзгеріске ашық және дайын тұратын жанды феномендер екені анықталады және сол үздіксіз жаңару мен толығу процесінде жеке автордың үлесі нақты болады, ол үлес оның шығармаларының тілі, рухы, мән-мағынасының сипатына, жеке тұлғасына тікелей байланысты. Осы ерекшеліктерді анықтау да біздің зерттеу жұмысымыздың міндеттері ретінде белгіленді, араб және қазақ әдебиеттерінің дамуында олардың белгілі өкілдері Ахмед Шауқи мен Абай Құнанбайұлының алатын орнын анықтау арқылы оларды салыстыру мүмкіндігі туады.

Психологиялық интерпретация сөйлеу әрекетінің субъективті қырын қарастырады. Грамматикалық интерпретацияда автордың тұлғасы тіл арқылы танылады, автордың тілдің қызметін жан-жақты қолдану шеберлігі маңызды болғандықтан басты орында тіл тұрады, ал психологиялық интерпретацияда тіл жеке тұлғаны танытатын құрал, яғни мәтіннің мағынасын ашу, автордың ойын түсіну үшін басты назар оның жеке тұлғалық ерекшеліктеріне аударылады. Психологиялық түсіндіру автордың шынайы өмірге қатысты өз ойын қалай

жеткізуі оның жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Соған байланысты тілге қатысты сұрақтарды қарастыру әдісі де өзгереді, автордың тілді қолдану шеберлігі емес, тұлғалық ерекшелігі тілде қалай көрініс табатынын анықтау міндеті туындайды.

Автор оқырманға айтар сөзін қалай жеткізетіні, ол үшін қай әдісті таңдайтыны психологиялық интерпретация қарастыратын мәселелер аясына кіреді және оны Ф. Шлейермахер «стильді түсіну» деп санайды. Бұдан психологиялық интерпретацияның мақсаты - «стильді толық түсіну» екені анықталады. Бұл жерде ғалым «стиль» ұғымының екі түрлі мағынада қолданылуын естен шығармауды ескертеді. «Стиль» бірде тілді қолданудың аясын, тағы бірде жеке қолдану ерекшелігін көрсетеді, мұнда қазіргі ғылымдағы түрлі жанрлық стиль мен автордың жеке стилі айтылып тұр.

Мәтінді «таза психологиялық» қырынан түсіндіру ең алдымен шығарманың жазылған уақытында автордың өмір сүрген ортасы, ондағы оқиғалардың автордың ойына әсері, алған тәрбиесі, басынан өткен оқиғаларды анықтап қана қоймай, олардың әсерін сезіну арқылы да орындалады. Бұдан психологиялық интерпретацияның грамматикалық интерпретациядан басты ерекшелігі көрінеді, яғни интерпретатор автормен бір рухани әлемде болып, оның әсерін өзі де басынан өткеріп, бірге сезінеді.

Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher) теориясының мазмұны мен қолданысы оның ілімінде аталған герменевтикалық интерпретацияның әрқайсысы жеке алғанда белгілі бір герменевтикалық категорияның танымдық мазмұнын ашады деуге болады, нақты айтқанда, грамматикалық интерпретация мәтін мағынасын пайым арқылы түсінуді білдірсе, психологиялық интерпретация автордың эмоциясын түсінуді танытады. Алайда олар бір «герменевтикалық шеңбер» аясында орындалады.

Біздің ауызша немесе жазбаша мәтіннен түсінгеніміз немесе оның мәні өз алдына белгілі бір тұтастықты – әр түрлі бөліктерден тұратын «шеңберді» құрайды, демек, мәтіннің толық мәні біртұтас шеңберді береді, интерпретатор интуитивті жолмен сол «герменевтикалық шеңберді» нақтылап береді. Тұтас мағына дегеніміз мәтіннің жеке бөліктерінің мағынасынан шығатын негізгі «мәнді» көрсетеді. Осыдан келіп Ф. Шлейермахер (F. Schleiermacher), Г. Гадамер (H. Gadamer), М. Хайдеггер (M. Heidegger) сияқты герменевтика ғалымдары мәтінді түсіну мен интерпретациялауды кезең-кезеңмен жүретін күрделі процесс ретінде анықтағаны белгілі болды, ал оны игеру үшін сол процестің неден тұратыны, негізгі категориялары мен элементтері қандай, олар жеке және өзара қалай әрекеттесе қызмет атқаратыны бұл ілімнің философиямен астасуынан туындағанын көрсетті.

Әдебиет туындысы оқырман оны қолына алып оқығанда, өз санасымен қабылдағанда, яғни онымен ойша байланыс орнатуы нәтижесінде ғана белгілі мазмұн мен мағынаға ие болады. Егер оқырманның қолына түскен шығарма мәтіні түсініксіз болса немесе бірнеше қайталап оқуды, талдап-түсіндіруді қажет етсе, онда оқырман мәтіннің сол өзінің назарын аудартқан, түсініксіз жеріне қайта оралып, белгі салып отырады. Оқу процесі ой жүгірту, тоқталу, белгілеу процесіне айналады. Мәтіннің мәні оқырманның «жеке ой-санасына»

айналса, оқу процесі «мәтіннің әрбір бөлігін оқығаннан кейін жаңадан туындап отыратын тың түйсіктердің тізбегін» тудырады [35, 103 б]. Осы себепті зерттеушілер әдеби туындыны оқу арқылы қабылдау актісі болып түзілетін процесс ретінде көрсетеді.

Әдеби туындыны оқудың өзі шығармашылық процесс болып табылады, себебі, басқа жанрдағы мәтіннен әдеби мәтіннің негізгі айырмашылығы оның атқаратын негізгі қызметімен байланысты. Көркем шығарма басқа жанрдағы мәтіндерден оқырманның көңіл-күйіне тікелей әсер етіп, түрлі эмоциясын тудыратынымен ерекшеленеді. Көркем мәтін оқырманды оқу процесінде әрқилы әсерге бөлеу қасиетіне ие болу арқылы оның автормен бірге ой толғап, автор кешкен сезімді кешу күйіне жеткізетіндіктен сол шығарманың тереңіне бойлатады, нәтижесінде шығармашылық бірлесу, одақтасу жүреді. Интерпретатор автормен мәтін арқылы сұхбаттасып қана қоймай, оның ортасы мен заманында «бірге болуы» тиіс. Мәтін интерпретациясы арқылы автордың ойы ғана түсіндіріліп қоймай, ол сипаттаған қоғам мен ортаның тарихи, мәдени және басқа ерекшеліктері анықталады. Бұл герменевтиканың ғылыми функционалдығын танытады. Ал ол тарихи түрде дәлелденгені белгілі. Бұдан мәтінге интерпретация жасаудың бірнеше кезеңнен тұратын жүйелі процесс екенін анықтауға болады:

- 1) болжау, пайымдау, гипотеза құру;
- 2) мәтіннің жеке бөліктеріне талдау жасау, белгілі мәліметтермен салыстыру;
- 3) алдыңғы екі кезеңді қолда бар мәліметтерге сүйене отырып сәйкестендіру, ой қорыту арқылы мәтіннің тұтас мағынасын анықтау.

Көркем мәтінді оқып, түсіну барысында оның мазмұнында интерпретатор үшін түсінікті, ойға қонымды көзқарас немесе пайыммен қатар, келісуге қиын, кереғар ой да кездеседі. Интерпретатор мәтінді дұрыс түсіндіру үшін оның авторымен бір ортада «бірге болуы» тиіс деген қағида онымен барлық жағдайда толық келіседі дегенді білдірмейді. Мәтіннің дәл осындай күрделі тұстарын тауып көрсету үшін терең білім мен мол тәжірибенің болуы маңызды.

Көркем мәтінде автор ой мен қиялға шектеу қоймайды, сол себепті оның ойы мен оқырманның дүниетанымына қайшы келетін тұстарды нанымды етіп интерпретациялау, келіспейтін ой болса оны дәлелдеу үшін нақты дәйектер керек болады. Бұл, мысалы, мәтін мазмұнындағы нақты бір қоғамдық қарым-қатынас, тарихи оқиғаға қатысты айтылған ой болуы мүмкін, яғни уақыт өте келе келесі заман үшін алдыңғы қоғам құндылығының өзгеруі табиғи заңдылық, алайда оқырман үшін түсініксіз болып тұрған жағдайда ондай ерекшеліктер дәйектеу арқылы түсіндіріледі.

Әдеби мәтін герменевтикасының күрделілігі көркем шығармада интерпретатор үшін тың, қалыпты немесе шынайы ортадан алыс, кейде мүлде тосын ой немесе сезімнің берілуімен анықталады. Автор өз шығармасында оқырманға ғана емес, өзі үшін де күрделі тақырып немесе тылсым ойды қозғап, әртүрлі эмоция мен толғанысқа берілуі мүмкін, сол арқылы мәтін астарында тура мағынамен қоса арнайы талдап, түсіндіруді қажет етіп тұратын мағына пайда болады. Интерпретатор бұл жағдайда теорияға ғана емес, практикаға да

жүгінеді, яғни өзі де қиялына ерік бере отырып ойланады, дегенмен, оның қиялының нақты шекарасы болуы тиіс, Ф. Шлейермахердің герменевтиканы «түсіну өнері» деп анықтау себебін осыдан көруге болады.

Интерпретация жасалатын мәтін басқа дәуір, яғни өткен ғасырлар туындысы болған жағдайда сол заманғы тарихи оқиғалар мен олардың себеп-салдары жеткілікті зерделенгені дұрыс. Дәл сондай мәтін мағынасы интерпретатордың тілдік білімі немесе жалпы дүниетанымы ғана емес, психологиялық тәжірибесін де, яғни адам мінез-құлқының ерекшеліктері, адамның жеке тұлғалық сипаттарының қалыптасу себептері жайлы білімінің немесе түсінігінің болуын қажет етеді. Басқа жанрлардан көркем әдебиет жанрының басты ерекшелігі де осы, автор шығармасы арқылы оқырманмен сырласып, өз көңіл-күйін жеткізеді, ал оны оқырманның қабылдауы, яғни бірге ойланып-толғануы қалай түсінгенімен байланысты. Осыдан келіп жеке мәтін интерпретациясы анағұрлым кең ауқымда орындалатын әдеби бағыт, жанр, кезеңнің сипаты мен ерекшеліктерін анықтап беретін күрделі процеске айналады. Екінші жағынан жеке автор шығармасының тілдік, стильдік т.б. интерпретациясы арқылы ұлттық әдебиеттің тарихына белгілі бір деңгейде үлес қосылады.

Ал басқа халықтың әдеби шығармаларына герменевтикалық талдау, яғни аударма арқылы интерпретациялау үшін арнайы дайындық пен жауапкершілік керек. Бұл жерде интерпретатордың өз ана тіліндегі және шет тіліндегі тәжірибесі қатар жүріп, бірге орындалады, сондықтан оған қажет біліктіліктер мен дағдылар саны да артады:

1. жан-жақты теориялық білім: герменевтика, әдебиеттану, лингвистика, тарих, мәдениеттану т.б. ғылымдары бойынша;
2. ана тілі мен аударма жасалатын шет тілінің әдеби ерекшеліктері мен грамматикалық қағидаларын жетік білу;
3. аударма теориясы мен практикасы;
4. әдеби дағдының болуы, көркем әдебиетке жақын болу.

Шет тіліндегі әдеби мәтін интерпретатор үшін ең алдымен кеңістік, уақыт, мәдениет, тарих, тіл тұрғысынан тәуелсіз, дербес өмір сүреді, сондықтан дәл осы жағдайда Ф. Шлейермахердің герменевтиканы «түсіну өнері» деген қағидасының мәні белгілі болады. Бұл жерде интерпретатор автормен екі бірдей тілдің қызметі арқылы диалог орнатуы тиіс болады. Басқа бір тарихи-мәдени ортаның өнімі ретіндегі көркем мәтіннің мағынасы аударма арқылы басқа мәдениет өкіліне қосарлы интерпретация арқылы жеткізіледі, бұл процесс сол сипатымен герменевтика саласының теориялық жақтарына қоса күрделі шығармашылық екенін де көрсетеді. Себебі, интерпретатордың ойындағы автор берген мағына оқырманға жетуі үшін белгілі ғылыми теорияның практика жүзіндегі мәтіні пайда болуы тиіс. Бір тілдегі мәтін шығармашылық арқылы екінші тілде «қайта құрылып», оқырманға жаңа формада жаңа мәтін болып ұсынылады, яғни интерпретация үшін бұл жерде шет тілдегі мәтіннің мағынасын түсіну - басты мәселе.

Орыс әдеби сыншысы И.Ф. Анненский (1855-1909) көркем мәтінді оқуға қатысты «Көркем шығарманы ой елегінен өткізу, сезіну оқырманның жеке

психологиялық ерекшеліктерімен және оның өмір сүрген дәуірінің сипатымен байланысты екені белгілі. Көркем шығарманы кейінгі ұрпақтарға қарағанда оның замандастары барынша дұрыс қабылдайтыны түсінікті. Ұрпақтар санасында шығарманың оны тудырған суреткермен де, жазылған уақытпен де байланысы әлсірейді» деп жазады [36, 513 б.], сол себепті зерттеуші көркем шығарманы «уақыт кеңістігінде еркін өмір сүретін, өзгеріп отыратын және сол арқылы белгілі бір мағынада оны тудырған авторға тәуелсіз» (сонда) субъект ретінде сипаттайды. Бұл белгілі бір қоғам мен дәуірде туған көркем мәтінді әр қоғам мен дәуірдің оқырманы өз дүниетанымы мен интеллектуалдық, әлеуметтік, психологиялық т.б. ерекшеліктеріне сай әртүрлі деңгейде қабылдайтыны жайлы тұжырымға дәлел болады.

Бірнеше ғасырлық тарихты қамтитын араб поэзиясының қай дәуірі не жанрына қатысты туынды болмасын - өлең, поэма, тарихи әңгіме - әр дәуірдің өкілі ретіндегі араб оқырманының тарапынан әрқилы таным-тәжірибе тұрғысынан қабылданатынымен қатар, басқа аудиторияда, шетел оқырманы да оны өз деңгейінде, өзге қоғамдық даму мен дүниетаным үдесінен оқып-түсінеді.

Классикалық тіл ретінде араб әдеби тілінің теориялық және практикалық грамматикасы ежелгі араб поэзиясы мен ислам дінінің басты мәтіні Қасиетті Құранда берік қалыптасқанмен сол тіл мен әдебиет күні бүгінге дейін ондаған ғасырлық тарихы бар саяси, діни, мәдени сипаттары әрқилы орталарда таралып, дамуда.

Әр дәуірдігі мәдени орта өзі таралып отырған қоғамның түрлі ерекшеліктеріне сай қалыптасады, сол себепті оның негізгі белгілері ең алдымен тілде көрініс табатыны белгілі, осыған байланысты сол дәуір мен қоғамның мәдени өнімі саналатын көркем мәтінге интерпретация жасау, герменевтика ілімінің заңдылықтарын дұрыс түсініп қолданудың өзектілігі артады. Көркем шығарма образдылық, көпмағыналылық, тілдің түрлі бейнелеуші құралдарымен жазылатындықтан оны аудару барысында белгілі бір дәрежеде түпнұсқа мәтініне интерпретация жасалады, онымен қатар, басқа тілдік жүйедегі тілде жазылған мәтінмен жұмыс аударма барысында түпнұсқада жоқ сөздерді қолдануы мүмкін. Осындай «артық» сөздер түсіндірмеге айналып кететін болса, яғни егер аудармашы мәтінді түсіндіру (комментированный перевод) тәсілін қолданып орындаса ондай жағдайда түпнұсқа интерпретациясы сәтсіз шығуы мүмкін. Бұл жерде интерпретатор аударма мен интерпретацияның аражігін нақты анықтай алуы тиіс, яғни түпнұсқа мәтінінің тілін түсіну - маңызды мәселе.

Араб әдебиеті араб халқының ерте замандардағы тарихын исламға дейінгі дәуірден бері көркем тіл арқылы сақтап жеткізген, ислам дәуірінде тың тақырыптар мен стильде өркендетіп және одан кейінгі жаңа дәуірде қоғам өмірінде жүрген өзгерістерге сай дамытқан бірегей әдебиет болғандықтан оның әр дәуірінде туындаған шығармаларын түсіну де оқырманның арнайы герменевтикалық дайындығы мен ізденісін қажет етеді.

Ал ана тілі араб тілі саналмайтын оқырман үшін араб мәтінін түсіну үшін екі бірдей интерпретация қажет - көркем шығарманың аудармасының өзі

интерпретация екенін ескерсек, оның астарындағы ой мен мағынаны ашу үшін жеке талдау арқылы түсіндіру жұмысы керек болады.

Әдеби герменевтиканың айрықша функционалды саласы шетелдік авторлар шығармашылығын оқып-зерттеумен байланысты. Әлем халықтарының тілдері мен мәдениетінің алуан түрлілігі бұл салаға арнайы міндеттер жүктейді. Басқа халықтардың әдебиетін түсіну, талдау жұмыстары

көпқырлы процесс. Герменевтиканың жоғарыда айтылған грамматикалық, психологиялық интерпретация түрлері мәдени, тілдік шекарадан өту арқылы орындалады. Соған байланысты, классикалық герменевтика қағидаларымен қоса шетел әдебиетін оқуға қатысты қазіргі заманғы зерттеулерде жаңа теориялар мен терминдер, ғылыми ұғымдар пайда болуда. Шетелдік авторлардың шығармалары салыстырмалы әдебиеттанудан бөлек әдебет тарихы, шетел әдебиеті, лингвистика, елтану, мәдениетаралық коммуникация, этнолингвистика, аударма теориясы, психоллингвистика сияқты т.б. ғылымдар мен арнайы пәндер аясында зерттеледі.

Бұл ретте диссертациялық жұмысымыздың мақсатына жету үшін герменевтика әдістерін қалай, қай деңгейде қолданатынымызды анықтау міндеті туындайды. Ол үшін алдымен алдыңғы бөлімдерде қарастырылған грамматикалық және психологиялық интерпретацияның салыстырмалы әдебиеттануда, нақты айтқанда араб ақыны Ахмед Шауки мен қазақ ойшылы Абайдың туындыларын салыстыра зерттеудегі маңызы нақты көрінеді. Екіншіден, араб тіліндегі көркем мәтінді түсіну, оған интерпретация жасау аударма процесі арқылы орындалатыны ескерілуі тиіс. Бұл жердегі басты мәселе – Ахмед Шауки шығармалары қазақтілді аудитория үшін өзге мәдениеттің өнімі екендігі, яғни шетелдік автор шығармаларын талдауда оның тек тілдік жағын қарастыру аздық етеді, мәтіннің көпқырлы ерекшеліктеріне оны біртұтас объект деп қарастыратын пәнаралық зерттеу әдістері керек. Ол әдістер герменевтиканың грамматикалық, стильдік, тарихи, психологиялық интерпретациясымен байланысты жүзеге асады.

Жоғарыда қарастырылған классикалық герменевтика әдістері қазіргі уақытта ары қарай дамытылып, зерттелетін шығармалардың ерекшелігі мен зерттеу мақсатына қарай түрлі жаңа ғылыми пәндердің тууына негіз болды, олардың қатарында бұған дейін аталған этнолингвистика, психоллингвистика, мәдениетаралық коммуникация, компаративистика, аударма теориясы мен практикасы, елтану т.б. бар. Филологиялық герменевтикада мәтінге интерпретация жасауда ең алдымен оның тілдік ерекшеліктері басты назарға алынады, сондықтан оның міндеттерін жалпы лингвистикалық теория қағидалары анықтайды, нақты қарастырғанда:

1) лингвистикадағы интерпретациялық тәсіл жалпы алғанда адам әрекетін нақты ғылым арқылы түсінуге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда интерпретация бір бастапқы объектінің негізінде интерпретатор ұсынатын және соған тең келетін басқа бір объектіні алу процесі деп қарастырылады, екі объектінің бір біріне балама болуы нақты жағдаймен байланысты.

2) білім интерпретация процесінің негізі саналады. Ол тек сөздерді білу емес, сонымен бірге олардың тілдік мағынасын (тілдік картина), нақты бір

жағдайдың контекстін (және жалпы әлемнің картинасын), дәл сол автордың алдыңғы айтқан сөздерінің, айтқандарының контекстін білу [37, 1 б.].

Тілдік бірліктердің нақты талданып отырған мәтіндегі мағынасын олардың басқа, туынды мағыналарынан ажырату үшін қажетті білім түрлері: мәтін жазылған нақты тілді білу, прагматикалық факторларды білу, тілден тыс факторларды білу, әмбебап тілдік факторларды білу. Нақты жағдаймен байланысты айтылған ойды немесе мәліметті түсіну тілдің түрлі құрылымдарының өзара байланысы мен қызметіне сай жүзеге асады және жалпы контекст маңызды орында болуы тиіс. Мәтіннің пайда болған орны мен кезеңі, мезгілі, болған оқиға, оқиғаның себептері мен оған қатысушылар, кейіпкерлер арасындағы байланыс, әлеуметтік картина т.б. факторларды анықтау автордың бұл мәтіндегі ойы мен стилін түсініп, нені және неге айтты? деген сұрақтардың жауабын беруге көмектеседі - сол арқылы жалпы дискурс анықталады. Нақты тілді білу мәтін интерпретациясын жүзеге асыруға қажет басқа білімдермен тығыз байланысты және олардың негізі екенін осыдан көруге болады.

3) адамның тілмен байланысты бүкіл әрекеті түптеп келгенде тілдік шығармашылық жағынан алғанда да, қарым-қатынас процесінде де интерпретация болып саналады. Сонымен қатар, тіл арқылы қарым-қатынаста өзара түсінісу негізінен бірдей тілдік құралдар жиынтығының интерпретациясы арқасында жүзеге асады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған ғалым А. Байтұрсынұлы тілдің қызметі мен оны дұрыс қолдану үшін табиғи дарын керектігін айтады: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды, бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [38, 57 б.]. Ғалымның бұл пікірін мәтіннің авторы мен оны сол деңгейде түсініп, талдайтын адамға да қаратып айтуға болады.

Әлем халықтарының мәдени ерекшеліктерінің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвистиканың арнайы салалары оларды жүйелі түрде және жіктеп қарастырады. Олардың арасында филологиялық герменевтика мен аударма саласы үшін маңызды тақырыптардың бірі лексикологиямен байланысты, нақтылай атқанда «баламасыз лексикаға» қатысты. Тілдердің лексикалық қорын салыстыру мен салғастыру аясында мәтіндегі «күңгірт тұстар» (темные места), «лакуна», «ақтандақтар», «этноэйдема» тәрізді терминдер мен олардың қолданылу ерекшеліктерін сипаттайтын еңбектер пайда болды, олар жекелеген тілге қатысты емес, жалпы лингвистикалық мәселерді кең масштабта зерттеуімен сипатталады. Әдеби мәтінді талдауда алға қойылған герменевтика міндеттерін шешу үшін лингвомәдениеттанушы ғалымдардың тұжырымдары назарға алынуы керек.

Аударма мен филологиялық герменевтикалық талдау барысында ерекше қарастыруды қажет тақырыптардың бірі әдеби мәтіндегі реалиялар. Себебі, шетел халықтарының әдебиетін оқу ол елдің тек тілін түсінумен шектелмейді,

көркем мәтін халықтың мәдениеті мен тарихының көркем өнердегі көрінісі ретінде өмір шындығын түрлі жолдармен, әдістермен бейнелейді. Олардың қатарындағы реалиялар - әдебиеті мен тілі зерттелетін елдің мәдениеті, тұрмысы, тарихы, сондай-ақ әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен байланысты пайда болған шынайы (реалды) деректер мен заттар. «Реалия» сөзі (*realis, realia*) «материалды мәдениеттің заттары, олар сөздің номинативті мағынасына қызмет етеді» [39, 362 б.]. «Реалия» термині көптеген зерттеу еңбектерде бір ұлттың тілінен басқа ұлттың тіліне аударылмайтын, тек сол ұлттың тіліне ғана тән атауларға қатысты қолданылады, олар ұлттық бұйымдардың, әдет-ғұрыптардың, тағам мен сусынның т.б. заттардың аты немесе сол ұлттың жеке дара сипатын ашатын сөздер немесе сөз тіркестері болуы мүмкін, яғни оның нақты зат болуы шарт емес:

1) реалия - «белгілі бір халықтың немесе елдің тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігіне тән, басқа халықтарда кездеспейтін зат, ұғым, құбылыс»;

2) реалия - «осындай зат, ұғым, құбылысты белгілейтін сөз, осындай сөздерді қамтитын сөз тіркесі (фразеологизм, мақал, мәтел)» [40, 38 б.]. Реалияның ерекшелігі оның зат ретіндегі мазмұнына қатысты болады - реалия өзі белгілейтін зат, ұғым, құбылыстың халықпен, елмен немесе нақты бір тарихи кезеңмен тығыз байланысты туындайды, басқа сөзбен айтқанда реалияның нақты ұлттық немесе тарихи *колориті* болады. Географиялық немесе тарихи реалияларды украин лингвисті А.Е. Супрун «экзотикалық лексика» деп те атады [40, 50-54 б.].

Колорит негізінен бейнелеу өнерінің термині саналады, «бояулар үйлесімділігінің жалпы сипаты» мағынасымен қатар «ерекшеліктер жиынтығы, бір нәрсенің жеке ерекшелігі» дегенді білдіреді. Көркем мәтінге қатысты қолданғанда колорит - «сөз бояуы», оның қанықтығы референттің - ол белгілейтін объектінің белгілі бір халыққа, елге немесе мекенге, нақты бір тарихи кезеңге қатысына байланысты болады, яғни референттің басқа елдер, халықтар, кезеңдерге қарағанда шындықтың дәл осы елдегі немесе аймақтағы, дәл осы тарихи кезеңдегі мәдениетіне, тұрмысына, дәстүріне, бір сөзбен айтқанда - ерекшелігіне тән екендігіне қатысты [42, 98 б.].

Іс жүзінде реалия деп әдеби мәтіндегі мағынаға барабар сипаттама беру үшін не энциклопедиялық анықтама беруді, не бейнелі түрде кесте немесе схемамен көрсетуді, не ел тұрғындарының өзіне белгілі, алайда шетелдіктер үшін түсініксіз қандай да бір тұрмыстық мәліметтерді нақтылауды қажет ететін атаулар мен ұғымдардың барлығын атауға болады.

Қарастырылып отырған әдеби мәтіндерге герменевтикалық талдау жасауда араб тіліндегі реалияларды интерпретациялау үлкен мәнге ие. Мәтіннің оқырманға беймәлім тұстары мен белгісіз деректерін түсіндіру реалияларды дұрыс анықтай білумен байланысты, яғни тілді, мәдени ерекшеліктерді жетік білудің маңызы анық байқалады. Басқа халықтар сияқты, араб халқының да өз реалияларының жүйесі мен мол қоры бар. Олар ең алдымен жергілікті тарихи колоритке қарай нақты бір елге қатысты және жалпы араб ұлтына қатысты болып бөлінеді.

Әр халықтың тілі оның тарихы мен мәдениетінің аса маңызды элементі ретінде бір дәуірден екінші дәуірге оған қатысты бүкіл мәліметті тасымалдап отыратын бірегей құрал, ғасырлар бойы оның өзін өзі тануы мен басқаларға өзін танытуға қызмет етеді. Тіл мен халық өзара тығыз байланыста өмір сүріп үнемі бірі екіншісіне әсер етеді, яғни өзара ықпалдасып отырады. Тіл адамның қатысынсыз өмір сүрмейтіні сияқты, халық та тілсіз өмір сүрмейді, ал көркем әдебиет оның бүкіл көркемдігі мен образдарын сақтаушы және оны ары қарай жалғастырушы формасы. Бұл көшпелі мәдениетті дамытқан араб және қазақ халықтарының тілі мен әдебиетіне тікелей қатысты.

Тіл мен қоғамның өмірі бір бірінен ажырамайтындықтан, белгілі бір дәуір тілінің ерекшеліктері туралы сөз болғанда әлеуметтік ортаның өз өкілдерінің тіліне әсер етпей қоймайтыны жайлы тұжырым да бірге айтылады. Бұл мәселені қазір әлеуметтік лингвистика арнайы қарастырады, ал филологиялық герменевтикада автор өмір сүрген ортаның ерекшеліктерін анықтау оның стилін түсіну, интерпретациялау үшін өзекті. Сондықтан әдеби мәтін қоғам өмірінің көркем өнердегі көрінісі ретінде маңызды ақпарат саналады. Яғни Ахмед Шауқи шығармаларын ол өмір сүрген ортаның саяси, әлеуметтік, мәдени сипаттарын танытатын қайнаркөз ретінде қарастыру сол ортаның қаламгердің тұлғалық дүниетанымына қалай әсер еткенін анықтауды да жүктейді.

2 АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МЕН АХМЕД ШАУҚИДІҢ ТҮЛҒАСЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ҰҚСАСТЫҚ

2.1 Абай және Шауқи шығармашылығының бастаулары: қоғам, дәуір, әлеуметтік-ағартушылық орта дискурсы

Абай өмір сүрген дәуір – білім мен ғылым игеруді қажет еткен дәуір болды, сондықтан ақын туған халқын жер бетіндегі адамзат баласы тудырған мәдениет, өркениет жетістіктерін меңгеруге шақырды, себебі, ақын өз заманының ғана білгірі болған жоқ, ол өткен тарихты зерттеп, болашақтың мәнін көрегендікпен болжады. Ақын өзі өмір сүрген қоғамды жете білгендіктен қазақ халқының болашағы үшін еңбек етті, яғни Абай өмір сүрген қоғам мен дәуір – қалың қазақ елінің кемел болашағы қандай болу керек анықтап, түсіндірген дәуір. Ақын сол міндетті түсініп, ғұмырын сол талапты орындауға арнады. Абай өмір сүрген қоғам мен дәуір бейнесі оның әр өлеңінде тұр, ақынның әр өлеңі тек өзінің туып-өскен ортасы мен заманы ғана емес, тұтастай қазақ халқының бүкіл тарихы, ғұрпы, дүниетанымы, болмысы, ділі, рухы. Абайдың бүкіл мұрасы – қазақ халқының рухани төлқұжаты екенін тарих пен ғылым дәлелдеді. Сол үшін қазақ халқының қандай халық екенін тану үшін Абайдың мұрасын оқу ұсынылады, таныту үшін шет тілдерге аударылады. Абайтану ғылымы жылдар бойы үздіксіз осы мақсатта зерттеулер жүргізіп келеді.

Бұл таным көзі – заманға сай ғылым мен білімді, шыққан ортасына қарамастан, халықтың өз мұсылмандық қалпын сақтай отырып, жатсынбай қолдану керек деген жадидтік көзқарастан бастау алады. Жүсіп Баласағұн: “Адамға екі нәрсе тірек тегі: Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі” [43, 25 б.] - десе, Абай туған елінің ділін, яғни ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық нақышын сақтауды, тілін өркендетіп, халқын білімге жетелеуді өз өмірінің мәні деп қабылдағандықтан, шығармаларында осы жадидтік көзқараспен сарындас “Қауым халқына қызмет етудің жолы жалпы адам баласына тән кең ойдың бетінде” деген нысананы көздеп, халықты соған шақырды. М. Мырзахметұлы көрсеткендей, Зейнелғабиден ибн Әміреден басталып, Мұхтар Әуезов қалыптастырған Абайдың адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен саласының түп төркінінің бәрі де отарлық езгі тудырған кесепаттарға қарсы күреске және елін, білім, ғылымға арқылы теңдікке жетуге бағытталды. Себебі, жадидизмнің қос қыры: кертартпалық, қараңғылық пен этноцентризмге Батыс ғылымын қарсы қою мен идеялық бағыт, мәдени-рухани бастау ретінде исламды, түркішілдік пен ұлтшылдықты түпқазық ету – Абайдың азаттық аңсаған гуманистік идеясына сай болатын. М. Әуезов ол жайында: “Қайдан алсын, нені алсын – баршасын да өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым табысы етіп ала білді” [43] деп жазды. “Сол алғандарын патшалық, отаршылдық, әкімшілдік қатыгез күйлердің түп тамырын тауып, одан шығар жолды көрсетіп, халықтың ішкі және сыртқы әлемін сақтап қалуда рухани майданның қуатты құралы етті” [44, 86 б.].

Ақын XIX ғ. кең даланы мекен еткен қазақ елін Ресей империясының құрамына енгізу жылдары өмір сүрді. Ғасырлыр бойы қалыптасқан көшпенді өмірді ресейлік отаршылар таратқан, отырықшы жаңа заман билеген кезеңге дейін бір тілде сөйлеп, бір тілекті мәдениет құрған қазақ халқының бірыңғай дәстүрлі рухани әлемі дамыды. Жеке адамның бас пайдасы шаруашылық тұтастығына орай ұлт пайдасымен ұштасып, әрбір жеке азамат санасы ұлт мүддесін көздеген сана болып өмір сүрді. Көшпенді салт негізінде халық бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, ниет те, мақсат та ортақ еді. Сондықтан ресейлік отаршылдар елдің ұлттық санасын жою үшін халықты отырықшы тұрмысқа бейімдеуге барынша күш салды. Соның салдарынан жан-жақта аймақтарға бөлініп, шаруашылық қалпы бұзылған жұрттың қамы өз шаңырағының пайдасы мен бірер бас малының амандығын күйттеу болып кетті, ол ұлттық бірліктің тамырына балта болып шабылды. Ресей билігі қазақ даласына жаңа әкімшілік тәртіп орнатып, аяусыз салық салды, есепсіз салынған салық түрлерінен халықтың күнкөрісі қиындап, кедейшілік көбейіп кетті. Халық арасында наразылық, дау-дамай, жік-жікке бөліну тарады. Дәстүрлі салт-дәстүр, ғұрып пен жаңа қағида, талап арасында тартыс туды. Халықтың басына түскен ауыртпалық, әділетсіздік ақынның шығармаларында ең көп көтерілген тақырыптың бірі болды, ақын бұл жағдайды шешудің жолы рухани ағартушылық деп түсінді.

Өктемшіл өкімет бұл орайда да ислам дінін өз саясатына қару етіп қолданды. Солайша, жұрт ішкі жан-жүрегіндегі тәңірлік дүниетаным мен ислам құндылықтары орнына сырттан келіп салған мешіттер мен дүмше молдалар арқылы қазақ арасына ислам дінін таратуды қолдаған сыңай танытып, халықты отырықшы тұрмысқа көндіру негізінде малынан айырып, құнарсыз жерде кедейшілікке ұшыратты. Бұған ақын:

Басыңды дауға
Малыңды жауға,
Қор қылма, қорға, татулас.
Өтірік, ұрлық,
Өкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас
Ұятың, арың оянсын,

Бұл сөзімді ойлансын - деп ой жүгіртуге, терең ойлауға шақырады [44].

“Абайға Шығыстан кірген бұйымдардың басы Ислам діні” – деп жазды М. Әуезов. Бұл пікір Абайдың ислам философиясын терең танығанына дәлел. Абайдың “жан сыры”, “жан құмары” “жан қуаты”, “жан жарығы”, “хауас”, “хауас сәлим”, “хауаси хамса”, “хауаси хамсазахири”, “толық адам”, “иманигүл” т.б. ілімдерінің тарихи маңызы зор.

Ақынның дінге көзқарасы арнайы зерттеу нысаны ретінде соңғы жылдары қолға алынды. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі Абайдың діни ұстанымын танытатын философиялық берік тұжырымдама. Қазақ халқы дәстүрлі түрде мұсылман деп танылса да, қоғамдық ой-санасында, болмысында әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр өте маңызды болып қалды.

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылық қалыптасу жолына көптеген іргелі зерттеулер арналған, ұлы ақынның өмірі жайлы деректер орта мектеп бағдарламасынан бастап университеттердегі пәндер мазмұнында жеке оқытылады, онымен қатар ғылыми зерттеулерде, энциклопедиялар мен ақынның мерейтойлары қарсаңында шығарылған көптомдық еңбектерде барынша қамтылған. Абай Құнанбайұлының өмірбаяны қазақ әдебиетінің даму тарихы мен мазмұнына тың өзгеріс әкеліп, бетбұрыс жасаған ақын ретінде жеке қарастырылады, жаңа дәуірдің, жазба әдебиеттің қалыптасу тарихымен тығыз байланыстырылатындақтан оның өмірі жайлы тарихқа белгілі мәліметтер жан-жақты зерделенгенін айту қажет.

Абай мұрасы алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербург қаласында өз ұрпақтарының бастамасымен жарық көрген: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұғрағұл Құнанбай ұғландары». Осы басылым одан кейін түпнұсқа ретінде негізге алына отырып, дәстүрлі түрде ақынның мерейтойлары қарсаңында өңдеу, түсінік жазумен толықтырылып жарық көріп отырған [45, 21 б.]. Кәкітай Абайдың туысы (інісі Ысқақтың баласы), әрі ақын ағасынан өзі тәрбие алған бауыры, шәкірті ретінде оның бүгінге қалдырған мәліметтері шынайылығымен құнды. Ахмет Байтұрсынұлының 1913 ж. «Қазақ» газетіне шыққан «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Кәкітай Ысқақұлы берген осы деректерге сүйенген және осы екі мақала кейінгі барлық зерттеушілер үшін Абайдың өмірі жайлы негізгі дереккөз ретінде қабылданған деуге болады [46].

Олардан соң ақын өмірі барынша толықтырылып, талдап-түсіндірілген маңызды зерттеу – Мұхтар Әуезовтің 1927-1933 жж. жазған «Абайдың туысы мен өмірі» еңбегі. [45, 31-93 б.].

Абайды зерттеушілердің қай-қайсысы да ақын өлеңдері мен ілімін барынша жақын түсініп, оның хикметі мен ғибратын игеру, тереңіне бойлау үшін алдымен оның өскен ортасы, заманы жайлы еңбектерді оқуды ұсынады. Ондай зерттеулердің басында белгілі абайтанушы ғалымдар Қайым Мұхамедханов, Әлихан Бөкейханов, Құдайберген Жұбанов, Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметов, Рәбиға Сыздықова сынды отандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде бағыт-бағдар берілген.

Ал А. Байтұрсынұлы қазақтың бас ақыны атаған Абайдың өмірі бойынша негізгі деректерді араб ақыны Ахмед Шаукидің өмірбаян деректерімен салыстыру үшін қысқаша тоқталатын болсақ:

Абай Құнанбайұлы туып-өскен, білім алған орта. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы 10 тамызда Семей облысы (бұрынғы Семей уезі), Шыңғыс тауының бауырында (қазіргі Абай ауданында) дүниеге келді. Бұл аймақ Абай өмірге келген тұста Қарақаралы уезі аталған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы (1804-1896) аға сұлтан, қоғам қайраткері, даланың беделді де білікті биі болған [47, 370 б.]. Поляк ақыны, этнограф ғалым А.М. Янушкевич (1803-1857) өзінің қазақ даласына сапары туралы жазбаларында сипаттағандай «Құнанбай – бүкіл елге әйгілі адам. Қарапайым

қара халықтан шыққан Құнанбай жаратылысынан ақыл-парасат дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты тыңғылықты кісі. Халқының қамын ойлайды. Оған жақсылық жасасам дейді. Елінің ежелгі жол-жобасына, әлқұранда жазылған шариғат жолына аса жүйрік, Россия үкіметінің қырғыздар жөніндегі заң ережелеріне өте жетік, қара қылды қақ жарған әділ, адал азамат. Құнанбай – халқының қамқоры. Жұрт пайғамбардай көреді. Сондықтан одан ақыл-кеңес алуға тіпті қиырдағы ауылдардан жас пен кәрі, бай мен кедей ағылып келіп жатады» [47, 371 б.]. Құнанбай дала заңдарына қоса ислам шариғатын терең меңгеріп, мешіт, медресе салуға, бала тәрбиесі мен білім беруге көп көңіл бөлуімен белгілі. Жасы ұлғайған шағында қажылық жасап, Меккеге барған қазақ қажылары үшін түсетін үй – Тәкие салғызған [47, 371 б.]. Абайдың өмірбаяны қозғалғанда оның адами, азаматтық тұлғасының қалыптасуына бірден бір әсер еткен озық ой иесі ретінде әкесі Құнанбайдың есімі жеке-дара тұрады. Анасы Ұлжан Абайды «Телғара» деп атаған. «Ұлжан өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған. Абай анасының осындай асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өскен» [47, 575 б.]. «Абай» – әжесі Зеренің ерекше жақсы көрген немересіне еркелетіп берген аты. Зере жасынан зерек, құймақұлақ Абайдың әдебиет пен көркем сөзге, шешендікке жақын болуына тікелей әсер еткен адам, ізгі жүректі, үлкенге қамқор, кішіге пана бола білген Зере әже Абай өміріне, ақындығына игі әсерін тигізеді [47, 265 б.]. Болашақ ақын сабырлы мінезі, кең даладай пейілімен ел анасы атанған әжесі Зеренің мол қазынасы – аңыз, ертегілерін естіп өсуі мен мінезі жайлы, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік анасы Ұлжанның тәрбиесін көруі оның балалық шағының бақытты, уайым-қайғысыз өткенінің дәлелі. Ұлы ойшыл қос бірдей ананың тәрбиесі мен мейіріміне әбден қанып өсті, олардың терең тәлімі ақынның бойына ақ сүт, аялы алақанмен дарыды. Аналар берген тәлім кейіннен бүкіл қазақ өлеңіне жетті.

Абай әкесі Құнанбайдың шешімімен Ғабитхан есімді ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды. Он жасқа толғанда әкесі баланың білімге қабілетін байқап Семейге Ахмет Риза медресесіне оқуға жібереді, онда үш жыл оқу барысында араб, парсы тілдері, ислам діні бойынша сабақ алады. Зейіні артқан сайын өз бетімен көп ізденіп, діни біліммен шектелмей, шығыс әдебиетіне, философиясына ден қояды. Медреседегі үшінші жылы Семейдегі «Приходская школаға» түсіп орыс тілін оқи бастайды, онда орыс мәдениетімен таныстығы басталады. Семейдегі осы үш жыл оқу оның екі бірдей – шығыс және орыс тілдері мен ғылымы бойынша білімінің іргетасы, дүниетанымының бастауы болды. Семейдегі білім мектеп-медреседегі білім осылай аяқталып, Абай бұдан кейінгі білім мен ғылым жолындағы ізденісін өмір бойы өз қабілеті мен дарыны арқылы жалғастырған. Қаладағы оқуының ұзақ болмау себебі – әкесі Құнанбай баласын оқудан елге алдырып, билік ісіне араластыруды ұйғарады. Абай әкімшілік-билік жұмыстарымен таныса бастағанда он үш-он төрт жаста болған.

Ахмед Шауқидің туып-өскен ортасы, білімі. Ахмед Шауқи – «*أمير الشعراء*» («Ақындардың әмірі») лақабымен белгілі мысырлық ақын, жазушы, драматург, ағартушы, аудармашы, қазіргі заманғы араб әдебиетінің негізін қалаушы танымал ақын. Тарихқа белгілі деректерге сай ол 1868 жылы 16 қазанда (*هجره*

б. 1287 ж. 20 ражабта) Каир қаласының Ханафи ауданында ауқатты отбасында дүниеге келген. «Әлемдік ақындар энциклопедиясында» (الموسوعة العالمية للشعر العربي أحمد شوقي) Шауқидың әкесі күрд, ал анасы түрік деп жазылады. Ал нағашы әжесі грек, яғни Ахмед Шауқидің тегінде бірнеше ұлттың қаны барлығы жайлы мәлімет берілген [48, 298 б.]. Шауқи отбасындағы жалғыз бала болған, сол себепті ата-анасының ерекше мейірімі мен сүйіспеншілігіне бөленіп еркін өскен. Ал нағашы әжесі мысырлық алғашқы хедив (الخديوي - Осман империясына тәуелді тұста Мысыр билеушісінің титулы) Исмаил паша (1867-1914 жж.) сарайында тұрып, пашаға қызмет еткен, әрі бай адам болған, ол сарайда немересін өз қолында тәрбелеген. Солайша болашақ ақын нағашы әжесінің қамқорлығында паша сарайында өмір сүріп, ерте жастан биліктің салтанаты мен тоқ өмірді жақыннан көреді, жоқшылықтың не екенін білмей өседі. Белгілі деректердің барлығы ақынның балалық шағы еш алаңсыз, жайлы ортада өткеніне назар аудартады.

Әкесі 1873 жылы төрт жасқа толар толмас оны өз заманының атақты шейхі саналған Салехтің *Құттабына* жазып, ол жерде төрт жыл бастауыш білім алады. Құттабта Ахмед Шауқи оқу мен жазу негіздеріне қоса Құранның көп бөлігін жаттайды. Одан соң «مدرسة المبتدئين» («*Мәдрасат әл-Мубтадиин*») бастауыш мектебіне ауысады және оның қабырғасында жас шәкірттің оқуға ерекше қабілеті мен әдеби таланты байқалады, сол мектепте жүргенде-ақ алғашқы өлең жолдары туады. Озат үлгеріміне сай ол оқу ақысынан босатылып, мақтауға ие болады. Сабағымен қоса белгілі ақындардың жыр жинақтарынан өлең жаттайды, оларды мәнерлеп оқып, солайша өзі де поэзияға алғашқы қадамдарын жасайды [50].

Ахмед Шауқи 1885 жылы он бес жасында орта мектепті бітірген соң заң факультетіне оқуға түседі, заңгер ретінде білім ала жүріп жаңадан ашылған аударма бөлімінде де оқып, қосымша аудармашы дипломын да алып шығады. Дәл осы кезеңде ұстазы шейх Мұхаммед әл-Басиунидің оның ақындық талантына назар аударады, жас заңгердің бойынан ақынның мол мүмкіндігін көріп, оны әдебиетке жігерлендіреді. Шейх әл-Басиуни заң мектебінде риторикадан сабақ берумен қатар өзі де өлең жазатын оқытушы болған, ерекше жағдайларда хедив Тауфикке арнап мадақ өлеңдер шығарып тұрған екен. Оқытушы өз шәкіртінің талантына анық көз жеткізген соң оның жастығына қарамай, өз өлеңдерін мысырлық газет беттерінде жарияламас бұрын оған көрсетуді ұйғарған және жас ақынды хедивтің алдында мақтап, оның қамқорлыққа лайық екенін айтады және осы оқиғадан соң хедив Ахмед Шауқиді сарайында жеке қабылдайды.

Мектепті бітірген соң жас заңгер Тауфиқ паша сарайына жұмысқа орналасады, көп ұзамай паша оны өз қаражатымен білімін тереңдету үшін Францияға оқуға жібереді. Ол алғашында Монпелье университетінің заң факультетінде екі жыл оқып, кейін білімін Париж университетінде жалғастырады. 1893 жылы оқуын аяқтаған соң француз әдебиетінен білімін толықтырып, әрі ұлы жазушылар мен ақындардың шығармаларымен жақын танысу үшін сонда тағы төрт ай тұрады. Оның дүниетанымына Ж. Лафонтен

(J. La Fontaine), П. Корнель (Pierre Corneille), Ж. Расин (Jean Racine) сынды классиктердің туындылары әсер етеді.

1894 жылы Ахмед Шауқи Мысырға оралғанда билік басында хедив Аббас отырады, хедив оны сарайдағы аударма бөліміне қызметке тағайындайды, ақын сарайдағы жұмысына қоса осы кезеңнен бастап араб әдебиетін жаңа заман үрдісінде дамытуға кіріседі.

Сол, яғни 1894 жылы Женевада өткен Шығыстанушылардың X Халықаралық конгресіне Мысыр тарапынан қатысады. Уақыт өткен сайын Шауқидің хедивпен қарым-қатынасы нығая береді және өзінің поэзиясы арқылы ағылшындармен күресінде одан қолдау тауып отырады. Осы кезден бастап Ахмед Шауқидың аты сарай ақыны ретінде көпке танылды. Шауқи бір жағынан сарай қызметінде жүріп, екінші жағынан билік иесіне мадақ арнау арқылы оның беделін көтерді, ал сол жырлар арқылы мәртебесі артқан хедив оны өзіне жақын ұстады [50].

Ахмед Шауқи Аббас II паша тұсында 1914 жылға дейін сарай ақыны лауазымын иеленеді. Ол сарайдағы жұмысын 1914 жылы ағылшындар Аббас II пашаны тағынан түсіргенге дейін жалғастырады, ал олар протекторат жариялап Хусейн Камилді Мысыр сұлтаны етіп тағайындаған соң ағылшын отаршылдарының саясатына қарсы көзқарасы үшін ақын Испанияның оңтүстігі Барселонаға жер аударуға мәжбүр болады.

Отбасымен Испанияның табиғаты ең көркем, Жерорта теңізінің жағасында орналасқан тұрмысқа жайлы әсем үйде тұрса да ақынның жан дүниесі елін аңсайды. Испанияда тіл үйреніп, көп уақытын тарихи кітаптарды, әсіресе Андалусия тарихын оқуға бөледі. Ол араб әдебиетінің Андалусиядағы даму тарихын зерттеп, көркем шығарма оқумен қатар, Севилья, Кордова және Гранададағы мұсылман ескерткіштерін аралап көреді. Ислам мәдениетінің Еуропада қалдырған ізі мен мәдени дамуға қосқан үлесін анықтаумен айналысып, кейіннен оны шығармаларына арқау етіп алады. Шауқидің жат жерде жазған сол туындылары оның өз елі мен халқына деген ерекше сүйіспеншілігін, туған тарихына деген құрметі мен мақтанышын танытатын жырлар ретінде бөлек тұрады.

Испаниядағы ислам мәдениетінің тарихына жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Шауқи өзінің “*دول العرب وعظماء الإسلام*” («Араб мемлекеттері және Исламның ұлылары») атты қасыдасын жазды, онда Пайғамбар дәуірі және әділетті халифтер тұсынан бастап терең тарихты поэзия тілінде баяндады. Ол шығармалары ақынның бай мұрасының қатарында тарихи-ағартушылық мазмұнымен аса құнды туындылары деп бағаланады. Олардың ішінде ең танымалы деп “*الرحلة إلى الأندلس*” («Андалусияға саяхат») қасыдасын атауға болады. Ақынның Андалусияда жүріп туған жері Мысырға деген сағынышын жеткізген өлеңдері оның шығармашылығынан өз алдына жеке орын алады [51].

Ахмед Шауқи 1920 жылға дейін Отанынан жырақта өмір сүрді. Ал туған еліне 1920 жылы ұлт-азаттық қозғалыстың өршіп тұрған кезінде оралды. Осы тұста ақын шығармашылығының жаңа кезеңі басталды.

Ахмед Шауқи Испаниядан оралғанда халық оған ерекше құрмет көрсетеді, ақынды қарсы алуға мыңдаған адам жиналады, ал олардың басында ұлы ақын

«Ніл ақыны» Хафиз Ибраһим тұрды. Шауқи Мысырға 1919 жылғы төңкерістен кейін қайтқандықтан, ол кезде оның туған жері азаттық жолында төгілген шейіттердің қаны мен қасірет халықтың жадынан әлі өшпей тұрған мезгіл еді. Шауқи бірден халық жағына шығып, оның азапты үнін өз поэзиясы арқылы жеткізуге бел буады. Сол үшін олардың азаттық, тәуелсіздік жолындағы мақсат-мұратын, парламенттік жүйе қалыптастыру, халыққа тұтастай білім беру тақырыптарын көтерді. Ақын туған елінің күрескер ұлдарының жүрегінде ұялаған үмітін жазбай таниды, өзінің де Отанға деген сезімін үзбей жырлайды және халықпен етене жақын болу үшін ұлттық іс-шаралар, мерекелердің бел ортасында жүреді. Көпшілік ортасында өлеңдерімен халықтың білімге құштарлығын оятуға, болашаққа сенімін арттыруға, өсіп-өркендеуге үндеді, сол белсенді әрекеттерімен халық та оны өз мұң-мұқтажын түсінген ағартушы ақын ретінде тез қабылдайды.

Дәл осы жылдары Ахмед Шауқидің сараймен қарым-қатынасы түбегейлі үзіледі, «алтын тордағы бұлбұл» енді қапастан шығып, Мысыр халқының ақыны және оның арман-тілегінің жыршысы болды. Ол түрлі партия басшылары баспасөз беттерінде бір-бірімен соғысып жатқанын, ал ағылшын басқыншылығы әлі де Отанының кеудесінен басып отырғанын көргенде өзінің орны сарай емес, халықтың арасы екенін түсінді және сол жерден табылды. Саясаттағы өз еліндегі билікқұмарлар арасындағы тайталас пен отаршылдар басқыншылығына деген қарсылығын ақын батыл көрсетеді:

إلام الخلف بينكم إلاما؟
وهذي الضجة الكبرى علما؟

وفيم يكيد بعضكم لبعض
وتبدون العداوة والخصاما؟

وأين الفوز؟ لا مصر استقرت
على حال ولا السودان داما

(Сендердің) араларыңда қандай айырмашылық бар?
Мұның бәрі қайдан шыққан дүрбелең?

Бір-бірлеріңе неге қастандық жасайсыңдар?
Неге дұшпандық көрсетесіңдер?
Жеңіс қайда? Жоқ, енді Египет тұрақты
Қайткенде де. Судан да бұрынғыдай қалмайды [50].

Ахмед Шауқи осы өлеңі арқылы өзінің сарайдың емес, халықтың ақыны екенін ашық танытты. Бұдан соң ақынның ел алдындағы беделі күннен күнге артты, 1927 жылы оның Сенат (مجلس الشيوخ) депутаты болып сайлануына және көптомдық «Әш-Шауқият» жинағының шығуына орай өткен салтанатта жиында оған «Ақындардың әмірі» («أمير الشعراء») деген әдеби лақап беріледі. Салтанатты шараға жан-жақтағы араб елдерінен жазушылар мен ақындардан құралған делегациялар қатысады, сол жиында қатысушылар атынан сөйлеген

Хафиз Ибраһим мысырлық шайыр Ахмед Шауқидің араб поэзиясындағы орнына жоғары баға беріп, осындай құрметті атаққа ұсынады [50].

Айдаудан еліне қайтқан соң ақын көне Мысыр мен исламның тарихына терең үңілді. Мысырдың әлем өркениетіндегі орнын таныту үшін тарихи тақырыптарды шабыттана жырлады. Ислам дінінің құндылықтарын насихаттауға да көптеген жеке шығармалар жазды, дін тақырыбында Мұхаммед пайғамбарға мадақ жырлар арнады, осы туындылары арқылы ақын халықтың шетелдік басқыншылар мен кедейшілік ауыртпалығынан әлсіреген рухын көтеруге еңбек етті. Осы кезде туған шығармалары ақынның жеке стилінің қалыптасуына, өзінің халық ақыны ретінде танылуына әкелді.

Ахмед Шауқидің өмір жолына шолу оның шығармашылығының негізгі үш кезеңі болғанын көрсетеді:

- *бірінші*, пашаның сарайында тұрып, билікке мадақ арнаған, яғни «сарай ақыны» болған кезең;

- *екінші*, Испанияда қуғындау кезеңі, бұл кезде ақын негізінен жырақтағы еліне сағынышы мен сүйіспеншілігін жазған, Мысыр мен бүкіл араб әлеміне патриоттық жырлар арнаған;

- *үшінші*, қуғыннан оралып, тарихи, діни тақырыптағы туындылары арқылы ағартушылық, отансүйгіштік, халықына адалдық тақырыптары арқылы еліне, дініне қызмет еткен кезең.

Зерттеу нысанына алынған ақындар Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқидің негізгі өмірбаян деректерін өзара салыстыру төмендегі мәліметтерді береді:

- екі ақынды замандас деуге болады: Абай (1845-1904) XIX ғ. ортасында өмірге келіп, XX ғ. басында алпысқа қараған шағында дүниеден қайтқан, Ахмед Шауқи (1870-1932) XIX ғ. екінші жартысында туып, XX ғ. отызыншы жылдары алпыс екі жасында қайтыс болған;

- екеуі де ауқатты отбасында туып, таршылықты білмеген;

- екі ақын да алдымен өз заманындағы дәстүрлі білім алған: арабша хат танып, ислам дінімен сауат ашқан, медреседе білім алған;

- білім алу жолында да ұқсастық бар, оқуды тек өзі туған ауылы /қаласында/ ғана емес, басқа жерде де алған, яғни, туған үйінен басқа ортаға барып, көпті, елді көрген;

- екеуі де медреседе /мектепте/ оқи жүріп қосымша білім алуға ұмтылған: Абай «Приходская школада» орыс тілін үйренсе, Ахмед Шауқи заңгерлікке қоса аударма курсына барған;

- екі ақынның да поэзия әлеміне қызығушылығы ерте басталған: белгілі ақындарды оқумен қоса өздері өлең жаза бастаған;

- екі ақын да тек өз ана тіліндегі әдебиетке ғана емес, шетел әдебиетіне ерте ден қойған: Абай шығыс және орыс авторларын, Ахмед Шауқи батыс, оның ішінде алдымен француз, кейіннен испан, ағылшын тіліндегі әдебиетті көп оқып-зерттеген;

– екі ақынның да білім алу жолын әкелері бағыт-бағдар берген: Құнанбай Абайды Семейге жіберіп оқытса, Ахмед Шаукидің әкесі баласының атақты шейхтен дәріс алуына мән берген;

– болашақ екі ақынның да тұлғасының қалыптасуына аналарынан бұрын әжелері көп әсер еткен: олар немерелерінің тәрбиесімен көп айналысқан, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді дарытқан;

– Абай да, Ахмед Шауки де тоқтықта туып-өссе де, қарапайым бұқараға жас шағынан жақын болған: олардың жағдайымен жақсы танысып, мұңын түсінген;

– екі ақын да қоғамдық өмірмен, билік, ел басқару істерімен ертеден сырттай таныс болып қана қоймай, сол ортада өскен: Абайдың әкесі Құнанбай Шыңғыс еліндегі уездің аға сұлтаны болса, Ахмед Шауки паша сарайында тұрып, тәрбиеленген.

Бұл деректерден шығармашылығы талданып отырған екі ұлт әдебиеті өкілінің жеке адами, ақындық тұлғасының, дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен, негіз болған факторлардың байланысы мен ортақ белгілерін көруге болады. Ақындардың балалық шағы, білім жолындағы қадамдары, әдебиетке, ғылымға қызығушылықтарының ұқсас жақтары да көп.

Абайдың қоғамдық өмірге араласуы, ақындық жолының бастауы. Әкесі Абайды балаларының арасынан ерекшелеп, ел басқару ісіне ерте араластырып, билікке баулуды мақсат етті. Құнанбай Өскенбайұлы өзі орта жасқа келгенде атқа мініп, ел билеу жұмысына араласқан заман Ресей патшалығының Қазақстанның батысы мен орталық аймағын отарлап, ел билеу жүйесін өз тәртібіне көндіре бастаған кез. Әке еркімен жастай ел ісіне араласқан Абайдың балалықтан қол үзіп, есею шағы ерте басталды. Болашақ ақын жастайынан ел ішіндегі шаруа жайлы әңгімеге, билердің сөз өнеріне, шешендігіне құлақ салып, бойына сіңіріп өсті. Ел ағалары, билік иелерімен араласқаннан бастап өзін Абай аға сұлтанның баласымын деп санамай, қарапайым халықтың жанына жақын деп танытуға бейім болды. Кедейлердің мүддесі үшін кез келген дауда озбырлыққа қарсы тұрды. Абай халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұндай жүріп, қоғамдық өмірмен қоса оқуды да бірге алып жүрді, бос уақытында Семейден шығыс әдебиеті мен орыс тіліндегі кітаптарды арнайы алдырып көп оқыды, оны өмірлік қағидаға айналдырды. Кейіннен кітаптан алған білімін ақын шәкірттеріне, балалары мен інілеріне үйретті. Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Сағди, Науаи, Физули т.б. ақындарының өлеңін жаттап, оларды халыққа таныстырды. Кейін орыс әдебиеті мен тілін үйренуді жалғастыра отырып орыстың ұлы ойшылдары А. Пушкин, Н. Гоголь, М. Лермонтов, М. Салтыков-Щедрин, А. Некрасов т.б. классиктердің шығармаларымен жақын танысты. Сонымен бірге батыс әдебиетін де қолға алып, Шекспирдің шығармаларын оқыды. Абайдың ақындық, философиялық дүниетанымының қайнаркөздері өте бай болып қаланды, ең алдымен ата-анасынан дарыған халық ауыз әдебиеті, кейіннен ислам діні, шығыс, орыс және батыс авторларының әдеби, ғылыми туындылары Абайдың тума талантын толықтырды.

Абай мұрасы

Абай Құнанбайұлының жазба мұрасы – қазақ әдебиетінің ғана емес, тұтастай қазақ халқының баға жетпес қазынасы. Ақын Абай мұрасы қазақ мәдениетінен тек жазба әдебиеттің негізін қалаушы, ағартушы, философ ретінде ғана емес, өз туындылары арқылы қазақ қоғамы үшін маңызды мәселелерді ашық көтеріп, халық арасында белең алған кертартпа, зиянды әдеттер мен құбылыстарды сынаған, озық ойлы, кемел қоғамды қалыптастыруға үндеген тәрбиелік мазмұнымен орын алады. Ақын ретінде Абай лирик деп танылғанмен шығармаларында әлеуметтік ақиқатты бүкпесіз, шынайы қалпында суреттеуі, жағымсыз, зиян іс-әрекетпен белсенді күресі оның қайраткерлігін танытты.

Бүгінгі ғылымда Абайдың жазба мұрасы:

- білім, өнер, табиғат, адамгершілік, махаббат және т.б. тақырыптағы 170-ке жуық өлең;

- «Масғұт», «Ескендір», «Өзімнің әңгімесі» (аяқталмаған) (1887) поэмалары;

- ақын философиясының қайнары, ғақлия жанрындағы «Қара сөздері»;

- еуропа және орыс классик ақындары шығармаларынан аударылған 56 өлең саналады.

Әлем әдебиетінің классиктерін көп оқып-зерттеумен қатар Абай олардың арасынан Г. Гете, И. Крылов, А. Пушкин, М. Лермонтов сияқты ақындар поэзиясын қазақ тіліне еркін аударған. Аудармаларының қатарында А. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан «Татьянаның хаты», М. Лермонтовтан «Теректің сыйы», И. Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі» аудармалары – қазақ әдебиетіндегі озық аударма үлгілері.

Абайтанушы жазушы-ғалым М. Әуезов ұзақ жылдар бойы (1939-1940, 1945, 1954, 1957, 1977, 1995) Абай мұрасын жинақтап, академиялық нұсқада жарық көруіне еңбек сіңірген. М. Әуезов Абайдың туғанына 95 жыл толу қарсаңында (1939 ж.) «Абай жайын зерттеушілерге» атты мақаласында: «Тегінде, Абай шығармасының аздығынан кенде болып жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз», – деп жазған [52, 32-33 б.]. Әуезов осы мақаласы арқылы Абай мұрасын зерттеу жұмыстыры ешқашан өзектілігін жоймайтынын, керісінше оның міндеттері мен бағыттары уақыт өткен сайын жаңарып, артып отыратынын нұсқап кеткен.

1995 ж. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Ұлттық Ғылым Академиясы академиктері З. Ахметов, С. Қирабаевтың басқаруымен белгілі абайтанушылар Қ. Мұхаметханов, М. Мырзахметов, Ж. Ысмағұлов, Б. Байғалиев ақын шығармаларының екі томдық толық жинағын дайындады.

Абай мұрасын зерттеу, насихаттау жұмыстарымен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жүйелі түрде айналысады. Жаңа әдістемелік тұрғыдан текстологиялық талдау жүргізіліп, ғылыми түсіндірмелер жасалған соң Абай мұрасының толық жинағы үш томдық болып баспадан шықты. Алдыңғы басылымдардан басты ерекшелігі – шығармалар жинағының үшінші томына ақынның 1909 ж. жарық көрген алғашқы өлеңдер жинағының литографиялық көшірмесі, сондай-ақ қазіргі заманғы жазу үлгісіндесі нұсқасы

енген, Мүрсейіт бастап жазған он бір қолжазбаға сипаттама жасалған. Бұл қолжазбалар 1905-1915 жылдар аралығында жазылған және оларда Абайдың өлеңдері, Қара сөздері, аудармалары түпнұсқаға жақын түрде берілген.

Абай мұрасының құндылығы оның саны мен көлемінде емес, керісінше шығармаларының терең мазмұны, ой тереңдігімен бағаланады. Қазақ әдебиеті мен руханиятындағы асыл мұраны зерттеулер әр бағытта, үздіксіз жүргізілуі философ ақын мұрасының тереңдігімен байланысты.

Абай Құнанбайұлы есімі ақын ретінде белгілі, себебі, халық үшін оның поэзиясының тәрбиелік, рухани, әлеуметтік, аксиологиялық қызметінің мәні жоғары болды. Академик З. Ахметов: «Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыры арыда жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғам дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді дегеніміз жөн» деген тұжырымы арқылы ақынның поэзиясының тек әдеби туынды ғана емес, одан анағұрлым кең мазмұн мен тақырыпты қамтитын терең дискурс екенін анықтады [1, 8 б.].

Ақынның «Масғұт», «Ескендір», «Әзімнің әңгімесі» үш поэмасының да желісі басқа туындыларынан бөлек. Абай бұл поэмаларында қазақ даласын, халықтың тұрмысын сипаттамайды. «Масғұт» және «Ескендір» поэмаларының сюжеттері шығыстық дастан-аңыздардан алынған, көлемі шағын, бірақ мазмұн-мағынасы терең, негізгі ойы тартымды шығармалар. Ақын «Масғұт» поэмасында негізгі сюжетке көнеден жеткен аңыз деп қарамай, оны өз дәуірімен байланыста қарап суреттейді. «Ескендір» поэмасында Абай атақты қолбасшының бойындағы атаққұмарлық, мансапқұмарлықты сынау арқылы өзінің адамгершілік ұстанымын көрсетеді.

Абайдың «Қара сөздері» – адамгершілік-этикалық, дидактикалық, аксиологиялық тақырыптарға жазылған және ойшылдың өмірлік тәжірибесін, философиялық ой-пікірін қамтыған қырық бес ғақлия, трактат. «Қара сөздер тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады. Алайда әңгіме-сұхбат жанрының өзіндік ерекшелігін толық пайдаланып, Абай адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген харекеті, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді бірталай мәселелерді қара сөздерінде кеңінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер түйеді» [1, 26 б.].

Сонымен бірге, Абай мұраларынан халық арасында кең тарағандары – ақынның өзі әуенге қосқан жиырмаға жуық өлеңі. Атап айтқанда «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Серіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қор болды жаным» әндері көп танылған.

Абай шығармаларының терең философиясы, қазақ халқының ғылым мен білім жолында өркендеуін, рухани жолда жаңғыруын, Батыс пен Шығыс өркениетінің озық жағын өз дүниетанымына сай бейімдеп, үйренуін, орыс тілі

мен әдебиетін оқуды насихаттаған мәдени-ағартушылық мақсат-мүддесі бүкіл қазақ даласына тарады. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Алаш идеясының көсемдері қазақ зиялылары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты зиялылар мен қайраткер тұлғалардың қалыптасуына, ұлттық идеологияға үлкен ықпал етті.

Ахмед Шауқи шығармашылығы және қоғамдық қызметі: ақынның туындылары, шығарма жанрлары мен бағыттары

Ахмед Шауқи шығармаларының мазмұнына, тіліне талдау жасамас бұрын оның жалпы қандай тақырыптарда, жанрларда қандай шығармалар жазғанын анықтау қажет болады, себебі, жоғарыда аталғандай ол ақын, әрі жазушы болған, сондай-ақ ағартушылықпен, қоғамдық қызметпен көп айналысқан, ал ақынның өз саяси ұстанымы үшін елінен кетуге мәжбүр болуы оның осы зерттеуде талданатын шығармаларының идеясы мен мазмұнына қаншалықты әсер еткенін анықтауды қажет етеді [53, 1 б.].

Ахмед Шауқидің соңына қалдырған әдеби мұрасының басым бөлігі – поэзиялық туындылар, соның ішінде өлеңдері мен поэмалары “Әш-Шауқият” «الشوقيات» атты төрт томдыққа жинақталған:

– **1 томға** (1925 ж.) жас ақынның алғашқы өлеңдерімен қатар мадақ жырлары, патриоттық, тарихи өлеңдері қамтылған. Жинақ белгілі мысыр прозаигі Мухаммад Хусейн Хайкалдің алғысөзімен жарияланған;

– **2 томға** (1930 ж.) *уасф, газал* жанрларындағы – табиғат, махаббат лирикасы және саясат, отан және т.б. тақырыптарда өлеңдері енген;

– **3 том** (1936 ж.) ақын қайтыс болған соң жарық көрген, онда элегиялық жырлары *المرثيات* берілген, олардың қатарында ерекше танымалы – ұлтшыл саясаткер, заңгер Фатхи Зағлулге және тасаууф ғалым Абдел Латиф әл-Суфиге, өзін тәрбиелеген әжесіне арналған элегиялар;

– **4 томда** (1943 ж.) мифтік мақал-мәтелдер *الأمثال الخرافية*, әртүрлі – мадақ жырлар, *شعر الإخوانيات* (Бауырластық жайындағы поэзия) жанрында өлеңдері берілген.

“Әш-Шауқият” төрт томдығы Ахмед Шауқидің шығармаларының таңдамалы жинағы ретінде бірнеше басылым көрді, жаңа заманғы араб әдебиетінің негізін салушы, XIX ғ. ең танымал ақындар мұрасының қатарында бүкіл әлемге тарады [54, 1 б.].

Ахмед Шауқидің басқа екі поэтикалық «*دول العرب*» «Араб мемлекеттері» және «*عظماء الإسلام*» «Ислам ұлылары» жинағы араб халқы мен ислам тарихына қатысты. Шығармада исламның алғашқы дәуірінен бастап фатимидтер династиясы құрған мемлекет тарихы жырланады. Тарихи поэмаларда араб халқының шешендігі, туған жер мен табиғат тақырыптары жеке қозғалған. Қасиетті Қағба, оның тарихы және Пайғамбардың өмірбаяны туралы қасыдалар араб поэзиясындағы дін тақырыбын жаңа заман тұрғысынан жырлауымен жоғары бағаланады. Мұхаммед пайғамбарға арналған қасыдасы – «*نهج البردة*» “*Нәһж әл-Бурда*” пайғамбарға мадақ дәстүрінің ерекше үлгісі [53].

Ахмед Шауқи қазіргі заманғы араб әдебиетінде алғаш рет поэзиямен пьеса жазған автор. Драматургия оның шығармашылығына үлкен бетбұрыс әкелген сала. Шауқидің танымал бес *مآس* трагедиясы бар:

- «مصرع كليوباترا» “*Масраа Клеопатра*” (Клеопатраның өлімі) (1927);
- «قمبیز» “*Камбиз*” (Камбиз II) (1931);
- «مجنون لیلی» “*Ләйлә-Мәжнүн*” (1932);
- «عنتره» “*Антара*” (1932);
- «علي بك الكبير» “*Әли Бек Әл-Кәбир*” (1932);

Атауынан көрініп тұрғандай, Шауқи пьесалары көне Мысыр өркениеті мен араб тарихындағы танымал, атақ иелерінің тұлғасын, сол арқылы ерлік пен даңқты танытуға арналған. Драматургия жанрына баруына ақынның Франция мен Испанияда оқудағы, қуғындағы жылдары айқын әсер еткен. Шығармаларының тақырыбы мен жанрлық сипаты Парижде оқуда болған жылдары оның Еуропа әдебиеті пен мәдениетінің озық үлгілерімен танысып, классикалық өнерді үйренгенін көрсетеді.

Одан бөлек Шауқидің драматург ақын ретінде танылған екі комедиясы:

- «الست هدى» “*Әс-Ситт Худа*” (Мадам Худа) (1932).,
- «البخيلة» “*Әл-Бахила*” (Сараң)

және «أندلسية أميرة» “*Амира Андалусийя*” (Андалусия ханшайымы) прозалық пьесасы бар. Прозалық туындыларының ең көлемдісі – «عذراء الهند» “*Азраа әл-Хинд*» (Үнді қызы) романы, одан тыс Шауқи

- «لاديباس» “*Ладиаас*” (Сұлу Ладиаас) (1899)
- «حكاية بنتاوري» “*Хикаят Пентаур*” (Пентаур хикаясы) (1902-1901)
- «ورقة الأس» “*Уарақат әл-Ас*” (Мирт жапырағы) (1904)

повестерін, әлеуметтік, ағартушылық тақырыпта көптеген новеллалар, мақалалар жазған. Шауқидің ислам тақырыбындағы өлеңдеріне ән жазылып, Умм Кулсум орындауында Мысырда және басқа араб елдерінде кең тарады.

Ақындар өмір сүрген дәуір, қоғам

Абай туған заман

Абай мұрасының қоғамдық, танымдық мәнін анықтауды оның өмір сүрген дәуірімен байланыстырудың қажеттігін академик Зәки Ахметов әдебиеттану ғылымының проблемасы ретінде жеке көтерді: «Ұлы ақынды заман туғызады дейміз. Бұл ап-айқын, үйреншікті қағида көрінгенімен, зер салып қарастыруды қажет ететін өте күрделі мәселе. Бір дәуірде, тіпті бір ортада өмір сүрген ақындардың да суреткерлік деңгейі, ақыл-парасатының көтерілген биігінің деңгейін дәлелдеп жату артық. Заман, қоғамдық жағдай – ақын, жазушы шығармашылығының өмірлік тірегі, негізі, түп тамыры. Ал ақынның өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас-байланысы, жалпы дүние-болмыстан алатын әсерлері сан алуан, оны бірнеше нақтылы жағдайлармен шектеуге, бір жақты, тар көлемде түсінуге болмайды. Басты мәселе Абай халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін қаншалықты терең ұғып-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік қуатпен айтып жеткізе алғандығында» [1, 8 б.] – деген тұжырымын абайтану ғылымының іргетасы деп қарастыру қажет.

Абайтанушы ғалым профессор Мекемтас Мырзахметұлы ақынның өлеңдерін оқып-түсінуді неден, қалай бастау керектігі жөнінде: «Алдымен Абай мұрасын танып білу, түсініп оқу үшін жастарға ең керегі – Абай ғұмыр кешкен заманның саяси-әлеуметтік болмысы мен дәуір ерекшелігін, қазақ елінің

отарлану тарихын, сырттан ендірілген ел билеу жүйесіндегі талас-тартыстың әлеуметтік тамырын білу» деп түсіндірген [55, 10 б.].

Ғалымның бұл тұжырымы Абай өмір сүрген дәуірдің мән-мағынасын, сын-сипатын анықтау үшін алдымен патшалық Ресейдің қазақ жерінде жүргізген отарлау саясатын, одан кейінгі кеңестік идеологияның ақын мұраларына тигізген ықпалын өз деңгейінде зерттеп, түсіну қажеттігін міндеттейді. Себебі, қазақ әдебиетінің тарихы XX ғ. жүрген кеңестік идеология аясында жазылғандықтан Абайдың ақындығына берілген бағаның әділ болмағаны белгілі, ал оның «ақындық мектебі», «ақын шәкірттері» деген атауларға біржола тыйым салынып, ол жайында зерттеу жүргізу мүмкіндігі болмады. Қазақ әдебиеті мен сыны қатаң цензураға ұшырап, өзіне тиісті орынға шықпады.

Абай мұрасының терең мазмұны мен идеясын дұрыс түсіну үшін алдымен оның заманы мен ортасын зерттеген ғалым – академик жазушы М.О. Әуезов. Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы жазылған іргелі еңбектер мен ізденістен жазушының «Абай жолы» эпопеясы туды, роман-эпопеяда Абай образы мен ақындығы ғана бейнеленбеді, ақын өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқының мәдени, рухани өмірі, ұлттық келбеті, салт-дәстүрі, тарихы көркем тілмен суреттелді. Ол жайлы М.О. Әуезовтің өзі: «...жазушының тарихи тақырыпқа шығарма жазуы, ең алдымен, ғылымдық, зерттеушілік ұзақ еңбекті қажет етеді. Әуелде мен Абайдың өмірбаянын толықтырып жазған едім. Сол жұмыстың кезінде, кейін жазылатын романға керек деректің бірталайы қолыма түсті... Екі саладағы еңбек бір-біріне сүйеніш болып, жалпы Абай жайындағы білімді толықтыра түсетіндей болу керек деген қорытынды ниетке бекідім» [56, 182 б.]. Дәл осы еңбектің ғалым жазушыға не үшін қажет болғанын М. Мырзахметов былай деп түсіндіреді: «Эпопеяға негіз болып қаланған деректер көзі мен жазылу, жариялану тарихын ғылыми тұрғыдан терең танып білу үшін, қандай зерттеуші болса да Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектерінде көтерген көп қырлы күрделі мәселелерге соқпай өте алмайды. Себебі эпопеяның бас кейіпкерінің өзі интеллектуалды өнер иесі болғандықтан, ол мәселелерді саралап жете білу – шешуші мағына алатын қажеттілікке айналмақ. Осы айтылған ерекшіліктерді терең танып білген жағдайда ғана «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы мен ол сүйенген рухани, тарихи дерек көзі ретінде абайтанудан жазылған зерттеу еңбектердің мән-мазмұнын танып білсе болады» [56, 182 б.].

Абай ер жетіп, ел ісіне араласқан дәуірдегі рушылдық идеологияның үстемдігі қазақ қоғамының таптық санасының оянып, қоғамдық ой-пікірдің жандануына тосқауыл болды. Қазақ қоғамындағы үстем тап пен отаршыл үкімет рулық идеологияны өздерінің мүддесі үшін сақтауға тырысты. Сол себепті Абайды және оның әдеби мұрасын дұрыс танып-бағалауға рушылдық ой-сананың да зардабы белгілі дәрежеде тимей қоймады. Мұндай таным, әсіресе, рушылдық салт-сананың жыршысы болған тобықты руының ақыны Қуанышбай шығармаларында анық байқалды. Ол Абайдың халық мүддесі үшін жүргізген идеялық күресін рушылдық салт-сана тұрғысынан бағалап, Абайды мүдденің бірден-бір күрескері ретінде танытады [57, 38 б.]. Осындай біржақты

таным Абай мұрасының мазмұнын терең түсінуге және ұлттық сананы қалыптастыруға кедергі болды. Сол себепті Абайтану ғылымында рушылдық идеологияның әсерін сыни тұрғыда талдап, ақын шығармашылығын кең тарихи-әлеуметтік контексте зерделеу маңызды болып табылады.

Ахмед Шауқи өмір сүрген дәуір, қоғам.

XVIII ғ. соңына, нақты 1798 жылғы француз экспедициясы қарсаңында Мысырда саяси ахуал тұрақсыз болды. Ресми түрде Осман империясына қарағанмен, ел билігі іс жүзінде мәмлүктердің қолында тұрды, сондықтан билік үшін ұдайы жүргізілген таластар тұрақсыздықты күшейтіп жіберді. Мысыр қоғамы рухани, мәдени салада құлдырап, білім мен әдебиет саласы шығармашылық тоқырауды басынан кешіріп жатты. Осман империясының барлық өзге аймақтарындағыдай ғылым, тіпті діннің өзі өте әлсіз болды. Құран ілімдерінің қоғамдағы ықпалы аз болды, себебі, дін мамандарына қойылатын талап та әлсіз болды. Халық арасында тараған сауатсыздық ислам діні өкілдерінен білім үйренуге қажеттілікті жойды.

Ғылым мен руханият саласындағы осы дағдарыстарды француздар өз мақсат-мүдделеріне оңтайлы қолдана білді, олар халыққа Батысқа тән оқу-білім мен мәдениетті үйретеміз деген желеумен өз ықпалын күннен күнге арттыра берді. Француздарға әлемдік өркениеттің ошағы саналатын көне Мысырдың терең тарихы мен ғылымының құнды артефактілері ашылды. Әскермен қатар экспедиция құрамында келген археолог, лингвист, тарихшы ғалымдар Мысырда әлемдік ғылым үшін өте үлкен жаңалықтар ашты, жаңа білім мен өмір салтын көрсетті [54, 1 б.].

Мұндай «жаңалықтар» мен өзгерістер мысырлықтардың барлығына бірдей ұнаған жоқ, батыстық мәдениет үлгілерін қолдап, оған бірден еліктеушілермен қатар оған табанды қарсылық танытқан ұлтшылдар да жеткілікті болды. Ал 1806 ж. билікке келген Мұхаммад Әли елде реформа жасауға кірісті. Мұхаммед Әлидің басшылығымен Еуропаға білім алуға жіберілген жастар елдің мәдени және ғылыми дамуын үлкен шабытпен өз қолдарына ала бастады. Елде бұл кезде жаңа заманға сай оқып-жетілген жас толқынның тууы ұзақ уақыт тоқырауда болған әдебиеттің жандануына мүмкіндік бере бастады. Бірақ көркем проза мен поэзия әлі де болса әлсіз дамып, авторлар негізінен баспасөз бетінде мақала жазумен көбірек айналысты. Сондықтан әдебиет пен журналастика ғана емес, жалпы қоғамның алға жылжуы үшін Мысырдың жаңа заманғы тарихында Ахмед Шауқи сияқты қайраткер ақын тууы қажет еді.

Ақын Мысыр мен араб әлемінде күрделі саяси оқиғалар, әлеуметтік және мәдени өзгерістер кезінде өмір сүрді. Шауқидің ақындық, азаматтық тұлғасының қалыптасу жылдары – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы араб елдерінде саяси өмірдің ең тұрақсыз, билік дағдарысы мен қоғам өміріндегі шиеленістен халық көп ауыртпалық тартқан кез болды, нақты қарастырғанда:

– *біріншіден*, Осман империясының XVI ғ. басынан (1517 ж.) жүргізген ұзақ мерзімді билігінен әлсіреп, тарихи, саяси, мәдени бірегейлігі тығырыққа тірелген Мысырды 1882 жылы Мысырды Ұлыбритания басып алды. Ресми түрде Осман империясына бағынғанына қарамастан, ағылшын әкімшілігі

Мысырдың экономикалық және әскери ресурстарын өз бақылауына алды, британдық ықпалдан Мысыр өз тәуелсіздігінің басым бөлігінен айырылды;

– *екіншіден*, Араб төңкерісі (1879-1882) саяси, қоғамдық өмірге көп өзгеріс әкелді: Араб төңкерісі Мысыр халқының тәуелсіздікке, шетелдіктер ықпалынан құтылуға және реформаларға ұмтылысын көрсетті. Халық көтерілісі аяусыз басылып-жаншылғанмен, ұлттық сананы анық оятты;

– *үшіншіден*, Мысырда Шығыс пен Батыс арасындағы қарама-қайшылық нақты көрініс тапты: халықаралық аренада христиан және мұсылман күштері арасындағы текетірес өршіп, қоғамдық сананың күрт өзгеруіне алып келді [58, 30-33 б.].

Саяси өмірде болған оқиғалар Мысырда әлеуметтік сала мен экономикаға бірден әсер етіп, дағдарыстар күшейді:

– Осман империясы әлсіреді, оның ықпалының біртіндеп төмендеуі

Мухаммад Әли тұсындағы орнаған сияқты автономия жасағысы келген жергілікті қозғалыстардың күшеюіне әкелді;

– қарыз дағдарысы басталды, Исмаил Паша бастаған экономикалық реформалар, мысалы, Суэц каналын кеңейту Мысырдың Еуропа елдеріне қарызының жиналуына әкелді, бұл шетелдік интервенцияны күшейтті;

– модернизация: Исмаил Паша мен оның ізбасарлары тұсында инфрақұрылымды модернизациялауға ұмтылыстар жасалды, әсіресе, білім мекемелері, әскери сала қатты әлсірген еді [59, 255 б.].

XIX ғ. Мысырдың мәдени өміріндегі ең маңызды оқиға «*النهضة*» «*Ан-Наһда*» (Қайта өрлеу, жаңғыру) аталған мәдени-ағартушылық реформа болды:

– «Ан-Наһда» қозғалысымен тарихы терең араб әдебиетінің жаңа дәуірі басталды; бұл кезде Еуропа мәдениеті мен білімін үлгі тұтқан мысырлық зиялылардың, ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың жаңа буыны қалыптаса бастады. Ахмед Шауқи – сол қозғалыс басындағы өкілдердің бірі;

– Мысырда Еуропалық ықпал күннен күнге артты, көптеген дарынды жастар Еуропада оқып, өз елдеріне қайтқан соң ағарту ісіне белсенді қатысты. Батыс мәдениетін бойына еркін сіңірген Ахмед Шауқи өзінің туған еліне, араб дәстүрлеріне адал қызмет етті. Ал шығармаларында Батыс пен Шығыс құндылықтарының синтезі үйлесімді орын тапты;

– журналистика мен аударма жедел дамыды: Мысырда кітап баспа шығару ісі тез жолға қойылып, бұқаралық ақпарат құралдары елдің өз ішінде ғана емес, бүкіл араб елдеріне және басқа да мұсылман елдерге тарады. Еуропа авторларының көптеген шығармалары араб тіліне аударылып, жаңа идеялардың таралуына ықпал етті;

«Ан-Наһда» реформасы Мысырда ғана емес, өзге араб елдерінде де мәдени өмірдің қарқынды дамуына жол ашты. «Ан-Наһда» қозғалысы жылдам жүрді, ол Мысырмен бірге басқа елдерде бірден оң нәтиже бере бастады. Ахмед Шауқи өз өлеңдері, баспасөздегі мақалалары арқылы араб қоғамының тез оянуына, білім алуға, озық мәдениетті үйреніп, тозығы жеткен дәстүрлерден арылуға асығуға үндеді. Сол арқылы ол Мысырдан бөлек араб елдерінде де танымал қоғамдық тұлғаға айналды [60, 129 б.].

Мысыр қоғамында діни және ұлттық бірегейлік сезімдері артты:

– отаршылдық қысымның әсерінен панисламизм және ұлтшылдық идеялары кеңінен тарады, мұсылман әлемінде басқыншылыққа қарсы бірігу, бірлікке шақыру ұрандары күшейді. Қоғамдағы бұл өзгерістер Шауқи сияқты авторлардың шығармашылығында бірден көрініс тапты. Ал ақын өзінің сол ұлттық бірегейлікті насихаттаған өлеңдерімен осы процестердің басында тұрды. Мысырда ұлтшылдық идея аз уақытта үлкен күшке айналды;

– әдебиетке сопылық (تصوّف) пен ислам философиясының әсері ұлғайды: Шауқи шығармаларында дәстүрлі ислам құндылықтары жиі көтерілетін тақырыптардың бірі болды. Ақын діни тақырыптарды жай ғана қозғамай, халыққа діннің қоғамдағы тәрбиелік, ағартушылық, бірлікке шақыру қызметтерін қоса түсіндіріп отырды;

– елдегі саяси оқиғалар мен реформалар ақынның шығармашылығына әдеби-көркемдік жан-жақтылық сипат әкелді: Ахмед Шауқи туындыларында классикалық әдебиет пен өз заманына тән жаңа стиль мен жанрларды үйлестірді, ақынның туындылары араб поэзиясының дәстүрлі қасыдасы мен еуропалық әдеби жанрларда қатар жазылды. Бұл ерекшелік оның поэзиясына бірегей, жеке сипат берді, оның поэзиядағы қолтаңбасы сонысымен басқа ақындардан бөлек танылды;

– өз ортасының мәселелерімен шектелмей, шығармаларының тақырыбы мен мазмұны жағынан кеңдік пен тереңдікті көрсетті Ахмед Шауқи поэзиясы діни тақырыптардан философиялық толғауларға, отансүйгіштіктен терең тарихқа, табиғатты суреттеуден әлеуметтік мәселелерге еркін ауысуымен ақындық көкжиегі шексіздігін танытты.

Ақын өмір сүрген қоғам мен ортаға тиісті мәліметтерді зерделеу Ахмед Шауқи дәуірін дәстүршілдіктен модернизмге, отаршылдық тәуелділіктен азат өмір үшін күреске, мәдени тоқыраудан қайта өрлеуге көшу, өрлеу кезеңі деп анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер оның жеке өз өмірінде де, араб елдерінің өткені мен болашағының арасына көпір болып салынған шығармашылығында да айқын көрініс тапты.

Абай мен Шауқи өмір сүрген дәуір мен ортаны өзара салыстыра келіп қысқаша төмендегідей тұжырым жасауға болады:

– екі ақын да өз халқының тарихындағы қиын-қыстау заманда өмір сүрген: қазақ жері бұл кезеңде патшалық Ресейдің қоластында болса, ал Мысыр Англияның отарлау саясатына бағынды;

– Абай мен Шауқи шығармаларында сол заманға тән саяси-әлеуметтік жағдай жиі көтерілді, халық тұрмысының нашарлап, кедейшілік пен сауатсыздықтың таралуы, екі бірдей отарлық-феодалдық езгідегі бұқараның мұңы ақындар поэзиясында наразылықпен көрініс тапты;

– ақындар қоғамдағы қайшылықтарды тек өлеңмен сынап қоймай, саяси ахуалға, билікке тікелей араласу не жақындау арқылы ықпал етуге тырысты;

– қоғамда қалыптасқан күрделі мәселелер мен саяси шиеленістің шешімі деп халықтың бірлігін, еңбекті, оқу-білім алу, дамыған халықтардың мәдениеті мен ғылымын үйренуді насихаттады;

– екі ақын да ағартушылықты тек шығармаларында ғана емес, белсенді қоғамдық қызмет, шәкірт тәрбиелеу, заңгерлік, билік ету арқылы жүргізді;

– халық мұңын танып, қоғамды дамыту үшін төл шығармалары арқылы күрескен Абай мен Шауқи поэзиясы қысқа уақытта тез тарады, халық арасында рухани құбылысқа айналды, халық олардың өлеңдерінен рухани қуат алып, санасына сіңірді;

– Абай және Шауқи шығармалары алғашында ауызша, кейін баспасөз бетінде, қолжазба көшірмелер арқылы таралды, халықтың көңілінен шығып, жігерлендірді. Жекелеген өлеңдері әнмен таралды. Абай мен Шауқиді танып-бағалаудың әртүрлі танымдар тұрғысында болуы да сол заманғы саяси-әлеуметтік өмір болмысына сай жүзеге асты.

Осы талдау Абай мен Шауқидің өмір сүрген заманындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді көрсетеді. Екі ақын да халықтың басындағы ахуал мен оның рухани күйзелісін шығармаларына тақырып еткендіктен, өз дәуірінде халық үшін тек ағартушы ақын ғана емес, рухани көшбасшы, әрі қорған ретінде танылған қайраткер тұлғалар.

Екі ақын өмір сүрген дәуірден бері бір ғасырдан артық уақыт өтті, заман мен қоғамда көп оқиға болып, саяси аренада, мәдениет пен руханият саласында, ғылым мен технологияда айтарлықтай өзгерістер жүрді. Адамзат өркениеті түбегейлі трансформациядан өтуде, кезең-кезеңмен өмірге келген жаңа ұрпақтар үшін неізгі құндылықтар өзгеруде. Осыған байланысты әрқайсысы өз халқының тарихында өшпес із қалдырып, оның өркендеп-дамуы үшін еңбек еткен тұлғалардың шығармашылық мұрасы жаһандану енгізіп жатқан өзгерістер аясында ұлттық бірегейлікті сақтау, руханиятты нығайту үшін жаңа заман талаптарына сай зерделенуінің өзектілігін атау қажет.

2.2 Абай поэзиясындағы «адам» концептінің негізгі идеялары

Қазақ халқының дүниетанымында адам мен табиғат ежелден бір-бірінен аса ажыратылмай, тұтас қарастырылған. Халық ауыз әдебиеті мен сөз өнерінің барлық үлгілерінде адам үнемі табиғатпен тығыз қатынаста жырланады. Жалпы адамзат тарихында табиғаттың құпия құбылыстары мен тылсым күштерін түсінуге ұмтылу, оны түсіндіру адам баласының ең саналы іс-әрекеттерінің бірі болды. Мифтер мен аңыздар жер бетіндегі тіршілік иелерінің арасынан адам баласының табиғаттағы өз орнын анықтау мақсатында туып, дами келе ғылым ашуларға негіз болды.

Қазақ халқы ертеден Табиғат пен Жерді «ана» деп танып, оның оянатын, ұйқыға кететін мезгілі болатынын, оған қарсы келсе алдымен өзі оның қаһарына ұшырайтынын түсінген, өзін оның баласы санап, қорегін іздеген, өз өмірінің де жыл мезгілі сияқты кезеңдері болатынын, оған тәуелді екенін түсінген. Ғасырлар бойы халық дүниетанымында берік орнаған осы ұстанымдар ұлы ойшыл Абайдың поэзиясына анық әсер етті. Ақын поэзиясындағы адам бейнесінің жырлану стилін анықтау барысында оның шығармаларының қайнар көздерінің бастысы халық ауыз әдебиеті екенін назарда ұстау маңызды.

Абай кемеңгерлігін дәйектейтін поэзиясы және ғақлия сөздері толығымен қоғам–табиғат–адам арасындағы жүйе ішкі және сыртқы педагогикалық-психологиялық өзгерістердің туу заңдылықтары мен қағидалары жалақыланып, жалпыланып, суреттелу тәсілдеріндегі адамның өз-өзін тәрбиелеу, білім игеру харекеттерін меңгерудің технологиялары ұсынылған [62, 109 б.].

Қоғамдық философиялық және діни танымдық тұрғыдан “адам” концепті, ұғымы терең болғандықтан әр кезең ойшылдары үнемі «дұрыс» немесе толыққанды адам болудың жолын іздеп, әртүрлі ой айтып, еңбектер жазған. Біреулер сондай адам болудың нақты жолын нұсқаса, екіншісі адам бойында жамандықтың көптігін, оны түзеудің мүмкін еместігін айтты. Аристотель “Метафизика” еңбегінде: “Адамдардың бәрі де табиғатынан білімге ұмтылады. Оған дәлел – сезімдік әсерлерге ойысатындығы: олардан пайда бар ма, жоқ па, оған қарамастан оларды өздігінен бағалы деп қарайды, әсіресе көру әсерлері, өйткені бір нәрсе істеу үшін тіпті ешнәрсе істемесек те, көруді біз бәрінен де артық санаймыз” дейді [63, 43 б.].

Адамның бұл дүниедегі орны мен маңызы әлем ойшылдарын ғасырлар бойы толғандырып, олардың зерттеулеріне негіз болды. Бұл тақырыптың әрқашан ойшылдардың назарында болып, әлемнің жаратылуы, бұл дүниедегі адамның орны жайлы толғаныстары оның этикалық-эстетикалық мәселелерінің шешімін іздеуге көп ықпал етті. Олардың қатарында философиялық ілімдер тарихы мен адамзаттың рухани мәдениеті туралы терең мазмұнды ой-толғаулар қалдырған мұсылман ойшылдары бар. Адамның кемел тұлғасы, оның рухани дамуы ислам діні мен сопылық мәдениетте айқын көрініс тапты [64, 21 б.] . Абайдың жалпы дүниетанымына, соның ішінде адам концепті жайлы көзқарасының қалыптасуына тұғыр болған – осы ислам дінінің негіздері.

Абай шығармашылығындағы адам концептін қазіргі заман тұрғысынан зерттеуді абайтанушы ғалым М. Мырзахметов арнайы қарастырып, кеңестік идеология тұсында ақын шығармашылығы біржақты бағаланып, көптеген тақырыптардың ашық айтылуына саяси идеология жол бермегенін анықтап түсіндірді: «Толық адам ұғымы дінмен байланысты болуы себепті Әуезов өз пікірін ашық айтуы мүмкін емес заман еді ғой. Абайдың жәуәнміртілік іліміне қарым-қатынасын зерттеу кезінде «толық адам» ілімі өзіндік жүйесі бар дербес таным екеніне көзім жете түсті де, баспасөзде алғаш рет жариялап, ғылыми айналымға түсірдім. Толық адам ілімі жайлы ары қарай ұзақ уақыт ізденіп зерттеуім мені толық адам ілімінің тірегіне айналған Абайдың: 1) жүрек күлті; 2) Хауас; 3) Жәуәнмәрттілік; 4) Иманигүл деп аталатын терең ғылыми мәні бар шындықтарды танып, біліп барып айтқан көрегендік сыншыл ой танымы болатын-ды» [65] .

Ғалым тәуелсіз қазақ елінің ғалымдары енді осы олқылықты жойып, ақын мұрасын зерделеуді халық игілігі үшін қолға алуы тиіс екенін айтумен шектелмей, ұзақ жылдар бойы осы тақырыпты жан-жақты зерттеуге көп еңбек сіңірді. «Абайдың толық адам ілімі мен жантану ілімін ерекше әрі жан-жақты терең зерттеу ісіне тікелей кіру қажеттілігі туып отыр. Ол ілім қазақ жерінің туындысы болу үстіне бүкіл түрік халықтарының келешекте қабылданар моральдық кодексiнiң iргетасына айналумен бiрге күллi әлем халықтарының

кемел адам қалыптастыруында толық адам іліміне тең түсер өзіндік ілімі болмауы себепті де, бар күшті осы мәселені шешуге салып, тезірек зерттеу нысанасына қоюға міндеттіміз» [66].

Шығыстанушы ғалым Ы. Палтөре Абай шығармаларындағы «адам» концептінің діни мәтіндермен терең үндесіп жатқанын оның «Қара сөздерін» Құран аяттарымен және Мұхаммед пайғамбар хадистерімен салыстыра отырып дәлелдейді. Абайдың «Төртінші сөзіндегі» «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» деген ой Құранда айтылғандай, жалпы адамзатқа ортақ сипат болса, «Он төртінші сөзде» «...Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі» деген тұжырым пайғамбар хадисіндегі «Өзіңе тілеген жақсылықты басқаға да тілемейінше шынайы мұсылман бола алмайсың» деген мағынамен ұқсас екенін көрсетеді [67, 216 б.].

Сонымен бірге Ы. Палтөре осы зерттеу еңбегінде Абай шығармаларында «адам» концептінің «жан», «нәпсі» ұғымдарын беретін мысалдары нақты аяттар және хадистермен түсіндіріліп, «Абай шығармаларының өзегі адам мәселесін арқау етсе, діни мәтіндер де адам баласының игілігін мақсат тұтады. Құран және хадис мәтіндерінің объектісі – адам» [67, 216 б.] екені арқылы қазақ ойшылы шығармаларының ислам дінінің қасиетті қайнар көздерімен байланысы анықталады. Шығыстанушы ғалым осы тақырыпты жан-жақты зерделей келе «Құран мәтіні күллі адамзат баласына Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) адам кәмілдігінің символы, жоғары адамгершілік пен көркем мінез-құлық тұрғысынан «үлгілі тұлға» ретінде ұсынады. Абай шығармаларындағы толық адам концептісі де - ішінара діни мәтіндермен, сондай-ақ жоғарыда біз сөз еткен «иман», «жүрек», «ақыл», «адам», «нәпсі» концептілерімен астарласып, біте қайнасып жатқан күрделі ұғым» деген тұжырым жасайды [67, 216 б.].

«Адам» концепті Абай шығармашылығынан негізгі орын алатын тақырыптардың бірі саналады, ақын өзінің бүкіл ғұмырын халық мүддесіне қызмет етуге арнағандықтан, қоғамның дамуы үшін алдымен жеке адамды тәрбиелеуге терең мән береді. Ол әр адам баласын жеке тұлға, «индивид» деп қарамай, оны сол өзі өмір сүрген қоғамның мүшесі, оның айналасының келбеті оның іс-әрекеті мен мінез-құлқына байланысты деп қарады. Ақын адам баласының жас немесе кәрілігіне, бай немесе кедейлігіне емес, алдымен оның адамгершілігіне, әдебіне, рухани келбетіне қарады және адамның білімі мен тәрбиесін басты орынға қойды. Абай іліміндегі «адам» концептінің негізгі қағидаттары:

– *адамгершілік пен рухани кемелдік*

Адамгершілік қасиет, адам ретінде даму – ақын назарындағы басты мәселердің бірі. Оның өлеңдерінде адам бойындағы ар-ұждан, адалдық, әділдік, қайырымдылық мәселелері жиі қозғалады. Жалқаулық, қызғаныш, арсыздық,

мансапқұмарлық сияқты әдеттерді қатаң сынап, оларды адамды аздырып-тоздыратын әрекеттер қатарында атайды;

– *адамның білімі, интеллектуалды жағынан дамуы*

Абай оқу мен білімді адамның қоғамнан өз орныны тауып қана қоймай, өзін-өзі танытуының кілті ретінде атады. Оқу-білімге құштарлық адамды кемелдікке жеткізетінін баса айтты;

– *адамның еркіндігі мен жауапкершілігі*

ақын адам баласы өмірде өз еркінше еңбек етіп, өз жолын еркін таңдауға құқылы болуын дұрыс деп, алайда өзіне берілген еркіндікке жауапкершілікпен қарап, жат әрекетке бармауы қажеттігін міндеттеді;

– *жеке адам мен қоғамның байланысы*

Абай адамды қоғамнан бөлек қойған жоқ, адам тек қоғаммен бірге дамиды, ал тұтас қоғамның дамуы оның әр мүшесінің белсенділігі мен ұмтылысына байланыстылығын баса атап көрсетті;

– *адамның табиғатпен үйлесімі*

ақын поэзиясында табиғатқа ерекше мән, көп орын беріледі. Абай адамды табиғатпен етене жақын тіршілік иесі ретінде бейнелеп, тығыз байланыс пен үйлесімде өмір сүру қажеттігін айтады. Ақын табиғат құбылыстарын суреттей отырып, ондағы адамның орны жайлы терең философиялық ой түйіндейді;

Абай шығармашылығындағы адамға қатысты тұжырым оқу, еңбек ету арқылы даму, қоғамға қызмет ету, сол арқылы айнала ортамен, табиғатпен үйлесімді өмір сүру идеясына негізделген. Ақынның өмірлік философиясы шығыс дәстүрлерін адамгершілік, бостандық және жеке тұлғаның қадір-қасиеті турасындағы батыстық идеялармен ұштастыра үйретеді. Абай әр адам баласына өзін-өзі жетілдіруге, дүниені тануға, сол арқылы қоғамды өзгертуге қабілетті тіршілік иесі деп қарайды. Адамгершілік пен рухани даму – Абай философиясының түп негізі. Бұл тақырып Ұлы ақынның поэзиясын ғана емес, қарасөздерін, жалпы ұлт тарихындағы ағартушылық, қоғамдық қызметін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде терең талданып, уақыт өткен сайын ойшыл туындыларының өміршеңдігі мен құндылығы арта беретіні үнемі айтылуда. Абай мұрасынан әр кезең, әр ұрпақ өзін толғандырған сұрақтардың жауабын тауып, болашағы үшін рухани азығын алып отырады. Өмірден өз орнын тауып, кемелдікке жетудің жолдарымен танысады. Осы ретте қазақ әдебиеттану ғылымында ақын мұрасына арналған іргелі зерттеулердің жан-жақтылығын ескере отырып, Абай поэзиясының жоғарыда аталған «адам» концептін анықтайтын қырларына қысқаша тоқталуымыз қажет. Ал оны – ақын өлеңдеріндегі «адам» концептін ол суреттеген адам бейнелері анықтап береді. Ақын өмірде адамдарды алаламай, барлығына бірдей талап қояды.

Абай бағалайтын адам бойындағы ең басты, асыл қасиеттер – ақыл, жүрек (иман) және қайрат. «Әуелде бір суық мұз, ақыл, зерек» өлеңінде

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден ерек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек [68] деп ақын аталған үш қасиеттің үйлесімі адамды жетістікке жетелейтінін, толық, есті адамның бейнесінің

қандай екенін қолмен қойғандай анықтап көрсетеді. Осы идея қайратты, яғни өз күшіне сенетін адамның өмірдегі қиындықты жеңіп шығатыны «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар» өлеңінде де айтылады.

«Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдері – ақынның ғылым мен білімге үндеген, оқудың адам өміріндегі маңызын дәріптейтін өлеңдер, онда ақын бір адамға қарата айта отырып, бүкіл қазақ халқын рухани және интеллектуалдық тұрғыдан өсуге шақырды. «Ғылым таппай мақтанба» – Абайдың ағартушылық, дидактикалық, аксиологиялық, философиялық идеясының биік шыңы, онда адам бойындағы бес асыл қасиет: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы айтылады, яғни нағыз адам бейнесі осы қасиеттерге ие адамда. Ағартушылық тақырыбындағы өлеңдерде ақынның жалпы адамгершілік қасиеттер, рухани тазалық пен шынайылық жайлы философиясы маңызды орын алады. Ақын үнемі жастарды білім алуға үндеумен бірге, оларды ізгілікке тәрбиелейді, пайдакүнөмдіктен алыс болуға шақырып отырады:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге» – адам болам деген жасқа анық, нақты ақыл.

Абай әр адам баласының өз өміріне нақты мақсат қойып, болашағына аса жауапкершілікпен қарауын міндеттейді, яғни адам өзіне берілген уақыттың қадірін түсініп, саналы ғұмыр кешуі тиістігін айтады. Мысалы, «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде адам баласы өзін алдағы уақытта не күтіп тұрғанын білмейтінін, сол себепті егер өмірін Алладан үміт етіп, әділет пен ар жолына арнаса, қоғамға үшін пайдалы әрекет етсе артында із қалатынын, ғұмырының алдамшы болмайтынын түсіндіреді:

Көк тұман – алдындағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған,- дей келе

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,

Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.

Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,

Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін,- деп тұжырымдайды [69].

Уақыт пен жастық шақтың қадірі, оны дұрыс пайдалану жөніндегі ойын «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» өлеңінде қозғайды. Бұл өлеңдер бір қарағанда уақыт пен оны тиімді пайдалану турасында болып көрінгенмен, рухани дамыған, кемелдікке ұмтылған адам баласының бейнесі қоса көрінеді.

Адамның рухани өмірі, иманды адамның бет-бейнесі – Абай шығармаларының басты тақырыптарының бірі. Аллаға сену, моральдық құндылықтар «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» өлеңдерінде көтеріліп, ақын адамды жақсылық жасауға ұмтылуға, адал болуға шақырды. Өзімшілдікті теріс әдет санап, адамның қоғамдағы өз орнын, атқаратын рөлін, басқалармен қарым-қатынасын дұрыс белгілеудің мәнін

көрсетті. Ақын Аллаға ғибадат дінге көзсіз беріліп, рәсімдерді орындау емес, алдымен ар-ұждан тазалығы, дұрыс әрекет, басқаға мейіріммен қарау екенін айтады, мұмин адам бейнесінің мұнафиқтан айырмасын көрсетеді:

Мұмин болсаң, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол.
Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.
Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мұмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма! [70, 1 б.].

Абайдың шығармашылығындағы дін, иман тақырыбы – қазақ әдебиетінің тарихында әр кезеңде әртүрлі көзқарас, идеология аясында қарастырылған күрделі, пікірталас тудырған, арнайы зерттелетін тақырыптардың бірі. Дегенмен, осы диссертациялық жұмыс тақырыбына тікелей қатысы бар сұрақ ретінде оның «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», жоғарыда аталған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңдері ақынның діни көзқарасын түсінуге жол ашады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы» – Абайдың адам рухының мәңгілігі туралы философиялық толғаныстары, бұл өлеңдерде адамның жер бетіндегі өмірі өтпелі болғанмен, оның өз тіршілігінде істеген әрекеттері, соңында қалған істері өлмес екені баяндалады. Сол арқылы адамгершілік, руханият тұрғысынан алғанда толық адам бойында берік орнаған сипаттың бірі оның жүрегіндегі иман екенін көрсетеді, мәңгілік рухани құндылықты атап береді: ақын адамның өзінен кейінге қалдырған игі істері оның мәңгілігін, жасай беретінін айтады, яғни адамның өз тіршілігіне жауапты екенін ескертеді.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде адал еңбектің, ауылдың қарапайым еңбекқор адамының бейнесі беріледі, ауыл тіршілігі арқылы адам мен табиғаттың өзара байланысын шынайы суреттеледі. «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз», «Күз» өлеңдері қазақ даласындағы жыл мезгілдерін сипаттауға арналған, тақырыбы солай болғанмен, мазмұнына үңілгенде ақын адам баласының табиғаттың бір бөлшегі, онымен тіршілігінің әр сәті тығыз байланысты екенін көрсетумен қатар әр жыл маусымының адамға қалай әсер ететінін шеберлікпен жеткізгені байқалады.

Ақынның әр өлеңі оның «адам» жайлы басты тұжырымын өзара толықтырып, бұл ұғымға қандай мән беретінін аша түседі. Ақын адам баласының бойында ішкі қайшылықтардың көптігін айтып, өзін-өзі танудың, тәрбиелеудің, жетілудің маңызын насихаттайды. Абайдың өзі адамның көңіл-күйі, тіпті мінезінің жылдам өзгеретінін, тұрақсыздығы айтады. Поэзия адамының рухани әлемі мен шығармашылық шабытын сипаттаған ақын:

«Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса» [71, 1 б.].

деп кей кезде адам көңілі алаңсыз күйге еніп, жан дүниесі тыныштала қалса, Тәңірінен келген өнердің шабыттанып айналасына жыр шашатынын айтады. Ақын бұл арқылы адам баласының ішкі жан дүниесінің тазалығы мен тыныштығынан сөздің патшасы саналатын өлең өнерінің, рухани дамудың немесе шығармашылықтың бұлтты аспаннан кейінгі күндей жарқырайтынын айтады. Ақын бұл өлеңінде адамның көңіл күйі мен шығармашылық шабыт арасындағы нәзік байланысты бейнелі жеткізеді.

Абай поэзиясында қоғамдағы әр түрлі адам бейнесі ғана емес, сол адамдардан басын біріктірген қоғам, халық бейнесі жасалды. Ақын өз ұлтының өткен замандардағы даму тарихын, тұрмыс-тіршілігін терең зерттеп, өзі өмір сүрген кезеңдегі сипатын зерделеді және оның болашағы үшін алаңдады. Ол туған халқының мінезін жақсы түсінді, «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде оның бойындағы кемшіліктерді атап, қатты қынжылды, одан арылу үшін ұлттық сана-сезімін дамытуға шақырады. Ақын бұл өлеңінде әр адамға оның қоғам алдындағы жауапкершілігі мен рөлін түсіндіруді көздеді, бұл өлеңіндегі идея мен толғаныс Абайдың ұлт алдындағы өз жауапкершілігін танытқан әдеби құбылыс саналады.

Ақын өз айналасы ғана емес, жалпы қоғамдағы материалдық құндылықтарға үлкен мән беретін, мал-мүлік жиюға құмар адамдарды сынайды. «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа» өлеңінде байлыққа тәуелді адамның моральдық күйзелісін сипаттайды, рухани құндылықты материалдық құндылықтан жоғары қояды ұсынады.

«Сегіз аяқ» өлеңі Абайдың адамның өмірі, қоғамдағы орны және оның жетілуі туралы ойларын көрсететін, оны ерекше стильмен жеткізген, көркемдік жағынан да ақын шығармашылығында ерекше құбылыс деп танылған тың шығармасы болды. Өлеңге әуен де жазылып, халық арасында терең мән-мағынасымен кең тарады. «Сегіз аяқ» өлеңі ақынның адамның өз-өзін тәрбиелеп, рухани жетілуге ұмтылысын қолдау тақырыбындағы өлеңдерінің қатарын толықтырады.

Абай өзінің поэзиялық мұрасында жеке адам, тұтас қоғам, туған халқымен қоса өзінің жеке дербес миссиясын да өлеңі арқылы танытты, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінде өзінің ақындық бейнесін сипатады. Сол арқылы адамның ішкі дүниесіне бойлауды, оның рухани, моральдық өсіп-дамуына әсер етуді көздеді. Бұл өлеңі қазақ әдебиетінде Абайдың өзінің ғана емсе, жалпы ақындар қауымының қоғам алдындағы жауапкершілігін көрсететін маңызды нұсқау болып танылды. Ақын өз шығармашылығын түсіндірумен бірге, өзінің тұрақты және негізгі идеясы – адамды ізгілікке шақыруды қозғады.

Абай Құнанбайұлының поэзиясында сомдалған адам бейнесіне герменевтикалық талдау оның «адам» концептін жасаудағы парадигмаларды анықтауға мүмкіндік береді. Ақын өлеңдерінде адам бейнесі оның мінез-құлқы, ішкі жан дүниесі және іс-әрекеттері арқылы беріледі. Абай үшін әр адам - қоғам мүшесі, жеке адамның бет-бейнесіне қарай тұтас қоғамның даму сипаты анықталады. Ақынның адам жайлы өлеңдері оның өмірлік философиясын жеткізудің негізгі құралы саналады. Абай өз шығармаларында адамның рухани өсуі, қоғамдағы орны, адамға қатысты моральдық құндылықтар мен мінез

ерекшеліктері туралы өлеңдері оның осы тақырыптағы терең ойларын, философиясын қамтиды. Осыған байланысты бұдан мынадай қорытынды жасауға болады:

- Абай поэзиясындағы «адам» концепті – ақынның басты философиялық және этикалық көзқарастарын анықтайды;

- ақын адамды рухани, әлеуметтік және моральдық тұрғыдан өте терең зерттеген, адам психологиясын жетік білген;

- ақын өлеңдері тақырыптық жағынан адам болмысы, мінез-құлқы, қоғамдағы орны, рухани жетілуі мәселелерін кең қамтиды;

- адамды жеке индивид ретінде қарап, бойындағы әр қасиетке бөлек тоқталады, себебі оның қоғам алдындағы міндетіне, орнына терең мән береді.

Адам мен қоғам арасындағы арақатынастың мазмұны мен сипаты бойынша толғаныстарымен таныса келе Абай өлеңдеріндегі «адам» концептінің негізгі идеяларын нақты атайтын болсақ:

- *адамгершілік пен рухани тазалық*: Абай үшін адамгершілік қасиеттер үлкен маңызға ие, ол адамды шынайы ізгілікке ұмтылуға шақырады;

- *рухани жетілу*: адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, білім алуы, терең ойлауы – адамның шынайы жетілуінің кепілі;

- *табиғатпен үйлесім*: адам өмірі мен табиғат арасында тығыз байланыс бар, әр жыл мезгілінің ерекшелігін адам баласы түсіне білуі маңызды;

- *әлеуметтік жауапкершілік*: Абай адамды тек жеке адам деп емес, қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырып, қоғамның дамуында әр адамның үлесі бар екенін айтады.

Абай поэзиясынан адамның ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын, өмірге көзқарасын суреттеуге, сол арқылы өз айналасындағы адам бейнесін жасауға арналған өлеңдер маңызды орын алады. Сол себепті оның поэзиясындағы «адам» концепті өмірдің мәнін, әр адамның қоғамдағы орнын, бойындағы моральдық қасиеттерін, рухани құндылықтарды терең түсінуге бағытталғанын көрсетеді. Ақын халықты білімге, гуманизмге, рухани өсіп-өркендеуге шақырғандықтан, адам тәрбиесінде оның өлеңдерінің маңызы үнемі өзекті. Абай мұрасының қазақ халқының бүгінге дейінгі рухани, мәдени өміріндегі орнының айрықша екенін дәлелдей келе абайтанушы ғалым М. Мырзахметов оның «толық адам» концептін халықтың болашағы үшін мән-мағыналық жағынан дұрыс қолдануды баса айтады: «Толық адам» ілімі арқылы жастарды тәрбиелей аламыз. Алланың бойындағы сегіз сипат адамда да бар, бірақ Алладағыдай толық емес. Сондықтан бойымыздағы сегіз сипатты Аллаға еліктей отырып күрделендіріп, жөндеуіміз керек. Соған ұмтылуымыз керек. «Толық адам» ілімі содан барып шығады» [72, 1 б.].

Мұнымен бірге ғалым жастар тәрбиесіне Абай ілімін қолдану үшін не істеу керектігін анық көрсетеді: «Біз дүниетануымызды өзгертуіміз қажет. Бұрынғы сүйеніп келген материалистік, атеистік жалған ғылым болып шықты. Енді оны ұлы сана жолына қарай бет бұруымыз керек. Сонда ғана Абай ашылады, сонда ғана Абайды тани аламыз. Қазіргі танып келгеніміз философиялық жағынан бәрі жалған болып шықты. Ал Абайды әдеби жағынан танып жатырмыз» [73].

2.3 Шауқи поэзиясындағы «адам» тақырыбының қолданылу негіздері

Ахмед Шауқидің таңдамалы шығармаларының *«Әш-Шауқият»* жинағына жазған алғысөзінде Мухаммед Хусейн Хейкал ол жөнінде: «Шауқи тумысынан ақын болып жаратылған, ал ақын - өмірде басқалардың барлығынан ең сезімтал адам, оған айналасындағының бәрі әсер етеді. Ол Мысырда оқыды, Еуропада оқуын аяқтады және онда оған сөзсіз еуропалық мәдениет, өмір салты мен поэзия едәуір ықпал етті. Бұл әсер оның өмірінде де, поэзиясында да көрініс тапты және оның поэзиялық жинағының әр тарауын қарап отырып, екі басқа адамды көргендей боласың. Екеуі де поэзия шыңына шыққан ақын, екеуі де Мысырға деген сүйіспеншілігі асыл қасиет пен ғибадат деңгейіне дейін жеткен мысырлық, дегенмен екеуі екі адам сияқты, олар бір-біріне ұқсамайды. Бірі – жан-дүниесі иманға толы, мұсылмандардың бойындағы бауырластықты басты қасиет санайды, Халифатты да мұсылмандар үшін қасиетті мемлекет деп таниды, ондағы болған оқиғаларды асқан шабытпен жырлайды. Ол даналықты өмірдің негізі және тірегі ретінде қарастыратын парасат иесі. Араб тілі әрбір бейнені, мағынаны, идеяны және қиялды шебер жеткізеді деп пайымдайтын консерватор. Екіншісі – өмірдің ләззаты мен бақыты ретінде асқақ үміттер мен мақсаттарды көретін әлемдік адам. Ол – жан дүниесі адамгершілікке толы төзімді адам, адамдар мен олардың ұмтылыстарын көрегендікпен танитын мақсатшыл адам және тіл байлығы мен ой-өрісі жағынан жаңашыл адам» [74, 111 б.] дейді.

Әдебиет сыншысы ретінде Хейкал Ахмед Шауқидің ақын ретінде қалыптасу, шығармашылығының өсуіне осылай баға береді, оның айтуынша, Шауқидің ақын ретіндегі дүниетанымына өз елінің және еуропа мәдениеті мен әдебиеті бірдей әсер еткен. Егер Мысырда ол ұлтының, отанының азаматы, ақын болып жетілсе, Еуропадағы жылдар оның ой өрісінің көкжиегін дамытып, әлемдік әдебиет биігіне шығуына ықпал еткен.

Ахмед Шауқиға «Мың жыл ішінде Шауқиға ұқсас ақын туған жоқ» [75, 9 б.] деп баға берген философ, әрі әдебиетші Мансур Фахмидің айтуы бойынша, Шауқи өз өлеңдерінде ғылым, тарих, қоғамдық өмірді және адам баласының бойындағы сипаттардан байқап-білгенін, түсінгенін жинақтап, олардың барлығының бірлігін, тұтастығын көрсеткісі келді. Ол *“поэзия – ата-ананың; тарихтың және табиғаттың баласы”* дейтін еді. Еңбектерінің бірінде ол: *“Егер поэзияда естеліктер және эмоция немесе даналық болмаса, ол жай ғана ұйқас пен ритм болып қана қалады”* деп жазады. Тұтастыққа ұмтылыс деген философиялық үрдіске сүйене отырып және осы стильдегі поэзияны қалыптастыра отырып, Шауқи ұлылықтағы көркемдікті, әділеттіктегі даналықты және философияны көптеген мысалдар арқылы көрсетіп, салыстырмалы түрде қоғам өмірін, аскетизмді және діндарлықты ашты [76, 95 б.].

Әдебиет сыншылары атағандай, Ахмед Шауқи шығармашылығында отан сүйгіштік, ұлт мүддесі, дін, табиғат жайлы өлеңдермен қатар, адам болмысы, оның қабілеті мен қасиеті, дамуға ұмтылысы тәрізді тақырыптардың арнайы қозғалғанын көреміз. Ал оның XIX ғ. Мысырдың жаңа заманғы тарихында

қоғам өмірінде жүрген саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістердің куәсі және ұлт күрескері ретінде бұл тақырыпты қай қырынан және қалай жырлағанын анықтау үшін оның поэзиясын зерделеуіміз қажет.

Ахмед Шауқидің жоғарыда сөз болған өмір жолы ақынның әр түрлі ортада, әрқилы адамдармен қарым-қатынас орната жүріп қалыптасқанын көрсетті. Бір жағынан сарай өмірі, екінші жағынан қуғында болған жылдар, ең соңында халық арасындағы еркіндік үшін күрес ақынның адам тақырыбын үлкен шабытпен жырлағанын көрсетеді, Шауқи алғашқыда талапқа сай сарай иесіне мадақ арнап «алтын тордың бұлбұлы» саналды. Ағылшын басқыншыларына қарсылығы үшін жат жерде өмір сүруге мәжбүр болғанда еліне деген сағынышқа толы жырларымен қоса араб ұлтының Еуропада қалдырған ізін зор мақтанышпен жырға қосты. Сондай-ақ сол жылдары туған Көне Мысырдың өткен замандардағы даңқты тарихын суреттеп, халқының рухын көтеруге үн қосты. Осыдан адамның мінез-құлқы, қадірі мен асқақтығы, әділдік пен еркіндікке ұмтылысы ақынға шабыт беріп отырғанын байқауға болады, яғни Ахмед Шауқидің ақындық жолы адам табиғаты жайлы өлеңдермен үнемі толығып, тақырыптық, мазмұндық қырынан дамып отырған. Ақын адам бейнесін толыққанды көрсету үшін оның жан дүниесіне терең үңіледі, барған сайын адамның асқақтыққа ұмтылысына, бойындағы әртүрлі қасиеттерге таңданады және сол таңданыс оның өлеңдерінің халыққа шынайы сүйіспеншілікпен жетіп, жанына жайлы сый болуына себеп болады.

Адамға қатысты ақын қозғаған өлеңдерінің әлеуметтік, саяси, философиялық тақырыптағы қасыдалары қатарынан жеке орын алып қана қоймай, олармен тығыз үндесетіні байқалады. Ахмед Шауқи адам бейнесін сомдағанда классикалық араб поэзиясындағы *мадх* (мадақ), *хижа* (сатира) жанрлары дәстүрін жаңа заман шындығымен үйлестіргенін көрінеді.

Ахмед Шауқи адам тақырыбын қалай қозғап, қандай адам бейнесін сомдағанын анықтау үшін оның поэзиясындағы адам тақырыбының негізгі аспектілерін анықтау қажет болады, оларды топтастыра келіп, мына мәселелерді атауға болады:

– *адамның ақыл-ойы мен білімі;*

Ақын адам жайлы тақырып қозғағанда ең алдымен адам баласының оқу-білімге ұмтылысына, жаңалыққа құмарлығына, ізденіске қабілеттілігіне үлкен мән береді. Адамның рух пен парасат иесі ретіндегі биік мақсатын асыра мадақтайды, оларды дәріптей отырып отандастарын, жалпы араб ұлтын дамуға, өркенеду жолына үндейді. Білімді адамның өзгелерден артықшылығын сипаттап, қоғам ілгерілеуі үшін оқу мен ғылым жолының басты екенін түсіндіреді. Осы идеясы ақынды халық ағартушысы, қоғам жанашыры ретінде танытты. Ақынды ағартушы ретінде танытып, білім мен ғылым жолына үндеген әйгілі “*قم للمعلم*” (“Мұғалімге тағзым ет”) қасыдасында Шауқи білім жолындағы сый-құрметке ең лайықты адам мұғалім тұлғасын мадақтайды. Қоғамдағы оқу-білім шындығының көп өлшемді бейнесін ұсынады. Шығармада туған еліндегі жасөспірімдердің білім алу, ой-өрісін дамыту тұрғысынан кейін қалушылықты байқағандай, көне мен жаңаның кездескен шағындағы шындық суреттеледі. Шауқи сонымен бірге кезіндегі көне өркениеттің тоқырауын жаңа

заманның жетістіктерімен салыстырып, сын айтады және тарихта қалған Мысырдың жетістіктерімен салыстырып, өлшейді:

قُمْ لِلْمُعَلِّمِ وَفِيهِ التَّجِيلُ كَادَ الْمَعْلَمُ أَنْ يَكُونَ رَسُولًا
أَعْلَمْتَ أَشْرَفَ وَأَجَلَ مِنْ الَّذِي يَبْنِي وَيُنْشِئُ أَنْفُسًا وَعُقُولًا
سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ خَيْرَ مُعَلِّمٍ عُلِّمْتَ بِالْقَلَمِ الْقُرُونِ الْأُولَى
أَخْرَجْتَ هَذَا الْعَقْلَ مِنْ ظُلُمَاتِهِ وَهَدَيْتَهُ النُّورَ الْمُبِينِ سَبِيلًا
إِنَّ الشَّجَاعَةَ فِي الْقُلُوبِ كَثِيرَةٌ وَوَجَدْتُ شَجْعَانَ الْعُقُولِ قَلِيلًا
رَبُّوْا عَلَى الْإِنْصَافِ فَتَيَّانَ الْحِمَى تَجِدُوهُمْ كَهَفِ الْحَقِيقِ كُھُولًا
فَهُوَ الَّذِي يَبْنِي الطَّبَاعَ قَوِيْمَةً وَهُوَ الَّذِي يَبْنِي النُّفُوسَ عُذُولًا
وَيَقِيْمُ مَنْطِقَ كُلِّ أَعْوَاجٍ مَنْطِقٍ وَيُرِيهِ رَأْيًا فِي الْأُمُورِ أَصِيلًا [77, 86 б.]

«Мұғалімге тағзым ет
Мұғалімге тағзым еткін құрметпен,
Пайғамбар болуға ол аз-ақ қалды.
Мәртебелі жан бар ма одан артық,
Білім берер жалғанда ниетпенен.
Нұрын төгер баршаға ізетпенен,
Аллаһым, шексіз мақтау саған ғана.
Ұстаздардың ұстазысың тек сен ғана
Адамзатқа үйреттің білмегенін
Жазуды да үйреттің оқуды да,
Сансыз шүкір жаратушым, саған ғана.
Ақыл-ойды құтқарып қараңғылықтан,
Жарық жолға бағыттадың біз ұққан
Жүректерде көп батылдық кездесер
Білім есігін ашайық алтын кілтпен.
Әділ тәрбие берейік ұрпақтарға,
Қорғасын деп біздерді бар қиындықтан.
Көркем мінез орнатар шәкіртіне,
Мұғалім – ол білім нұры әр сөзінде.
Үйретеді шәкірттерін туралыққа
Сарқылмас ілім жиған кеудесіне».

Ақын адам бойындағы асыл қасиет ретінде оның ақылы мен рухани сипатын бағалады. «من سعى الى العلم نال المنى» өлеңінде ғылым мен білімге былайша шақырады:

من سعى الى العلم نال المنى،
فالعقل مصباح يضيء الدنيا.
ليحكم العقل، ففيه القوى،
والظلمة حيث الحقيقة خفت. [74, 86 б.]

*Білім іздеген адам қалауына жетеді,
Ақыл – әлемге нұр шашатын шырақ.
Ақыл билік етсін, онда қуат бар,
Ал ақиқат жасырылған жерді қараңғылық (басады)*

Бұл жолдар ақыл-ойдың адамның сенімді күші екенін, қараңғылықтан құтқаратын жарық жол екенін көрсетеді.

– адам бойындағы жасампаздық пен шабыт;

Ахмед Шауқи өзі ақын болғандықтан өнерлі, дарынды адамдарды мадақтайды, табиғатында дарын иесі болып жаратылған соң адам мәдениет пен өнерді дамытуға еңбек сіңіретінін байқайды және өнер адамына бас иеді. Ақын үшін әр адам табиғаттың жай ғана бір бөлшегі ғана емес, өз еңбегімен, талантымен айналасын өзгертуге қабілетті, сол қасиеті арқылы жасампаз және басқаларды да соған шабыттандырушы күшке ие. Өнер иесіне арнаған өлеңінде:

أيُّهَا النَّحَاتُ مِنْ صَخْرٍ جُلُودٍ،
أَعْطَيْتَ رُوحًا لِلْحَجَرَةِ ابْدَعْتُ.
فِي عَمَلِكَ الْحِكْمَةُ خَالِدَةٌ،

قد علوت بالأرض واحتضنت السماء [74, 57 б.]

Уа, қатты тастан мүсін жасаушы,

Жансыз тасқа тыныс бердің.

Жұмысыңда мәңгілік даналық бар,

Сен жерді дәріптедің, көкті құшақтадың.

деп мүсіншінің шеберлігіне, туындысының мәңгілігіне ризалық танытады, сол арқылы адамның қабілетінің жасампаздығын дәріптейді.

«أَتَيْتَ بِالْحِكْمَةِ الْبَاقِيَّةِ،
وَعَلَامَاتُهَا خَالِدَةٌ مَعَ الزَّمَنِ».

Жоғалмайтын даналық әкелдің,

Оның белгілері уақытпен бірге жасай береді («Әл-Бурда»)

Яғни, ақынның айтуынша, даналық, білім дегеніміз – мәңгі құндылықтар, олар адамзатты ғасырлар бойы шабыттандыра береді.

– этикалық идеалдар және қоғамдық жауапкершілік;

Ахмед Шауқи адамгершілік тақырыбын жеке қозғайды, адам бойындағы ізгілік пен қайырымдылық – ақын ең жоғары бағалайтын қасиеттер. Әр адамның қоғам алдындағы жауапкершілігін, қайырымды іс жасауға, мейірімділікке ұмтылу қажеттігін атап көрсетеді. Бұл тақырыптағы туындыларының ішінде ең танымал, ерекше туындысы – Мұхаммед пайғамбарды мадақтауға арналған «Әл-Бурда» қасыдасы, ақын бұл туындысында адам баласының ұмтылуы тиіс ең биік мұраты ретінде адамгершілікті атайды және Мұхаммед пайғамбарға мадақ арнап қана қоймай, оны бүкіл адамзатқа мейірімділік пен моральдық кемелдіктің үлгісі ретінде танытады:

ولد الهدى فالكائنات ضياء
وفم الزمان تبسم وثناء
الروح والملائكة حوله
للدين والدنيا به بشراء [78, 32 б.]

Тура жолдың нұсқауы туды, бар жаратылыс нұрланды

Уақыт езу тартты, мақтау айтты

Оның айналасындағы рух пен періштелер

Дін мен әлем үшін оны алуы керек

дей отырып, жоғары адамгершілік мұратты ұстану қажеттігін алға тартады.

Мұхаммед пайғамбар образы – ақын сомдаған адам образдарының шыңы. Себебі, пайғамбар – идеал адам, ақын оны қарапайым адамдарға жер бетіне шапағат нұрын төгіп, мейірім мен әділдік таратушы, кемелдіктің символы ретінде үлгі етеді.

«وَوُلِدْتُ يَوْمًا أَتَارَتْ الدُّنْيَا
وَضَاعَتْ بِهِ السُّدُودُ وَالْأَفْقُ
يَوْمَ بَيْتِي عَلَى الزَّمَانِ كَمَا
تَبَيَّنَ عَلَى الْإَيَّامِ شَمْسٌ تُشْرِقُ» [78, 32 б.]

*Сен туғанда бүкіл әлем нұрға бөленді,
Тау шыңдары мен көкжиектер нұрланды.*

Уақытты мақтан ететін күн,

(Басқа) күндер арасында Күннің өз шапағымен мақтанғанындай

«وإِنَّمَا الْأُمَمُ الْأَخْلَاقُ مَا بَقِيَتْ
فَإِنْ هُمْ ذَهَبَتْ أَخْلَاقُهُمْ ذَهَبُوا».

Істеріңнің дұрыстығы мінез-құлқыңа байланысты?

Жан-дүниеңді түзесең мінез-құлқың да түзеледі. («Әл-Бурда»)

Ақын атап көрсеткендей, адамның жетістікке жетуі оның адамгершілік сипатына байланысты.

– *әлеуметтік теңсіздікпен күрескер;*

Ахмед Шауқи адам табиғаты, рухани болмысы туралы философиялық толғаныстармен бірге сол адам өмір сүретін қоғамдағы қайшы мәселелер: әділетсіздік, отаршылдық, жоқшылыққа да назар аударып, қарапайым халыққа деген әділдік үшін күресті. Ақынның бұл тақырыптағы шығармаларында адам әлеуметтік мәселелердің, көбіне қоғамдығы әрқилы кереғар жағдайлардың құрбаны ретінде бейнеледі.

أَنْتَ الرِّيحُ وَحَبَّاتُ الرَّمَالِ وَالزَّرْعُ فِي الْأَكْوَاحِ فَقِيرٌ حَائِرٌ [78, 40 б.]
كُلُّ نَسَمَةٍ تَشْكُو وَحَالُهَا يَحْكِي مَصَائِبَ الزَّمَانِ وَالْأَزْمَاتِ

Жел тұрып, құмды ұшырды

Қараша үйде астық аз, жоғалған

Әрбір дем шағымданып, жағдайын білдіреді,

Мезгіл мен дағдарыс туралы

Кедейлер мен жәбірленушілердің ауыр тұрмысына қынжылып, әділетсіздікті айыптады, табиғат алдында да дәрменсіздігіне күйінді.

Сонымен бірге ақын қарапайым халық өкілінің басындағы қиындықты суреттеп, шеккен зардабын сынап қана қоймай, оны азапты жеңуге қабілетті күрескер ретінде суреттеп, болашаққа үмітін оятуға тырысады.

أَيْنَ الْآنَ غِنَاءُ الطَّيْرِ الْحَرِّ؟
قَفْصٌ عَادَ وَكَسَرَ الْجَنَاحَ.
لَكُنْ لَنْ تَبْقَى لِلْأَبَدِ أُسِيرَةً،
فَالسَّمَاءُ بِالصَّوْتِ الْحَرِّ سَتَصْدَحُ [78, 42 б.]

Еркін құстың әні қазір қайда?

Қанас қайтып келді де тағы қанатын сындырды.

Бірақ ол тұтқында мәңгі қалмайды,

Аспан қайтадан бостандық даусымен ән салады.

Отандастарының еркіндік пен әділдікке ұмтылысына осылай сенім артады.

«يَا رَبُّ، إِنَّ الْأُمَمَ قَدْ قَامَتْ وَاعْتَلَتْ،
وَاسْتَيْقَظَتْ مِنْ سَبَاتٍ طَوِيلٍ قَدْ جُنْتُ» [78, 43 б.]

*Уа, Раббым, халықтар тіріліп, бас көтерді,
Ұлттар қалың ұйқысынан оянды*

деп ақын халықтың ұзақ уақыт жаншылған ұйқыдан оянып, әділдік пен бостандыққа ұмтылысын қолдайды.

Ахмед Шауқи білім алу, рухани кемелдену үшін адам ең алдымен еркін болуы тиіс екенін жақсы түсінеді, осы себептен бостандық тақырыбындағы өлеңдері оның ең шабытты, жігерлі жырлары саналады.

– *шыншылдық пен адалдық иесі;*

Ақын адам бойындағы шыншылдықты терең тәрбиемен берілетін, өмірде адамдармен қарым-қатынас орнату үшін керек қасиет деп сипаттайды:

والصدق أرفع ما اهتز الرجال له
وخير ما عود أبنا في الحياة أب
وإنما الأمم الأخلاق ما بقيت
فإن هم ذهبت أخلاقهم ذهبوا [78, 50 б.]

Шыншылдық – ерлерді тәнті ететін ең ұлы қасиет,

Бұл – әкенің ұлына қалдыратын ең жақсы мұрасы.

Халықтардың өмір сүруі – олардың адамгершілігіне байланысты,

Егер олардың адамгершілігі жойылса, олар да жойылады.

Бұл жерде Ахмед Шауқи адамгершілік құндылықтарды қоғам мен жеке адамның негізгі тірегі деп қарастырады. Алғашқы жолдарда ақын шыншылдықты ең ұлы қасиет ретінде сипаттап, оның адамдарға құрмет әкелетінін және ата-ананың баласына қалдыратын ең үлкен мұрасы – адалдық екенін айтады. Бұл материалдық мұрадан әлдеқайда құнды дейді. Келесі екі жолда ақын мәңгілік даналық ойды жеткізеді: ақынның пайымынша халықтардың тарих сахнасында мәңгі қалуы өмір сүруі олардың адамгершілігіне байланысты. Егер адамгершілік құндылықтар құлдыраса, онда халықтың өзі жойылып кетеді.

Өлеңнің даналық, тәрбиелік мағынасы терең. Ақын өз ойын жеткізуге қысқа, әрі терең мағыналы сөйлемдермен жеткізеді. Шартты мағынадағы сөйлемдер мен қарама-қайшылықты (өмір сүру – жойылу) қолдану арқылы поэтикалық ойдың әсерін күшейтеді. Өлең автордың өзі атағандай, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып адамгершілік қағидасы ретінде сақталуға лайық.

– *табиғатпен үйлесімді адам;*

Шауқи адамды көбінесе табиғат аясында бейнелеп, оның қоршаған әлеммен байланысын көрсетеді. Адамды бірде ағын судың, бірде биік таудың бөлшегі ретінде суреттеп, оған дүниенің сол сұлулығын бағалап, қорғауы керектігін тапсырады. Егер көкірек көзімен тани білсе, табиғат адам шабытының қайнар көзі деп сипаттайды:

«تتحدث الأنهار أنت جزء من جريانها،
وتصيح الجبال أنت ابن صخورها.
من أنفاسها تجد الحياة،
يا إنسان لا تتفصل عن هذا العالم» [78, 64 б.]

*«Өзендер сылдырайды: сен олардың ағынының бір бөлігісің,
Таулар айқайлайды: сен сол жартастың баласысың.*

*Сен олардың тынысынан өмір табасың,
Адам, сен дүниеден ажырамайсың».*

«يا جارة الوادي طربت وعادني
ما يشبه الأحلام من ذكراك
مثلت في الذكرى هواك وفي الكرى
والذكريات صدى السنين الحاكى» [78, 71 б.]

*«Уа, алқаптың тұрғыны, қуанып, саған оралдым
Ол сенің ойыңдағы армандарға ұқсайды
Мен сенің махаббатыңды өңімде де, ұйқыда да қиялдадым
Естеліктер – жылдар жаңғырығы»*

деп адам мен табиғаттың арасындағы тығыз байланысты және оның жан дүниесіне қалай әсер ете алатынын жырлайды.

– тарихи тұлғалар;

Ахмед Шауқи өз шығармашылығында адамзат тарихындағы ең көне өркениет ошағының бірі Мысыр елі мен әлемдік араб-ислам мәдениетінің өкілі ретінде терең тарихи тақырыптарды көтеріп, кейінгі замандарға із қалдырған атақты патша, халифа, батыр, қолбасшы сияқты т.б. көрнекі тұлғаларды үлкен мақтанышпен жырлады. Тарихи образдарды театр сахнасында сөйлетіп, замандастарының рухын көтерді. Оның поэзиямен жазған пьесалары – жаңа заманғы араб әдебиетінде бұрын болмаған, бірегей, тың туындылар. Ақын жыр арнаған тарихи тұлғалардың қатарында Мысыр патшасы Клеопатра, аббастық халифа Харун ар-Рашид, қолбасшы Салах ад-Дин, Хедив Аббас II Хильми, Мұхаммед Али Паша, Саад Зағлул т.б. билік иелерінің есімдері аталады.

«Клеопатра» пьесасында ақын:

أَفْدِيهِمْ بِنَفْسِي كَيْفَ شَاءُوا
وَالرِّيَاحُ غَدَرَتْ وَالسُّحُبُ غَلَّتْ
أَنَا لِلْقَوْمِ حَتَّى يَحْزَمُوا أَمْرَهُمْ
إِنَّمَا الْأَطْفَالُ أَمَانَةٌ فِي يَدِي

*Мен халық жанындамын, ол шешім шығарғанша,
Қаласа өзімді құрбан етемін.*

Балалар маған берілген аманат,

Алайда желдер опасыз, бұлттар сараң болды

деп Клеопатраның заты әйел болса да халықы үшін өзін құрбан етуге дайын батыр тұлғасын, Отанына адалдығын, сүйіспеншілігін бейнелейді.

Аббас халифасы Харун ар-Рашидтің бейнесі Ахмед Шауқиге ерекше шабыт береді, ақын оны аса көреген, дана, әрі әділетті басшы ретінде суреттеп, ғылым мен білімнің, дәстүр мен мәдениеттің қорғаушысы екенін мадақтайды.

يَا مَنْ عَشِيقُ الْعَدْلِ وَأَصْنَحَ لَهُ
دَاعِيَةٌ وَفِي الْحُكْمِ كَالْقَمَرِ

Уа, әділдікті сүйіп, оны жар етуші!

Билікте нұрын төккен ай сияқтысың.

Араб елдерін сыртқы жаудан қорғаған даңқты қолбасшылар арасынан ақын атақты Салах ад-Диннің қайтпас батырлығы мен ержүректігін, оның қайырымдылығы мен Иерусалимді азат ету кезіндегі нағыз батырға тән тектілігіне тәнті болғанын жасырмайды:

فَأَنْتَ الْمُنْقِذُ الْكَبِيرُ
وَلَاكِ فِي النَّصْرِ خَاتَمُهُ

Сен Ұлы Қорғаушысың

Жеңісте сенің мөрің бар.

Салах ад-Диннің бойындағы қасиеттерді нағыз көшбасшының үлгісі ретінде мадақтады.

Шауқи бұрынғы замандарда ел қорғап, билік еткен тарихи тұлғалардың бейнесін жаңғырту арқылы Мысырдың жаңа дәуір тарихын жасайтын ұлт көсемін күтті, олардың рухына жүгіну арқылы өз заманының қаһармандарын аңсаған халықтың үмітіне қолдау берді. Жаңа заманғы Мысыр көсемдері қатарында Шауқи бір кезеңде өмір сүрген бірнеше билік иесіне мадақ арнады, олардың ұлт-азаттық күресін немесе саяси, қоғамдық өмірдегі реформаларын насихаттады. Өзінің ақындық жолы басталған сарай иесі Хедив Аббас II Хильмиге ақын көптеген мадақтар арнаған, ақын Аббас II ұлт жаңғыруының, Мысырдың тәуелсіздігі мен әділеттік үшін күрестің жарық символы ретінде сипаттады:

حُرٌّ تَسُوْدُ بِهِ الْبِلَادُ وَأُمَّةٌ تُنْجِي بَعْزَمَكَ مَا أَحَلَّ بِهَا الدَّهْرُ
يَا عَاشِقَ الْعَدْلِ وَالنَّفْوَى حُكْمَكَ يُزْهِرُ بِالنُّورِ كَالْبَدْرِ

*Еркін, онымен елі де, халқы да бірге,
Пәледен сенің қайсарлығыңмен құтқарылған.
Әділдік пен тақуалықты сүйюші,
Билігің толған айдай жайнап тұр.*

Мұхаммед Али Пашаны Ахмед Шауқи Мысыр тәуелсіздігіне жол ашқан, реформатор, әрі көсем ретінде танып, оның образын шабытпен жырлайды:

إِنَّ فِي يَدَيْهِ أَسْرَارَ الْمُلُوكِ حَفِظَ الْكَرَامَةَ وَدَفَعَ الشُّرُوكَ
كَافَحَ الْعِزَّةَ بِلاَ خَوْفٍ وَجَعَلَ مِنْ أَرْضِ مِصْرَ مَلَكًا مَرْمُوقًا

*Оның қолында патшалардың сыры бар,
Абыройын сақтап, жыртықшытарды қуды.
Басқыншылармен еш қорықпай күресті,
Мысыр елінен атақты патшалық жасады.*

XX ғ. басында «Уафд» партиясы мен ұлт-азаттық қозғалыс көсемі Саад Зағлул Мысырдың ағылшын басқыншыларына қарсы күресі мен тәуелсіздік жолындағы тарихының басты тұлғасына айналды. Ахмед Шауқи ресми түрде оның сарай ақыны болмағанмен, Зағлулдің отансүйгіштігі мен шешім қабылдаудағы қайсарлығынан шабыт алды. Сол себепті ақын өз өлеңдерінде оның халықтың бостандығы мен құқығы жолында танылған ерекше тұлғасын жасады:

وَإِنْ قَامَ الزَّعِيمُ لِنَصْرِ أُمَّتِهِ نَهَضَتْ مَعَهُ الْقُرُوحُ وَالطَّعَانُ
حُرُّ الْفُؤَادِ قَائِدُ النَّصْرِ مُدْ نَادَى لَوْطَنِهِ يَوْمًا وَكَانَ الْأَمَانُ

*Көсемі халқына көмекке тұрғанда,
Онымен шайқас пен күрестер туды.
Жүрегі еркін, жеңістің көсемі болды,
Бірде Отанды құтқару күні туғанда*

Тақырыптық-мазмұндық талдаулар көрсеткендей, Ахмед Шауқи поэзиясында тарихи образдар жиі кездеседі, ақын оларды әрқайсысының моральдық сипаты мен тарих сахнасындағы саяси рөліне қарай мадақтайды. Оның өлеңдері өз халқының бостандығы, өсіп-өркендеуі және әділеттік жолындағы күрескерлер тұлғасынан алған шабытын көрсетеді.

– дәстүрге адалдық, ұлтжандылық;

мәдениет пен дәстүр тақырыбындағы өлеңінде ақын алдыңғы ұрпақтар ғасырлар бойы қалыптастырып, мұраға қалдырған бай дәстүрді ұлттың бет-бейнесі етіп көрсетеді және оны болашақ ұрпақ үшін аманат етіп сақтауға шақырады:

لِكُلِّ أُمَّةٍ هَوِيَّةٌ تُنَادِي بِهَا فِي الزَّمَانِ كَمَا يُنَادِي الْحُرُّ بِالْفَخْرِ
أَحْمِلُوا الثَّرَاثَ وَاجْعَلُوهُ نُورًا يَسْتَضِيءُ بِهِ الْعَالَمُ فِي الدُّجَى

Әр ұлттың өз бірегейлігі бар

Уақыт өте азаттықпен мақтанғандай.

Мұраны жалғастырыңдар, оны нұрға айналдырыңдар,

Қапасты әлемді нұрландырады.

дей келе адамдарды өзінің төл мәдениетін, тегін тануға және тағы да оқу-ағартуға шақырады.

– сыршыл, сезімтал адам;

Ахмед Шауқи тек сарай ақыны немесе халықты азаттыққа шақырушы күрескер, яки философ ақын ғана емес, адам жанына терең бойлап, оның қат-қабат эмоциясы мен терең сезімін де шебер көрсете алатын лирик.

إِنِّي تَذَكَّرْتُ وَالذِّكْرَى مُورِقَةٌ مَجْدًا تَلِيدًا بِهِ قَلْبِي يُلَوِّعُنِي
أَحْبَابَنَا قَدْ سَكَنُوا بُعْدًا وَقَدْ أَضْحَوْا عَلَى قُلُوبِنَا نَارَ التَّوَقُّ

Есіме аламын, естеліктер көңілімді мазалайды.

Даңқ жүрегімді жаралайды.

Жақындарымыз алыста

Сағыныш оты жүрегімізде.

Әсіресе, оның эмиграциядағы жылдары жазған сағынышты жырлары адам жанына тән терең, әрі нәзік сезімдерді бейнелі жеткізеді. Англиядан туған еліне қайтқанда жазған өлеңінде ақын

وليس بعامر بنیان قوم ، إذا أخلاقهم كانت خرابا
وإنَّ المجد في الدنيا رقيق ، إذا طال الزمان عليه طابا
ويا وطني لقيتك بعد يأس ، كأنني قد لقيت بك الشبابا
ولولا البر لم يبعث رسول ، ولم يحمل إلى قوم كتابا
[79, 51 б.]

Шарықтамаса, халықтың жасағаны,

Адамгершік белгісінің жоғалғаны.

Атақ-даңқ бейнебір шарап тәрізді,

Уақыт өте дәмі де жақсарады.

Елім, сені торығудан соң жолықтырдым,

Өзіңмен жастық-шақты бірге өткіздім.

Пайғамбарлар қайырымдылыққа жол бастаған

Қасиетті кітаптарға иман келтірдім.

дейді. Бұл өлеңінде ақынның туған жеріне, еліне деген құрметі мен сүйіспеншілігі көрінеді. Терең ойы мен даналығы берілген “Шарықтамаса, халықтың жасағаны, // Адамгершік белгісінің жоғалғаны” деген жолдар ешбір өркениет - өз негізі мен құндылықтары болмаса орнамайтынын, өмір сүре алмайтынын, ешқандай ұлт абыройсыз атақ-даңқ пен мәртебеге ие бола

алмайтынын аңғартады. Бір қарағанда өлеңдегі қарапайым сөздерде қарапайым халықтық сипат пен әлеуметтік астар берілген. Сондай-ақ, “*Атақ-даңқ бейнебір шәрбат тәрізді, // Уақыт өте дәмі де жақсарады*” деген жолдарда ақын “*Атақ-даңқты*” дәмді “*шарапқа*” теңей келе, оның қандай қиындықпен келетінін, әрі оған шектен тыс құмартпауды қатар жеткізеді. Ақын халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді өзі де бірге басынан кешіргенін, әрдайым еркіндікті, теңдікті көксегенін айтып, халқының тағдырына ақындық көзбен баға береді және Алланың елшісіне, қасиетті кітаптарына сенетінін растайды.

Ахмед Шауқи тарихта болған және айналасындағы адамдардың бейнесін сомдай отырып, өзінің философиялық, ағартушылық және қоғамдық көзқарастарын танытты. Өзінің азаматтық, ақындық мұратын жеткізу үшін нақты образдарды пайдаланды, сол себепті оның адам тақырыбындағы өлеңдері түсінікті және өміршең. Шауқи поэзиясының қаһармандары отансүйгіш, ізгілік пен мейірімді, бостандық пен әділетті жақтаушылар болғандықтан оқырманға бірден жетеді және шабыт береді, үмітін оятып, рухын көтереді.

Ақын адамның бұл өмірге арнайы бір миссиямен келетін, жан-жақты, әрі бірегей тіршілік иесі екенін дәріптейді. Ақын өз өлеңдері арқылы оқырмандарын өмірлік мақсаттары, рухани даму және қоғамға қызмет ету туралы үнемі ойлауға, еңбектенуге шабыттандырады. Оның поэзиясында адам өмірінің мәңгілік мәселелері, өзгермейтін құндылықтар тұрақты түрде қозғалады, адамгершілік басты орынға қойылады, сондықтан ақын өлеңдері өз замандастары үшін ғана емес, бүгінгі күні де өзектілігін сақтай береді.

II тарау бойынша қорытынды:

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы мен араб әдебиетінің көрнекі өкілі мысырлық Ахмед Шауқи өмір жолы мен шығармашылық бастаулары, олардың поэзиясындағы адам тақырыбының бейнеленуі бойынша бірқатар тұжырым жасауға болады.

Абай мен Шауқидың мұрасын тану жолында олардың шығармаларының ең алғаш баспасөзде жарияланғанын, оның да өзіндік мәні болғанын атап өту қажет. Бастапқыда екі ақынның да өлеңдерінің халыққа баспасөз арқылы тарауы олардың қалың бұқарамен жылдам байланыс орнатуына себеп болды. Шауқи өлеңдері тұңғыш рет мысырдың орталық газеттері *الاهرام* “Әл-Ахрам” және *الوقائع المصرية* “Әл-Уақай әл-Мысрия” бетінде, ал Абайдың тырнақалды туындылары “Дала уәлаяты” газетінде жарық көрген. XIX ғасырда қазақ ақындары мен жазушылары шығармаларын Қазан, Петербург және басқа қалалардың баспаханаларынан шығарып тұрды. Абайдың көзі тірісінде “Жазды күн шілде болғанда” және “Күлембайға” деген екі өлеңі тұңғыш рет “Дала уәлаяты” газетінде 1886 ж. жарияланған.

Оқырман ақындардың билік пен қарапайым халық туралы ашық және астарлы пікірлерін, шынайы деректер мен мәліметтерді осы жолмен біршама тереңірек тани бастады. Қоғамды толғандырып, түрлі пікірталасқа себеп болған саяси-әлеуметтік шындыққа сыншыл көзқараспен қараған Абай және Шауқи танымының әлеуметтік сарыны біртіндеп таныла бастады. Сондай-ақ алғашқыда Шауқидің кейбір сыни пікірлері газет редакциясы тарапынан

жұмсартылып берілгені де кейін белгілі болды. Себебі демократиялық-ағартушылық жолды ұстанған ақын поэзиясының мазмұнында отаршылдыққа қарсы берік ұстаным жатты. «Абай да үкіметтің жүгенсіздігіне ашынғанда атақты “Сегіз аяғында”:

«Өтірік, ұрлық,

Үкімет зорлық,

Құрысын көзің ашылмас», - деп жазуы немесе “Үшінші”, “Жиырма бесінші” сөзінде ұзақ жылдық отаршыл ойдың жемісінен туған “Жаңа низам” жүйесіне деген іштей идеялық қарсылық ашық байқалады емес пе?» [80, 113 б.]

Шауқи 1892 жылы «Әл-Ахрам» газетінде жарияланған الديك الهندي و الدجاج «Әд-Дийк әл-Хинди уа Әд-Даджадж Әл-Бәләди» (Үнді әтеші және жергілікті тауықтар) деп аталатын мысал-өлеңінде отарлаушы күштер мен Мысырды аллегориямен бейнелеген: [81, 25 б.]

بيننا ضعاف من دجاج الريف، تخطر في بيت لها طريف
إذ جاءها هندي كبير العرف، فقام في الباب قيام الضيف
يقول: حيا الله ذي الوجوها، ولا أراها أبداً مكروها
أتيتكم أنشر فيكم فضلي، يوماً، وأقضي بينكم بالعدل
وكل ما عندكم حرام، علي، إلا الماء، والمنام
فعاود الدجاج داء الطيش، وفتحت للعلج باب العش
فجال فيه جولة المليك، يدعو لكل فرخة وديك
وبات تلك الليلة السعيدة، ممتعاً بداره الجديد
وباتت الدجاج في أمان، تحلم بالذلة والهوان
حتى إذا تهلل الصباح، واقتبست من نوره الأشباح
صاح بها صاحبها الفصيح، يقول: دام منزلي المليح
فانتبهت من نومها المشئوم، مذعورة من صيحة الغشوم
تقول: ما تلك الشروط بيننا، غدرتنا والله غدرأً بينا
فضحك الهندي حتى استلقى، وقال: ما هذا العمى يا حمقى؟

متى ملكتم ألسن الأرباب؟ قد كان هذا قبل فتح الباب [82, 111 б.]

«Кейбір әлсіз ауыл балапандары үйлеріне бас сұғып жатқанда,

Үлкен тарақты үнді әтеші келіп, есік жанында қонақ тәрізді тұрды.

Ол: “Құдай пәле-жаладан сақтап, ұзақ ғұмыр берсін.

Мен сендерге бір күнге қасиетімді тарату үшін

Және араларыңда әділдікпен үкім шығару үшін келдім.

Маған су мен ұйқыдан басқасының бәріне тыйым салынған”.

Ұшқалақ балапандар аңдаусызда өзгеге есік ашты.

Ал ол болса өзін патша сезініп, әр тауық пен әтешке дұға етті.

Ол сол бақытты түнде жаңа үйінің қызығын көрді.

Тауықтар тыныш ұйықтап, масқаралық жайлы түс көрді.

Таң ағарып атқанда, нұрына елестер шомылды

Қызыл тілді үй иесі оянып: “Мәңгі жаса, сүйікті үйім!”, – деп айқайлады.

Тауықтар жаман түс көріп, алаяқтың айғайынан оянды.

“Мұндай шарт болған емес арамызда! Сіз бізге опасыздық жасадыңыз!”

Әтеш құлағанша күлді де: “Бұл не деген соқырлық, ақымақтар?!

Қашаннан бері мырзалардың тілінде сөйлейтін болғансыңдар?

Бұл сендер есікті ашпас бұрын болып қойған!»

Өлең мазмұнының негізгі түйіні:

1. Саяси мағына (саясаткерлер мен саясат істерін, билеушілер мен патша сарайын бейнелейтін ертегілерде).
2. Адамгершілік және тәрбиелік мәнге ие (мінез-құлық және тәрбиелік құндылықтар мен даналық туралы).
3. Ұлттық мәні (ұлттық сананың өсуіне және отарлауға ұлттық қарсылық танытумен байланысты).
4. Әзіл-сықақ және әлеуметтік маңызы (әзіл-сықақ пен жасырын белгілерді үйлестіретін поэтикалық жолдар).

Мысыр жерінде саяси оқиғалардың артуы ақын шығармашылығына әсерін тигізбей қоймады. Шауқидің осы туындысын оқығанда оның астарында көп ой жатқаны байқалады. Ақын бұл мысал өлеңі арқылы оқырманға айтар ойын тура мағынада емес, аллегория арқылы жеткізген.

Абай мен Шауқиді рухани жақындастыратын бірден бір фактор – діни орта. Екі ақынның ислам дінін ұстануында да ұқсастық бар. Абай мен Шауқидің діни толғаныстары иманның түпкі мәніне тереңдеумен, адамның күнделікті өмірінен ажыратпай қарауымен сипатталады. Адам бойындағы негізгі құндылықтар, оның діни тәрбиедегі орны екі ақын шығармаларынан өз орнын алған. Олар Аллаға сүйіспеншілікті, иманды адамға лайықты сипаттарды, жақсы мен жаманның арасын ажырата отырып ұғындырады. Абай “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңінің:

“Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ бол”-

деген шумағында дін-иманның, тағат-ғибадаттың негізгі қағидасын анықтайды [83, 39 б.]. Абай және Шауқиды тану тарихы – қазақ және араб халықтарының ойлау жүйесіндегі тарихи, саяси, идеологиялық және аксиологиялық қабаттарды анықтайтын тұғыр. Сонымен қатар, Абай мен Шауқи мұрасы - қазақ және араб мұсылмандық түсінігінің ерекшеліктері мен дүниетанымдық болмысын кескіндейтін көрсеткіш. Бірақ осы ерекшеліктер кезінде кеңестік және британдық идеология тарапынан түрлі кедергілерге ұшырады және Абай мен Шауқи шығармаларындағы дүниетанымдық категориялар мен ондағы құндылық өлшемдері бұрмаланып танытылды. Әйтсе де уақыт өте келе ақындар мұраларын, ислам теологиясы мен философиясы, мұсылмандық және өркениеттік сипаты тұрғысынан тану өте өзекті мәселе болып табылды. Сол кезеңдегі қазақ және араб діни танымы мен діни тәжірибесінің санадағы іздеріне ғылыми таным және тарихи тұрғыдан баға беру үшін де ақындар мұрасын терең оқып-тану маңызды.

Зерттеу тақырыбына таңдалып алынған екі ақынның поэзиясы олар өкілі болып табылатын қазақ және араб әдебиетіне қатысты бірқатар ұқсас және бірегей мәліметтерді анықтайды. Олар төмендегідей тұжырымдалады.

Қазақ және араб халықтарының әдебиеті – ерте замандардан дамып келе жатқан, әрқайсысының терең тарихы, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері мен өз заңдылықтары бар ұлттық мұралар. Әр халықтың әдебиеті өз заманы мен территориясында өмір сүрген, сол оқиғаларды көркем тіл арқылы сипаттап келесі замандарға жеткізіп отырған.

Бірінші. Әдебиет тарихындағы басты кезеңдер

Қазақ және араб әдебиетінің әрқайсысының дамуында оларды қалыптастырған тарихи және мәдени ортаның ықпалы үлкен. Екі әдебиет те өз алдына бірегей тарих, қоғам және мәдени контекст аясында туған және айқын шығармашылық күшке ие. Қазақ және араб халықтарының мәдени, әлеуметтік өмірі өз тарихында Абай және Ахмед Шауқи сияқты ақындарды тудырып, олардың ұлт ағартушысы, әдеби көшбасшы болуына әсер еткен.

Қазақ әдебиетінің бай тарихы ауызша туып тараған халық әдебиетінен басталады. Абай қазақ халқының ұлттық бірегейлігін танытатын фольклорды жастайынан тыңдап, жаттап өскен. Оның ақын ретінде қалыптасуында әжесі Зеренің аузынан естіген ертегі, аңыздар, батырлар жыры мен мақал-мәтелдердің, сондай-ақ Шыңғыстаудағы аға сұлтан әкесінің ауылына қонаққа, асқа келген халық ақындары мен жыраулар, сал-серілер жырлаған эпостардың орын бөлек болғаны өмірбаянынан белгілі. Қазақ халқының көшпелі өмір салтының бар бет-бейнесі, табиғатпен етене тығыз тіршілігі, отбасылық, ұлттық құндылықтары сақталған ауыз әдебиетінің үлгілері Абайды халықтың барын мақтап, мұнын жоқтайтын ақын етіп тәрбиеледі.

Абай – XIX ғ. қазақ әдебиетінің жазба формасы мен тілінің туып қалыптасуында басты рөл атқарған, әрі әдебиетке философиялық және ағартушылық тақырыпты енгізген ақын. Зерттеушілер қазақ әдебиетінің жаңа дәуірі мен жаңа бағытын Абай Құнанбайұлының есімімен байланыстырады.

Араб әдебиеті әлемдегі ең бай және ежелгі әдебиеттердің бірі, тарихы исламға дейінгі V-VI ғғ. бастау алады. Мың жылдан аса тарихы бар араб әдебиеті өзінің мазмұндық, тақырыптық-жанрлық ерекшеліктеріне сай дүниежүзілік әдеби алтын қордан және араб халқының тарихы мен ғылымынан орын алатын құндылық. Араб тілімен бірге әдебиет те араб мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал еткен. Сондай-ақ, көне араб поэзиялық дәстүрі ислам дінінің қасиетті кітабы Құранмен тілдік, стильдік тұтастықта ортағасырлық жазба араб әдебиетінің туып-қалыптасуына, *балаға* (стилистика), риторика, Құран ілімдері сияқты іргелі ғылымдарға бастау болды. Исламның «Алтын ғасырында» көптеген атақты философ, батыр ақындардың поэзиясы мен «Мың бір түн», *мақам* сияқты проза жанрлары арқылы араб әдебиетінің гүлдене дамыды, басқа мұсылман халықтардың әдебиетіне тілдік, тақырыптық жағынан әсер етіп, мазмұнын байытты.

XIX ғ. араб әдебиеті еуропа мәдениеті мен әдебиетінің ықпалымен дамыды. Ахмед Шауқи дәл осы, жаңа заманғы араб әдебиеті өз мазмұнын әлеуметтік, саяси тақырыптарға өзгерткен тұста өмір сүрді. Бұл кезеңде Мысыр қоғамындағы басты тақырып ұлт-азаттық күрес пен «Ан-Наһда» (Қайта өрлеу), яғни қоғамның жаңғыруы болғандықтан ақын өз поэзиясы арқылы халықтың үнін жеткізді.

Екінші. Мәдени ерекшеліктер

Қазақ ауыз әдебиетінің мазмұндық, жанрлық ерекшелігін көшпелі мәдениет, салт-дәстүрлер анықтайды. Ауызша туып, ауызша тарған сөз өнері тұтастай қазақ халқының дала мәдениетін, өмір салтын, туған жерге, төрт түлік мал мен табиғатқа деген ықыласы мен көзқарасын танытады. Бір қарағанда халықтың тұрмысын, табиғат көріністерін суреттеген әдеби үлгілердің мазмұнына зер салғанда өмір жайлы толғаныс, қоғам алдындағы парыз, адамның қоршаған ортамен үйлесімі сияқты терең философия, дала дидактикасы жатады. Абайдың поэзиясы толығымен осы сипатта туған, сондықтан ақынға зерттеушілер «Хакім Абай» деген ат берген.

Қазақ мәдениетінің аса маңызды элементі – отбасылық және әлеуметтік құндылықтар, бауырмалдық, татулық. Ұлттық құндылықтар ретінде абырой, намыс, достық, қонақжайлық және ел мен ру алдындағы жауапкершілік турасындағы тақырыптар әдеби шығармалардағы ең басты мәселелердің қатарында тұрады.

Араб даласында ғасырлар бойы көшпелі өмір сүрген халық – бәдәуилер өміріне VII ғ. келген ислам діні түбегейлі өзгерістер әкелді. Қоғамға келген идеологиялық бетбұрыс араб поэзиясының мазмұнына да жаңалықтар болып еніп, жаңа тақырыптар мен стильді ұсынды. Құран кітабымен бірге араб әдебиетінің мазмұны өзгеріп, стильдік, лексикалық жағынан толықты.

Ислам дінімен бірге араб мәдениетінің даму, таралу сипаты өзгерді. Көшпелі араб тайпалары біртіндеп отырықшылыққа көшкеннен кейін араб әдебиеті мен мәдениеті ислам дінін қабылдаған немесе көршілес халықтардың мәдениетімен араласа бастады, солардың арасында араб мәдениеті мен оқу-біліміне грек, парсы, түркі, үнді халықтарынан кірген элементтер әсер етті. Өз кезегінде араб-мұсылман өркениеті «Алтын ғасырда» әлемдік даму үдерісіне тың, ғылыми еңбектер арқылы үлес қосты.

Орта ғасырларда Халифат пен билеуші әулеттердің астанасы Бағдад, Дамаск қалаларында, ғылым мен діни даму ошақтары Каир, Басра, Куфа, Алеппо т.б. қалаларында мәдени орта қалыптасып, әдеби шығармаларда олардың бай мәдени, әлеуметтік өмірі суреттелді.

Жанрлық бағыттар мен әралуандылық

Қазақ әдебиетінің тарихында батырлық эпостар мен аңыздар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халықтың ержүрек, қайсар ұлдарының ерлігін жырлады. Батырлар жыры – халық тарихымен бірге әдебиеттің де тарихындағы баға жетпес мұра, халықтың жадында сақталып жеткен қазына.

Лиро-эпос жырлары да қазақ мәдениетінің ең көркем, терең мағыналы әдет-ғұрпын танытатын әсем лирика мен әуеннен құралған бірегей әдеби жанр. Ғасырдан ғасырға халықтың бай тұрмыс-салтын дәріптеп отырады.

Жаңа заманғы әдебиеттің мазмұны қазақ халқының көшпелі өмірден отырықшылыққа өткен кезеңдегі түрлі өзгерістерді суреттеп, бағамдаумен байланысты. Абай өмір сүрген дәуір әдебиетінің мазмұндық-тақырыптық сипатының ағартушылық, әлеуметтік философияға жақын болғаны белгілі.

Араб әдебиетінің классикалық дәуірі исламға дейінгі поэзияда батырлық, ержүректік, тайпа абыройы басты тақырып болумен қатар табиғат лирикасы жиі қозғалды. Ғашықтық, мадақтау жырлары танымал болды.

Ортағасырлық әдебиетті философиялық, эпистолярлық, діни трактаттар толықтырып, поэзиямен қатар тарихи проза көп тарады.

Жаңа заманғы араб әдебиеті бастапқыда ағартушылық сипатта дами келе, біртіндеп әлеуметтік, тарихи тақырыптарға жазылған прозамен толықты. Поэзиямен қатар шағын прозада новелладан бастап көлемді роман жанрына дейін өскен араб әдебиеті қайта жаңғырып, еуропалық үлгідегі, бірақ өзіндік стиль, қолтаңбасымен әлем әдебиетінің қатарына қосылды.

Қазақ және араб әдебиеттерінің тақырыптық ұқсастықтары мен ерекшеліктері

Қазақ және араб әдебиетінің тарихи және мәдени дамуына қатысты жасалған талдау олардың арасындағы ұқсастықтар мен әрқайсысына тән ерекшеліктерді анықтап береді. Ортақ сипаттарды атайтын болсақ:

- екі әдебиеттің де бастапқы даму формасы ауызша болған, бұл олардың мәдениетінде, тұрмыс салтында ортақ сипаттар бар екенін білдіреді;
- мәдени ұқсастықтарға сай екі әдебиетте бірқатар тақырыптар ұқсас:
- батырлық: екі халық та бостандық пен намысты қорғаған ержүрек, қайсар ұлдарын мақтан тұтып, жырға қосады;
- табиғат лирикасы: екі халықтың мәдениетінде табиғат негізгі шабыт беруші күш ретінде үлкен мәнге ие;
- моральдық құндылықтар: екі халықтың да әдебиеті әдеп пен дәстүрді, руханиятты маңызды деп таниды;

Ерекшеліктерге келетін болсақ:

- діни контекст: араб әдебиеті ислам дінімен терең байланыста дамиды, ол мазмұндық-тақырыптық тұрғыда анық көрінеді. Ал қазақ әдебиетінде көбіне ұлттық мәдениет, жергілікті сенім мәселелері синкретті сипатқа ие;
- әлеуметтік тақырыптар: араб әдебиеті географиялық жағынан әр аймақта таралғандықтан, әртүрлі елдерде өмір сүретін қоғамды бейнелейді, ал қазақ әдебиетінің басты тақырыбы – дәстүрлі мәдениет;

Қорыта келгенде ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, қазақ және араб әдебиеттері отансүйгіштік, дәстүрге адалдық, оқу-білімге құштарлық, рухани даму сияқты жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды жоғары бағалайды. Әр халықтың әдебиеті ұлттық бірегейлікке ие бола тұра өзіндік сипаты және көркемдігімен бүкіләлемдік мәдениетті байытуға өз үлесін қосады.

3. АБАЙ МЕН ШАУҚИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМ БЕЙНЕСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

3.1 Абай поэзиясындағы адам бейнесінің философиялық және этикалық негіздері, көркемдік тәсілдері

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай Құнанбайұлының өлеңдері ақынның адам жанын жете түсіну, жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері мен қоғамдағы орнын анықтау мәселесі тұрғысынан алғанда терең даналық пен білгірліктің озық үлгісі ретінде алынады. Ақынның шығармашылығы қазақ мәдениеті, шығыс философиясы және еуропа әдебиетінің бірегей синтезі болғандықтан, өзінің идеясы, тақырыбы және мазмұнымен тек қазақ әдебиеті үшін құнды деуге болмайды. Оның өлеңдері жалпы адамзат баласына ортақ мәселелерді қозғауына байланысты әлем халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, өзектілігі мен әмбебаптығын танытты. Қазақ ақын-жазушыларының қатарында шығармалары шетел тілдеріне ең көп аударылған автор – Абай Құнанбайұлы.

Абай өз өлеңдерінде адамды жер бетіндегі таным мен рухани дамуға ерекше қабілетті тіршілік иесі, сонысымен айнала қоғамды дамытуға жауапты тұлға ретінде қарады. Ақын адам баласының өз тағдырын жасауға, яки өзгертуге мүмкіндігі бар деп санады, бұл – Абайдың антропоөзектік (*антропоцентристік*) көзқарасының іргетасы. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адам болудың жолын анықтап берді. Абай осы және басқа оқу-білімге, өнер мен кәсіп үйренуге шақырған және өмірдің мәні жайлы өлеңдерінде адамның бұл дүниедегі басты мақсаты мал жию, байлыққа ұмтылу емес, рухани өсу үшін өзін-өзі тану, тәрбиелеу болу екенін айтады. Ал мал-мүлік рухты тәрбиелеудің құралы екенін түсіндіреді. Ақын адам өмірінің алдамшы және қысқа екенін, сондықтан әркім осыны терең түсініп, қалай өмір сүруі керектігі жайлы ерте ойлануды ескертеді:

«Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойлан шырақ».

«Абай дүниетанымындағы философиялық сарындар ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының тұрмысындағы тарихи қал-жағдайдан, саяси, әлеуметтік құрылыстағы күрт өзгерістерден туды. Осы жолдағы ізденіс Абайды адам мәселесіне, адам өмірінің мәні, мазмұны, мақсаты деген мәңгілік сарындарға қазақтың данышпан ақыны ретінде шешу тұрғысынан алып келді» [84].

Абайдың адам турасындағы философиясы «толық адам» идеясымен қабаттаса келе ақылдың, жанның және іс-әрекеттің үйлесіміне ұмтылуды көрсетеді. Осы идеяны «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» өлеңінде анықтап, егер адам баласы жан-дүниесінің қалауын ақылға сүйеніп орындаса, яғни әр әрекетінде жүрегі мен ақыл-ойын қатар алып жүрсе біртіндеп дами беретінін айтады. Бұл өлеңі де ақынның

ақылы мен рухани дүниесін бірдей жетілдіріп, кемелденуге ұмтылу жолында адамдардың қолына ұстатқан нұсқаулығы тәрізді.

Ақын адам бейнесінің этикалық қырына, адамгершілік мәселелеріне өте терең мән-мағына береді. Абайдың адамгершілік қағидаттарында мінез-құлық нормалары оның өмірінің негізі ретінде саналды. Сондықтан ол әр адам шындыққа, адалдыққа, қайырымдылыққа және әділдікке ұмтылғанын дұрыс санайды. «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Ақылың мен еңбегің екі жақтап» деген өлеңінде адамның өзін-өзі тәрбиелеуі мен іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауының пайдасы мен маңызы анық көрсетілген.

Ақын әдеп, тәрбие мәселесінде қалай өсіп, даму керектігін үйретіп қана қоймай, қандай жат, жағымсыз әрекеттен аулақ болу керектігін ескертеді. Ол жалқаулық, қызғаншақтық, сарандық, өтірік айту, жазықсыз жала жабу сияқты кеселдерді қатаң сынап «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деп өсиет етті. Бұл өлеңінде дәл осы теріс сипаттардың адамның, яғни қоғамның дамуындағы ең үлкен зиян, әрі моральдық кедергі екенін атады.

Абай адамдар арасындағы қарым-қатынасқа өте терең мән берді, себебі, қоғам жеке адамдардан құралады, сондықтан қоғамның заманға сай тез ілгерілеп, даму сипаты оның мүшелерінің – жеке адамдардың өзара бір-бірімен қатынасына байланысты болады. Ақын адамдардың сыйластығы мен ынтымағы өмірде кездесетін көптеген түйінді мәселелердің шешіміне кепіл деп санайды, сондықтан әр адам қоғам үшін пайдалы болып, өзінің айналасындағылармен тату, үйлесімді өмір сүруі қажет. «Махаббатсыз дүние бос» өлеңінде тек жеке адамға қатысты сезім емес, басқаларға деген қамқорлық, терең түсіністік, қиын жағдайда бірге болу жайлы айтылады.

«Жүрегі жұмсақ білген құл,
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.
Бірінді қазақ, бірін дос
Көрмесең, істің бәрі бос» [85].

деп қай заман, қандай қоғам болмасын – жеке бір адамға ғана емес, тұтас қоғамның даму жолының негізі қайда екенін нұсқайды. Соған сәйкес ақынның этикалық тұжырымдамасы ақиқат пен адамгершілік қағидаттарына сай өмірді іздеуге негізделеді. Ол бұл тұжырымын «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде айтты:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап» [86].

Ақынның өмір сүрген заманында қоғам дамуына кедергі деп қатаң айыптаған әлеуметтік кемшіліктер сауатсыздық, еріншектік немесе теңсіздік және т.б. қазіргі заман үшін де өзекті мәселелер, тек ол айыптардың бұрынғы

заманмен салыстырғанда түр-сипаты өзгергені белгілі. Жаңа жаһандану талаптарына сай білім алу, іздену, маман болу, сол мамандарды дайындау – қазіргі қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі саналады. Ақынның атақты «Сегіз аяқ» өлеңінде айтқан адам бойындағы кеселдер «ұятсыз, арсыз салтынан», «байлаусыз ақыл», «күпілдек мақтан», «тасыса өсек», «ысқыртса кесек», «санасыз, ойсыз, жарым ес» т.б. қоғамның денесіндегі жара сияқты, оны тезірек емдеу керек, себебін де қолмен қойғандай анықтап береді және:

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой» [85].

деген жолдарда адамның әлеуметтік болмысына сын көзімен карап, түптің түбінде талапсыздықтың азғындауға апарып соғатынын көрсетеді.

Қазіргі ғарыштық байланыс пен ақпараттық технологиялардың арқасында адамдардың көптеген «жұмысы жоқ» болып – автоматтандырылып, бұрынғы қолмен істейтін ісінің уақыты босағанмен, рухани өсуге, еңбектенуге ізденуге ынтасының азаюы анық байқалатын болды. Моральдық құндылықтар материалдық қызығушылықтармен алмастырылып, қоғамда ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүрудің жолы көбірек кездесетіні жасырын емес, осы тұрғыдан алғанда Абайдың

«Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Қулықты көргіш,
Сұмдықты білгіш
Табылар кісі жөн дерге.
Үш-төрт жылғы әдетің
Өзіңе болар жендетің» [85].

деген сыны бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ, сол себепті ақын жырлаған адам образының барлық қырлары өзектілігін сақтап отыр. Абайдың «Қара сөздерін» қоса алғанда тұтас шығармашылығындағы «толық адам» философиясы жеке тұлғаның ортамен үйлесімді дамуының көпке ортақ, әмбебап, озық идеясын білдіреді, оның мазмұнында адамгершілік, интеллектуалды даму және әлеуметтік жауапкершілік қоса қамтылған.

Абай поэзиясындағы адам тақырыбының мән-мағынасын зерделеу ақын шығармашылығындағы адам образының философиялық және этикалық негіздері – тұлғалық өсіп-жетілуге, адамның өзінің және қоғам алдындағы жауапкершілігіне шақыру екенін танытады. Ақынның идеялары Шығыс пен Батыстың осы тұрғыдағы ең озық дәстүрлерін зерттей келе дамытып, қазақ қоғамына лайықтап ұсынуымен құнды. Сондықтан Абай даналығы адамзат тарихындағы осы тақырыпта ой айтып, еңбек жазған ағартушы,

философтардың қатарында адамның әлемдегі орнына бірегей көзқарас қалыптастыруымен дара тұрады. Осы ерекшелікті нақтылау қажет.

Абай Құнанбайұлының поэзиялық мұрасы XIX ғасырдағы қазақ мәдениеті аясында туындап дамыды. Ол кезең қазақ даласында дәстүрлі көшпелі өмір салтының біртіндеп отырықшылыққа көшуімен сипатталады. Дәуір ерекшелігіне сай ақын өз шығармаларында өзі өмір сүрген қоғамда кездесетін барлық өзекті мәселелерді қозғады, сол себепті оның шығармашылығында қат-қабат мәселелерден тұратын біртұтас, бірақ күрделі әлем терең қарастырылады. Абай шығармаларында ол өмір сүрген заманға тиісті қозғалмаған тақырып жоқ дегенмен, түптеп келгенде олар сол қоғамға тән әрқилы мәселелер болса да, өзара бір-бірімен үндесіп жатады. Жеке адам, бөлек оқиға тәрізді көрінгенмен, ақынның жазып отырған образы не ол суреттеген құбылыс бүкіл қазақ халқына тән ортақ жағдаят болып анықталады. Сондықтан Абай тек ақын ғана емес, ойшыл, ағартушы, оның өлеңдері терең философиялық ілім, дидактика. Абайдың осы ілімін анық көрсететін өлеңдерінің бірі – «Әуелде бір суық мұз, ақыл, зерек». Бұл өлең ақынның қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналған «Он жетінші сөзінің» идеялық, мазмұндық жалғасы, онда адам бойындағы үш қасиет – ақыл, қайрат, жүрек арасындағы өзара байланыстың мәнін түсіндіре отырып, оларды өзінің «толық адам» философиялық тұғырнамасының негізі ретінде атайды:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз,
Ғылым - сол үшеуінің жөнін білмек» [87].

Абай адамның ақылы, қайраты, жүрегі үйлесіммен жұмсалып, өмірде өз жолын табуына, сонда елдің алдында болатынына тәрбиелейді, бұл жерде ақын тұлғаның бойында болуы тиіс деп санайтын негізгі қасиеттер: ақыл парасаттылықты, қайрат ерік пен әрекетті, жүрек – адамгершілік құндылықтарды білдіреді. Өз бойында осы үшеуін меңгерген адам ақыл, адамгершілік және іс-әрекет тепе-теңдігі арқылы кемелдікке жететінін айта отырып ақын адамның өзін-өзі тәрбиелеп, жетілуіне өте көп мән береді.

Ақынның поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты жасалатын талдауда табиғатпен байланысты символдардың мәні бөлек. Абай дәстүрлі қазақ ауылында туып-өсіп, алдымен халық тәрбиесінің мектебінен өтіп қалыптасты, сондықтан ол өз туған жері, мекені туралы жазғанда бүкіл қазақ даласы мен халқын жырлайды. Кең дала, самал жел, күркіреген өзен, асқақтаған тау, жайқалған көкмайса шөп т.б. сияқты табиғат символдары қазақ халқының еркіндігі мен қоршаған ортамен терең байланысын танытады. Ақынның поэзиясында табиғат ол жырлап отырған оқиғаның ар жағындағы әдемі көрініс, сурет қана емес, адам өмірі мен оның рухани ізденістерінің символы, көркемдік құралы. Сайын дала мен ондағы әрбір көрініс мәңгіліктің, бостандықтың, бір-

бірімен үйлескен тепе-теңдіктің бейнесін сол көрініске сай метафорамен жеткізеді.

«Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда» [88].

деп басталатын «Жаз» өлеңінде ақын қазақ ауылының жаз маусымындағы бейнесін оқырманның көз алдына қолмен қойғандай етіп суреттеп береді, ал сол көрініске терең үңілгенде табиғаттың сұлулық пен жаңарудың символы ретіндегі бейнесі көрінеді, сол жаңару мен жаңғыру, сұлулық пен үйлесім адам өмірінің жаңарған, сұлуланған кезіне сай келетін әдемі бейнені де қоса жеткізіп тұрғаны байқалады:

«Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап» [88].

деген шумақтарда жаз маусымындағыдай адам баласының да көңілінің жайбарақат, жайсаң күйі табиғатпен бірге жадырайды. Ақын ауылдағы әр адамның табиғатпен жарасымды үйлесімін оның әр қимыл-әрекетімен жеткізеді. «Ақ көйлекті, таяқты ақсақалдың өзі көл жағасындағы қазға құс салған бозбаланың қимылына разы болғанда ауылда тұрып қошеметпен күлетінін» айтады, яғни жазда тек мол дастарханнан ас ішкен байдың ғана емес, ауылдағы бар адамның көңілі тоқ, мамыражай.

Сол сияқты, ақынның «Күз» өлеңі де жыл мезгілінің бейнесі ғана емес, адамның егде жасының, қартаюдың философиялық метафорасы. Бұл әсіресе

«Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай» [89] .

деген шумақта анық көрінеді. Ауылдың көрінісі де сұрқай, жабырқаңқы.

Абайдың жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерінің қай-қайсысының да мазмұны табиғат циклдарының адам өмірінің кезеңдерімен өзара сәйкестікте сипатталатыны көрсетеді, ақын үшін табиғат пен адамның туу, жаңару, жаңғыру, өсу, жетілу, толысу, қартаю процестері бірдей. Адам – табиғаттың баласы, онымен тығыз байланыста. Абай өлеңдеріне жасалатын герменевтикалық талдау бойынша анықталатын түйіннің бірі осы, табиғат пен адам үйлесімі туралы философия.

Абай шығармаларында адам бейнесін жасауда қолданылған тағы ерекше тәсілдердің бірі мәдениеттер арасындағы сұхбаттың көрінісі. Ақынның өлеңдерінде еуропа ойшылдарының философиясы, орыс авторларының

поэзиясымен үндес келетін идеялар оның шығармаларын әлем халықтарының мәдениетінің мазмұнымен толықтырып отырады. Зерттеушілер Абайдың «Қара сөздері» тәрбиелік маңызы жағынан Дж. Руссо, Дж. Локк, Я.А. Коменский, Қ.Д. Ушинский, А.С. Макаренко еңбектерімен қатар тұратынын арнайы зерттеулер арқылы анықтаған [90, 659-664 б.].

Абай мұрасында оның ойлары мен даналығы Батыс және Шығыс мәдениеттерінің терең философиясымен үйлеседі. Ол өзінің өмірлік миссиясын қазақ халқының рухани әлемін дамытумен байланыстырды және Батыс ғалымдарының озық туындыларының мазмұнын өз халқына танытуға арнады. Сондықтан Абай шығармашылығында бірқатар Батыс авторларының идеялары нақты көрініс тапты, оларды төмендегідей жіктеуге болады:

Дін, адамгершілік және философия

Абай Лев Толстой, Жан-Жак Руссо және Иоганн Гёте сынды ой алыптарының идеяларын қазақ қоғамы мен дүниетанымына бейімдеп, адамзатқа ортақ саналатын моральдық құндылықтарды дәріптеді. Аталған ойшылдардың әсері оның ағартушылық, әділдік, ар-ұят, еңбек пен адамгершілік туралы өлеңдері мен «Қара сөздерінде» байқалады. Батыс философиясы мен орыс әдебиетінің әсерін танытатын өлеңіне мысал ретінде «Интернатта оқып жүр» өлеңін атауға болады [91, 80 б.].

Рационализм және ағартушылық

Абай француз ағартушылары Вольтер, Руссо және ағылшын философы Джон Локк идеяларын зерделеп, халыққа білім, ғылым және еңбектің өмірдегі мәні мен мағынасын түсіндірді. Ол білім алу жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғам дамуының негізі деп санады.

Абайдың діни-философиялық көзқарасы мен қараңғылықты сынауы Вольтердің фанатизм мен формализмге қарсы идеяларымен үндес. Абай алдымен діннің терең рухани мәніне назар аударып, ғылым үйрену мен ақылды дамытуды ұсынды.

Жан-Жак Руссоның тәрбие мен табиғи еркіндік туралы идеялары Абайдың жастарды білім алуға шақырған өлеңдерінен көрініс табады. Абай да Ж. Руссо сияқты адамның өз табиғи болмысында дамуы қажеттігін айтты және адамзаттың рухани дамуының маңыздылығын атады.

Джон Локктың жеке тұлғаның еркіндігі мен мемлекетті әділ басқару жайлы көзқарасы Абайдың ақыл мен тәжірибеге негізделген білімге көп мән беруімен үндеседі, мысалы «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» өлеңін атауға болады [92].

Классикалық әдебиет

Абай мұрасынан Шығыс әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік, идеялық, мазмұндық қырлары ерекше орын алады. Араб, парсы тілдері мен әдебиеті ақын мұрасының ең терең бастаулары. Ол ақындық, ойшылдық қуаты толысқан тұста шығыс сюжетіне негізделген “Ескендір”, “Масғұт”, “Өзімнің әңгімесі” поэмаларын жазды. Бұл дастандардың сюжеттері қазақ еліне бұрыннан таныс болған. Дәл осы сюжеттерді Абай орыс әдебиетінен табады. Ол сюжеттер орыс әдебиетіне Батыстан келген. Батыс Европа XIX ғасырдан бастап Шығыс әдебиеті мен мәдениетіне ерекше көңіл бөліп зерттеп, Шығыстың кейбір

шығармаларын аудара бастаған болатын. Абайдың Батыс арқылы орыс әдебиетіне келген шығыс сюжеттерді жатсынбай, қазаққа өз тумасы ретінде жазып ұсынуы – заңды құбылыс [93, 152 б.].

Ал орыс әдебиетінен Абай А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов сияқты ақындардың туындыларын қазақ тіліне аударды. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасының аудармасын жасап, Абай қазақ оқырмандарының әдеби көзқарасын кеңейтті және Лермонтовтың шығармалары арқылы адамның жан дүниесін терең зерттеу идеясын көрсетті.

Эстетика және өнер

Абай Гёте мен Байронның эстетикалық көзқарастарын меңгеріп, табиғат сұлулығы мен адамзаттың рухани өсу жолын өз шығармашылығында ұсынды. Ақын Гёте мен Байронның көркем идеяларын орыс әдебиеті арқылы меңгерген. Ол Лермонтовтың аудармаларын оқи ала отырып, Гёте мен Байрон шығармаларының мазмұнын қазақ әдебиетінде қайта жаңғыртты.

Абай Лермонтовтың Байроннан аударған «Жалғыз жалау жарқырап», «Теректің сыйы» өлеңдерін қазақ тіліне аударып, Байрон сомдаған романтикалық қаһармандар рухы мен идеяларын қазақ оқырмандарына таныстырды және Гётенің «Wandrer's Nachtlied» өлеңін «Қараңғы түнде тау қалғып» деп аударды, ол адам мен табиғат үйлесімін бейнелейді [94].

Бостандық пен өркендеу идеялары

Жан-Жак Руссо мен Джордж Байрон сияқты ойшылдардың еркіндік пен прогресс идеялары Абайдың әлеуметтік және саяси көзқарастарына әсер етті. Ол қазақ халқының тұрмысындағы кемшіліктер мен тозығы жеткен әдет-ғұрыптарды сынға ала отырып, қоғамды жаңашылдыққа шақырды.

Абай мәдениеті озық, ғылымы дамыған ел болу үшін адамның еркін ойлау, ар-ұждан, еңбек ету бостандығы болу керек, яғни қоғамда саяси теңдік орнауы қажет деп санады. Осы тұрғыда оның идеялары Руссо мен Байронның еркіндік турасындағы көзқарастарының қазақ қоғамына сай қолданылғанын көрсетеді. «Жазғытұры», «Күз» сияқты өлеңдерінде табиғаттың адам өміріндегі рөлі мен мәңгілік сұлулығының жырлануы, сондай-ақ «Қара сөздеріндегі» адамгершілік туралы толғаныстар Руссоның моральдық тазалық, еркіндік ойларымен үндеседі [91, 85 б.].

Ақынның «Сегіз аяқ», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдерінде адам тағдыры, өмірдің мәні, өткінші уақыт пен жалғыздық, сол күйге түскен адамның жан дүниесі сипатталып, терең ой-толғаулар беріледі. Осы жағынан ақын әлемі Байронның романтикалық рухына жақын тұрады.

Рухани және әлеуметтік даму жөніндегі батыс ғалымдарының идеялары Абайдың ағартушылық миссиясының негізгі тұғырларының бірі саналады, ақын оны өз пайымымен қазақ қоғамына жаңа жол етіп ұсынды.

Бұл идеялық-мазмұндық ұқсастықтар Абайдың шығармашылығының қазақ мәдениеті мен Батыс философиясының бір жерге тоғысқан синтезі екенін дәлелдейді. Ол Батыс ойшылдарының идеяларын қазақ халқының болмысына сай бейімдеп, ұлттық мәдениет пен ағартушылық идеологияны тереңдетті. Бұл

ықпал өз кезегінде Абайдан кейінгі қазақ ағартушыларының ойын кеңейтіп, әр кезеңде өзіне сай заманауи бағыттарға жетеледі.

Абай поэзиясындағы мәдениетаралық қарым-қатынас – оның бай мұрасының осы зерттеу тақырыбымен байланысты қырларының бірі. Сол себепті оған жеке тоқталып, мысал арқылы талдау жасап көруге болады.

Академик Зәки Ахметов пен одан кейінгі абайтанушы зерттеушілер М.О. Әуезов, Н.Т. Сауранбаев, Х. Жұмалиев Абайдың аудармашылық қыры орыс ақыны М. Лермонтов шығармаларының аудармаларынан ерекше танылғанын атады.

Абайдың М. Лермонтов поэзиясына қызығушылығы ерекше болған, оның бұл қыры орыс тіліндегі өлеңді қазақ тіліне көркем аударуынан айқын танылды. Ақын М. Лермонтов шығармаларынан өзіне жақын лирика мен идеяны көрді, сол арқылы оның тілі мен ойы өз жанынан орын тапты. Абай мен Лермонтовты негізінен табиғат, пейзаждық лирика жақындастырды, ол жақындық оның сүйіспеншілікпен аударған табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен көрінеді деп санағанмен, қазақ ақыны қоғамға сын айтуда да орыс ақынынан өз ойына жақын анық және орнымен айтылған сөзді, сол арқылы ішкі ұқсастық пен ортақ рухани әлемді тапты. Бұл екі ақынның шығармашылық тандемі тек табиғат көрінісін бейнелеумен ғана байланысты емес, мәдениеттер сұхбаты негізінде орнағанын айқындайды. В.Г. Белинский М. Лермонтов поэзиясы туралы: «Великий поэт, говоря о себе самом, о своем я, говорит об общем – о человечестве» деген болатын [95].

Абай Лермонтовтың дәл осы ерекшелігін дәп басып аударды. Екі ақынның да поэзиясынан адам психологиясын терең түсініп, басқаның жанын өз жүрегімен сезінетіні көрінеді. Лермонтовтың «Пленный рыцарь» өлеңіндегі:

Каменный панцирь я ныне закован,
Каменный шлем мою голову давит
Щит мой от стрел и меча заколдован,
Конь мой бежить, и никто им не правит.

Быстрое время-мой конь неизменный,
Шлема забрало-решетка бойницы,
Каменный панцирь-высокие стены,
Щит мой-чугунные двери темницы
деген шумақтарды Абай «Тұтқындағы батырда»
Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,
Денемді қысып жатыр бүгін менің.
Оқ пен қылыш бұзбастай киінсем де,
Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің.

Уақыттай өзі жүйрік ат мінеміз,
Сауыттай шынжырлаулы тереземіз,
Тас дулыға болмай ма жатқан үйім,
Шарайнам шойын есік бұ да бір кез [95].

деп сөзбе-сөз үлкен дәлдікпен әр сөзді өз орнында аударған, әрі жолма жол аудармадан өлеңнің көркемдігіне еш нұқсан келмеген. Қапастағы тұтқынның басына түскен жағдайды ақын өзі көргендей жеткізуі ақынның поэзия мен аудармадағы бірдей шеберлігін танытады. осы тұрғыдан В.Г. Белинскийдің М. Лермонтовқа қатысты айтқан сөзін Абайға да қатысты айтуға болады деп санаймыз. Себебі, жазушы Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақтың ұлы ақыны мен ойшылының тұлғасын әлемдік деңгейде танытумен қатар оның мұрасын зерттеу нәтижесінде Абайды қазақ мәдениетінің ұлы тұлғасы ғана емес, адамзаттың рухани қазынасына үлес қосқан алып ретінде сипаттап «Абай адамзаттың алыбы» деп атаған.

Абай поэзиясында Батыс пен Шығыс синтезі аталған мысалдардан бөлек А. Пушкин, И. Крылов, Г. Гете сияқты ақындар шығармаларынан жасалған көркем аудармалармен қатар көптеген шетелдік авторлармен ортақ тақырып, идеяларды қамтитынын да айту қажет.

Абайдың «адам» концепті, жеке адам баласының өмірлік мұраты, құндылықтарды бағалау жайлы идеясын толық түсінуге жол ашатын туындылары – ақынның поэмалары. «Масғұт» поэмасындығы жас жігіттің өз тағдырына қатысты таңдау жасауы адам өмірінің маңыздылығымен қоса оған әркімнің жеке өз жауапкершілігін көрсетеді. Масғұт өзінің алдынан өмірлік таңдау мәселесі шыққанда – өзіне берілген үш түрлі тағдыр – байлық, билік және махаббат арасынан таңдау жасау қажет болғанда махаббатты – рухани қасиетті таңдау арқылы өмірдегі құндылықтардың мәнін көрсетеді. Дүние мен биліктен бас тартқан жігіттің таңдауы поэманың негізгі идеясын ашады.

Поэмада Абай Һарун Ар-Рашид заманында Бағдадта өмір сүрген Масғұт бейнесі арқылы қарапайым адам өмірінің мәні қайда екенін көрсетеді, байлық пен биліктің адам бойындағы әділдік, кішіпейілділік, жомарттық сияқты қасиеттерді кемітіп, шынайы сүйіспеншілік адам бойындағы ең абзал сипаттарды одан сайын арттыра түсетінін ашады. Ақын сол арқылы махаббаттың адам өміріндегі мағынасын атап, ізгілік пен адалдық, шынайылық пен тұрақтылық сияқты қасиеттерді жоғары қояды және жастарды өмірлік жолды дұрыс таңдауға шақырады. «Масғұт» поэмасының философиясы оның рухани тәрбиелік мәнінің тереңдігімен анықталады. Шығармада Масғұт бейнесі арқылы ақынның адалдық, адамгершілік, рухани даму, өмірлік құндылықтар туралы идеялары дамып, үйлесімді жалғасын табады.

Абайдың «Ескендір» поэмасының идеясы мен сюжеті «Масғұтқа» қарама-қарсы құрылған. Бұл поэмада Абай адам тақырыбын басқа мазмұнда қозғайды, тарихи тұлға Александр Македонскийдің бейнесі арқылы философиялық тұжырым жасайды. Билікке деген шексіз құмарлық пен адам табиғатына тән түрлі қайшылықтар туралы философияны ақын ұлы қолбасшы Ескендір Зұлқарнайынның өмірі мен іс-қимылдары арқылы жеткізеді. Қолбасшының атақ пен даңққұмарлығын ақын оның жат жерлерге жорықтары кезіндегі батылдығы деп емес, нәпсіқұмарлық деп сипаттау арқылы оның қоғам алдындағы моральдық бейнесінің әлсіздігі деп көрсетеді.

Абай Ескендір бейнесі арқылы жеке бас амбициясының мәнін ашып, қоғам алдындағы жауапкершіліктің жоқтығын қатал айыптайды және биліктегі

адамның ең алдымен жеке басының қамынан қоғам мүддесін жоғары қою керектігін айтады.

Ақын поэмадағы адамгершілік пен парасат жайлы идеяны Аристотель бейнесі арқылы тереңдете түседі. Шығыстың ұлы ойшылы Аристотель қолбасшы Ескендірге адам бойындағы негізгі күш білекте емес, ақыл мен даналықта екенін айтады, Абай осы арқылы адамның ақыл-ой мен парасат-пайымын нәпсінің түрлі құмарлығынан биік қойып, оны барлық күштен үстем деп түсіндіреді.

Абай бұл поэмасында да материалдық байлық пен рухани байлық арасындағы алшақтықты анықтап, адам өмірінің мәні мен оның қоғамдағы орны әркімнің іс-әрекетінде екенін көрсетеді. Билікқұмар адамның шынайы бейнесін Ескендірдің алдына әкелінген бас сүйектің символдық мәні арқылы сипаттап, ақын адам өмірінің де, биліктің де шектеулігін жеткізеді.

Абайдың «Өзімнің әңгімесі» поэмасының желісі де әйгілі «Мың бір түн» ертегілерінен алынған. Поэманың негізгі идеясы ақынның адамгершілік пен өмірдің мәні жайлы философиялық ойларын жалғастырады. Ақын бұл поэмада да Өзім бейнесі арқылы өмірден өз орнын табуға ұмтылған жас жігіттің жолында кездесетін қиындықтарды көрсетеді. Кім де болсын, өмірде жақсылық пен жамандыққа бірдей кезігетінін, алға қойған мақсатына қол жеткізу үшін рухани ізденіс керектігін осы туындыда да ескертеді.

Абайдың өмірлік философиясы бойынша адам баласы басқа тіршілік иелерінен ақыл мен ой арқылы бөлек тұрады, оны рухани жетілу үшін үнемі қолдану керек. Рухани даму жолында адам мәңгілік күреседі, нәпсіқұмарлық адам бойындағы асыл қасиеттердің бәріне зиян. Сол себепті Өзімнің жолында кездескен сынақтардың барлығы адамның өз мақсатына жету үшін рухының мықты немесе осалдығына байланысты екенін көрсетеді.

Бұл шығармасы арқылы Абай жастарды өмірден өз жолын іздеп табуға, мақсатына жету үшін күресе білуге, талмай ізденуге тәрбиелейді. Ол адамның өмірі айналасымен тығыз байланысты және қоғамда әр адамның орны бар екенін Өзімнің тағдыры арқылы сипаттайды. Өзімнің басынан өткен оқиғалар арқылы Абай өз оқырманын тек өмірдің мәні жайлы ойланып қана қоймай, іс-қимылына есеп беріп, өзін-өзі тануға шақырады.

Абай поэмаларының идеясы оның өлеңдері мен қарасөздеріндегі адамгершілік, моральдық құндылықтар, адам табиғатының түрлі қырлары мен даналық жайлы тұжырымдарын толықтырады. Поэмалардың қай-қайсысының да тілі жеңіл, шығыс ертегілері желісінен алынғандықтан оқырманды басынан аяғына дейін жетелеп, оқиға ортасына енгізіп жібереді, сол арқылы ой тастап, сипаттап отырған адамның бейнесін көз алдына әкеледі. Оқырман ақынды тыңдап отырып өзі бетімен де ой түйеді. Абайдың поэмаларындағы адам тақырыбы жан-жақты, әр түрлі адам табиғатын ашып көрсетуімен ерекшеленеді.

Абайдың адам образын жасау шеберлігін терең зерттеген ғалым Ж. Дәдебаев ақынның өз заманында адам табиғатын қаншалықты терең танығанын жан-жақты талдап береді: «Сөз арқауы болып отырған шығармалардың оқиғалық желісін түзген шындық құбылыстар адам мен

заманның өзегінен өріліп шығады. Автор өз заманыны табиғатын, өз заманының адамының болмысын дананың көзімен көріп, ойшылдың ақылымен саралайды. Ал сол құбылыстарды саралаудың, бағалаудың негізінде бір заманның емес, жалпы адамзат қоғамына бірдей бағалы құндылықтар жүйесі жатады. Кісі табиғаты, кісіге ақыл айтып жол көрсететін болыс пен бидің әлеуметтік болмыс-бітімі, олардың замана алдындағы, әлеуметтік орта алдындағы еркіндігі мен құлдық құлқы дәл көрсетілумен бірге жалпыландырылып, бір заман емес, барша дәуірге, барша тіршілік өзегіне, бір адам емес, барша жанға, жалпы тағдырға тән шындық құбылыс деңгейінде жинақталады. Заман мен адам туралы образды ойлардың тереңінен адамзат үшін маңызы мен мәні мәңгі бақи өзекті, көкейкесті болып қала беретін мазмұн мен мағынаның жарығы таралады» [96]. Ғалым Абай сомдаған адам қазақ қоғамындағы бір адам емес, жалпы алғанда жер бетіндегі кез келген заман мен ортада кездесетін «тірі құбылыс» деп атайды, дәл осы тұжырым Абай шығармашылығының әлемдік құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдейді. Шлейермахердің герменевтикалық іліміне сәйкес автор мәтінде адам мінезі, ішкі жан дүниесі, тұлғалық қасиеттері сынды мәселелерді өз танымы мен толғанысы тұрғысынан жеткізеді. Ақын әртүрлі көңіл-күй мен сезіміне сай өз ойын түрлі тілдік құралдарды қолдана отырып жеткізеді. Осы тілдік да құралдар арасында жетекші орынды метафоралар алады. Абай поэзиясында да жоғарыда талданған адам бейнесінің философиялық және этикалық негіздерінің көркемдік тәсілдері маңызды орынға ие. Ақын аталған адам бейнелерін сомдау үшін терең ойға беріліп, оны метафора арқылы жеткізеді.

Герменевтикадағы метафора мәтінді, идеяны немесе түрлі мәдени феномендерді түсіндіру және интерпретациялау процесінде қолданылатын көркемдік құрал болғандықтан Абай өлеңдеріндегі адам концептін түсіну үшін оның осы қырын да зерделеу қажет. Ақын өз туындыларында айтатын ойы мен идеясын, білгілі бір ұғым немесе мағынаны айту үшін оқырманын басқа мағыналық кеңістікке апарып бойлатады. Герменевтика ғылымы мәтіннің немесе символдың жасырын мағынасын ашуға бағытталғандықтан, Шлейермахер метафораны оның маңызды зерттеу нысаны деп белгілеген. Абай өлеңдеріндегі адам бейнесіне қолданылған метафоралардың мысалын көрсету осы зерттеудің міндеттерінің бірі саналады. Мысалы, «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңі – өзінің ақын, әрі адам ретінде өмірден түйгенін, көрген қиын-қыстау күндерін жеткізетін терең философиялық шығарма. Бұл өлеңде Абайдың жеке өз тұлғасы, адам ретіндегі бейнесі танылады.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?

Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?

Махаббат, ғадауат пен майдандасқан,

Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?

Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?

Асау жүрек аяғын шалыс басқан,

Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей [1].

«**Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?**» – өткірлікке ұяндық пен нәзіктік қарсы қойылған. Тілдің өткірлігі мен ұялшақ қыздың қылығын салыстыру арқылы ақын адамның шындықты бетке айту қасиеті қандай тура жүретін амал болғанмен оны қоғамда қабылдаудың жеңіл еместігін айтады.

«**Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?**» – мұздай жүрек адам жанының қаталдығын, дұшпандыққа тап болған адамның өз айналасына суитынын білдіреді. ақын адамның жүрегін тереңдік пен рухани әлемнің символы ретінде қолданады. «Жүрек» – рухани әлемнің символы, бұл метафора арқылы Абай осы және басқа жолдарда адамның ішкі жан дүниесінің байлығы мен қат-қабат күрделілігін айтады.

«**Асау жүрек аяғын шалыс басқан**» – «асау жүрек» қызба мінезді, алаулаған сезімге тез берілгіш адамның бейнесін береді, сол эмоцияның жетегінде «аяғын шалыс басып», өмірде қателікке ұрынатынын білдіреді.

«**Жүрегімнің түбіне терең бойла**» – Абайдың өзіне қатысты айтқан ең танымал философиялық мағынадағы метафорасы. Бұл арқылы ақын келер ұрпаққа қалдырып отырған өмірлік тәжірибесі мен ағартушылық мұрасынан ғибрат алуды аманат етті, өзінің жан дүниесінің теңіздей тереңдігін меңзеп, түпсіз ойлары мен сезім түбінде жатқан шындықты іздеуге шақырды.

«Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» – ақын өмірінің қиындығы мен күрделілігін сипаттайтын метафора. Ақын өз өмір жолындағы қиын-қыстау сәттерді табиғат кедергілеріне ұқсатады. «Соқтықпалы, соқпақсыз жер» ол тек тура жол жоқ дегенді ғана емес, ол өмір сүрген қоғамның сипатын көрсетеді. Ақын сандаған қайшылықтар мен жүрер бағыты әлі беймәлім қоғамда өзінің басына түскен қиындықтарды айтқанда сол заманның бүкіл бет-бейнесі қоса беріледі.

«Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей» – адам жанының ішкі күйзелісі мен оны айналасына білдірмеуге тырысқан адамның күйі. Қайғы-қасірет шеккен адам жанының ең ауыр халі, оны ешкімге айтпай сырттай салқынқандылық танытқан адам – жалғыз адам.

«Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр» – ақын жанына ең жақын досы өлеңнің өзіне өкпесін айтады. «Өлең» адамның ішкі сырларын сыртқа шығаратын, көпке тарататын құрал ретінде метафораланып тұр.

«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңі Абайдың ақын ғана емес, ағартушы, философ ретінде тұтас тұлғасын танытатын парадигмаға құрылған өлең, тұтасымен философиялық метафорадан тұрады. Герменевтика метафораны біржақты емес, бірнеше интерпретацияға ашық, күрделі семиотикалық жүйе ретінде қарастыратындықтан өлеңнің әр жолына зер салған әр оқырман оның қандай күрделі, қиын заманда өмір сүріп, халқы үшін қалай қызмет еткенін өз деңгейінде түсінеді. «Түбіне терең бойлау» фразасымен ақын өз оқырманын диалогқа шақырады, бұл да герменевтика тұрғысынан метафораның поэзиядағы қызметтерінің бірі.

Әр метафораға ақын өзі айтқандай «терең бойлау» мәтіннің терең қабаттарын аша түседі, яғни герменевтика теориясына сай бұл қабаттар автордың ойынан тыс оқырманның өз түсінігімен де толығыуы мүмкін. Бұл өлең – Шлейермахердің герменевтикалық шеңбер қағидасының анық мысалы. Сонымен бірге Абайдың поэзиясында адам бейнесін ашатын метафоралардың оның философиялық ойларымен тығыз байланысына дәлел.

Герменевтикалық тәсілде метафора – мазмұн мен мағынаны тудырудың танымдық механизмі. Абай өлеңдерінде метафораның осы қызметі орнына сай, тура қолданылуы – айналадағы абстрактілі немесе түсініксіз құбылыстарды нақтырақ бейнелеп беру ақынның ағартушылық ілімін, өмірлік философиясын барынша дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Абайтанушы ғалым Ж.Дәдебаев ақынның адам образын жасауда метафораны қалай әсерлі қолданғанын ғылыми талдаумен дәл көрсетті: «Өзі – шошқа, өзгені ит деп ойлар! [96] – секілді дара тармақтың, бір тамшы сөздің өзімен де ақын көл-көсір шындықты, телегей-теңіз мазмұнның сырын танытады. Тұтасып тұрған метафора. Бір ғана тармақ. Мұнда да екі тұлға арасындағы қатынастың сыры ашылған: «өзі» және «өзге» (А - Б). Бұл жерде де жалқының жалпыға қатынасының ерекшелігі көрініс тапқан. «Сегіз аяқтағы» күрделі, көп қатпарлы, тізбектелген метаобраздан туатын жұмбақ мағына бір басқа болғанда, одан гөрі қарапайым, жалаң метафоралық қатынастағы мына тілдік бірліктердің жасырынулы поэтикалық мағынасы бір басқа. Соған қарамастан өлеңнің осы бір жолында тұтас бір типтік образ жасалған. Адамның

образы. Абай заманындағы. Ал қандай адамның образы екені жұмбақ күйінде қалған. Оны шешу жолында ізденген адам түрлі ойға түседі, түрлі болжамға барады. Тиісті әдебиеттерде шошқа іспетті хайуандардың сипаты мынадай белгілері арқылы ашылады: тойымсыздық; лас пен тазаны, арам мен адалды айырмай, жалмап жұта беру; тазаға баспау, ластан шықпау, т.б. Ақынның «шошқасы» осындай түр-тұрпатымен елес береді. Сөйте тұра ол, автордың суреттеуіне қарағанда, өзгені ит тұтып, одан өзін артық көрген сыңай танытады. Ұғым, түсінік, баға. Олардың өзара байланыстары мен сабақтастығынан адамның ішкі болмысы белгілі болады. Сыртқы тұрпаттан ішкі мән сыры ашылады. Нәтижесінде адамның іші мен тысы бірдей танылып, нақты образ жасалады. Бір тармақ өлең жолымен ақын осындай толық образ жасап, оған осындай толымды мағына сыйдырады. Сөздің көп мағыналылығы, ойдың тереңдігі, мазмұн мен мәннің байлығы бұл жерде де үлкен эстетикалық жүк көтеріп тұр» [96].

Абай өз поэзиясында адам бейнесіне қатысты моральдық-этикалық идеяларын терең, әрі әсерлі жеткізу үшін метафораны кеңінен қолданды. Ақын поэзиясында метафора тек эстетикалық тәсіл ғана емес, адамның тұлғасын, ішкі жан дүниесін, оның қоғамдағы орны мен рөліне қатысты өзінің ағартушылық, философиялық ойын жеткізудің құралы ретінде қызмет етеді. Нақтылайтын болсақ, Абай метафораларды

адамның табиғатпен байланысын, оның өмірінің өтпелілігі мен өзгермелілігін, мінез-құлық пен моральдық қағидаларды түсіндіру;

адамгершілік құндылықтардың құлдырауын «қатыгездік» пен «тоң мойындык» арқылы сипаттап, моральдық әлсіреуді сынау;

адамның өсіп-дамуы мен өмірдің мәні еңбекте екенін түсіндіру;

махаббат пен рухани сұлулықтың адам болмысының ең биік көрінісі ретінде суреттеу, «махаббатсыз дүние бос» екенін айтып, оның адамның рухани өміріндегі маңыздылығын көрсету үшін қолданады.

Ақын өлеңдерінде метафоралардың оқырманға ой салып, оның адам турасындағы моральдық-этикалық идеяларын есте қалдырудағы рөлі үлкен. Адамның рухани және әлеуметтік өмірдегі өзекті мәселелерді түсінуіне, өзін-өзі тануына және шынайы құндылықтарды бағалай білуіне ықпал етеді.

3.2 Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің көркемдік және концептуалдық тұрғыдан берілу ерекшеліктері

Ахмед Шауқидің шығармашылығы тек Мысыр ғана емес, бүкіл араб әлеміне отаршыл саясат пен бостандық үшін күрес әкелген өзгерістермен тұспа тұс. Бастапқыда шығармашылығын сарай ақыны ретінде бастаған қаламгердің өзі де кейін халықтың жаңа қоғам құру жолындағы мүддесін жақтауға қосылды. Елдің келді саяси және мәдени өміріндегі трансформация ақын шығармашылығынан толықтай көрініс тапты, оның туындыларының бағыты мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Басқаша айтқанда Шауқи шығармашылығы – Мысыр қоғамы трансформациясының поэзиядағы көрінісі. Мысырдағы отаршылдықтан модернизацияға өту – Ахмед Шауқи поэзиясының

эволюциясы, ақын шығармашылығы толығымен өзі өмір сүрген заманның рухын көрсетеді. Ұлттық бірегейлік, әлеуметтік реформалар және тарихи даңқ – «ақындар әмірі» ең көп жырлаған тақырыптар. Бұл айтылғандар дәлелді болу үшін герменевтика теориясына сай оның поэзиясына «адам» бейнесінің жасалу әдістері, мәнмәтіндік (контекст) және символдық сипаттары тұрғысынан талдау жасау қажет.

Ақын шығармашылығынан ерекше орын алатын туынды – «مصرع كليوباترا» «*Масраа Клеопатра*» (Клеопатраның өлімі) пьесасы. Бұл туындыда Ахмед Шауқи Мысырдың соңғы патшайымы Клеопатраның тарихи тұлғасын, перғауындар өркениетінің даңқын өзі шабыттана жырлап, әрі отарлық езгіден жаншылған халықтың рухын көтереді.

Шауқи Клеопатра тұлғасын даналық пен өз халқына адалдықтың символы ретінде бейнелейді:

وَقَفْتُ كَلِيُوبَاتِرَا جَلِيلَةَ الْمَقَامِ
تَلْقِي عَلَى الْجُنْدِ وَالْقَوْمِ خُطْبًا
تَذُبُّ عَنْ مَجْدِ قَوْمِهَا وَعِزِّهِمْ
وَتُشْعِلُ النَّفْسَ بِالْعِزِّ وَالْهَمِّ
[97, 45 б.]

Клеопатра биікте тұрып
Жауынгерлер мен халық алдында сөз сөйледі.
Ол өз халқының даңқын, абыройын қорғайды
Жанды жігер мен өршілдікпен жандырады.

Клеопатра алдында тұрған халық пен жауынгерлер – тарихы әлемге танылған Мысыр. Ақын осыны айту арқылы Мысырдың өткен тарихын өз замандастарына үлгі етеді, яғни мысырлықтар даңқты тарих пен өркениеттің бүгінгі мұрагерлері, сондықтан олар өткен тарихқа адал, әрі лайықты қоғам болу керек. Ахмед Шауқи халқының бостандығы үшін ақын батыл, отансүйгіш тұлға болуды насихаттайды.

Ақын замандастарына өздері «أم الدنيا» («әлемнің анасы») деп атаған Мысырдың өткен тарихы ғана емес, оның табиғатын, географиясын танып-білуді насихаттайды. Бұл мақсатта ақын қолданған көркемдік тәсілдердің бірі – жануарлар әлемі мен пейзажды образ. Мысалы, Шауқи Ніл өзенін Мысырдың тағдырымен байланыстырып, оны өмірдің, байлықтың және шабыттың қайнар көзі ретінде бейнелейді, оның мәңгілігі Мысырдың мәңгі тарихындай деп жырлайды:

مِنْ أَيِّ عَهْدٍ فِي الْوَرَى تَتَذَقُّ
وَبِأَيِّ كَفٍّ فِي الْوَرَى تَتَذَقُّ
نَيْلُنَا الْمُعْطَى، الْكَرِيمُ كَأَنَّهُ
نَبْعُ الْحَيَاةِ بِقَلْبِهَا يَتَذَقُّ
[98, 51 б.]

Дүниеде қай дәуірден бері ағып жатыр?
Ал ол дүниеде қай қолмен ағып жатыр?
Ніліміз біздің алған сыйымыз, ол жомарт (адам) сияқты
Оның жүрегінде өмір бұлағы ағып жатыр

Шауқи өз өлеңдерінде Мысыр табиғатында кездесетін аңдарды, мысалы, арыстанды (أسد) ерліктің, күштің және көшбасшылықтың символы ретінде қолданады. Арыстан араб поэзиясының дәстүрінде ертеден бірде бетпе бет

келген қиындықтан қорықпайтын ержүрек, күзетте тұрған жауынгер, бірде әділ қорғаушы не билік иесі ретіндегі символ. Шауқи:

المُخْشِي إِخْوَةً
تَسْعَى لِتَحْمِيهِ أَنْيَابٌ وَمَخْلَبٌ
أَبْطَالُهُ أَبَدًا

[98, 51 б.] كَمَا الْأَسْوَدُ بِأَنْيَابٍ تُصَاجِبُ

Үрей тудырушылар – ағайындар

Азу тістері мен тырнақтары оларды қорғауға ұмтылады

Оның батырлары мәңгілік

Азу тісті арыстандар сияқты қасында жүреді

деп арыстанға ұқсауды батыл, ел қорғаушы, ержүрек адамдардың сипаты ретінде көрсетеді. Ақын арыстан бейнесін көсемдер, батырлар және азаттық жолындағы күрескерлерге мадақ арнауға қолданады, сол арқылы билік иелерін әділдікке, қарапайым халықты батылдыққа шақырады.

Ахмед Шауқидің араб поэзиялық дәстүрін жалғастырушы ретіндегі тұлғасын айқындайтын шығармасы – «نهج البردة» «*Нахдж әл-Бурда*» (Шапан жолы) қасыдасы. Ақын қасыданы араб әдебиетінің орта ғасырлық діни мадақ арнау әдістері үлгісімен Мұхаммед пайғамбардың бейнесіне арнаған. Шауқидің «*Нахдж әл-Бурда*» туындысы – діни мадақ жазудағы әйгілі ақын әл-Бусиридің «Қасида әл-Бурдада» негізін салған дәстүрдің жаңа заманғы жалғасы. Поэмада Пайғамбарға деген терең сүйіспеншілік пен құрмет, оның адамзаттың рухани даму, тура жолға тәрбиелеудегі миссиясы жырланады.

Шауқи шығармашылығын зерттеушілердің пікіріне сүйенер болсақ, оның поэзиясынан ислам рухының араб әдебиетінде бұрын-соңды болмаған сирек, тамаша үлгісін көруге болады. Ақынның адамзатқа деген жанашырлығы оның өзінен бұрынғы ислам ақындарының шыншылдық, тазалық, мейірім, қамқорлық секілді қасиеттерді насихаттауынан көрінеді. Сол арқылы Шауқи мен одан бұрынғы ислам дінін мадақтаушы ақындар арасындағы байланыс пен белгілі бір тепе-теңдік байқалады. Олардың ішінде «Алла елшісінің ақыны» лақап атымен танымал *хазрадж* тайпасынан шыққан Хасан ибн Сабитті (674ж. қайтыс болған) атау қажет. Ақын ислам дінінің ерте дәуірінде Мұхаммед пайғамбар мен ислам діні туралы *мадх* (мадақтау) жанрында қасыдалар жазып, пайғамбардан сыйлыққа шапан алған. Өлеңдерімен мұсылман жауынгерлерінің рухын көтерген.

Бағдад құлағаннан кейін, хижраның VII ғ. саяси құлдырау дәуірі ақындарының бірі әл-Бусири *الميمية* (*мимия*) поэмасында Мұхаммад пайғамбарға сағынышын жеткізу үшін Жаратушыға былай деп жалбарынған:

Бейбіт көршілерді еске түсіріңіз

Қан аралас көз алмасынан аққан жасын.

Аллаға деген иман Ахмед Шауқидің де исламды жырлауына себеп болды. Осы тақырыпта “نهج البردة” «*Нахдж әл-Бурда*» “*Шапан жолы*” қасыдасын Пайғамбарға арнады және жаңа ғасырдағы діни мадақ ақыны ретінде танылды. Шауқидің бұл қасыдасы бірден халық жүрегінен орын алды. Пайғамбарға мадағы халқынан үлкен баға алды, қасыда әсіресе түнгі мезгілде Ніл өзені бойында көп оқылды, тек мысырлықтарға ғана емес, басқа да араб елдеріне тез

тарағандықтан Шауқиді мұсылман халықтары ислам дінінің ақыны ретінде таныды.

Шауқи діни мадағын әл-Бусиридің «Әл-Бурдасына» еліктеп жазған. Бұл поэма араб мәдениеті мен ислам дінінен бастау алған араб әдебиеті мен діни тақырыптағы поэзия тарихындағы пайғамбарға арналған ең танымал мадақ жырлардың бірі саналады.

«وظل الشعر الديني مرصودا، خلال العصور الإسلامية ليسلم قياده إلى شاعر عصرنا «أحمد شوقي» الذي دخل التاريخ من بابه الكبير – كما يقول الغربيون – والتعليل النفسي في تحليل شعور شوقي حيال الإسلام، إنه منسكب الطبع والخطر في الروح. ومترامي الوجدان في رحاب الإيمان، لم تسود عقله وساوس الشكوك، والريب التي دخلت حياة كثير من شعرائنا في القديم والحديث فعطلت فيهم الناحية الإسلامية، فقد كان قلبه مغسولا من الشك عامرا باليقين.. وكان عقله الوضاء صافيا فأطل عقله على قلبه، مثل إطلائه على بستان، فلم يفسد عقله قلبه، كما أفسد كثيرا من الشعراء في القديم والحديث ولست أزع أن شوقيا تقرب من معاصريه أو بخاصة أهل مصر» [78, 39 б.]».

«Діни поэзия бүкіл ислам дәуірінде бақылауда болды, біздің дәуірімізде оның басшылығы, Батыста айтылатындай, «тарихтың ұлы қақпасынан кірген» Ахмед Шауқиге берілді. Ал Шауқидің исламға деген сезімін талдау психологиялық жағынан табиғат пен ойдың жанға құйылатынын көрсетеді. Оның ар-ұжданы иманға кеңінен ашылды. Ақынның санасын көне дәуірдегі және көптеген қазіргі ақындарымыздың өміріне еніп кеткен, олардың бойындағы ислам аспектілерін шектеп тастаған күдік пен күман улаған жоқ. Жүрегі күманнан таза арылып, сенімге бөленді. Ақылы жарқын және ойы кіршіксіз болды, сондықтан оның санасы бау-бақшаны еркін аралағандай жүрегіне де қысылмай енеді. Ақын санасы оның жүрегін бұрынғы ақындар мен қазіргі талай ақынды бұзғандай бұзған жоқ. Мен осы мәселеде Шауқи өз замандастарымен немесе әсіресе, Мысыр халқымен жақын болды деп айта алмаймын». Ғалым ақынның исламды шынайы, жан дүниесімен қабылдап, Аллаға деген иман мен исламның адамгершілік қағидаларын терең зерттегеніне назар аударады.

Ахмед Шауқидің бұрынғы және көптеген замандас ақындардан айырмашылығы – оның санасында ислам құндылықтарынан алшақтататын күмән мен күдіктің болмағаны. Дінге ақын ақыл мен жүректің бірлігі тұрғысынан қарады, сондықтан оның ақыл-ойы да, жүрегі де таза болды, бойындағы терең парасат рухани байлығын бұрынғыдан да байыта түскені көрінеді. Осы ақыл мен жүректің тепе-теңдігі Шауқиді философиялық ізденіс жолында ислам қағидаттарынан тайып кетуге мәжбүр болатын басқа ақындардан ерекше етеді. Ақынның ислам дәстүрімен байланысы берік және сенімді болатыны соған байланысты.

Каир университеті ғалымы доктор Мұхаммад Соури Ахмед Шауқидің шығармашылығына арнайы зерттеу арнап, ақынның бұрын жарық көрмеген, тек жақындары мен достарына ғана белгілі еңбектерін жинақтаумен айналысқан. Оларға “الشوقيات المجهولة” “Белгісіз Шаукийят” деген ат берген. Әдебиет зерттеушісі «егерде қазіргі әдебиет тарихында және қазіргі араб және ислам әлемінде ең танымал ислам ақынының есімін анықтауға рұқсат етілсе, мен оны Ахмед Шауқи деп санаймын және оны Ислам ақыны деп атайтын едім» деп жазады «دعوة الحق» *Шындық дауысы* журналында [98, 57 б.].

Ахмед Шауқидің «نهج البردة» қасыдасы – оның сарай ақыны ретіндегі тәжірибесі мен классикалық араб поэзиясы дәстүрінен алған үлгілердің бір туындыда тоғысқан бірегей үлгісі. Поэманың әр тарауында пайғамбар өмірінің әртүрлі қырлары баяндалады, оның дүниеге келген кезінен бастап, ислам тарату жолындағы миссиясы, адамгершілік сипаттары, діни көсем және ұстаз ретіндегі бейнесі жырланады. Ақын поэмада

біріншіден, даналықтың, тақуалық пен мейірімділіктің символы ретінде Мұхаммед пайғамбардың бүкіл адамзат үшін үлгі болатын кемел адам бейнесін сомдайды;

екіншіден, пайғамбардың мейірімі мен жер бетіндегі халықтарды біріктіруші миссиясын ашады, сол арқылы исламды насихаттайды.

Ақын пайғамбар бейнесін көркем жеткізу үшін тілдің төмендегідей тәсілдерді қолданады:

«محمد سيد الكونين والثقلين» [78, 35 б.]

(«Мұхаммед – екі дүниенің және екі болмыстың басшысы» – ислам мәдениетінде Мұхаммед пайғамбарға қарата айтылатын дәстүрлі мадақ тіркесі, онда оның ұлылығы мен барлық жаратылыс арасындағы ерекше орны айтылады. «Екі болмыс» тіркесі адамдар мен жындарды білдіреді.

Ақын пайғамбардың кез келген адами шектеулерден асып түсетін сипаттау үшін метафоралар қолданады, сол арқылы оның тұлғасының кемелдігін жеткізеді:

«ولد الهدى فالكائنات ضياء» [78, 35 б.]

«Тура жолды нұсқаушы дүниеге келді, әлем нұрға толды» – пайғамбардың дүниеге келуі әлемдік деңгейдегі оқиға деп сипатталады. Сонымен қатар оны әлемді өзгерткен тұлға деп бейнелейді:

«لما أطلَّ محمدٌ زهرُ الكونِ بالنور» [78, 35 б.]

«Мұхаммед пайда болғанда әлем нұрға бөленді» – пайғамбар миссиясының бір араб халқы ғана емес, бүкіл адамзат үшін маңызы аталады.

Ақын пайғамбар бейнесінің ұлылығын таныту үшін оның бойындағы бар қасиетті илаһи нұр мен даналықтың қайнар көзі ретінде бейнелейді.

Ақын тілінің сүйіспеншілік, таңдану, қуану сезімдеріне толы болуы тек автордың жеке эмоциясын ғана жеткізіп қоймай, оның өз оқырманымен арасында байланыс орнатады, әрі пайғамбарға деген ортақ құрметті білдіреді.

Ахмед Шауқи поэмада Құранға, пайғамбар хадистеріне және әл-Бусиридің қасыдасына көп сілтеме жасайды, бұл тәсіл мәтіннің діни және мәдени мәнін арттырып, кең таралуына мүмкіндік береді:

«يا ربِّ صلِّ على النَّبيِّ المصطفى»

«Уа, Раббым, таңдалған пайғамбарға салауат ет» – бұл салауат дұғасы оның таңдаулылығы мен әлемдегі ерекше миссиясын атап көрсетеді.

Қасыда дәстүрлі араб өлшемімен жазылғандықтан өлең оған музыкалық сипат пен салтанатты ырғақ береді және мәтінді жеңіл оқып, есте сақтауға көмектеседі:

فكلُّ فضلٍ وإحسانٍ وعارفةٍ
علقتُ من مدحه حبلاً أعزُّ به
ما بين مُستلِمٍ منه ومُلْتَزَمٍ ٢
في يومٍ لا عزَّ بالأنسابِ واللَّحَمِ ٣

يُزِرِّي قَرِيضِي زُهَيْرًا حِينَ أَمْدَحُهُ وَلَا يُقَاسُ إِلَيَّ جُودِي لَدَى هَرَمٍ ٤٤
 مُحَمَّدٌ صَفْوَةُ الْبَارِي وَرَحْمَتُهُ وَبُغْيَةُ اللَّهِ مِنْ خَلْقٍ وَمِنْ نَسَمٍ ٤٥

[90, 52 б.].

Кез келген жақсылық, мейірім, жомарттық оны берген мен алғанның арасында болады.

Мақтауынан арқан ілдім, тектің де, қанның да мәні жоқ күнде онымен намысымды сезіндім.

Менің поэзиям мадақтағанда Зухайрды кемсітеді, қартайған кездегі ешбір жомарттығыммен салыстыруға келмейді.

Мұхаммед – Алланың таңдаулысы, оның мейірімі, жаратылыс пен өмірге деген құштарлығының белгісі.

Пайғамбарды ақын барлық адамдарға жол көрсетуші қамқор, мейірімді басшы ретінде бейнелейді. Оның тура жолға бастаушы ретіндегі әрекеті жарық нұрға, сәулеге теңеледі:

«إِنَّ الرَّسُولَ لَنُورٌ يُسْتَضَاءُ بِهِ»

«Расында, пайғамбар – жолға жарық шашатын нұр» – ақын пайғамбардың ізгі қасиеттерін «ай, нұр, сәуле, күн» сияқты метафоралармен танытады.

Шауқи пайғамбар миссиясының мәні жік-жікке бөлінген араб тайпаларын біріктіріп, біртұтас әділ қоғам құрғанына назар аудартады:

«جمع القبائل من أعماق الضلال إلى نور الإسلام»

«Ол тайпаларды адасудың тереңінен Исламның нұрына жинады».

Ахмед Шауқи «نهج البردة» «*Наһдж әл-Бурда*» қасыдасын араб діни дәстүрімен Алланың күдіретіне жалбарынып, мұсылмандар үшін дұға жасаумен аяқтайды. Жаратушыны күллі әлемді басқаратын, бүкіл жаратылыс атаулының істерді бақылайтын және оның жолындағы иман етушілердің басындағы жақсылық пен жамандықтың шарттарын белгілеуші ретіндегі сипатына өз сенімін де көрсетеді. Оның мұсылмандарға деген рақымы оларға Мұхаммед пайғамбарды өзінің елшісі етіп жіберуден басталғанына куәлік етеді. Соңында Шауқи Алла елшісінің миссиясын жақсы бастауды нәсіп еткеніндей, Алла тағала мұсылмандарға да олардың тіршілігінің жақсы аяқталуы үшін өзінің рақымы мен игілігін нәсіп етсін деп дұға етті.

وَاسْتَيْقَظْتُ أُمًّا مِنْ رَقْدَةِ الْعَدَمِ	يَا رَبِّ هَبَّتْ شُعُوبٌ مِنْ مَنِيَّتِهَا
ثُدِيلٌ مِنْ نِعَمٍ فِيهِ وَمِنْ نِقَمٍ	سَعْدٌ وَنَحْسٌ وَمُلْكٌ أَنْتَ مَالِكُهُ
أَكْرِمُ بَوَجهِكَ مِنْ قَاضٍ وَمُنْتَقِمٍ	رَأَى قِضاؤَكَ فِينَا رَأْيَ حَكْمَتِهِ
وَلَا تَزِدْ قَوْمَهُ خُسْفًا وَلَا تَسُِّمْ	فَالطُّفُّ لِأَجْلِ رَسُولِ الْعَالَمِينَ بَنَا
فَتَمِّمِ الْفَضْلَ وَامْنَحْ حُسْنَ مُحْتَتَمٍ ١٤	يَا رَبِّ أَحْسَنْتَ بَدْءَ الْمُسْلِمِينَ بِهِ

[91, 29 б.].

«Уа, Раббым, халықтар өлімнен оянды, ұлттар жоқтықтың ұйқысынан оянды.

Бақыт пен бақытсыздық өзіңе тиесілі патшалықта, Оған береке мен бақытсыздық сыйлайсың.

Сенің бізге қатысты үкімің – Оның даналығының үкімі. Сот және кек алушы ретінде өз құрметінді бер.

Ендеше, әлемдердің елшісі үшін бізге мейірімді бол және оның қауымының азабын арттырма және оларды улама.

Уа, Раббым, сен мұсылмандарды онымен жақсы бастауға себепші қылдың, нығметінді толықтыр және жақсылықпен аяқтауды нәсіп ет» – ақын Алладан халқы, бүкіл мұсылман қауымы үшін игілік сұрап дұға етеді, сол арқылы өзінің адамгершілік, ақындық миссиясын және ең бастысы, ислам дінінің өкілі және араб елінің азаматы ретіндегі жеке бейнесін де танытады.

Ахмед Шауқидің адам бейнесін жасаудағы шеберлігін танытатын шығармалары – оның дараматургиясы. Шауқи есімі араб әдебиетінің тарихында поэзиямен драма жазған алғашқы автор ретінде аталады.

Ахмед Шауқидің «قمبیز» «Камбиз» пьесасы – 1931 ж. жазылған поэзиямен жазылған тарихи драма. Б.з.д. VI ғ. Персия патшасы Камбиз II билігі тұсындағы оқиғалар баяндалады. Негізгі оқиға желісі оның Мысырды жаулап алу кезіндегі зұлымдығымен байланысты өрбиді [99, 19 б.].

Шығармада автор басты назарды тиран билігінің зардаптарына аударады, әсіресе, билікқұмарлық, қатыгездік, мансапқорлық және олардың қоғамға әсері терең зерттеліп барып көрсетіледі. Негізгі сюжет Камбиз бейнесі арқылы шексіз билікке құмарлықтың түптің түбінде қатыгездік пен тиранияға апаратынын жеткізеді:

Мысырды жаулап алу үшін Камбиз жолындағының бәрін талқандап, мақсатына жету үшін ештеңе қарамай қатыгездіктің сан түріне барады. Атаққұмарлық пен билікке таласы оның әрекеттерінің жойқын зұлымдығын суреттейді. Камбиз – жаңа территорияны жаулап алуға шыққан қолбасшы ғана емес, жеке трагедиясы бар күрделі, қайшылықты кейіпкер. Өзінің ішкі қақтығыстары оқиға соңында құлдырауға апарады. Пьесадағы саяси атмосфера тарихи кезеңдегі шиеленісті, кейіпкерлер арасындағы күрделі тартысты анық көрсетуге арналған. Авторлық идея тирандық биліктің соңы міндетті түрде өзін-өзі жоюға апарып соқтыратынын меңзейді.

Ахмед Шауқи Камбиздің бейнесін тарихи территория Мемфисте, мысырлық ақсүйектердің қарсылығының символы саналатын перғауындар сарайындағы драмалық оқиғалар арасында көрсетеді. Сюжет пен пьеса декорациясының әсерін күшейту үшін Мысырдың мәдени, рухани мұрасының символдары храмдар мен қасиетті сарайлардың көрінісі берілген.

Екінші жағынан Камбиздің Персиядағы сарайын көрсету арқылы автор оның билікке тойымсыз амбициясын және қатыгездігін жеткізеді. Персиялықтар мен мысырлықтар арасындағы шайқастарды сипаттауға тарихи деректер берілгендіктен шығарма шынайылығымен тартымды болады. Пьесадағы ең басты тарихи шындық – екі өркениет – Персия мен Мысыр арасындағы арасындағы соғыс. Сол соғыстың салдары болып шексіз билікке ұмтылған көшбасшының өз амбициялары әсерінен моральдық азуы, тағдырдан қашып кете алмауы баяндалады.

Ахмед Шауқи Камбиз бейнесі арқылы екі ұлы өркениеттің тарихи текетіресін ғана емес, сонымен бірге қай дәуірде де жалпы адам табиғатына тән өзекті болып қала беретін ортақ мәселелерді көрсетеді. Пьесада биліктің шектен шығуы және оның ауыр зардаптарының белгісін көрсететін тиран, әрі оның трагедиялық қаһарман ретіндегі бейнесі көрсетіледі. Камбиз – бір қарағанда күші мен қайраты асқан, бірбеткей фигура. Ол ең алдымен шексіз

билікті мақсатына айналдырған айлакер және қатыгез көшбасшы ретінде сипатталады, алайда сонымен қатар өзінің қатыгездігі мен моральдық бағыт-бағдарынан айырылған осал кейіпкер. Шауқи пьесада оның осы бейнесін әдеби шеберлікпен жасап шыққан. Ақын бұл шығармасында да өзінің негізгі тәсілдері символ мен метафораны қолданады. Камбиздің бойындағы күшті көрсету үшін оны лаулаған отпен бірге сипаттайды. Оның соғыстағы әрекеттері жолындағының бәрін жойып жіберетін жалынға теңеледі.

Мысалы, « بنارٍ أطوقها غدٍ وبعدَ البلادِ على تطوفٍ رمادًا هياكلها من وتجعل [100, 85 б.]

«Мен қалаларды отқа орап, сосын олардың храмдарын күлге айналдырамын» – Камбиз осы сөзі арқылы мақсатына жету үшін өзінің ешнәрседен тайсалмайтынын жеткізеді. Оның озбыр бейнесі ашыла түседі.

Камбиздің сөздері үнемі өктем, әрі өткір. Шауқи сол арқылы оның қатыгездігін көрсетеді, алайда оның сол өктемдігі оның басқа қырын – ішкі күманы мен күдігін, яғни адам ретіндегі әлсіздігін жеткізеді.

«أنا قمبيز بن كسرى أنا جبار الوجود... أنا النار أصولي وبنو النار جدودي [100, 86 б.]»

«Мен Камбиз, Хосроудың (Кир) ұлымын. Мен болмыстың құдіретімін... Менің шыққан тегім от, менің ата-бабам оттың ұлдары, мен де отпын» – Шауқи оны отқа теңеп көрсеткенде бір жағынан күш-қайратын көрсетсе, екінші жағынан оның өзін-өзі өртеп жіберуі де мүмкін екендігі меңзейді.

Камбиздің ұлылығын, сонымен қатар ішкі әлсіздігін мына сөзінен байқауға болады:

«كيف سأريها عظمة ملكي؟
غداً تدخل بنت فرعون مصرَ ذليلاً،
وترى النيل دماً، والأرض جرداء محولةً،
والسيف مخوفاً، والنار مهولةً» [100, 87 б.]

«Мен оған патшалығымның ұлылығын қалай көрсетемін?

Ертең Мысырдың қызы қорлықпен кіреді,

Қанға боялған Нилді, өзгеріп кеткен құнарсыз жерді көреді,

Барлық жерде қорқынышты қылышты, отты көреді».

Бұл мысал оның билікке ашкөздігін, қатыгездігін, оның салдары мен шынайылығы арасындағы қарама-қайшылықты көрсетеді.

Пьесада Камбизге Нейтитас тұлғасы қарсы қойылады, ол текті, әрі жанашыр, сол мінезінің құрбаны. Нейтитастың жағымды жақтары арқылы Камбиздің бойындағы кемшіліктер айқындала түседі.

Камбиз бейнесі арқылы Шауқи билік табиғаты, түрлі моральдық диллемалар және озбырлықтың зардаптары сияқты тақырыптарды көтерсе, оның өлімі арқылы моральдық құндылық пен адамгершілік қағидаттар сақталмаса билік жай адамдарды ғана емес, сол биліктің иесінің өзін жойып жіберетінін сипаттайды.

Камбиз бейнесінің тереңдігі пьесада айтылған көне шығыс аңыздарымен толықтырылады. Атап айтқанда, ежелгі шығыс мифологиясы жарық пен қараңғы күштердің бірбіріне қарсы тұру идеясына негізделген. Камбиздің «жолымда маған кедергі болғандардың бәрін ашу отымен өртеп жіберемін» деген сөзі көне Иран мифологиясындағы отпен тазалау мотивін еске салады,

алайда егер мифология бойынша от тазалық символы болса, Камбиз оны жою, өртеу құралына айналдырғысы келеді:

. [100, 88 б.] «وأحرق كلَّ من يعترض طريقي بنار الغضب».

Бұл мотив Камбизді Мысырды жаулап алушы ретінде әділ билік идеясына қарсы қояды. Камбиздің трагедиясы тек жеке басына байланысты — өз әрекеттерінің оны құлдырауға соқтыратынын көрмейді, себебі, билікқұмарлығы өзінің эмоциясын игеруіне, дұрыс шешім қабылдауына жол бермейді, өз өз амбициясы үнемі өзіне қарсы шығады.

Ахмед Шауқи осы шешімдер арқылы Камбиздің күрделі және қайшылықты бейнесін жасады. Ол Камбиз бейнесімен билікқұмарлықтың барды жоқ ететін теріс сипатын ғана емес, оның арғы жағында жасырын жатқан адами әлсіздікті шебер көрсетіп берді.

Ахмед Шауқидің «علي بك الكبير أو دولة المماليك»

«Али Бек әл-Кабир немесе Мәмлүктер мемлекеті» пьесасы (1932)— Мысырдың XVIII ғ. атақты билеушісі Али Бек әл-Кабирдің өмірі мен билігі тұстағы тарихи оқиғалар жайлы туынды. Пьесада тарихи драма мен трагедия элементтері қатар беріліп, билік үшін талас, интрига және кейіпкердің жеке тағдыры әсерлі баяндалған. Негізгі оқиға билік пен тәуелсіздік үшін күреспен байланысты жүреді. Али Бек әл-Кабир бейнесі Мысырды Осман империясы билігінен босатуға ұмтылған өр билеушіні көрсетеді. Бас кейіпкердің негізгі мақсаты — тәуелсіз мемлекет құру. Шауқи пьесада Али Бектің өз билігін нығайтуға деген жігері мен ұмтылысына баса назар аударады, алайда бұл ұмтылыс кейіпкердің өз басындағы ішкі және сыртқы қайшылықтармен қабаттасып кетеді. Автор сол арқылы тәуелсіздік үшін күрес пен билікке апаратын жолдың күрделі жақтарын көрсетеді.

Пьесада сарай интригалары мен сатқындық көріністері анық баяндалады. Али Бектің серіктестіктері мен ең жақын одақтастарының өз мүддесін мемлекет мүддесінен жоғары қоятын әрекеттері арқылы Шауқи мәмлүктер кезеңіне тән тұрақсыздық пен билік дағдаырысын көрсетеді.

Оқиғаның шарықтау шегі — Али Бектің сенімді адамдарының бірі, өзінің асырап алған ұлы Мұхаммед Бей Абу-з-Захабтың османдар жағына өтіп кетуі. Бұл сатқындық Али Бек билігінің құлауына және оның қайғылы өліміне әкеледі. Пьесада осы мазмұндағы саяси оқиғалармен қатар, кейіпкер трагедиясы — ішкі жан дүниесі, оның күдігі мен күмәні, қорқынышы, ар-намысын сақтау жолындағы күресі анық беріледі. Ахмед Шауқи өр мінезді, күшті деп танылған басшының өзі де осал тұстары бар адам болып қала беретінін көрсетеді. Сол арқылы биліктің өтпелілігін танытады.

Шауқи бұл пьесада сол заманға тән қоғамдық қатынастарды, соның ішінде мәмлүктер билігін, қарапайым халықтың ауыр тұрмысын және тәуелді рөлін жан-жақты суреттеу арқылы әлеуметтік және тарихи шындықты көрсетеді. Автордың бұл шеберлігі пьесаны драмалық қана емес, тарихи дерекке құрылған документалды шығарма етіп береді.

Пьесаның негізгі тақырыбы — бостандық үшін күрес және Али Бектің саяси интригаға және сыртқы қысымға қарсы шығуы бүкіл елдің тәуелсіздікке ұмтылысын білдіреді. Автор абсолютті биліктің қалай оқшаулануға және

күйреуге әкелетінін жан-жақты зерттейді, әсіресе елді тәуелсіздікке жеткізгісі келген адамның сатқындардың арасында жалғыз қалған кездегі биліктің трагедиясы өте әсерлі берілген.

Сондай-ақ, автор басты кейіпкердің күрделі және шынайы бейнесін шығару үшін оның биік мұраттары мен айналасындағы адамдардың ашкөздігі, жеке бастың пайдасына ұмтылу әрекетін – абырой мен сатқындықты қарама-қарсы қойып баяндайды.

Али Бектің қайғылы өлімі оның өмірі осылай аяқталуы тиіс еді, басқа жолы жоқ деген қорытындыға және мәмлүктер билігінің аяқталу заңдылығына әкеледі. Автордың осы тұжырымы бұл пьесаны тағдыр мен адам табиғаты және билік жайлы терең философиялық ойға айналдырады.

Ахмед Шауқи «Али Бек әл-Кабир» пьесасында бас кейіпкер бейнесі арқылы саяси күрес, адамдық амбиция және билік трагедиясының шынайы тарихын сипаттайды. Ол ең жоғары биліктегілердің өзі де опасыздық пен әділетсіздікке қалай ұшырайтынын көрсете отырып көрерменге қоғам шындығын ашық көрсетеді. Пьеса осындай өзекті мәселелерді тақырып етіп алу ерекшелігіне сай тарихи және әмбебап туынды болып табылады.

Автор Али Бек әл-Кабир бейнесі арқылы көшбасшылықтың ұлылығын да, қасіретін де көрсететін күрделі де көпқырлы тұлға бейнесін сомдаған.

Пьесадағы Али Бек әл-Кабир бейнесінің негізгі сипаттары:

– Али Бек өз елінің тәуелсіздігі мен өркендеуіне ұмтылған өршіл басшы, османдар билігінен азаттық алу үшін күрес оның патриотизмі мен бостандыққа ұмтылысын анықтайды;

– Али Бек ел тәуелсіздігі жолында сатқындық, интрига және өзінің ішкі күмәнімен бетпе-бет келеді. Бұл оны ізгі ниеті саяси шындықтың күрделілігінен зардап шеккен трагедиялық қаһарманға айналдырады;

– Али Бек басына түскен қиындықтарға қарамастан намысы мен абыройын сақтауға тырысады. Оның сөзі мен әрекеттері саяси тұрақсыздық кезінде моральдық құндылықтардың қандай маңызға ие екенін көрсетеді.

– Ахмед Шауқи Али Бек бейнесін тек қаһарман ғана емес, өмірде кез келген адам сияқты қателесуге құқылы осал адам ретінде де сипаттайды. Автордың мұндай реалистік шешімі оның бейнесіне тереңдік пен шынайылық береді.

Али Бек мінезін пьесадағы мына сөзінен көруге болады:

«جَفَا عَنْ لَا اَنْتَظَرُكَ اَطْلَانَا مصطفىٰ يَا نَهَارَكَ اَضَعْنَا» . [101, 56 б.]

«Мұстафа, біз сенің оралуыңды күттік, бірақ күнімізді жоғалттық» – оның сөзінен мүмкіндікті жіберіп алған өкінішімен қоса көшбасшыға тән үстемдік естіледі. Ахмед Шауқи Али Бек әл-Кабир тұлғасы арқылы жеке күресі бостандық пен әділдік үшін басты күресті баяндайтын көшбасшы бейнесін көрсетеді. Али Бек әл-Кабирдің айшықты, әрі көп күрделі бейнесін жасау үшін автор әртүрлі тілдік және әдеби тәсілдерді пайдаланған. Мысалы:

«السيف يرتفع ليشق الظلام، لكنه قد ينكسر في المعركة» . [101, 58 б.]

«Қылыш қараңғы түнекті кесу үшін көтеріледі, бірақ ол шайқаста сынуы мүмкін» – бұл жерде «қылыш» Али Бектің қайсарлығының символы. Ал «қараңғы түнекті кесіп өту» көшбасшының күші мен әділдігін, ал «шайқаста

сынуы» ауыр жағдайда ол да осалдық танытуы мүмкін екендігін сипаттайтын метафоралар.

Али Бектің диалогтары риторикалық сұрақтарға, пафосқа, ішкі жан дүниесін ашатын күшті тіркестерге құрылған. Ол Мұстафамен әңгімесінде адалдық пен адамның әлсіздігі туралы ойын айтады:

«فسد حتى الناس يعرف ولم البلاد في بدر لم ولكنه» [101, 59 б.].

«Ол елге билік етпейді, бірақ оның есімін елдің бәрі біледі» – бұл сөзі оның мұратына жете алмай, бақылауды жоғалтқаннан тартқан күйзелісін көрсетеді.

Али Бектің бейнесі трагедия элементтерімен қайғылы пафосқа құрылған, өзінің оң ниетіне қарамастан кейіпкер жеңілуге мәжбүр. Мысалы, сатқындықты түсінген сәтте ол: «انفراجها وأبطأ اشتدت الأزمة أرى» [101, 61 б.].

«Мен дағдарыстың күшейіп бара жатқанын көріп тұрмын» деп өзінің жағдайдың құрбаны ретінде дәрменсіздігін көрсетеді, осы арқылы автор оның бейнесінің трагедиялық сипатын күшейтеді.

Шауқи Али Бек тұлғасының ірілігін көрсету үшін тарихи айшықты көріністерді қолданады. Сарайдағы әшекейлі бұйымдар, билік рәміздері, Али Бек айналасындағы адамдар сипаты тәрізді эпикалық элементтер оның ұлылығын, өршілдігін танытады.

Автор Мысыр мен Осман империясының шынайы тарихын баяндау арқылы Али Бектің бейнесін сенімді ашады. Мысалы, тәуелсіздік жолындағы күрес пен қаскөйлердің саяси интригаларының көрінісі – XVIII ғ. Мысыр қоғамы тап болған шынайы проблемалар бейнесі.

Шауқи драматург ақын ретінде мәтінде лирика мен эмоциялы тілді жиі қолданады, әртүрлі интонация арқылы Али Бектің сөзіне әсерлі бояу береді. Мысалы, «يا ابنتي مِمَّ تشكين ما وراء دمع» [101, 62 б.].

«Уа, қызым, сен неге жылайсың? Көз жасыңның артында не бар?» – оның бұл сөзі қандай жағдай болмасын, алдымен оның адамгершілігі мен халыққа жанашыр иесі екендігін көрсетеді.

Ахмед Шауқи Али Бектің монологтары арқылы оның өз қателіктерін түсінетін, бірақ сол жолмен жүруге мәжбүр бірегей эпикалық бейнесін сомдайды. Осы әдіс-тәсілдермен ол билік иесінің мінезін, көшбасшылықтың ұлылығы мен трагедиясын қатар көрсеткен Али Бек әл-Кабирдің реалистік қана емес, поэтикалық тұрғыдан да биікке шыққан бейнесін жасаған.

Шауқи «Али Бек әл-Кабир» пьесасы мысырлық бір көшбасшының тұлғасы арқылы билік, ел басқару және адам тағдыры тақырыптарын бір-бірімен байланыста зерттеуге арналған. Автор сатқындық, интрига және адам бойындағы кемшіліктер салдарынан биік мақсат жолындағы ұмтылыстың трагедияға айналуын көрсету үшін Али Бек есімді көсемнің көпқырлы, күрделі бейнесін жасайды. Автор Али Бек сияқты харизмалы көсемнің де билік шектеуіне тап болатынын айтады. Билік ету тек күш қана емес, тұрақты және жанкештілік екенін көрсетеді.

Ахмед Шауқи Али Бек бейнесі арқылы бір пьесада Мысыр ғана емес, жалпы саясат пен билікке, тәуелсіздік жолындағы күреске қатысты бірнеше идеяларды жеткізу үшін сахнаға шығарды, сол арқылы халыққа қоғамның

шынайы бейнесін көрсетті. Автор өз ұлтының патриоты ретінде тәуелсіздікке қол жеткізудің қиындығы мен сол жолдағы ар-намыс пен адамгершілік құндылықтардың маңыздылығын ашық баяндады.

Пьесаның негізгі идеясы – қандай жағдайда ел үшін да бірлік пен бостандықтан қымбат ештеңе жоқ, оның жолындағы күрес ең жауапты, қиын күрес екендігін айту және сол күреске шақыру, табыс тек бірлік пен ортақ мүддеге адалдық арқылы ғана келетінін көрсету. Сондықтан, Ахмед Шауқидің «Али Бек әл-Кабир немесе мәмлүктер мемлекеті» пьесасы тарихи және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттайтын туынды ретінде автор шығармашылығынан жеке орын алады.

«الست هدى» “Әл-Ситт Худа” (Мадам Худа) Ахмед Шауқидің 1932 ж. поэзиямен жазған келесі драматургиялық туындысы. Оқиға Каир қаласының Әл-Ханафи кварталында 1890 ж. болған. Пьесада автор өмір тауқыметімен қиын жағдайға тап келіп, өз құқығы мен абыройы үшін күреске бел буған әйел бейнесін сомдайды. Шығарманың басты кейіпкері Худа - өз принциптерін қорғауға және қайсарлықпен әділетсіздікке қарсы тұрған өжет, әрі тәуелсіз тұлғаның үлгісі [102].

Автор кейіпкерлер арасындағы диалог пен қарым-қатынас арқылы дәстүрлі қоғамға тән құндылықтар мен қоғамдағы әлеуметтік эмансипация және модернизацияға байланысты пайда болған жаңа тенденциялар арасындағы қарама-қайшылықтарды көрсетеді. Пьесада көтерілетін негізгі тақырыптарға теңдік, жеке бас бостандығы және тұлғаны құрметтеу жолындағы күрес мәселелері жатады. Ахмед Шауқи бұл туындысында адам образын жасау үшін қолданған символизм мен идея тудыру әдісіне жеке көріністер мен кейіпкерлер арқылы талдау жасауға болады.

Автор сомдаған кейіпкерлер іс-әрекеті, диалогтар оқиға контекстін төмендегідей анықтауға мүмкіндік береді:

1. Худа (الست هدى)

Худа - консервативті қоғамда өзіне тиісті құқықтар үшін күреске бел шешкен қайсар әйел бейнесіндегі басты кейіпкер. Автор оны еркін ойлы әйел ретінде бейнелейді. Худа өзі өскен ортаның қағидаларына қайшы келсе де өз пікірін ашық айтудан жасқанбайды. Оның айналасындағы адамдармен диалогтары өзінің қоғам алдындағы міндеті мен оның принциптерін ұстануға ұмтылысының арасындағы іштей күресін ашу үшін қолданылған. Кейіпкердің сыртқы қысымға қарамастан өз өмірінде маңызы бар батыл шешімдерді қабылдауы оның жігері мен төзімділігін танытады.

Ахмед Шауқи Худа бейнесі арқылы XX ғ. басында қоғамда әйелдердің дәстүрлі рөліне байланысты қалыптаса бастаған жаңа көзқарастарды көрсетеді. Оның «бағыт» немесе «дұрыс жол» дегенді білдіретін есімінің өзі де هدى символдық мағынаға ие және оның қандай қиын жағдайға тап болса да өз абыройын сақтап қалуға деген ұмтылысын көрсетеді.

2. Зейнаб (زينب)

Зейнаб – Худаның көршісі, әрі ой-пікірін бөлісетін сенімді жақын құрбысы. Өмірге деген көзқарасы дәстүрлі, сонысымен Худа бейнесіне қарама-қарсы тұрады. Зейнаб кейде досының ойына күмәнмен қарайды, дегенмен

шамасы жеткенше оны қолдап, құрбысының батылдығына сүйіспеншілікпен, әрі құрметпен қарайды [103].

Шауқи Зейнаб бейнесін Худаның мінез-құлқының тереңдігін ашу үшін қолданады, оған қоғамда қалыптасқан дәстүрлі нормаларды айтқызып, бірге талқылауына мүмкіндік береді, автордың бұл шешімі олардың қарым-қатынасының драмасын арттырады.

3. Абдель-Муним (عبد المنعم)

Абдель-Муним - Худаның күйеуі, оның бейнесі Худаның еркіндік сүйгіш табиғатына толықтай қайшы келеді. Ол сол дәуірдегі әйелдің еріне бағынышты болуын талап ететін дәстүрлі көзқарастағы еркектің бейнесін береді. Абдель-Муним бейнесі қоғамдағы консервативті құндылықтар мен патриархалды ұстанымдарға назар аудартады. Худа мен ері арасындағы қақтығыс – шығарманың басты қақтығысы, дәстүр мен қоғамдағы замана өзгерістері арасындағы күресті бейнелейді.

Ахмед Шауқи ескі мен жаңаның арасындағы қақтығысты ашу, қоғамның бет-бейнесін ашу үшін оқиғаға басқа кейіпкерлерді қатыстырады:

4. Алмаз аға (الماز أغا)

Әлеуметтік иерархиялардың рөлі мен отбасылық өмірдің қыр-сырын ашатын қосымша кейіпкерді ойнайды. Пьесада Алмаз аға рөлі Худаның үйінің атмосферасын жақсартуға және сол кездегі әлеуметтік өмір шындығын жеткізуге көмектеседі.

Зейнабтан басқа көршілер қоғам тарапынан әйелдерге жасалатын қысымды көрсету, Худаның әрекеттеріне түсініктеме беру және оны айыптау үшін «хор» ретінде әрекет етеді. Пьесаның негізгі идеясы:

біріншіден, бостандық үшін күрес. Худа бейнесі жеке бостандыққа ұмтылуды көрсетеді. Оның әрбір батыл әрекеті теңдікке деген құлшынысын танытады.

екіншіден, әлеуметтік қысым. Зейнаб және басқа да көршілер бейнесі қоғамның әйелдерге белгіленген нормаларға сәйкес болу жолындағы қысымын көрсетеді. .

үшіншіден, патриархалдық құндылықтар. Абдель-Муним арқылы автор прогреске және жеке адамның еркіндігіне кедергі тударатын консервативті көзқарасты сынайды.

төртіншіден, әйелдер ынтымағы. Көршілері Худаның әрекетін жиі сынаса да, олардың өзара қарым-қатынасы қиын кезеңде әйелдердің бір-біріне қолдау көрсетуі қаншалықты маңызға ие екенін көрсетеді.

Ахмед Шауқи пьесада осы кейіпкерлер арқылы өз заманындағы араб қоғамына қатысты маңызды әйел тақырыбы, дәстүр мен жаңаның арасындағы қатынас сияқты тың мәселелерді көтереді: дәстүрді заманауи құндылықтармен қалай үйлестіруге болатынын, әйелдерге сайлау құқығын беруді және әлеуметтік шектеулерге қарсы тұру жолдарын талқыға салады. Шығарманың бас кейіпкері Худа айналасын өз батыл мінезімен және ойының еркіндігімен шабыттандыратын орталық тұлға бейнесінде сомдалған.

Ахмед Шауқи өзінің «مجنون ليلى» “Ләйлә-Мәжнүн” (1932) драмалық поэмасының желісіне классикалық араб поэзиясының Қайс (Мәжнүн) пен

Ләйләнің махаббаты туралы әйгілі аңызды алған. Поэмада ақын аталған махаббат жайлы оқиғаны жаңаша түсіндіре отырып, оған өз стилімен поэтикалық және философиялық өлшем береді. Осы жаңа стильде қайта жырланған қасыданың ерекшеліктерін анықтау үшін алдымен Ахмед Шауқи ұсынған негізгі идеяларды, ол қолданған көркемдік әдістер мен тәсілдерді қарастыру қажет [103].

Алдымен Мәжнүн мен Ләйлә хикаясы – араб мәдениетіндегі ең танымал махаббат аңыздарының бірі, ғашықтар арасындағы трагедиялық махаббат пен сезім, ғашықтық пен әлеуметтік шектеулер арасындағы қақтығысты бейнелейді. Ләйлә мен Мәжнүннің махаббат тақырыбы араб поэзиясында ғана емес, орта ғасырларда араб тілі мен мәдениетінің басқа халықтарға да таралуы нәтижесінде көршілес территорияларда да көп жырланған. Дәстүрлі араб поэзиясын көп оқып, терең танысқан Ахмед Шауқи де бұл тақырыпты тастап кетпеген. Ақын айтулы махаббат жырын ғашықтық сезім мен оқиға, тағдыр, адам болмысы жайлы терең философиялық толғаулармен байыта отырып «Ләйлә-Мәжнүн» пьесасын жазып шыққан. Нақтылай келгенде Ахмед Шауқи Қайстың Ләйләға деген махаббатын басты тақырып етіп ала отырып, оған жаңаша бояу мен үн береді. Біріншіден, ақын осы поэмасы арқылы өз шығармашылығының жаңа – лирикалық қырын танытады. Шауқи махаббатты жырлағанда оны тек бір-біріне ғашық екі адам арасындағы сезім деп емес, махаббат – жер бетіндегі шексіз құндылық деп бағалайды. Осы арқылы ақын дүниетанымының шексіздігі мен ішкі жан дүниесінің сыршылдығы көрінеді. Қасыданың негізгі оқиғасы – Қайстың бүкіл өмірінің мәніне айналған Лейлаға деген кіршіксіз махаббаты Шауқи тарапынан басқаша, жігіттің қызға деген жай сезімі ғана емес, адамды биік шыңға – көкке жақындататын рухани жол ретінде жырланады. Бұл Ахмед Шауқидің осы тақырыпты жырлаған барлық ақындар арасындағы жеке қолтаңбасын танытады.

Қайс пен Ләйләның арасындағы сүйіспеншілікке әлеуметтік тұрғыдан жол берілмеуі ол екеуінің ғана емес, олар сияқты сандаған жастардың басында да қайталанатындықтан қоғамдық мәселе – трагедия саналады.

Шауқи Мәжнүннің (Қайс) Шауқи өзінің адамгершілік, азаматтық ұстанымдарын бұл тақырыпта да айқын көрсетеді, ол махаббат тақырыбының өзінде жеке бас бостандығы мен әлеуметтік өмірдегі қағидаттар қайшылығын қозғайды. Қайстың өз сүйіктісі Ләйләмен бірге бола алмауын қоғамдағы қисынсыз айыптаулар салдарынан деп сынайды. Сондықтан ондағы жеке бас мәселесі мен қалыпты заңдылыққа айналып кеткен ғұрыптардың сәйкессіздігін көрсетеді.

Ақын екі жастың махаббатына мистикалық сипат береді, поэмада Ләйлә Мәжнүн қол жеткізе алмаған сұлулық пен шындықтың ең биік символына айналады. Поэма кейіпкерлерінің нақты бейнесіне тоқталсақ:

Ахмед Шауқи Қайсты (Мәжнүн) махаббатқа жан-тәнімен берілген ессіз ғашық бейнесінде сипаттайды. Оның «Мәжнүн» (ессіз) атануы жер бетіндегі барлық игілік атаулыдан бас тартып, рухани тазалыққа ұмтылысты білдіреді. Қайс оның барлығын Ләйләға арнаған монологтарында айтады, бір қарағанда

сүйгеніне арнаған ғашықтық жыр болғанмен, оның мазмұны махаббат табиғаты туралы терең лирика мен философиялық толғауларға толы.

Ләйлә – қол жетпес сұлулық пен кемелдіктің символы. Оның бейнесі – жер бетіндегі әйел ретінде шынайы, ал ғашық адам ұмтылатын идеал ретінде символдық. Ақынның осы шеберлігі Ләйланы тек Қайс қана емес, барлық араб және басқа шығыс ақындарының жырлауына себеп болған.

Пьесада отбасы мен қоғам бейнесі де беріледі, Ләйлә мен Қайстың туыстары екі ғашықтың құқықтары мен бостандығын шектейтін әлеуметтік топ болып көрсетіледі. Шауқи сондай-ақ поэмада философиялық ой айту үшін табиғатты қолданады, шығармада ақын суреттеген табиғат Мәжнүннің жүрегіндегі сезім мен ішкі күйінің айнасы қызметін атқарады. Мәжнүннің жапан даладағы жалғыздығы оның адамдардан – өз ортасынан алыстығын, жеке адам мен қоғам арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Ақын осы поэтикалық ойы мен толғауларды көркемдік техниканың әр түрін қолдана отырып жеткізеді. Шауқидің кейіпкерлер сезімінің тереңдігін жеткізу үшін ең жиі қолданатын поэтикалық құралдары – метафора, гипербола және аллегория. Мысалы,

«وَرَأَيْتُ تَلْتَمِ جَيْدَ اللَّيْلِ نُجُومُهُ» [103, 38 б.]

«Жұлдыздар түннің мойнын сүйе бастады» – түнгі аспанның бейнесін бере отырып, ақын жұлдыздарды сүйгеніне асыққан ғашықтарға теңейді. [103, 39 б.] «كَالْنَارِ تُضِيءُ قَلْبًا وَتُحْرِقُ أَحْرًا»

«Бір жүрекке сәуле шашып, екіншісін өртеген от сияқты» – бұл метафора арқылы махаббаттың екі түрлі сезім екенінің, яғни бір мезгілде қуаныш пен қайғыны қатар әкелетінін айтылады.

«فَيْسُ يَعْشُقُ حَتَّى تَقْنَى الدُّنْيَا» [103, 40 б.]

«Қайс дүние жойылып кеткенше сүйеді» – кейіпкер махаббатының шексіздігін көрсетеді.

«وَتُفَجِّرُ الشَّوْقَ كَالْبُرْكَانِ فِي قَلْبِهِ» [103, 41 б.]

«Оның жүрегіндегі сағыныш жанартау сияқты жарылады» – кейіпкер сезімінің қуаты жеткізіледі.

«الْحُبُّ سَجْنٌ، وَالْمَحْبُوبُ سَجَانٌ» [103, 42 б.]

«Махаббат – абақты, ал ғашық – тұтқын» – махаббат адамды тәуелді етіп, күйзеліске салатынын көрсететін аллегория.

«اللَّيْلُ عِبَاءَةٌ تُخْفِي الْأَحْزَانَ» [103, 43 б.]

«Түн уайымды жабатын жамылғы» – түн тыныштығында уайым мен қайғыдан жасырынуды көрсететін аллегория.

Мәжнүн монологтары терең философиялық толғауларға толы болғандықтан шығармаға қосымша тылсымдық сипат береді, ал басқа кейіпкерлер арасындағы диалогтар махаббат пен қоғам арасындағы қызу тартысты ашудың кілті ретінде беріледі.

«وَأَعْلَمُ أَنَّ الْهَوَى وَاحِدٌ حَوَى الْمُسْتَهَامِينَ فِي أَسْرِهِ،

وَأَنَّ التِّي سَحَرَتْ قَلْبَهُ مَدْلَهَةٌ مِنْ سَحَرِهِ» [103, 44 б.]

«Махаббаттың бір екенін және ғашықтарды тұтқындайтынын, сүйгеннің жүрегін сиқырлап баурағанын білемін». Немесе

وأبقي هوايَ عبقرياً
يسلبُ العقلَ من ذويه ويردي
لا الحواميمُ تصرفُ الجنَّ عَنَّا
ولا الهوى يُداوى بلا شكاوى [103, 45 б.]

Уа, менің махаббатым! Сен данышпансың!

Ақыл-ойды иесінен айырасың.

Айналадағылардың бәрін өлімге әкелесің,

Бұл жынды рухты бізден періштелер де қуып шығара алмайды.

Жоғарыда айтылғандай ең жиі кездесетін символ – Ләйлә, ол – ең биік ақиқаттың символы. Айдала – жалғыздық, аптап күн астындағы шөл – рухани жол, әрі тазарудың символы.

Кейіпкерлер арасындағы оттай лаулаған махаббатқа қарамастан олардың тағдырларының бір-бірінен бөлек болуы адам болмысының ирониясын айқын көрсетеді, ақын шығармасының бар шындығы сұлулық пен терең махаббаттың соңы трагедия болып аяқталуында. Ахмед Шауқи махаббатты жердегі шынайы өмірде қол жетпейтін, бірақ ғашық жанды биік шыңға көтеруге қабілетті ең жоғары ақиқат ретінде ұсынады.

Ахмед Шауқидің “Ләйлә-Мәжнүн” туындысы классикалық сюжеттің өңделіп қайта ұсынылған нұсқасы емес, махаббат, адам болмысының трагедиясы және қарапайым адамның өмірдің мәнін іздеуі туралы терең философиялық ой толғау. Ақынның “Ләйлә-Мәжнүн” песасы тақырыбының мәңгілігі мен поэтикалық көркемдігіне сай басқа шығармалары арасында бірегей туынды болып жеке тұрады.

Ахмед Шауқи поэзиясының негізгі қайнар көзі – классикалық араб поэзиясы. Ақынның стилі араб поэзиясының дәстүрін жалғастыратын талғампаздық сипатқа ие, яғни ақын шығармашылығын оқып-түсіну және талдау үшін классикалық поэзияның басты ерекшелігін білуді қажет етеді. Ол тек семантикалық қана емес, ырғақ пен араб тілінің фонетикалық (дыбыстық) үйлесім заңдылықтарымен байланысты.

Сарай поэзиясы немесе мадақ жанры (мадх) – араб поэзиясының ең ежелгі, исламға дейінгі және орта ғасырларда саясат пен діни насихат үшін белсенді қолданылған жанры, үнемі ауызша туып, ауызша оқылатындықтан мадақ айтушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Арнаудың мағынасы ғана емес, көркемдік жағы, әсіресе әсерлі дыбысталуы айтарлықтай мәнге ие. Ақын алдымен сарай ақыны ретінде осы шеберлікті меңгерген, мадақ жырлары арқылы ақын болып қалыптасты. Сарай иесін барынша ықпалды, көрнекі бейнесін жасау үшін Шауқи араб классиктерін көп оқып үйренеді. Имруль-Қайс, Ибн Аби Рабиа, Әл-Мутанабби, сияқты ақындардың мұрасын зерттеп, араб поэзиясында ертеден қалыптасқан көркемдік құралдарды жиі қолданады. Ол өзінің поэзиялық стилін классикалық араб әдебиетінің бай дәстүрін жаңашыл идеялармен, қоғамдық және философиялық тақырыптармен байланыстыру арқылы қалыптастыруды көздеді. Ахмед Шауқи поэзиясының көркемдік құралдары, ол қолданған метафоралар, аллегориялар және риторикалық фигуралар осыған дәлел.

Поэтикалық ойдың көркемдік құралдары

الحياة بحرٌ واسعٌ، والأمواجُ كالأيامِ، تدفعُ المراكبَ إلى قدرٍ محتومٍ [104, 72 б.]

«Өмір – шексіз теңіз, ал толқындар кемелерді еріксіз тағдырға итермелейтін күндер сияқты» – ақын поэтикалық ойын әсерлі жеткізу үшін қолданған метафора. Теңіз адамның өмір жолын, ал толқындар оның өмірінде кездесетін сынақтарды бейнелейді және ол күндер теңіздегі толқын тәрізді толассыз ауысып отырады. Мұндағы метафора (الاستعارة) «теңіз» (بحرٌ) араб географиясына тән ерекшелік. Қазақ халқының ұғымындағы кең байтақ дала тәрізді араб халқы үшін теңіз өмірдің символы, күндер толқын сияқты бірде буырқанып, бірде саябырлап өтетінін бейнелеу үшін ақын өз халқының дүниетанымына жақын, түсінікті табиғат құбылысын алады.

Келесі бір өлеңінде ақын өмірді метафорамен сипаттауға «өзен» (نهرٌ) бейнесін қолданады, себебі, Ніл өзені Мысырдағы өмірдің бастауы:

الحياة نهرٌ عظيمٌ، يفيضُ بالخيراتِ لكنه لا يتوقف [105, 56 б.]

«Өмір - жақсылыққа толы, бірақ тоқтамайтын ұлы өзен» – үнемі қозғалыстағы, уақыттың ағыны мен молшылықты бейнелейтін өзен символы.

Білім мен ғылымның адам өміріндегі орнына арналған қасыдасында ақын оның маңызын аллегория арқылы қараңғы түнекке қарсы қояды:

العلم نورٌ يبينُ الدروبَ، والجهلُ ظلامٌ يُثقلُ الروحَ [106, 81 б.]

«Білім жолға жарық беретін нұр, ал сауатсыздық жанға салмақ салатын түнек» – ақын үнемі қоғамның даму жолы оқу мен білімде екенін айтады.

Ақынның пайымынша оқу мен білім адам еркіндігінің негізгі құралы:

العلمُ جناحٌ، يخلقُ به الإنسانُ إلى القمم [106, 82 б.]

«Білім – адамның шыңдарға қағатын қанаты» – ақын білімді адамды қанатты құсқа теңейді, қанатымен еркін самғап, биіктерге жететінін айтады.

Мысыр мен Ніл туралы Отан тақырыбындағы қасыдасында ақын

تحدث النیل وقال: أنا قلبُ مصرَ النابضِ [106, 84 б.]

«Ніл: «Мен Мысырдың соғып тұрған жүрегімін» деп үн қатты» деген жолда ақын Мысыр мен Нілге «жан бітіріп» адамға тән қимыл береді. Мысырлықтардың өміріндегі Нілдің орны мен рөлін көрсету үшін Мысырдың әлемдік мәңгілігін Нілмен байланыстырады, Мысырдың жаны болса, Ніл оның халқының тарихы мен мәдениетінің өшпейтін даусын жеткізеді. Символдық мәні жағынан да, тарихи тұрғыдан да *Мысыр* мен *Ніл* – егіз ұғым. Адам мен табиғаттың байланысын көрсете отырып, Шауқи отанына мақтаныш сезім арқылы халықтың рухын көтеруді жалғастырады. Ақын үшін замандас мысырлықтардың бейнесі перғауындар тарихымен тығыз байланысты. Ол «Отан» бейнесін өмір мен Мысырдың бірегейлігінің қайнар көзі – Нілмен байланыстырады және үнемі жаны бар тіршілік иесі ретінде сипаттайды:

«النیلُ دمُ الحياةِ يجري في عروقِ مصرَ» [106, 85 б.]

«Ніл – Мысырдың тамырында ағып жатқан өмір қаны» – Ніл өзенін ақын елдің күретамырына теңейді, халық пен тарих сияқты бір-бірінен ажырамас егіз ұғым. Нілдің ағысына қарап Шауқи елдің тарихы жайлы терең ойға батады.

Ақын адам бойында ерекше бағалайтын қасиеттердің бірі – оның рухы, батылдығы. Шауқи күрескер халықтың бойынан ержүректікті көргісі келеді.

«هو الأسدُ في الوغى، والريحُ في السباقِ» [106, 86 б.]

«Ол шайқаста – арыстан, жарыста – жел».

Ақын мұнда адам рухының биіктігін ерекше атап көрсету үшін арыстан мен жүйрік желді қолданады, рухты адам арыстандай күшті, желдей ұшқыр, ерлерді осы осы теңеу арқылы шабыттандырады.

Ақынның ойында жастық шақтағы күш-қайрат пен жігер от пен дауыл сияқты жалындайды, сондықтан ол жайлы былай дейді:

«الشبابُ نارٌ مشتعلَةٌ، تحرقُ كلَّ عِزٍّ» [107, 36 б.]

«Жастық – барлық әлсіздікті сөндіретін лаулаған от» – мұнда жастық шақ күш-қуат пен қайраттың және бірбетк ейліктің символы отқа теңелген.

Ахмед Шауқи өз шығармашылығында өмірдегі бар жақсылық пен жамандық атаулыны бір-біріне қарсы қою арқылы Абайдың халыққа «неге асық, неден қашық болуды» үйреткеніндей, қоғамды неден үйреніп неден жирену керегіне тәрбиелейді.

«إذا ارتفع العدلُ سقطَ الظلمُ، وإذا سادَ العلمُ غابَ الجهلُ» [107, 38 б.]

«Әділдік көтерілсе әділетсіздік құлайды, білім үстем болса, сауатсыздық жойылады».

Ақын ізгілік пен жамандықты, білім мен қараңғылықты, өмір мен өлімді бір-біріне қарама-қойып түсіндіреді, сол арқылы оқырманына айтпақшы ойын әсерлі жеткізеді. Өмірдегі әділдік пен зұлымдықты бұл тәсілмен түсіндіру оқырманның эмоциясына ғана әсер етіп қоймай, оны адамгершілік құндылықтар туралы еріксіз ойлануға мәжбүрлейді.

Әділдік тақырыбы Ахмад Шауқи өлеңдерінде тепе-теңдік ұғымымен қатар беріледі:

«العدلُ ميزانُ السماءِ، لا يميلُ ولا يخونُ» [107, 42 б.]

«Әділдік – аспан таразысы, ол қисаймайды және сатқындық та жасамайды» – ақын бұл жерде ميزانُ السماءِ «аспан таразысы» деп Алланың әділдігін айтады. Ақын өлеңдегі бір жолмен, қысқа да нұсқа ислам діні заңдары бойынша есеп күнінде Алла адамзат атаулының тіршілікте істеген бүкіл амалдарын таразыға салатынын, солайша әр адамның өмірдегі істеген әрекеттері оның кім екенін анықтап беретінін ескертеді. Алланың таразысы – ең тура таразы, оны ешкім алдай алмайды және құтылмайды. Ақын осы символ арқылы қоғамды ізгілікке шақырып, күнә жасаудан сақтануды насихаттайды.

Тағы бірде ақын оқырманға сұрақ қойып өзімен сұхбаттасуға шақырады:

«كيف ينامُ من يحملُ همَّ أُمَّةٍ؟» [107, 65 б.]

«Ұлттың жүгін арқалаған адам қалай ұйықтайды?»

Шауқи бұл риторикалық сұрақты оқырманға өмірдің мәні, әділдік, әркімнің қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы ой тастау үшін қолданады. Ақынның пайымынша дамыған қоғамда өмір сүргісі келген әр азамат өзінің ұлтының алдында жауапкершілік сезінуі тиіс. Ұлты үшін еңбектенген адам үнемі ізденіс пен ой үстінде жүретін адам, сондықтан еркіндік пен даму тұтас қоғамның жауапкершілігі деп түсіндіреді.

Еңбекқор адам бейнесі Шауқи шығармашылығында табиғатпен бірге ашылады, ол қарапайым тұрғындардың еңбегін табысқа жеткізуші жол деп

санайды. Еңбек адамы ол үшін жерге дән еккен адам, яғни табиғатпен байланыста өмір сүреді:

«العملُ بذرةٌ صالحةٌ، تنبتُ أزهارَ النجاج» [107, 60 б.]

«Еңбек – табыстың гүлін өсіретін жақсы дән» – еңбек жерге еккен дән сияқты, оны күтіп өсірсең өнімін аласың дегенді нұсқайды. Абайдың «Отыз үшінші қара сөзіндегі» еңбек туралы ақылымен, сондай-ақ қазақ халқыны осы тақырыптағы белгілі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» нақылымен үндес.

Сонымен қатар ақын адам тағдыры, оның өмірде көретін тауқыметі және күресі жайлы философиясын қысқа, түйіндеп жеткізеді:

«الدنيا مرآةُ الأقدارِ، تعكسُ ما في القلب» [108, 82 б.]

«Дүние – жүректе барды бейнелейтін тағдырдың айнасы» – мұнда бүкіл әлем (дүние?) сыртқы жағдайдың адамның ішкі жан дүниесіне тәуелділігін көрсететін айна ретінде сипатталған.

Шауқи өлеңдерінде адам бойындағы ерлік пен намыс та көбіне табиғат образы арқылы бейнеленеді:

«البطلُ جبلٌ شامخٌ، لا تهزُّه الرياحُ» [108, 46 б.]

«Батыр – асқақ тау, оны жел де қозғай алмайды»

Батырды тұрақтылықтың, табандылықтың және ұлылықтың символы тауға теңейді, сол арқылы бір жағынан ойын әсірелесе, екінші жағынан ерлер мен батырларды мадақтап, рухын көтереді.

Ахмед Шауқидің поэзиясында «قلب» (жүрек) сөзінің символдық қолданысы жиі кездеседі, ақын жүректі адам эмоциялары мен рухани әлемін бейнелеу үшін қолданады. «قلب» «жүрек» сөзімен ақынның өлеңдерінен бірнеше мысалға және оның символдық мағынасына қарасақ:

«Жүрек – махаббат мекені»

وما الحبُّ إلا صفاءُ القلوبِ
وما القلبُ إلا جمالُ النفوسِ [109, 1 б.]

«Махаббат – бұл жүректің тазалығы,

Жүрек – бұл рухтың сұлулығы» – бұл жолдарда жүрек махаббат пен рухани тазалықтың орны ретінде сипатталады.

«Жүректің жарасы»

جَرَحُوا قَلْبِي الصَّبِيَّ وَلَمْ يَتْرُكُوا
لِي فِي الْحَبِّ فُؤَاداً مُعَافَى [109, 1 б.]

«Олар менің балаң жүрегімді жаралады,

Махаббат та маған сау жүрек қалдырмады» – бұл жерде ақын махаббаттың жүрекке тигізген ауыртпалығын сипаттайды.

«Қанаты сынған жүрек»

يا قلبُ صَبِراً عَلَى بَلَوَاهُ
فَالصَّبْرُ شِيْمَةٌ أَرْبَابِ الْهَوَى [109, 1 б.]

«Ей, жүрек, азабына сабыр ет,

Сабыр – махаббат иелерінің қасиеті» – бұл өлеңде жүрекке сабырлықтың қажеттігі айтылады.

«Жүректің үн қатуы»

قُلُوبِي يُنَادِي قَلْبَهَا

وَيَقُولُ كُونِي رَحِيمَةً [109, 1 6].

«Менің жүрегім оның жүрегін шақырады,
Ол мейірімді болуын сұрайды» – мұнда жүрек махаббат пен
жанашырлықтың үндеушісі ретінде көрініс табады.
«Жүректің жанқиярлығы»

تَبَرَّعَ الْقَلْبُ لِلْحُبِّ حَتَّى
لَمْ يَبْقَ فِيهِ لِغَيْرِ الْحُبِّ مَكَانٌ [109].

«Жүрек махаббатқа толығымен берілді,
Онда махаббаттан басқаға орын қалмады» – өлеңде жүректің толықтай
махаббатқа арналғаны туралы айтылады.

Ақын өз ойын оқырманға түсінікті, жеңіл жолмен жеткізу үшін абстрактілі
ұғымдарды басқа да ұтымды символдар қолданады :

« كن كالطير في السماء، حرًا لا تقيدُه قيودُ البشر » [109].

«Аспандағы құстай бол, еркін ұш, адамдардың шектеуіне байланба» –
ақын адамның мүмкіндігінің шексіздігіне, сол үшін биікке ұмтылып, самғауға
шақырады, болашаққа күдікпен қарайтын, шаршаған адамдардың үміт отын
жағуға тырысады. Ол үшін тілдің көркемдік құралдарын пайдаланады. Ахмед
Шауқи жиі қолданатын символдар:

أسد - Арыстан – күш-қайрат, батылдық;

قمر - Ай – сұлулық пен шабыт;

طائر - Құс – еркіндік;

بحر - Теңіз – өмір

نور - Сәуле, нұр – білім;

ظلم - Түнек – сауатсыздық.

Эпитеттер ақын өлеңдерінің эмоциялық әсерін күшейтіп, бейнелілік
береді, мысалы, «الشمس الذهبية» – алтын күн, «الليل الحالك» – қараңғы түн. Эпитеттер
бірде айқын, тікелей сипаттау жолымен, бірде астарлы, поэтикалық бейнелеу
түрінде жеткізіледі:

«يا نَسِيمَ الصَّبَا الرُّوحِي طَيِّبٌ» [110].

«О, жағымды таңғы самал» – мұнда «الرُّوحِي» (рухани) эпитеті самал желдің
нәзіктігі мен жанға жайлылығын сипаттау үшін қолданылған.

«الدَّهْرُ غَدَارٌ لَا أَمَانَ لَهُ» [110].

«Уақыт – опасыз және онда қауіпсіздік жоқ» – «غَدَارٌ» (опасыз) эпитеті
уақыттың тұрақсыздығын және өтпелілігінен білдіреді.

«وَطَيْبُ النَّسِيمِ يَرَوِي الْحَنِينَ» [110].

«Самалдың жайлылығы сағынышты басады» – «طَيْبٌ» (жайлы, жақсы)
эпитеті самал желдің адамның тәнімен бірге жанын да рахатқа бөлейтінін
жеткізеді.

«كَانَ النُّجُومَ عَيُونٌ تَبْكِي» [110].

«Жұлдыздар жылап тұрғандай» – «عَيُونٌ تَبْكِي» (жылаған көздер) эпитеті
жұлдыздардың жарығының әсері адам басына түскен қайғының сипатымен
салыстырылады.

«يا نَجْمَةُ الصُّبْحِ الْمُشْرِقَةِ» [110].

«О, жайнаған таң жұлдызы» – «الْمُشْرِقَةِ» (жарқыраған) эпитеті таңғы
жұлдыздың жарқыраған сұлу бейнесін көрсетеді.

Шауқи махабатты адам бойындағы ең нәзік, жүрек пен жанды бірдей тербейтін сезім, ал ғашық адам бейнесін жүрегіне күн сәулесі жарық төккен әлемдегі ең бақытты адам деп сипаттайды:

«الحبُّ شمسٌ تُشرقُ في ظلامِ الروح» [110].

«Махаббат - (адам) жанының қараңғылығына сәуле шашқан күн» – «күн», «сәуле» Шауқи поэзиясында махаббат тақырыбында жиі қолданылатын метафоралар. *Махаббат* жылу мен нұр шашатын күнге теңеледі, ол ең қараңғы жердің өзін жарық етеді дегенде ақын тіпті қатал адамның өзінде махаббат сезімі оянса, жүрегінің жұмсаратынын айтады.

Ахмед Шауқи өлеңдерінде араб географиясының және аспан әлемінің көркем көріністері ақынның поэтикалық ойының әсерлі, бейнелі жетуіне қызмет етеді. Ақын өз поэзиясында классикалық араб әдеби дәстүрін жаңа қолданыстармен үйлестірді. Адам мен табиғат бейнесі араб поэтикалық дәстүрінде ертеден басты орында тұрады, адам бейнесі қай халықтың әдебиеті болмасын ескірмейтін тақырып, ал араб қоғамында ол өзіндік мәнге ие. Көне замандардан бейбітшілік, еркіндік, рухани даму үшін күресіп келе жатқан араб елдерінің қай қайсының болмасын әдебиетінде ержүрек, батыл, қайратты адам бейнесі тұрақты образға айналған. Әділдік, бостандық үшін күрескер адам бейнесі – күні бүгінге дейін араб әдебиетінің ең жиі, тұрақты түрде сомдалатын, бір ғана мемлекеттің емес, тұтас араб ұлтына ортақ бейне. Сондықтан ол Шауқидің шығармашылығынан да тұрақты орын алады.

Ахмед Шауқидің поэзиясында символдық және риторикалық мәнге ие метафора, аллегория, теңеу сияқты тілдің көркемдік құралдары адам бейнесінің түрлі қырларын ашып, оның жеке және қоғамдық өмірінің мән-мағынасын түсіндіреді және адамгершілік, рухани жетілу, тәрбие, туған жерге, адамзатқа деген сүйіспеншіліктің маңызын көрсетуге қызмет етеді. Тіл фигуралары ақынның адам бейнесін сомдаудағы көркемдік тәсілдерінің тереңдігін көрсетеді. Ақын өлеңдерінде жасалған адам бейнелері өзінің жан-жақтылығы, жарқындығы, әмбебаптығы және ассоциацияларының байлығымен ерекшеленеді. Бұл шеберлік Ахмед Шауқи шығармашылығының араб әдебиетінде ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің поэтикалық дәстүрінде ерекше орынға ие екендігінің дәлелі.

3.3 Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесі парадигмаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Әдеби мәтіндегі автордың поэтикалық тілмен айтқан ойын барынша толық түсінуге герменевтика мүмкіндік береді. Философиялық әдіс ретінде герменевтика мәтіннің астарындағы мағынасын, автордың идеяларын және оқырманның оларды түсініп-қабылдауын зерделеуге бағытталған. Герменевтикалық әдіс қазақ және араб әдебиетінің белгілі екі тұлғасы, көрнекі ақындар Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқидің поэзиясындағы адам бейнесін салыстыра зерттеу үшін тиімді әдіс болып таңдалды.

Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқи – әрқайсысы шығармалары арқылы өз ұлтының рухани дамуын жаңа деңгейге көтерген көрнекті тұлғалар.

Олардың поэзиялық мұрасы адамның рухани дамуы, қоғамдағы орны және моральдық құндылықтар туралы терең философияны қамтиды. Осы тақырыпқа арналған зерттеуде екі ақынның шығармаларында адам бейнесінің жасалуына жүргізілген герменевтикалық талдау олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Абай мен Ахмед Шауқиді екі ұлттық әдебиеттің өкілі ретінде алып, шығармаларын өзара салыстырғанда олардың поэзиясының ұқсас жақтарын байқауға болады. Ол ұқсастықтар ең алдымен ортақ тақырыптар мен идеялар:

1. Абай мен Шауқи шығармаларында адамгершілік, әділдік, ізденіс және кемелдену идеялары басты орын алады. Жоғарыда айтылғандай «толық адам» идеясы Абай философиясының шыңы. Ақын шығармашылығы тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы адамзаттың кемелденуі үшін қажет идеялар мен даналықтың қайнар көзі. Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде өз халқына айтар ойын

«Бірінді, қазақ, бірін дос
Көрмесен, істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас»

деп жеткізсе, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті»

деп өзінің адамгершілік идеясының түпкі мәнін бекітті.

Ахмед Шауқи өлеңдеріндегі «وَإِذَا النُّفُوسُ كُبِرَتْ بِالْعِلْمِ وَالْهُدَى» «Адамның жаны білім мен ғибратпен өскенде», «وَالنَّفْسُ مِثْلُ الْكَوْكَبِ الزَّاهِرِ» «Жан жарқыраған жұлдыз сияқты», «إِذَا غَدَوْتَ الْعَقْلَ بِالْعِلْمِ صِرْتَ مُثْلِي» «Ақылың біліммен сусындаса, өзгелерге үлгі боласың» сияқты жолдар ақынның адамдардың адамгершілік қасиеттері, әдеп нормалары және білімінің арасындағы ажырамас байланысты түсіндіретінін көрсетеді. Шауқи де ұлт болашағын жастардың қолында деп біліп, оларды білім алуға, оқу-ағартуға үндейді. Жастарға арнаған өлеңінде:

أَنْتُمْ رُوحُ الْبِلَادِ وَالْعَمَلِ	يا شباب الشرق عنوان الأمل
مَلَكُ الْعَقْلِ سَبِيلًا لِلْعَمَلِ	حسبكم في الكائنات العقل إن

[111, 19 б.].

«Шығыс жастары, сендер – үміттің нышаны,
Елдің рухы, болашақтың күші сендер.
Жеткілікті, адамға ақыл берілді,
Ақылды еңбекке арнасаң, бәрі мүмкін»

деп жастарға деген сенімін жеткізеді және оларды білім арқылы елдің болашағын жасауға шақырады.

Ақын адамгершілікке тәрбиелеудің жеке адам ғана емес, қоғамның өркендеуі үшін маңызын, білім оның іргетасы екенін баса айтады:

فإن هم ذهبوا أخلاقهم ذهبوا	إنما الأمم الأخلاق ما بقيت
تهدم السقف لما فُقد الأساس	وإن بُنيت بغير العلم ملكهم

[111, 20 б.].

«Адамгершілік – ұлттардың тірегі,
Егер ол жоғалса, ұлт та жоғалады.
Ғылымсыз тұрғызылған билік,
Егер негізі мықты болмаса құлайды».

Шауқидің «Ұлттар адамгершілігі сақталғанша ғана өмір сүреді, ал адамгершілігі жоғалса, өздері де жоғалады» деген жолдары араб ұлты мен гуманизмі жайлы қанатты сөзге айналған.

2. Оқу-білім, ағартушылық идея. Адамның оқып, білім жолында дамуы Абай мен Шауқи поэзиясынан басты орын алатын тақырыптардың бірі, бұдан екі ақынның да ағартушылық, халыққа қызмет ету идеясы анық көрінеді. Абайдың адамға қатысты философиясы «толық адам» іліміне негізделгендіктен, бұл ақынның ең көп және терең жырлаған тақырыбы саналады. Ақын «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Ғылым таппай мақтанба», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Білімдіден шыққан сөз», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Сегіз аяқ», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» және т.б. өлеңдерінде рухани және этикалық қасиеттерді өмір бойы жетілдіру керек екенін насихаттайды.

Ахмед Шауқи жеке адамға да, қоғам деңгейінде де адамның өзін-өзі тәрбиелеуінің маңызын насихаттау үшін өлеңмен үндеу жасайды. Оның ақын ретіндегі бір миссиясы ағартушылыққа ұмтылыс, биік адамгершілік мұраттарды қалыптастыру болды. Ақын әділдік пен адамгершілікті насихаттайтын әйгілі «قم للمعلم» «Мұғалімге орныңнан тұр» өлеңінде әділ ұстаныммен берілген тәрбие шәкірт бойында әділдікті қалыптастырса, әділетсіз мұғалім жастардың әділдікке талпынысын жоятынын айтады:

رَبُّوا عَلَى الْإِنصَافِ فِتْيَانِ الْحَمِي	تَجِدُوهُمْ كَهَفِ الْحَقِوقِ كَهُولَا
فَهُوَ الَّذِي يَبْنِي الطَّبَاعَ قَوِيْمَةً	وَهُوَ الَّذِي يَبْنِي النُّفُوسَ عُدُولَا
وَإِذَا الْمُعَلِّمُ لَمْ يَكُنْ عَدْلًا، مَشَى	رُوحَ الْعَدَالَةِ فِي الشَّبَابِ ضَنْيَلَا

[112].

Киелі жердің жастарын әділдікке тәрбиеле,
Сонда сен оларды құқық пен даналықтың кенішіндей қыласың.
Ол түзу жаратылыстарды жасайды, ол әділ жандарды тұрғызады.
Ұстаз әділ болмаса, жастардың бойында әділдік рухы әлсіз болады.

Ақын ағарту саласының қоғам дамуындағы онын жоғары бағалаумен қатар, ондағы мұғалімнің тек білім беруші ғана емес, ақыл-ой иелерін қалыптастырудағы рөлін көрсету үшін оны пайғамбарға теңейді:

كَادَ الْمُعَلِّمُ أَنْ يَكُونَ رَسُولَا	قُمْ لِلْمُعَلِّمِ وَفِيهِ التَّجْبِيْلَا
يَبْنِي وَيُنْشِئُ أَنْفُسًا وَعُقُولَا؟	أَعْلِمْتَ أَشْرَفَ أَوْ أَجَلَّ مِنَ الَّذِي

[112].

«Мұғалімге бас иіп, құрмет көрсет,
Ол пайғамбардай ұлы міндет атқарады.
Өмірде ақыл-ой мен рухты
Қалыптастыратыннан асқан құрметті кім бар?».

Абай мен Ахмед Шауқидің ағартушылық, адамгершілік, руханият тақырыбындағы өлеңдерінің идеясы үндес, екі ақын да қоғамның даму

жолдарын терең біліммен ғана емес, жан-жақты тәрбиемен байланыстырады. Олар қоғам жеке адамдардан тұратынын, оның дамуына әркім үлес қосатынын, сол үшін адам өзін-өзі үнемі тәрбиелеп, кемелденуі қажеттігін айтады, оның жолдарын өлеңмен ғана шектемей өз істерімен де көрсетеді.

3. Абай мен Ахмед Шауқи поэзиясындағы келесі ортақ тақырып – адам мен табиғаттың тығыз байланысы. Алдыңғы тарауда көрсетілгендей, адам тіршілігі өзі өмір сүретін табиғатпен астасып жатыр. Абай адамның ішкі жан дүниесін, сыртқы келбетін, мінезін суреттегенде табиғат көріністерін, жыл мезгілдерін поэтикалық құрал ретінде пайдаланса, Шауқи адамды тәрбиелеудегі табиғаттың рөлін көрсетеді, мысалы, Мысыр табиғаты мен Нілдің көріністері арқылы ақын оқырманын елінің өткен тарихын мақтан тұтуға үйретеді, Отанын сүйге, қорғауға жігерлендіреді.

Абайдың табиғат лирикасы, жыл мезгілдері тақырыбындағы «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қараңғы түнде тау қалғып» т.б. өлеңдері қазақ халқының тұрмысын, адам өмірінің әртүрлі кезеңдерін терең сипаттайды.

«Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,

Көшіп ауыл қонғанда» – деп бастап ақын қазақ даласын оның тіршілігінің бастауы деп бейнелейді.

Ахмед Шауқидің «مَرْحَبًا بِالزَّيْبِعِ فِي رَيْعَانِهِ» «Көктемге қош келдіңіз» өлеңінде табиғаттың жаңаруы мен адамның да серпілісі, жаңа күнге ұмтылысы, үміті байланыстырылады:

وَبِأَنْوَارِهِ وَطِيبِ زَمَانِهِ مَرْحَبًا بِالزَّيْبِعِ فِي رَيْعَانِهِ
رَوْشَبِّ الزَّمَانِ فِي مَهْرَجَانِهِ رَفَّتِ الْأَرْضُ فِي مَوَاجِبِ آدَا

[113].

«Көктемнің шарықтау шегіне қош келдіңіз,
Оның нұрларына және уақыттың тәттілігіне.
Көктем керуендерінде жер желпінді,
Уақыт өзінің мейрамында жаңарды».

Ақындар адам мен табиғатты бір-бірімен тығыз байланыста жырлау арқылы, өмірлік терең философия түйіп, туған жер мен Отанға деген сүйіспеншілікті насихаттайды.

4. Ұлт пен мәдениетке деген сүйіспеншілік. Абай мен Ахмед Шауқи ақын, ағартушы және ұлт көсемі ретінде туған халқының рухани дамуына көп көңіл бөлген. Олар шығармашылықтары арқылы өз ұлты мен оның мәдениетіне деген терең сүйіспеншіліктерін көрсетті. Абай «Интернатта оқып жүр», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге сияқты өлеңдерінде» халықтың рухани дамуын біліммен байланыстырып, адамның жан-жақты болуын терең насихаттайды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде ақын халқының рухани ахуалына тоқталып, оның бойындағы кемшіліктер үшін күйінеді, келер ұрпақтың жақсы мен жаманды айырып үйренуін, «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» өлеңінде

«Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз»

деп білім іздеген жастардың көкірек көзі ояу, яғни рухани тәрбиесі болуын өсиет етеді, рухани кемелдікке тек білім емес, жан байлығы да керек дейді.

Ахмед Шауқи өз халқының патриоты ретінде араб мәдениеті мен тілін, дәстүрі мен ұлттық бірегейлігін сақтауға үндеді. Араб халқының рухани құндылығы мен ұлттық бірегейлігінің символы ретінде араб тіліне мадақ арнады, Араб тіліне аранған қасыдасында ақын: .

جعل الجمال وسره في الضاد «إِنَّ الَّذِي مَلَأَ اللُّغَاتِ مُحَاسِنًا
طويت أتاح لها لسان الضاد فإذا أراد الله نشر فضيلة

[114].

«Тілдерді сұлулықпен толтырған адам
«Дад» әрпіне сұлулық пен оның сырын салған.
Егер Алла бір жақсылықты жасырын таратқысы келсе,
Оның араб тілінде айтылуына мүмкіндік береді»
деп араб тілінің ерекше мәртебесін көрсетеді. Келесі өлеңінде

وطني لو شغلْتُ بالخُلْدِ عنه نازعتني إليه في الخُلْدِ نفسي
صننت نفسي عما يُدنس نفسي وترفعتُ عن ندى كل جبس

[115].

«Отаным, мәңгілік қамын ойласам,
Мәңгілікке жаным соны алуға ұмтылар еді.
Мен өзімді жанымды бұзатын нәрселерден қорғадым
және мен әр сылақтағы шықтан жоғары көтерілдім»
деп отанды сүю мен жан тазалығының байланысын көрсетеді.

5. Ақындық миссия, поэзияның рухани қызметі. Абай мен Ахмед Шауқи сөз құдіреті, тілдің қоғамдық қызметі, руханият пен мәдениеттегі, ағартушылық қозғалыстағы мәні сияқты мәселелерде ұқсас идеялар айтады. Абай поэзияның қоғамдағы қызметін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп тұжырымдады. Бұл өлеңінде поэзияның құдыретін, ақындық ғұмырының мәнін түсіндірді. Аталған өлеңнен басқа «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Сегіз аяқ» т.б. поэзияның көркемдік және қоғамдық қызметі, ақындық өнер жайлы өлеңдерінде сөз өнерінің дәрежесі, ақынға қойылатын талаптар, ақындардың рухани өмірдегі рөлі, қоғам алдындағы жауапкершілігі сияқты мәселелерді түсіндіреді. Ол нағыз ақынның бойында табиғи дарыннан бөлек адалдық, терең білім және әділеттіліктің болуын маңызды деп атайды. Абай ақындықты қасиетті өнер ретінде бағалап, оны қазақ әдебиетінде өз шығармашылығы арқылы дәлелдеді.

Ахмед Шауқи – «ақындардың әмірі», ақынның қоғамдағы рөлін ең алдымен халықты дұрыс жолға бағыттаумен байланыстырып, мәдени және моральдық құндылықтарды насихаттауды оның ұлт алдындағы жауапкершілігі деп түсіндірді және өзінің ақындық жолын сол міндетті атқаруға арнады. Шауқидің өлеңдерінде поэзия мен ақындықтың маңызы классикалық ұстаным

мен жаңа заманғы көзқарас ұштастырыла түсіндіріледі. قصيدة «قف بالمعزة وامسح خذها التراب» «Мааррада тоқта да, оның бетінен топырақты сұрт» өлеңінде Ахмед Шауқи араб әдебиетінің ойшылы, ұлы ақын Әбу Ала әл-Маарриді (973-1057 немесе 1058 қ.б.) *писа* арқылы еске алып, философ ақынның поэзия мен ұрпақтың рухани тәрбиесіндегі рөлін атап көрсетеді.

«قف بالمعزة وامسح خذها التراب واستوح من طيف أبي العلاء غرباً»

[116]

«Қасиетті Мааррада тоқта да, оның бетінен топырақты сұрт,

Әбу Ала әл-Маарридің рухынан шабыт ал!» деп ақынның өлеңдерін осы жолдағы әр адамға мәңгілік асыл мұра, үлгі ретінде көрсетеді.

«Ақын – ұлттың тілі» (إن الشاعر هو لسان الأمة) қасыдасында Ахмед Шауқи ақынды ұлттың көкейіндегі ой мен тілекті жеткізуші күрескер деп бейнелеп, поэзияны халықтың санасын оятатын құрал ретінде қарастырады. Ол

«قف دون رأيك في الحياة مجاهداً إن الحياة عقيدة وجهاد»

[116]

«Өмірде өз ойыңды қорғай біл,

Өмір – сенім мен күрестен тұрады!» деп ақындарға өз тарапынан да ақыл-кеңес беріп, қоғамдағы міндеттерін түсіндіреді.

Абай мен Ахмед Шауқи поэзияның басқа өнер-білімнен артықшылығы мен адам санасына әсер ететін сөздің ерекше қуатын терең таныды, ол екі ақынның өлеңдерінің тақырыбынан, стилінен анық танылады. Екеуі де орнымен және жолымен айтылған сөздің өмірде атқаратын рөлі өте үлкен және маңызды екенін байқаумен қатар, оны өздері өмір сүрген қоғам мен ұлтының келер заманғы игілігі үшін барынша қолданғанын бүгінгі заман арқылы анық тануға болады.

6. Әйел тақырыбы қазақ және араб әдебиетінде ерте заманнан басқа мазмұндағы шығармалар қатарында ерекше стильмен жырланатын тақырып ретінде Абай мен Шауқи шығармашылығынан бөлек орын алады. Оған себеп біріншіден екеуінің де ақын және адам ретінде қалыптасуына әсер еткен әже, аналарының тәрбиесі, ер жеткен шақтарында шабыт берген сұлу сүйіктілер болса, екіншіден олар өмір сүрген қоғамдағы дәстүр мен жаңа заман ағымымен байланысты туындаған әйелге деген көзқарас пен оның сол қоғамдық өмірдегі алатын орнына байланысты.

Абай шығармашылығындағы әйел тақырыбы турасында М. Әуезов «...Семьяға, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбилеуге, әсіресе, әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет соншама айқындықпен, соншама моральдық тереңдікпен айтылады. Шығыс әйелдерінің халық поэмалары мен тұрмыс-салт жырларында суреттелетін қайғылы, бақытсыз халі Абай творчествосында жаңа мағынаға ие болады. Өз поэзиясында Абай әйелдің жан-күйін көрсетеді, ал бұл жөнінде бұрынғы поэмалар мен жырларда аз айтатын да, әйелдің қасіретті тағдырының сырт жағына баса көңіл бөлінетін. Абай сүйген адамын өзі қалаған әйелдің махаббаты қаншалықты жан тебіренерлік, кіршіксіз таза, терең болатынын, оның қиыншылықпен қолы жеткен, бақыты үшін күресте қажырлы, берік екенін көрсетеді. Абай қазақ әйелін, ананы семьяның тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын

көңілмен берілген достыққа беріктігін, оның адал, тамаша жанының тұтастығын мадақтайды. Қалыңмалға, көп қатын алушылыққа, әйелді күндікте ұстаушылыққа жан-тәнімен қарсы шыға отырып, ақын өлеңдерінде әйелдің қоғамда тең праволы болуы үшін күреседі» деп жазды [117].

Жазушы ғалым Абай шығармашылығын осы қырын да терең зерттеп, ақынның бұл тақырыпты жаңа деңгейге көтергенін анықтады. Абай өз шығармаларында әйел бейнесі тек лирикалық кейіпкер ретінде ғана емес, қоғамда алатын дербес орны бар, өз затына сай қасиетке ие тұлға ретінде сомдалады. Абай әйелдің «иузи - рәушан, көзі - гәуһар» сұлулығымен қоса олардың қилы тағдырын суреттеді, сондай-ақ оның әлеуметтік портретін жасады, заманға сай бейнесі қандай болуы тиіс екендігін де анықтап көрсетті.

Сүйіктісі Тоғжанға арнаған өлеңінде Абай:

«Айттым сәлем, Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзден ыстық жас.
Сенен артық жан тумас,
Туса туар артылмас.
Бір өзіңнен басқаға,
Ынтықтығым айтылмас.
Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайырылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айырылмас» [118].

деп ғашығына ынтызар көңілін суреттесе «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ер жігіттің өмірлік жары қандай болу керектігін айтады:

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.
Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл көрінер ондай қаншық.
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі – тантық.
Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.
Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.
Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, риаз үстіндегі үй.
Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,

Кем емес алтын тақтан жар төсегі.
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» [119].

Әйел тақырыбы Ахмед Шауқидің шығармашылығының да жеке бір бағыты саналады, ақын Клеопатраға арнаған тарихи тақырыптағы поэмасынан бастап, өз заманындағы араб әйелінің бейнесіне бірқатар туындылар арнаған. Шауқи поэзиясының бұл қыры ақынның әйел туралы мәселеде классикалық және өз заманына сай көзқарастарын айқындайды.

Ахмед Шауқи поэзиясындағы әйел тақырыбы жалпы әйел затының қаншалақты жан-жақты, әрі бірегей екенін көрсетеді. Оның шығармашылығындағы ең сыршыл және тұнық жырлары махаббат пен әйел сұлулығына арналған жырлар. Шауқи махаббат лирикасын әйел сұлулығы, тартымды қылығы, нәзік сезім жайлы өлеңдерімен танытты. Мұндай жырлар классикалық араб поэзиясының танымал дәстүрлері *насиб*, *ғазалдан* бастау алады, канонды поэзияда әйелдер бейнесі көбіне идеализация стилімен жеткізіледі. Атап айтқанда, араб поэтикалық дәстүрінде әйел сұлулығы жаңа *хилаль* туған ай, *қамар* толған ай, *наджда* жұлдыз, *лейла* түн, *ғазал* елік, *набиға*, *айн* қайнар, бұлақ т.б. табиғат құбылыстарымен салыстырылып, күрделі метафоралармен суреттеледі.

Шауқи поэзиясында ұрпақ тәрбиесіндегі ананың рөлі ерекше аталады. Өзінің осы тақырыптағы өлеңінде «*الأم مدرسة إذا أعددتها أعددت شعباً طيب الأعراق*» «Ана – мектеп. Оны дайындасаң текті халықты дайындайсың» – (ананы тәрбилеген адам қоғамды тәрбелейді) деп ананың қоғамның іргетасы екенін, ұрпақтың бойындағы адамгершілік және мәдени құндылықтар ананың тәрбиесі арқылы даритынын атап көрсетеді, яғни болашақ оның көшбасшы тұлғаларын, жалпы жаңа ұрпақты тәрбиелейтін аналардың қолында екеніне қоғам назарын арнайы аударады. Ақынның дәл осы тұжырымы оның әйелдерге деген прогрессивті көзқарасын көрсетіп қана қоймай, оны қоғамға түсіндіріп беруді мақсат етеді:

«*قم حي هذه النيرات حي الحسان الخيرات
واخض جبينك هيبة للخرى المتخفات
زين المقاصر والحجال وزين محراب الصلاة
أيضاً هذا مقام الأمهات فهل قدرت الأمهات
لا تلغ فيه ولا تقل غير الفواصل محكمات*»
[120, 29 б.].

«Жарқыраған әйелдерге құрмет көрсет,
Ізгілік пен сұлулыққа толы жанға тағзым ет.
Ұяң мінезді абзал аналар алдында басыңды и,
Салт пен дәстүрге сай әйелдер – үйдің сәні,
Ғибадат орнының нұры».

Шауқи шығармашылығынан әйел тақырыбы муза ретінде арнайы орын алады. Дәстүрлі және заманауи еуропалық романтикалық дәстүрден шабыттанған Шауқи жалпы ақындар қауымына мінез-құлқы, қылығы арқылы әсер ететін әйелдерді шабыт көзі ретінде көркем лирикамен суреттейді.

Шауқи сонымен бірге әйелдердің әлеуметтік рөлін, нақты айтқанда оның тәрбиесі мен қоғамда алатын орнын да заманауи мәселе ретінде көтереді. Ол

қоғам тезірек дамып, өркендеуі үшін жас қыздардың неғұрлым жас кезінен білім алуы, қоғамдық өмірде белсенді рөл атқаруы маңызды екенін насихаттайды. Әйел теңдігі туралы өз ойын ашық білдіреді.

Тәуелсіздік алу жолында, отарлық езгіге қарсы күрескер ақын ретінде Ахмед Шауқи патриот әйелдердің бейнесін жасайды, оларға көне заманғы Мысыр патшасы Клеопатра тұлғасын үлгі етіп рухтандырады. Оның патриоттық поэзиясында әйелдер Отанды бейнелейді, мұндай образ жасау оның еуропалық ақындар шығармашылығымен жақын таныстығын көрсетеді және романтик ақындарға ұқсатады. Оған ақынның «وطن النجوم» «*Уатан ан-Нужум*» – «Жұлдыздар Отаны») қасыдасы мысал болады, онда ол Отанды елін сүйуші, бірақ азап тартқан әйел бейнесінде суреттейді:

حَدِّقْ أَتَذْكُرُ مَنْ أَنَا؟	«وطن النجوم أنا هنا
وأنا بذلتك السَّوْنَا» [121, 32 б.]	أنا مَنْ حملْتُكَ في الحشا

«Жұлдыздардың отаны, мен мұндамын,
Қарашы, менің кім екенім есінде ме?
Сені жүрегімнің түбінде алып жүрген менмін,
Мен сенің амандығың үшін барын берген адаммын».

Өлеңде Отан туған балаларының болашағы үшін өз жанын қиған ана бейнесінде берілген. Ақын әйел ана бейнесін қолдану арқылы эмоционалдық әсерді үстейді және Отанға сүйіспеншілік анаға деген сүйіспеншілікпен бірдей болуы керек деген патриоттық идеясын көрсетеді. Бастапқыда сарай ақыны ретінде танылған ақын осы тектес өлеңдерінен кейін алдымен Мысырға, кейіннен жалпы араб әлеміне ортақ ұлт ақыны ретінде белгілі болып «ақындардың әмірі» аталды және онда Шауқидің Отанды ана бейнесінде суреттеп, сөйлетуі шешуші мәнге ие болды.

Ахмед Шауқидің әйелдер тақырыбындағы поэзиясы классикалық поэзия дәстүріндегі әйелдерді сұлулық идеалы және шабыт көзі ретіндегі тану мен олардың әлеуметтік және мәдени рөлін анықтайтын заманауи көзқарастарды қамтуымен сипатталады. Бұл жаңа заманғы араб поэзиясында Ахмед Шауқи қаламынан туған жаңа стиль болды. Ақынның осы тектес жаңашыл ұстанымдары оның поэзиясын дәстүрлі араб мәдениеті мен модернистік ағымдар арасындағы көпір болғанын айғақтады, Ахмед Шауқи өлеңдері арқылы араб поэзиясында әйелдер алғаш рет сүйсіну мен таңданудың ғана объектісі емес, қоғамдық өмірдің белсенді өкілі ретінде жаңа бейнеде танылды.

Абай мен Ахмед Шауқи поэзиясының мазмұнымен жақын танысып талдау жүргізу олардың өз ұлтының ағартушылары ретінде шығармашылығы мен қайраткер тұлғаларының ұқсастығымен қатар ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Ақындар поэзиясында арқылы өздері өмір сүрген дәуір мен қоғамның әр түрлі проблемаларын көтеріп олардың шешімін іздеді. Өздері сол оқиғалардың ортасында халықпен бірге жүріп бірге күресті. Абай да, Шауқи де халықтың бодандықтан, қанаудан, қараңғылықтан біржола арылып, білім алуын және ең бастысы рухани кемелденуін аңсады. Сонымен қатар әр ұлттың өз мәдени, әлеуметтік ерекшеліктеріне сай олардың шығармашылығының өзіне сай сипатты белгілері бар екені байқалады.

Екі ақынның шығармашылығындағы ерекшеліктерге тоқталсақ:

1. Алғашқы ерекшелік ақындардың поэзиясының стиліне байланысты. Абай өлеңдері үнемі халыққа қарата айтылады, билеуші үстем тап болсын, қалың қазақ елі болсын, жастар болсын – ақын алдымен әр сөзінің тыңдарманға тура жетіп, санасына сіңуін мақсат етеді. Ол үшін ақын қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне сүйенеді, қандай терең сөз қозғап, мағыналы ой айтса да оқырманға өз насихатын түсінікті тілмен жеткізеді. Ақын бүкіл ойы мен философиясын халықтың өз дүниетанымына, өмірлік тәжірибесінің деңгейіне сай бейімдеп, жеңіл жеткізеді. Абайдың өлеңдерінде қазақ халық ауыз әдебиетінің элементтері өте көп. Терең мағынаны халықтың ұлттық ерекшеліктеріне сүйене отырып айту – Абай поэзиясының стилі, сол арқылы ол оқырманға ой салып, ақыл айтады және тәрбиелейді. Халықтың дамуы, тұлғалық өсуі үшін ақынның айтатын бүкіл насихатының тілі жеңіл, анық: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста», «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба», «Жан аяма, кәсіп қыл», «Ақырын жүріп, анық бас», «Досыңа достық – қарыз іс», «Дұшпаныңа әділ бол», «Пайда ойлама, ар ойла», «Кісіге біліміне қарай болыстық қыл», «Құдайдан қорық, пендеден ұял», «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез» т.б. [122, 44 б.].

Ахмед Шауқидің ақындық жолы сарай поэзиясынан басталғандықтан, ақынның стилі классикалық араб поэзиясының дәстүрлі мадақ айту, күрделі бейнелер тудыру мәнерімен тығыз байланысты. Оның өлеңдері қай тақырыпты алса да күрделі метафора, теңеумен құрылады, ақын айтар ойын оқырманның эмоциясына күрделі оралым, бейнелі сөздермен әсер ету арқылы жеткізеді. Бұл ортағасырлық араб поэзиясының ең басты ерекшелігі, ақындар араб тілінің күрделі стилистикасы арқылы өз атын шығаруға тырысты, өлеңнің тілі неғұрлым күрделі болса, ол оның стилінің басқа ақындармен салыстырғанда көркемдік шеберлігінің басымдығы деп саналды. Классикалық араб поэзиясының тілі осы бейнелілігі, сөздің көп мағыналылығы, тілдің көркемдік құралдарының қызметі жағынан әлем әдебиетінде айрықша танылды. Ахмед Шауқи поэзиясы араб тілінің бұл дәстүрін өз XIX ғ. соңы-XX ғ. басында жалғастырып, жаңа заманда жаңа қырынан танытты, соған сай зерттеушілер оны «жаңа араб классикасының ақыны» деп атады.

2. Тақырып әртүрлілігі. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп атаған Абай Құнанбайұлы шығармаларында қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелер көп қозғалады. Ақын әр адамның сол қоғамның мүшесі ретінде жеке жауапкершілігі, міндеттері, сондай-ақ ондағы орны мен рөлі жайлы жиі айтады. Ақын халықтың бейбіт, тоқшылықта өмір сүруі үшін тек қоғамдағы қайшылықтарды атап, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді үгіттеп қана қойған жоқ. Абай өмір бойы тек адамшылық, оқу-білім туралы құрғақ насихат айтып өткен жоқ.

Абай туған халқының өткен тарихы мен өмірлік тәжірибесін терең зерттеп, өз заманының шындығына терең бойлап, оның бойына тамырын терең жайған барлық кеселді ашық сипаттап көрсетті, тиісті жерде жақыны мен туысына да өткір сын айтты, әділдік жолында «тура биде туған жоқ» қағидасымен өз ағайынына да үкім айтты. Қазақ халқының басындағы барлық қиындық пен

зардапты өз жан жарасы деп түсінген ақын «Мәз болады болысың», «Бай сейілді», «Күлембайға», «Болыс болдым, мінеки», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» т.б. өлеңдерінде кедейдің сұрқай тіршілігін, билік иелеренің қаталдығын, аңқау елге айласын асырған арамза молда мен екіжүзді жемқорларды өткір сынады, халықтың мүддесін барлығынан жоғары қойған ақын өз шығармасы арқылы әділ қоғам қалыптастыру үшін күресті, «қалың елдің» басындағы қиындықты өз басына да түсті деп таныды, алайда біржола түңілген жоқ : «Ақын өз басымен өзі қайғы болып кететіндей, кінәмшіл, жекешіл, өзімшіл емес. Жамандық пен надандықтың бар ауыртпалығын көтеретін, зардабын шегетін – көп, халықтың өзі. Абайдың жанын жаралап, қанын қарайтатын, көзінен жас болып, тілінен зар болып шығатын шер — осы көптің, халықтың басындағы күннің қайғысы. Ақын дүниетанымының жалпыадамзаттық өрісінде оның жеке басының қайғысы дейтін қайғы жоқ. Сондықтан да Абайдың мұң-зары түпсіз тұңғиық іспетті, шетсіз әрі шексіз. Мұндай түпсіз тұңғиықтан, мұндай шетсіз бен шексізден Абайды ақындық даналығы, шығармашылық қуаты алыпшығады» [123, 39 б.].

Осыған байланысты, Абай өлеңдері қазақ халқының XIX ғасырдағы өмірі, тұрмыс-тіршілігінің шынайы бейнесі екені анық.

Ахмед Шауқи шығармашылығы да негізінен өзі өмір сүрген заманға сай алдымен басқыншылардың озбыр саясатынан зардап шегіп отырған мысыр қоғамының, одан кейін тұтас араб, мұсылман халқының басындағы ауыр халді суреттейді. Ақын бірде Осман империясы, бірде ағылшын отарлаушыларының мысыр халқына қарсы жүргізген саясатын сынап қана қоймай, халықтың ұлттық-азаттық күресін қолдап, жерлестерін үнемі поэзиясы арқылы рухтандырады. Шауқи шығармашылығының басты тақырыбы – шет ел басқыншыларынан азат өмірге ұмтылған күрескер араб ұлтының бейнесі. Ақын қандай туындысы болмасын халықтың рухын өткен ғасырлардағы терең тарих пен ислам құндылықтары арқылы көтеруді көздейді. Ахмед Шауқи исламдағы тура жол, пайғамбар сүннетін насихаттау арқылы араб ұлтының бірлігін насихаттап, бірегейлігін дәріптейді.

3. Шығармашылық идея ерекшелігі. Абай өлеңдерінде адамның ішкі жан дүниесінің қат-қабат тереңдігі, оны түсіну, жалғыздық, әркімнің өзін-өзі жетілдіру жолдары, рухани даму жайлы терең ойлар көп айтылады. «Көлеңке басын ұзартып», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Мен ішпеген у бар ма», «Адамның кейбір кездері» өлеңдерінің әрқайсысында ақынның адамға қатысты философиясының негізі жатыр.

Ахмед Шауқи өлеңдерінде араб халқы, *умма* (мұсылман үмбеті) үшін ғасырлар бойы ең басты мәселе саналатын ұлттық бірлік, тұтастық пен рухани жаңғыру идеялары басты орында тұрады. Саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдегі өзекті тақырыптарды көтергенде ақын жалпы ислам құндылықтарын, соның ішінде араб халқының бірлігін, бауырластықты ортақ игілік ретінде жырлайды. Ақын араб халқына отарлық езгі мен халықтар арасындағы алауыздық кезінде мұсылман халықтарының бірлігі ауадай қажет екенін жақысы түсінді, сондықтан ол ислам дінін ұстанған барлық халыққа ортақ

мүдде мен сенімі жолында саяси, ұлтаралық араздық пен айырмашылықтардан аулақ болуды насихаттады. Егер жер бетіндегі мұсылман халықтары осы идея аясында біріксе олардың үлкен күшке айналатынын білген ақын оларды рухани ынтымақтастыққа шақырды, өлеңдерінде Мұхаммед пайғамбардың бейнесін үнемі еске салып, оның сүннетін ұстануды насихаттады.

Ақын тек арабтар ғана емес, жалпы мұсылман халықтарының бытыраңқылығын, олардың арасындағы алауыздықты сынап, ынтымаққа шақыратын өлеңдер жазды. Сондай идеяны таратқан жырлары тәуелсіздік пен жаңа өмірге ұмтылған күрескерлерді шабыттандырды. Шауқи мұсылман халықтарының бірілігі ұлттық бірегейлік пен ислам құндылықтарына қауіп тудырушы Батыстың ықпалына қарсы тұратын күш деп сипаттады. Ақынның бұл тақырыптағы өлеңдері нағыз мұсылман адамының бейнесін, ислам дініне сүйіспеншілігін ашық көрсететін тұлғаны танытады. Осы сипаттары оны сарай ақынынан араб ұлтының ақынына айналдырды.

Үшінші тарау бойынша тұжырым. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлы мен жаңа заманғы араб поэзиясының көрнекті өкілі Ахмед Шауқидің поэзиясындағы адам бейнесіне жасалған талдау екі ақынның бұл тақырыптағы ғана емес, жалпы алғанда бүкіл шығармашылықтарының ұлттық әдебиетті қалыптастыруда шешуші рөл атқарғанын көрсетеді. Абай мен Шауқи поэзиясында адам бейнесінің моральдық, этикалық негіздерінің жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен ұлттық дәстүрлерден бастау алуы екі ақынның да өзі өмір сүрген ортада атқарған ағартушылық, рухани қайраткер ретіндегі қызметімен тығыз байланысты.

Абай мен Шауқидің поэзиясы «адам» концептіне қатысты алғанда көп жағдайда үндестік табады, жоғарыда аталғандай, ақындар поэзиясындағы адамгершілік, рухани даму, білім алу, адамның табиғатпен байланысы, отансүйгіштік, әйел тақырыбы, ұлтқа, елге деген сүйіспеншілік сияқты тақырыптардың ортақтығы олардың азаматтық тұлғасы мен ақындық миссиясын анықтайды.

Ақындар шығармашылығындағы ерекшеліктер ұлт дүниетанымымен байланысты көрінеді. Абай қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірін ұлттық ерекшеліктермен байланысты бейнелесе, Ахмед Шауқи араб мұсылман қоғамының өкілі ретінде араб мәдениеті мен ислам дінінің элементтеріне назар аударады. Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқи поэзиясына жасалған талдау олардың әрқайсысының шығармашылығының негізгі мазмұны ұлттық мүддені ескере отырып өз халқының бейбіт, рухани дамыған қоғамда өмір сүруі үшін қажет құндылықтарды насихаттау болғанын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының объектісіне қазақ халқының ұлы ақыны, философ, ағартушы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы, Абай Құнанбайұлы (1845-1904) мен жаңа заманғы (XX ғ. бірінші жартысындағы) араб әдебиетінің ең танымал өкілі мысырлық неоклассик ақын Ахмед Шауқи (1868-1932) поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы алынды. Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірі Абайдан басталса, Шауқи есімі араб неоклассицизмі дегенде алдымен аталады. Екі ақын да ұлт әдебиетінің жаңа дәуірін бастаумен қатар оның ғасырлар бойғы тарихынан терең сусындап, дәстүрлі үлгілерді қазіргі заманмен байланыстырды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері:

1. Ақындар поэзиясындағы адам бейнесінің мәдени-философиялық контексті тікелей қоғам тәрбиесіне бағытталған. Екі ақын да өз халқының басына туған қиын-қыстау күндердің қиындықтарын жеңіп, болашақтағы даму жолдарын анықтауды өз миссиясы деп түсінді. Сондықтан олардың поэзиясында адам тәрбиесі, жан-жақты тұлғалық дамуы басты назарға алынады. Абай мен Шауқи өз туындыларында қоғамның өркендеуіне нақты үлес қосатын, жаман әдеттерден аулақ, еңбекқор, ізденімпаз адам бейнесін жасап көрсетті. Жастар үлгі алатын кемел адамның қасиеттерін анықтады. Ол үшін ақындар қоғамда таралған келеңсіздіктерді өткір тілмен сынап, рухани жолға апаратын сипаттарды насихаттады. Бұл тұрғыдан осы тақырыптағы шығармалардың аксиологиялық, дидактикалық рөлі үлкен.

Абай өлеңдерінде адам бойындағы әдеп, білімге құмарлық, өзін-өзі тану және тәрбие жеке тақырып болып жиі айтылады. Бұл сипаттарға сай келмейтін адамдарды ақын жалқау, сараң, мансапқұмар т.б. деп сынға алып, ондай пенделерден сақтануды үйретеді. Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні кімнен үлгі алуды айтумен бірге, кімнен алыстап, жиренуді көрсетуінде жатыр. Ақынның бұл ғибраты «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде нақты айтылған. Абай жастар тәрбиесінде оларды білім алуға, тұлғалық қалыптасуға әркімнің жауапкершілікпен қарауы тиіс екенін айтып, оның жолын да көрсетеді.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар», «Бөтен елде бар болса», «Сәулең болса кеудеңде», «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да», «Күшік асырап, ит еттім», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңдерінде ақын адамның жан-дүниесін, мінез-құлқын терең зерттеп, оның асыл қасиеттеріне сүйініп, кеселдерін сынға алады, халықтың бойындағы жаман әдеттерден арылып, рухани өсуін насихаттайды.

Абай өзі сомдаған адам бейнесі арқылы қоғамды адамгершілік, рухани және практикалық принциптерге үйретті. Оның поэзиясының дидактикалық қызметі «толық адам» ұғымын қалыптастыратын қасиеттерді анықтап көрсетуге бағытталған, олар негізінен үшеу: *ақыл* – білім алу арқылы ақылды дамыту, *жүрек* – ізгілік, мейірім, адамдарға жанашырлық таныту және *қайрат* – еңбектену арқылы табысқа жету.

Мысырлық ақын Ахмед Шауқи де Абай сияқты өз өлеңдері арқылы адам тәрбиесіне үлкен мән береді. Араб ақыны бұл идеяны араб поэзиясының дәстүрлері мен ислам діні заңдарына сүйене отырып жасайды. Ақынның бұл

әдісі оның әділдікті, халқына деген сүйіспеншілігін және рухани әлемдегі позициясын танытады. Шауқи имандылықты мұсылман қоғамының мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерін назарға ала отырып нығайтуға тырысады. Оның шығармаларында діни-мәдени құндылықтарға үнемі арнайы орын бар. Оған ақынның Мұхаммед пайғамбарға арналған өлеңдері мысал. Бұл тақырыптағы өлеңдерінде ақын кешірімділікке, кішіпейілділікке көп тоқталады.

Халық бейнесін жасайтын өлеңдерінде ақын еңбек, ынтымақ, адамдар арасындағы жылы қатынас көмек беруге асығу жеке насихатталады. Ахмед Шауқи өлеңдерінің де тәрбиелік мәні өте тереңде жатыр. Ақын ислам дінін қоғамды ұйыстырушы, әдеп пен әділдікке тәрбиелеуші құрал ретінде насихаттайды, шынайы мұсылман бейнесін көрсету үшін Мұхаммед пайғамбардың бойындағы мейірім мен кішіпейілдікті мадақтайды.

Ахмед Шауқи өлеңдерінің әлеуметтік тәрбиелік мәні қоғамда тараған қаталдық, әділетсіздік, жемқорлықты сынаумен және ислам дінін ұстанатын қоғамның басты сипаты әділдік пен жоғары өнеге екенін көрсетумен анықталады. Шауқи де Абай сияқты тоқшылық пен бейбіт өмір сүру еңбекпен келетінін айтып, адал еңбек ұлттық өркендеудің кепілі деген тұжырымды бекітті.

Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнелері қоғамда адамгершілік пен рухани тәрбие беруге ұқсас қолданылады. Екі ақын өлеңдерінің жалпы тәрбиелік мәні мен идеясы үндес. Олардың айырмашылығы – Абай өлеңдерінде басты назар адамның білімі, мінез-құлқы, іс-әрекетінің үйлесіміне аударылса, Ахмед Шауқи адамгершілік қасиеттің негізін діни-мәдени дәстүрмен тығыз байланыстыра сипаттайды.

2. Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесі мен қазіргі заманғы мәдениет арасындағы байланыс. Ақындар шығармашылығындағы адамға қатысты идеялар өз мәні жағынан жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделетіндіктен бұл тақырыптағы өлеңдер бастапқы қызметін қазір де атқара береді.

Жоғарыда талданған Абай поэзиясындағы «адам» концепті қазіргі контексте де өзектілігін дәлелдеп отырса, ол оның әмбебаптығын көрсетеді. Кез келген қоғамда оқу-ағарту, еңбек және рухани даму туралы идеялар өз мәнін жоғалтпайды, тек заманауи талаптарға сай сыртқы формасын немесе әдіс-тәсілдерін өзгертуі мүмкін. Атап айтқанда бүгінгі заманғы жаһандану процесінің әр ұлтқа қоятын талаптары, ғарыштық технологиялар ұсынатын қағидалар адам баласының жаңа заман нормаларына тез бейімделіп, қорытынды жасауын қажет етеді. Қазіргі сын-қатерлер, адам баласының материалдық құндылықтарды басты орынға қоюы, жеке адам дағдарысы мен тұлғалық тоқырау және басқа көптеген кері кету көріністері Абайдың «адам» концептінің дұрыстығын дәлелдейді және дидактикалық мәнін арттыра түседі. Абай ұсынған ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұстайтын «толық адам» тұжырымы түпкі мәні бойынша қазіргі күн тәртібінде тұрған тұлғалық даму, өзін-өзі тану, кемелдікке ұмтылу сияқты концепциялармен үндесіп жатыр. Ақынның бір ғасырдан аса уақыт бұрын айтқан «толық адам» ілімі ешуақытта мәнін жоймайтын, өміршең ғибрат екенін уақыт дәлелдеді.

Ақын қазақ халқының бойындағы жаман әдет деп көрсеткен жалқаулық, жемқорлық, қатыгездік, салғырттық сияқты әлеуметтік кеселдер де қазіргі қоғамда тамырын тереңге жайған. Сол себепті Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні дәл бұрынғыдай өзекті.

Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің парадигмалары да араб және ислам әлемінде өзекті болып қала береді. Әлемдік дін ретінде ислам адамгершілік нормаларды жалпы адамзатқа бағыттап бекітті, әділдік, бірлік, тұтастық, қайырымдылық қағидаттары қай заманда, қай елде болса да өзекті. Оларды ұстанып тарату әрбір мұсылманның діни міндеті. Ақынның қоғам алдындағы жауапкершілік, иманға қатысты пайымдары әлеуметтік теңсіздік, ұлтаралық алауыздық, қатыгездік тудыратын сын-қатерлерге қарсы тиімді құрал бола алады. Бүгінгі қоғам тұрғысынан қарағанда Шауқи поэзиясында сомдалған адам бейнесі өзінің қызметін әлі де атқарып келе жатқанын байқауға болады. Мысырдың тәуелсіздік жолындағы күресі мен оқу-ағарту саласындағы жетістіктері XX ғ. басқа араб елдеріне тұтастай үлгі болды. Халықты отарлық саясаттан бостандыққа жеткізген күрескерлер Шауқи поэзиясының кейіпкерлері болса, Мысырдағы білім мен мәдени өмірдегі реформалардың жемісі қазіргі араб елдерінің барлығына бірдей оң ықпалын тигізді және заманауи ықпалы сақталуда.

Абай мен Ахмед Шауқи әр адамның жеке ізденісі, тұлғалық дамуы қоғам үшін пайдасын түсіндіруді өз шығармашылығының мұраты етіп белгіледі. Сондықтан олар адамның нақты дамуы ақыл, жүрек, қайраттың бірлігі, яғни адамгершілік, рухани және практикалық құндылықтардың үйлесімінен бастау алатынын анықтап берді.

Қазіргі материалдық құндылықтар басты орынға қойылып отырған дәуірде Абайдың ең алдымен билік иелерін, одан соң бүкіл адам баласын әділдікке, кемелдікке шақырған үндеулерінің өзектілігі анық көрінуде және бұл тек бір халыққа ғана қатысты мәселе емес, жалпы адамгершілік қағидаттардың күннен күнге әлсіреуі жаһандану дәуірінде барлық елдерде кең таралған үрдіс.

Ахмед Шауқидің де қарапайым мысырлықтардың бойындағы отансүйгіштік, адалдық, еңбек ету, болашаққа сенім арту сияқты сипаттар қазіргі заманда да мәнін жоғалтқан жоқ. Ақын халықтың бойынан тек асыл қасиеттерді көргісі келді, ал нағыз еңбекқор, иманды адам бейнесі қазіргі қоғамда адамгершілік нормаларды нығайту үшін қажет болып қала береді.

Аталған мазмұндағы өлеңдері арқылы екі ақын өз заманы үшін ғана емес, туған халықтарының болашағы үшін мәңгілік өшпес мұра қалдырғанын айтуымыз қажет. Абай мен Ахмед Шауқи поэзиясы қазір де бұрынғыдай мәнге ие, өз отанымен қоса басқа елдерде де танылып, өткен заман мен бүгінгі қоғамды байланыстырып отыр.

3. Абай мен Шауқи поэзиясындағы екі гуманистік принцип: диалог және оппозиция. Ақындар өз өлеңдерінде философиялық-этикалық идеяларын жеткізу үшін адам табиғатын, олардың арасындағы қарым-қатынасты, түрлі құндылықтарды ашуға мүмкіндік беретін әдеби тәсілдерді қолданады, олар: диалог пен оппозиция.

Әдеби шығармада диалог кейіпкерлер арасында тілдік қарым-қатынас, пікір алысудан тыс олардың дүниетанымы, мінез-құлқы, өмірлік ұстанымы сияқты факторларды анықтайтын қызметке ие. Шығарма тақырыбы мен жанрына қарай диалог кейіпкерді әр қырынан танытуы мүмкін. Автор өмірде өзі құптамайтын көптеген жайттарды кейіпкерлердің сөзі арқылы жеткізеді және сол арқылы қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарды ашып көрсете алады. Мұнымен қатар автор өз оқырманымен де диалог құрады. Абай өлеңдерінде бұл тәсілмен қатар өзінің толғаныстарын білдіру үшін риторикалық сұрақ қою жиі кездеседі. Бұл тәсілді ақын ойын жеткізу үшін ғана емес, оқырманын да ойландыру үшін қолданады. Ол негізінен өмір, қоғам, халықтың тағдыры, әділдік, әдеп нормалары және махаббат сияқты жалпы мәселелер туралы оқырманға ой тастауды құп көреді. Оқырманмен сұхбаттасу арқылы Абай қоғамдағы қайшылықтарды көрсетіп қана қоймай, әділдік пен шындықты бірге іздеуге шақырады. Ол сұрақтардың астарында терең философиялық-этикалық толғаныс пен тұжырымдар бар. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде («Ынсапсызға не керек, Істің ақ пен қарасы?») немесе «Көп қазаққа епсінсе, Кімге тиер панасы?») ата-ананың назарын бала тәрбиесіне аударса, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде тұтастай туған халқына үн қатады («Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?») немесе «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?»). Осы және басқа да көкейтесті сұрақтар қойылған өлеңдері арқылы ақын өзінің тәрбиелеу, сын айтумен қоса қоғаммен жақын байланысқа дайын екенін білдіреді.

Ахмед Шауқи өз қасыдаларында дәстүрлі ислам құндылықтары, адамгершілік тағылымдары мен өзі өмір сүрген қоғамда таралған сын-қатерлер арасында құрған диалог арқылы діни сенім, жауапкершілікке қатысты сұрақтар қояды. Ақынның пьесалары поэзиямен жазылғандықтан, кейіпкерлерінің диалогы толығымен тақырыпқа сай мәселелерді ашық айтып, қоғамдық талқыға салуға бағытталған. Ол пьесалары арқылы қайшылықтарды шешу, мәмілеге келу немесе шындықтың бетін ашу сияқты күрделі әлеуметтік немесе саяси мәселелерді қозғады. Шауқи өз заманының проблемаларын көрсету үшін драматургия жанрын тиімді пайдаланды, бұл ақын шығармашылығының ерекше қыры саналады.

Қоғамда кездесетін қақтығыстарды бейнелеу мен талқылаудың ұтымды құралы ретінде әдебиетте қолданылатын екінші әдіс – контраст (қарама-қарсылық) әдісі. Нақтырақ алғанда шығармадағы оқиғалар, олардың кейіпкерлері, идеялар арасындағы контраст барысында ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар мен дүниетанымдағы өзгерістерге сай пайда болған қарама-қайшылықтар ашылады. Мысалға, Абайдың бай мен кедей, жомарт пен сараң, білім мен надандық, еркіндік пен құлдық, махаббат пен қаскөйлік туралы өлеңдерін атауға болады. Мәні мен мазмұны жағынан бір-біріне кереғар құбылыстарды салыстыру арқылы ақын өзінің ағартушылық, гуманистік идеясын жүзеге асыруды көздейді. Ақынның адамның рухани кемелденуіне қатысты «толық адам» философиясы адам бойындағы жақсы әдеттер мен жаман әдеттерді – негізінен еңбек пен жалқаулық, білім мен надандықты,

мейірім мен зұлымдық, әділдік пен озбырлық т.б. дихотомиялар бір-біріне қарама-қарсы қойып салыстыру арқылы жасалған.

Ахмед Шауқи контраст әдісін дәстүр мен жаңашылдықты, діндарлық пен екіжүзділікті, саяси қысым мен еркіндікті, әділдік пен қанауды көрсету үшін қолданады. Оның пьесаларында қарама-қарсы құбылыстарды көрсету шығарманың эмоционалдық әсерін күшейтіп, драматизмді арттырады және оқиғалар шиеленісі арқылы қоғамдағы қайшылықтардың сипаты еркін ашылады. Шауқи Мысыр мен басқа да отарлық саясаттың құрбаны болған араб елдерінің басты проблемасы жемқор, озбыр деспотизмнің әлжуаз, қорғансыз халыққа көрсеткен қорлығын контраст арқылы әшкерелейді.

Ахмед Шауқи шығармашылығы танымал болған кезең XX ғ. басы жалпы Араб Шығысы үшін үлкен қарама-қайшылықтар кезеңі болған еді, сондықтан ақынның шығармаларында оның поэзия тілінде көрініс табуы да заңды құбылыс болды.

Шауқи саяси қайшылықтардан бөлек мәдени өмірдегі және руханият мәселелеріндегі қарама-қайшылықтарды Мұхаммед пайғамбардың бейнесі мен қарапайым адамдар арасындағы айырмашылықтармен көрсетті және сол арқылы қоғам кемшіліктерін ашық сынға алып, ислам құндылықтарын насихаттауға да өз үлесін қосты.

Ақындар осы әдіспен өмірдегі, адам бойындағы қайшылықтарды талқылау барысында оқырмандарына әр түрлі құндылықтар туралы ой тастап, өзін-өзі тәрбиелеуге, ізденіске шақырады. Екі ақын шығармаларында қолданыс тапқан қарама-қайшылық әдісі мақсат етілген идеалды танытуға және қоғамда тарап отырған түрлі проблемаларға назар аударуға мүмкіндік береді. Қазіргі әдебиеттану бұл қағиданы өткен дәуір мен заманауи құндылықтар арасындағы диалог тәсілі ретінде қарастыруы мүмкін.

Абай мен Шауқи шығармаларында қолданылған диалог пен контраст әдістерімен дәстүр мен жаңа құндылықтарды байланыстыратын мәдени көпір салынып, өткен заман мен бүгінгі күнді жалғайтын идеялар тұжырымдалды. Жаңа заманмен бірге пайда болған күрделі сұрақтар диалог арқылы анықталып, қайшылықтар контрастпен талқыға түсті. Екі ақынның да қандай шығармасы болмасын, ағартушылық, философиялық мәнімен құнды. Олар жасаған адам бейнелері қоғамды рухани кемелдікке, адамгершілік нормаларына, жауапкершілікке тәрбиелейді. Абай адамды ең алдымен өз-өзімен сұхбаттасып, ойлану арқылы қоғаммен, жалпы адамзатпен байланыс орнатуға үйретеді. Шауқи Мұхаммед пайғамбар бойындағы асыл қасиеттерден үлгі алып, ислам құндылықтарын сақтауға шақырады. Екі ақын да түрлі қайшылықтар мен келеңсіздіктерден құтылып, өркендеуге бастайтын рухани, психологиялық үйлесімді дұрыс көреді.

Абай мен Ахмед Шауқи поэзиясының қоғам тәрбиесі үшін мәдени-философиялық мәнге ие. Олардың әр туындысында жасалған адам бейнесі адам табиғатын, ішкі жан дүниесін түсінуге көмек береді, сонымен бірге адамгершілік, рухани және интеллектуалдық дамудың нақты жолдарын ұсынды. Көркем шығарма бола тұра дидактикалық нұсқау ретінде тез тарады.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы мен жаңа заманғы араб әдебиетінің көрнекі тұлғасы, неоклассик, мысырлық ақын Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасын салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан талдауға арналған зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелерге сүйене отырып қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқидің шығармалары олар өмір сүрген қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени сипаттарын танытатын маңызды қайнаркөз;

– Екі ақынның «адам» концептіне қатысты идеяларының қазіргі заман үшін мәні өте жоғары, әсіресе, материалдық құндылықтардың басымдығы рухани тәрбиеде адамгершілікті насихаттауды өзекті етеді;

– Абай поэзиясында көтерілген оқу-ағарту, өзін-өзі тану, рухани даму, сыни ойлау, тәрбие мәселелері қазіргі жаһандану процесінің ықпалындағы әлеуметтік даму үшін өте өзекті;

– Ахмед Шауқидің поэзиялық мұрасының қазіргі заман үшін өзектілігі араб халқының бірлігі, ұлттық бірегейлік, бостандық пен моральдық нормалар мәселелерінде анық көрінеді;

– Абай мен Ахмед Шауқи поэзиясының философиялық аспектілерін Шығыс дүниетанымы тұрғысынан зерделеу мәдениетаралық түсіністікке ықпал етеді;

– қазақ және араб халықтары арасындағы мәдениеттер диалогының нығаюы нәтижесінде әдеби туындылар жалпыадамзаттық құндылықтарды арттыра түседі;

– Абай мен Ахмед Шауқи ағартушылық бағыттағы шығармалары арқылы ұлттық әдебиеттің негізін салумен бірге оны жаңа деңгейге көтерген ақын, жазушы, аудармашылар;

– Екі ақын да шығармашылық миссияларымен өз халықтарының рухани дамуына қызмет ету арқылы шынайы ұлт зиялысы мен рухани көшбасшының тұлғасын көрсетті;

– Абай мен Ахмед Шауқидің ағартушылық идеялары, философиялық ойлары және поэтикалық шеберліктері шығармашылық тұрғыдан бір-бірімен толық үйлесім тапқан, екі ақынның да поэзиясы рухани кемелденуді, терең білім алуды, ұлтқа адал болуды насихаттайды.

Зерттеудің нәтижелері Абай мен Ахмед Шауқи қоғамның рухани тәрбиесі үшін оған қызмет ететін адам бейнесін сомдау арқылы әдебиет пен мәдениетке, ғылым мен руханиятқа бірдей айтулы үлес қосты. Олардың шығармаларында жалпы адамзаттық құндылықтар тақырыбы жиі көтерілгендіктен екі ақынның әдеби мұрасы әлемдік рухани қазынаға да үлес болып енеді және салыстырмалы әдебиеттану ғылымын, мәдениеттер диалогы теориясын мазмұндық жағынан байытады.

Қазақ ойшылы Абай мен «ақындар әмірі» Ахмед Шауқи ағартушылық, гуманистік бағыттағы терең философиялық мәнге ие шығармаларымен өз халықтарының әдебиетінің жаңа дәуірін бастады және жаңа деңгейге көтерді. Олардың шығармалары тақырып, мазмұн, образ, идея, сюжеттерінің жалпыға

ортақтығымен, бірақ жеке стильдік шеберлігі, авторлық әдісімен ерекшеленеді, сол арқылы әлем әдебиетінің қорына еніп, Шығыс пен Батысқа ортақ құнды туындыларға айналды. Олардың шығармашылығын жаһандық өзгерістер аясында заманауи ғылыми әдістер тұрғысынан зерттеу өзекті екенін атау қажет.

Абай мен Шауқи шығармашылық идеясы мен қуаты арқылы өздері өмір сүрген дәуір мен қоғамнан алға озып кетті, олар жасаған адам бейнелері өз ұлтының мәдениетінің аясынан асып, адамзатқа ортақ әмбебап образдарға айналды. Екі ақынның да шығармалары өткен тарих пен қазіргі заманның, дәстүр мен жаңаның, адамгершілік құндылықтар мен жаһандық өзгерістердің арасында тұрған көпір ретінде үйлесім мен тепе-теңдікті табуға шақырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құнанбайұлы Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
- 2 Мәсімханұлы Д. Қазақстандағы салыстырмалы әдебиеттану ғылымы: бүгіні және даму болашағы // Ақиқат. – 2012. - № 10.- 100-105 б.
- 3 Долинина А.А. Очерки истории арабской литературы нового времени. Египет и Сирия. – Москва: Наука, 1973. – 272 с.
- 4 Бакиханова Н.Т. Драматургия Ахмада Шауки: автореф. ...канд. филол. наук: 10.01.06. – Баку, 1992. – 28 с.
- 5 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград: Художественная литература, 1994. – 649 с.
- 6 Jauss H.R. Aesthetic experience and Literary hermeneutics (Theory and history of Literature). – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1982. – 390 p.
- 7 Жюльен Ф. Великий образ, или Через живопись – к не-объекту. – Москва: Ад Маргинем Пресс, 2025. – 392 с.
- 8 Henry H.N. Remak, the Peripatetic Comparatist // Comparative Critical Studies. – 2010. – Vol. 7, Issue 2-3. – P. 229-241.
- 9 Конрад Н.И. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1966. – 519 с.
- 10 Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. – Ленинград: Восток и Запад, 1979. – 497 с.
- 11 Храпченко М. Типологическое изучение литературы и его принципы / М. Храпченко // Вопросы литературы.-1968 - №2.-С. 55-82.
- 12 Стеблева И.В. К вопросу формирования образной системы лирики в классической тюркоязычной поэзии // Проблемы исторической поэтики литератур Востока. – Москва: Наука, 1988. – С. 176-188.
- 13 Стеблева И.В. Историческая поэтика и литературы Востока // Проблемы исторической поэтики литератур Востока. –Москва: Наука, 1988. – С. 4-10.
- 14 Мортада Г. Сравнительное литературоведение в арабском мире: автореф. ... канд. филол. наук: 10.01.06. – Ленинград: ЛГУ, 1991. – 17 с.
- 15 Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы // <https://malimetter.kz/muxambet-salyk-babazhanov-1834-1871/> (жүгінген күні: 30.08.2025)
- 16 Нұрғалиев Р. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму: монография. – Алматы: Жазушы, 1986. – 438 б.
- 17 Шлейермахер Ф. Герменевтика / пер. с нем. А.Л.Вольского. – Санкт-Петербург: Европейский Дом, 2004. – 242 с.
- 18 Schleiermacher, Friedrich, and Manfred Frank. Hermeneutik Und Kritik Mit Einem Anhang Sprachphilosophischer Texte Schleiermachers. – 6. Aufl. – Suhrkamp; Frankfurt am Main, 1995. – S. 467.
- 19 Гусев С.С., Тульинский Г.Л. Проблема понимания в философии. – Москва: Политиздат, 1985. – 191 с.
- 20 Гучинская Н.О. Hermeneutica in nuce: Очерк филологической герменевтики. – Санкт-Петербург: Церковь и культура, 2002. – 122 с.

21 М.Хайдеггер. Гёльдерлин и сущность поэзии // https://imwerden.de/pdf/o_hoelderlin_heidegger_sushchnost.pdf (жүгінген күні: 02.09.2025).

22 Щирова И.А., Тураева З.Я. Текст и интерпретация: взгляды, концепции, школы: учебное пособие. – Санкт-Петербург: РГПУ им. А.И. Герцена, 2005. – 156 с.

23 Иосиф Бродский. Нобелевская лекция (1987) // <https://www.nobelprize.org/uploads/2025/04/brodsky-lecture-russian.pdf> (жүгінген күні: 02.09.2025).

24 Auerbach E. Mimesis: The representation of reality in western Literature. – Princeton: Princeton University Press, 1953. – 563 p.

25 Кузанский Н. Сочинения в 2-х томах. Т.2: Философское наследие. – Москва: Мысль, 1980. – 471 с.

26 Старобинский Ж. Поэзия и знание: история литературы и культуры. – Москва: Языки славянской культуры, 2002. – 496 с.

27 Әлемдік философиялық мұра: 20 томдық. Классикалық емес батыс философиясы. Т. 13: Г.Гадамер. Философия және герменевтика. – Алматы: Жазушы, 2006. – 528 б.

28 Гадамер Г.Г. Актуальность прекрасного. – Москва: Искусство, 1991. – 367 с.

29 Palmer R.E. Hermeneutics: Interpretation Theory in Schleiermacher, Dilthey, Heidegger and Gadamer. – Evanston: Northwestern University Press, 1969. – 283 p.

30 عبد الباسط هيكل. ناصر حامد أبو زيد الباحث و المفكر. // <https://taqueen.com/%D9%86%D8%B5%D8%B1-%D8%AD%D8%A7%D9%85%D8%AF-%D8%A3%D8%A8%D9%88-%D8%B2%D9%8A%D8%AF-%D8%A7%D9%84%D8%A8%D8%A7%D8%AD%D8%AB-%D9%88%D8%A7%D9%84%D9%85%D9%81%D9%83%D8%B1-%D9%A1/> (жүгінген күні: 01.08.2023).

31 فلاسفة العرب. // http://www.arabphilosophers.com/Arabic/aphilosophers/contemporary/contemporary-names/Muhammad_Arakoun/Arabic_Article_Arakoun/Arabic_Article_Arakoun.htm (жүгінген күні: 12.09.2023).

32 Шлейермахер Ф. Герменевтика / пер. и предисл. Р. Габитовой // Общественная мысль: исследования и публикации. – 1993. – № 4. – С. 224-263.

33 Шлейермахер Ф. Герменевтика / пер. с нем. А.Л. Вольского. – Санкт-Петербург: Европейский дом, 2004. – 242 с.

34 Лызлов А.В. Онтотеологическое понимание языка в работах И.Г. Гамана // Вестник РГГУ. Серия «Философия. Социология. Искусствоведение». – 2020. – №3. – С.36-47.

35 Щирова И.А. Текст и интерпретация: взгляды, концепции, школы: учебное пособие. – Санкт-Петербург: РГПУ им. А.И. Герцена, 2005. – 156 с.

36 Анненский И.Ф. Книги Отражений. – Москва: Наука, 1979. – 681 с.

- 37 Демьянков В.З. Общая теория интерпретации и ее применение к критическому анализу интерпретирующего направления в метаязыке американской лингвистики 1970-1980 гг.: Дис... д. филол. н. – М., 1985. – 256 с.
- 38 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлендер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 39 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – Москва: Просвещение, 1976. – 544 с.
- 40 Томахин Г.Д. Реалии – американизмы. – Москва: Высшая школа, 1988. – 238 б.
- 41 Супрун А.Е. Экзотическая лексика // Филологические науки. – 1958. – №2. – С. 52-54.
- 42 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – Москва: Р.Валент, 2009. – 360 с.
- 43 Әуезов М. Абай Құнанбаев: монографиялық зерттеулер мен мақалалар / құраст. Н.Ақбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
- 44 Бекбосынов М.Н. Дулат Бабатайұлы және Абай шығармаларындағы отарлық езгіге қарсы әдеби сарын: монография. – Алматы: Лантар Books, 2004. – 150 б.
- 45 Абайтану: таңдамалы еңбектер. 1-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 б.
- 46 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ газеті. – 1913. – №39. – 319 б.
- 47 Абай: энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
- 48 الموسوعة العالمية للشعر العربي. ط ٢. الرياض، ١٩٩٩. ص ٨٢٢.
- 49 لاورا عبيات. تعريف بأحمد شوقي..
// <https://mawdoo3.com/> تعريف بأحمد شوقي (жүгінген күні: 07.09.2025)
- 50 أحمد شوقي.. أمير الشعراء.
// <https://islamonline.net/archive/الشعراء-أحمد-شوقي> (жүгінген күні: 07.09.2025).
- 51 إسماعيل صبورة. أحمد شوقي أمير الشعراء ام شاعر الامراء.
// <https://maglth.com/ahmed-shawqi/> (жүгінген күні: 07.09.2025)
- 52 Әуезов М. Шығармаларының толық жинағы. 15-т: 1937-1940 жж. – Алматы: Дәуір, 2014. – 392 б.
- 53 وسام طلال. أهم أعمال أحمد شوقي.
// <https://mawdoo3.com/أهم أعمال أحمد شوقي> (жүгінген күні: 05.07.2025)
- 54 أحمد شوقي. الشوقيات.
// <https://shaqhaf.com/book624-6.html?page=3> (жүгінген күні: 10.10.2023)
- 55 Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы... – Астана: Білге, 2002. – 432 б.
- 56 Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.
- 57 Мырзахметұлы М. Абайтану. 1-том: Абайтану тарихы. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 488 б.
- 58 Турк С.Н. Британская оккупация Египта и установление колониальной системы (1882-1922) // Материалы XI Междунар. научно-практической конференции. – Краснодар. – 2020. – С. 20-22.

59 Нааг М. The Rough Guide to History of Egypt. – London: Rough Guides, 464 p.

60 Долинина А.А. Очерки истории арабской литературы нового времени. Египет и Сирия: Публицистика 1870-1914 гг. – Москва: Наука, 1968. – 144 с.

61 Жарылғапов Ж. Абай танымындағы адам тұғырнамасы // <https://ortalyq.kz/abaj-tanymynda-y-adam-t-urnamasy/> (жүгінген күні: 25.05.2025)

62 Төлеубекова Р.К., Жұматаева Е.Ө., Сламбекова Т.С. Абайдың педагогикалық дүниетанымы: ұжымдық монография. – Нұр-Сұлтан: “Алашорда” қоғамдық қоры, 2021. – 336 б.

63 Аристотель. Метафизика. Батыс философиясының антологиясы / ауд.: Қ.Әбішев, М.Сәбит, Ә.Қодар. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002. – 464 б.

64 Картаева А. Жаңа ғасырдағы Абайдың «толық адам» тағылымы: ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Алгоритм, 2022 – 270 б.

65 Мырзахметұлы М. Толық адам ілім жайлы толғаныс // <https://ult.kz/post/mekemtas-myrzakhmetuly-tolyk-adam-ilimi-zhayly-tolganys> (жүгінген күні: 06.07.2024)

66 Мырзахметұлы М. Абайтану және оның толық адам ілімі. // <https://malim.kz/article/adebiet/mekemtas-myrzakhmetov-abaitanu-zane-onyn-tolyq-adam-ilimi-27855> (жүгінген күні: 11.07.2024)

67 Палтөре Ы. Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы. – Алматы: Nur-Mubarak, 2025. – 278 б.

68 Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. // <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=825> (жүгінген күні: 12.06.2024).

69 Көк тұман – алдындағы келер заман // <https://abaiqunanbaiuly.enu.kz/2020/12/09/%D0%BA%D3%A9%D0%BA-%D1%82%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D0%BD-%D0%B0%D0%BB%D0%B4%D1%8B%D2%A3%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D0%BA%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%80-%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D0%BD/> (жүгінген күні: 19.04.2024).

70 Құнанбайұлы А. Алланың өзі де рас сөзі де рас. <https://abai.kz/post/7320> (жүгінген күні: 03.04.2024).

71 Мырзахметұлы М. Көп адам Абайды түсіне алмайды. <https://qazaquni.kz/adebiet/88618-mekemtas-myrzahmetuly-koep-adam-abajd> (жүгінген күні: 02.10.2024).

72 شوقي أ. الشوقيات. بيروت: دار الكتب العلمية، 1998. – 256ص.

73 جبري ش. دراسة عن شوقي. دمشق: دار قتيبة، 1997. – 186ص.

74 عبيد أ. ذكرى عن شاعرين. بيروت: عالم الكتب، 1933. – 495ص.

75 ارسلان ش. شوقي أو صداقة اربعين سنة. الشوف: القاهرة: الناشر مؤسسة هنداوي، 2020. – 368ص.

76 شوقي أ. الشوقيات. القاهرة: دار الغد الجديد، 2017. – 895ص.

77 عبد الفتاح أ. شخصيات ادبية. حولي: مكتبة ابن كثير، 1998. – 256ص.

78 Мырзахметұлы М. Абайтану. 1-том: Абайтану тарихы. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 488 б.

79 هاشم م. في مدائن الف ليلة و ليلة. الكويت: مجلة الكويت، 2013. 14 سبتمبر

80 شوقي أ. الشوقيات. لبنان: دار الكتب العلمية، 2003. – 182ص.

81 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9-т. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 724 б.

82 Абай философиясы // https://el.kz/abai_filosofiyasy_24315/ (жүгінген күні: 10.08.2024).

83 Сегіз аяқ // <https://bilim-all.kz/olen/544-Segiz-ayaq> (жүгінген күні: 19.08.2024).

84 Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап. // <https://abaiqunanbaiuly.enu.kz/2020/12/09/%D1%81%D0%B5%D0%BD%D0%B1%D0%B5-%D0%B6%D2%B1%D1%80%D1%82%D2%9B%D0%B0-%D1%82%D2%B1%D1%80%D1%81%D0%B0-%D0%B4%D0%B0-%D2%9B%D0%B0%D0%BD%D1%88%D0%B0-%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D1%82%D0%B0%D0%BF/> (жүгінген күні: 19.08.2024).

85 Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста // <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=825> (жүгінген күні: 22.07.2025)

86 Жаздыкүн шілде болғанда // <https://qazaqadebieti.kz/55050/lylar-ndestigi-abaj-men-zhambyl> (жүгінген күні: 10.09.2025)

87 Абайдың табиғат лирикасы // <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=828>. (жүгінген күні: 15.10.2025).

88 Кенжеғалиев К.К. Психология «Слов назидания» Абая Кунанбаева – казахского просветителя конца XIX и начала XX веков // Фундаментальные исследования. – 2013. – №10 (3). – С. 659-664.

89 Сатпаева Ш. Связи Абая Кунанбаева с европейскими литературами: в 5 томах. Т. 4. – Астана: Елорда, 2007. – 221 с.

90 Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai-zane-xxi-gasyrdagy-qazaqstan_22447 (жүгінген күні: 05.08.2024).

91 Демесінова Л. Абайдың «толық адам» ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту. – Семей: «Құдайбергенов», 2024. – 270 б.

92 Герольд Бельгер: Абай мен Гете // <https://abaialemi.kz/post/view?id=969> (жүгінген күні: 02.05.2025).

93 Стихотворения М. Лермонтова // <https://www.litres.ru/book/vissarion-belinskiy/stihotvoreniya-m-lermontova-2779355/chitat-onlayn/?page=8> (жүгінген күні: 09.07.2025).

94 Дәдебаев Ж. Абай адам мен заман туралы. <https://abaialemi.kz/post/view?id=630&ysclid=m6dnvv9rr6309713812YandexHTML.2YFNLRCGYRP5J4RJERZTSQJGGM%5CShell%5COpen%5CCommand> (жүгінген күні: 25.07.2025).

95 شوقي أ. مسرع كليوباتر. – القاهرة: دار الكتب المصرية، 1946. – 162 ص.

96 إميل أ. كبا. ديوان أحمد شوقي. الشوقيات. الجزء الاول. بيروت: دار الجيل، 1976. ص. 476.

97 Эмомов А.С. Арабская историческая драма: автореф. ... канд.филол. наук: 28.05.07. – Душанбе, 2007. – 23 с.

98 شوقي أ. قمبيز. – المملكة المتحدة: مؤسسة الهندي، 1931. – 148 ص.

99 شوقي أ. علي بك الكبير. – المملكة المتحدة: مؤسسة الهندي، 1932. – 146 ص.

100 شوقي أ. الست هدى. – المملكة المتحدة: مؤسسة الهندي، 1936. – 92 ص.

- 101 شوقي أ. مجنون ليلي. – المملكة المتحدة: مؤسسة الهندي، 1931. – 134 ص.
- 102 كبا إميل أ. ديوان أحمد شوقي. الشوقيات. – المجلد الثاني. بيروت: دار الجيل، 1999. – 400 ص.
- 103 عطوي خ. ف. أحمد شوقي أمير الشعراء. – بيروت: دار صعب، 1998. – 240 ص.
- 104 مبارك ز. أحمد شوقي. – بيروت: دار الجيل، 1988. – 320 ص.
- 105 عطوي خ. ف. أحمد شوقي أمير الشعراء. – بيروت: دار صعب، 1998. – 240 ص.
- 106 شوقي أ. قصائد عدل. // <https://www.aldiwan.net/Poems-Topics-%D8%B9%D8%AF%D9%84.html> (жүгінген күні: 09.09.2025)
- 107 https://www.aldiwan.net/poem7883.html (жүгінген күні: 12.06.2025). شوقي أ. يا قلب.
- 108 // <https://www.aldiwan.net/poem7134.html> شوقي أ. ردت الروح على المضني معك. (жүгінген күні: 25.07.2025).
- 109 // <https://www.habous.gov.ma/daouat-alhaq/item/7175> اهتمامات أمير الشعراء أحمد شوقي بالشباب و تربيته (жүгінген күні: 09.09.2025).
- 110 // <https://www.aldiwan.net/poem15422.html> قم للمعلم وفه التبجيلا. (жүгінген күні: 23.09.2025).
- 111 // <https://www.aldiwan.net/poem62943.html> مرحبا بالربيع في الربيعانة. (жүгінген күні: 23.09.2025).
- 112 // <https://alandalus.edu.sa/posts/1124.html> ان الذي ملأ اللغات محاسنا. (жүгінген күні: 25.08.2025).
- 113 // <https://www.aldiwan.net/poem63713.html> اختلاف النهار و الليل ينسى. (жүгінген күні: 28.09.2025).
- 114 // <https://www.hindawi.org/books/94053925/5/> أحمد شوقي شاعر الوطنية الاكبر. (жүгінген күні: 28.09.2025).
- 115 Оразбекқызы Г. Абай мен алаш үйлесімі. // <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1775> (жүгінген күні: 30.09.2025).
- 116 Айттым сәлем, қаламқас // <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=139> (жүгінген күні: 11.08.2025).
- 117 Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат // <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1605> (жүгінген күні: 12.08.2025).
- 118 Al-Musawi M. Arabic Literary Thresholds: Sites of Rhetorical Turn in Contemporary Scholarship. – Leiden: Brill, Printforce, 2009. – 339 p.
- 119 Yalar M. Modern Arap Edebiyatına Giriş. – Bursa: Emin Yayınları, 2009. – 197 s.
- 120 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: 2-том: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 384 б.
- 121 Абай шығармаларының академиялық толық жинағы: 5 томдық. – Алматы: Жазушы, 2020. – 488 б.
- 122 Hirschfeld H. Diwan of Hassan b. Thabit. – Leiden; London, 1910. – 240 p.
- 123 // <https://www.hindawi.org/books/70706142/40/> نهج البردة الشوقيات. (жүгінген күні: 25.07.2025).
- 124 Абрамов С.Р. Методы герменевтического анализа. Сакральный и поэтический текст как предмет филологической герменевтики: на материале германских языков : диссертация. ... док. филол. наук: 10.01.08. – Санкт-Петербург, 2006. – 515 с.

- 125 Рязанов И.В. Герменевтика текста: Опыт соц.-филос. исслед. : диссертация ... кандидата философских наук: 09.00.11. – Пермь, 1997. – 173 с.
- 126 Қазақстандағы салыстырмалы әдебиеттану ғылымы // <https://aigiat.kazgazeta.kz/news/880> (жүгінген күні: 10.06.2024).
- 127 Эмомов А.С. Арабская историческая драма: вторая половина XIX - начало XX века: автореф. ... канд. филол.-х. наук: 28.05.2007. – Душанбе, 2007. – 23 с.
- 128 Бакиханова Н. Драматургия Ахмада Шауки: автореф. ... канд. филол. Наук. – Баку, 1992. – 28 с.
- 129 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: Т.1. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
- 130 Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық: Т.2. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.
- 131 Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.6. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 384 б.
- 132 Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.9. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 320 б.
- 133 Мырзахметов М. Абайтану. Т.1. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 488 б.
- 134 Абайдың философиялық іліміндегі «толық адам» тұжырымдамасы және қазіргі заман: ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – 290 б.
- 135 Мырзахметов М. Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
- 136 Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс // <https://abai.kaznu.kz/?p=2814> (жүгінген күні: 25.08.2025).
- 137 Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Рауан, 1997. – 140 б.
- 138 Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1958. – 313 б.
- 139 Салқынбаев М. Қазақ-араб әдеби байланыстары. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 135 б.
- 140 Allen Roger M.A. An Introduction to Arabic literature. – Cambridge: University Press, 2000. – 263 p.
- 141 Allen Roger M.A. The Arabic literary heritage. – Cambridge: University Press, 1998. – 437 p.
- 142 Haywood John A. Modern Arabic Literature 1800-1970. – London: Lund Humphries, 1979. – 306 p.
- 143 Savran A. 19.YY. Osmanlı Döneminde Yeni Arap Edebiyatı. – Erzurum: Atatürk Üniversitesi Yayınları, 1991. – 195 s.
- 144 Ullah N. Islamic Literature. – New York: Washington Square Press, Inc., 1963. – 440 p.
- 145 Stetkevych S.P. The Mantle Odes. – Bloomington, Indianapolis: Indiana University Press, 2010. – 306 p.
- 146 Nicholson R.A. A Literary History of the Arabs. – Cambridge: University Press, 1979. – 506 p.

- 147 Yanık N.H. Arap şiirinde tasvir. – Erzurum: Eser Matbaası, 2010. – 288 s.
- 148 Ahmet C.H. Dogru, İhsan: Arap Edebiyatında Vatan ve Bağımsızlık Mücadelesi. – Ankara: Nobel Bilimsel Eserler, 2010. – 238 s.
- 149 ابن منظور. لسان العرب المحيط. معجم لغوي – علمي - . بيروت: دار لسان العرب، 1993. - 287 ص.
- 150 Huart C. A history of Arabic Literature. – Beirut: Khayats, 1966. - 478 p.
- 151 شوقي ضيف. عصر الدول و الإمارات. مصر: دار المعارف، 1984. – 844 ص.
- 152 Smart J.R. Tradition and Modernity in Arabic Language and Literature: Richmond: Curzon, 1996. – 351 p.
- 153 Stefan S. Mannerism in Arabic Poetry. – Cambridge: University Press, 1950. – 230 p.
- 154 Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары: ұлы ақынның 150 жылдығына. – Алматы: Рауан, 1993. – 278 б.
- 155 Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001. – 143 б.
- 156 Абай мен Пушкин шығармашылығындағы үндестік. – Семей: СМУ, 2006. – 515 б.
- 157 Esmail A. Prospects of modern and contemporary Poetry in Egypt. – Cairo: Dar Ghareeb, 2003. – 181 p.
- 158 Al-Rifaii N. Lyrics in the poetry of Ahmad Shawqi // Advances in the Social Sciences Research Journal. – 2018. – Vol.5, №6. – P. 147-158.
- 159 Zalaat A. Children's literature between Ahmad Shawki and Othman Galal / Al-Wafa library. – Al-Mansoura: Publishing House of Egyptian Universities, 1994. – 185 p.

Қосымша

الْتَّيْلُ الْعَذْبُ هُوَ الْكَوْثَرُ
وَالْجَنَّةُ شَاطِئُهُ الْأَخْضَرُ
رِيَّانُ الصَّفْحَةِ وَالْمَنْظَرُ
إِذَا أَبْهَى الْخَلْدَ وَمَا أَنْضَرُ
الْبَحْرُ الْفَيَاضُ، الْقُدْسُ
السَّاقِي النَّاسَ وَمَا غَرَسُوا
وَهُوَ الْمُنْوَالُ لِمَا لَيْسُوا
وَالْمُنْعِمُ بِالْقُطْنِ الْأَنْوَرُ

Нілдің бал суын ішкен Кәусарға оны теңейді,
Жайқалған жағалауынан жаннаттың иісі келеді.
Топырағы құнарлы, айналасы әсем бақ
Ғажайып көрінісі қиялға ерік береді.
Қасиетті Нілдің суы баршаға,
Арнасынан су алады қанша адам.
Бақыт сыйлап қуантады халықты,
Мақтаменен көркейтеді даланы.

بني مصر مكانكمو تهيا
فهيا مهّودو للملك هيا
خذوا شمس النهار له حليا
ألم تك تاج أولكم مليا
لنا وطن بأنفسنا نقيه
وبالدنيا العريضة نفتديه

Мысырлықтар, шырайлы мекендерің,
Алға қане, патшалыққа жол ашыңдар.
Күн шуағын әшекей қып алыңдар
Алғашқы болсын киген тәждерің
Қорғайтұғын Отанымыз бар біздің,
Ол үшін жанымызды құрбан етеміз.

عُصْفُورَتَانِ فِي الْحِجَازِ حَلَّتَا عَلَى فَنَنْ
فِي خَامِلٍ مِنَ الرِّيَاضِ لَا نَدِي وَلَا حَسَنَ
بَيْنَاهُمَا تَنْتَجِيَانِ سَحَرًا عَلَى الْعُصْنِ
مَرَّ عَلَى أَيْكِهِمَا رِيحٌ سَرَى مِنَ الْيَمَنِ
حَيًّا وَقَالَ دُرَّتَانِ فِي وَعَاءٍ مُمْتَنَنَ
لَقَدْ رَأَيْتُ حَوْلَ صَنْ عَاءٍ وَفِي ظِلِّ عَدَنَ
خَمَائِلًا كَأَنَّهَا بَقِيَّةٌ مِنْ ذِي يَزْنَ
الْحَبُّ فِيهَا سُكَّرٌ وَالْمَاءُ شُهْدٌ وَلَبَنَ
لَمْ يَرَهَا الطَّيْرُ وَلَمْ يَسْمَعْ بِهَا إِلَّا إِفْتِنَنَ

هَيَّا إِرْكَبَانِي نَأْتِيهَا فِي سَاعَةٍ مِنَ الزَّمَنِ
قَالَتْ لَهُ إِحْدَاهُمَا وَالطَّيْرُ مِنْهُنَّ الْفَطِينُ
يَا رِيحُ أَنْتِ ابْنُ السَّبِيلِ مَا عَرَفْتَ مَا السَّكَنِ
هَبْ جَنَّةَ الْخُلْدِ الْيَمَنَ لَا شَيْءَ يَعْدِلُ الْوَطَنَ

Әл-Хиджазда екі құс бұтаққа келіп қонды
Эр-риядтан алыста, қураған қараңғы бақта
Ерте оянып бұтада олар сайраған шақта,
Йеменнен келе жатқан жел олардың жанынан өтті.
Құстарға сәлем беріп: «Тостағандағы екі меруерт!
Мен Сананың маңайында, Аденнің көлеңке жағында болдым,
Зиазанға арнап жасалған ғажап бақтарды көрдім.
Шекердей дәндерді жеп, сүт пен балдай су іштім.
Ешбір құс ондайды көрмек түгілі, естіген де емес,
Бір сағатта жеткізіп салам,маған отырып алыңдар».
Екі құстың бірі оған жауап берді, құстар алғыр болады:
«Ей, Жел, сен елкезбесің, үй дегенді ешқашан білмегенсің.
Йемен мәңгілік жұмақ болса да,
«Отан» деп аталатын жерге ештеңе тең келмейді»!

مَا كَانَ فِي مَاضِي الزَّمَانِ مُحَرَّمًا
لِلنَّاسِ فِي هَذَا الزَّمَانِ مُبَاحٌ
صَاغُوا نُعُوتَ فُضَائِلِ لِعُيُوبِهِمْ
فَتَعَدَّرَ التَّمْيِيزُ وَالْإِصْلَاحُ
فَالْفَتْنُكَ فَنٌّ وَالْخِدَاغُ سِيَاسَةٌ
وَعَنَى الْأَصُوصِ بَرَاعَةٌ وَنَجَاحُ
وَالْعُرْيُ ظُرْفٌ وَالْفَسَادُ تَمَدُّنٌ
وَالْكَذِبُ أَطْفٌ وَالرِّيَاءُ صِلَاحُ

Бұрынғыда тыйым салынған бір іске,
Қазір рұқсат етілгені дұрыс па
Кемшіліктерін ізгі істермен толтырар,
Бөліну мен түзелу сәтсіз әрекет болар.
Құрту – өнер, ал алдау - саясат
Ұрылар ептілік пен сәттілікке бас иер.
Арсыздық – тапқырлық, ал жемқорлық - өркениет
Өтірік - мейірімділік, ал екіжүзділік – жақсылық.

وليس بعامر بنیان قوم ، إذا أخلاقهم كانت خرابا
وإنَّ المجد في الدنيا رحيق ، إذا طال الزمان عليه طابا
ويا وطني لقيتك بعد يأس ، كأني قد لقيت بك الشبابا
ولولا البر لم يبعث رسول ، ولم يحمل إلى قوم كتابا

Шарықтамаса, халықтың жасағаны,
Адамгершік белгісінің жоғалғаны.
Атақ-даңқ бейнебір шарап тәрізді,
Уақыт өте дәмі де жақсарады.

Елім, сені торығудан соң жолықтырдым,
Өзіңмен жастық-шақты бірге өткіздім.
Пайғамбарлар қайырымдылыққа жол бастаған
Қасиетті кітаптарға иман келтірдім.

إن ملكت النفوس فابغ رضاها فلها ثورة وفيها مضاً
يسكن الوحش للوثوب من الأسر فكيف الخلائق العقلاء
يحسب الظالمون أن سيسودون وأن لن يؤيد الضعفاء
والليالي جوائر مثلما جاروا وللدهر مثلهم أهواء

Халықты басқарам десең, ризашылығын ізде
Оларда намысқойлық пен өткірлік бар.
Жыртқыштай тұтқындалған пана ізде
Ақылды жаратылыста бір үміт бар.
Жауыздар билік құруды көздеп,
Әлсізге қамқор болмайды мүлдем.
Түндер өтуде бір-бірін іздеп,
Заманға рух бер, сен оны қолдап.

فَمُ لِلْمُعَلِّمِ وَفِيهِ التَّجِيلَا كَادَ الْمُعَلِّمُ أَنْ يَكُونَ رَسُولاً
أَعْلَمْتُ أَشْرَفَ وَأَجَلَ مَنْ الَّذِي يَبْنِي وَيُنْشِئُ أَنْفُساً وَعُقُولاً
سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ خَيْرَ مُعَلِّمٍ عُلِّمْتُ بِالْقَلَمِ الْقُرُونِ الْأُولَى
أَخْرَجْتَ هَذَا الْعَقْلَ مِنْ ظُلُمَاتِهِ وَهَدَيْتَهُ النُّورَ الْمُبِينِ سَبِيلاً
إِنَّ الشَّجَاعَةَ فِي الْقُلُوبِ كَثِيرَةٌ وَوَجَدْتُ شَجْعَانَ الْعُقُولِ قَلِيلاً
رَبُّوْا عَلَى الْإِنْصَافِ فَتَيَّانَ الْجَمَى تَجِدُوهُمْ كَهْفَ الْحَقِيقِ كُهُولاً
فَهُوَ الَّذِي يَبْنِي الطَّبَاعَ قَوِيمةً وَهُوَ الَّذِي يَبْنِي النُّفُوسَ عُذُولاً
وَيَقِيْمُ مَنْطِقَ كُلِّ اعْوَاجٍ مَنْطِقٍ وَيُرِيهِ رَأْيَا فِي الْأُمُورِ أَصِيلاً

Мұғалімге тағзым ет

Мұғалімге тағзым еткін құрметпен,
Пайғамбар болуға ол аз-ақ қалды.
Мәртебелі жан бар ма одан артық,
Білім берер жалғанда ниетпенен.
Нұрын төгер баршаға ізетпенен,
Аллахым, шексіз мақтау саған ғана.
Ұстаздардың ұстазысың тек сен ғана
Адамзатқа үйреттің білмегенін
Жазуды да үйреттің оқуды да,
Сансыз шүкір жаратушым, саған ғана.
Ақыл-ойды құтқарып қараңғылықтан,
Жарық жолға бағыттадың біз ұққан
Жүректерде көп батылдық кездесер
Білім есігін ашайық алтын кілтпен.
Әділ тәрбие берейік ұрпақтарға,
Қорғасын деп біздерді бар қиындықтан.

Көркем мінез орнатар шәкіртіне,
Мұғалім – ол білім нұры әр сөзінде.
Үйретеді шәкірттерін туралыққа
Сарқылмас ілім жиған кеудесіне.

هرتي جدّ اليفه وهي للبيت حليفه
هي ما لم تتحرك دمية البيت الظريفة
فإذا جاءت وراحت زيد في البيت وصيفة
شغلها الفأر تنقي الرفّ منه والسقيفة
ومن الاثواب لم تملك سوى فرو قطيفة
كلما استوسخ او آوى البراغيث المطيفة
غسلته وكوته بأساليب لطيفة

Мысығым қолға үйретілген, ол үйдің одақтасы.
Еш қимылдамайды өзі сүйкімді қуыршағым.
Ары бері жүргенде, жұмысы оның артады.
Тышқанды аулау – бұл оның ісі,
Сөре мен шатырдың тазалағышы.
Байлығы жұмсақ барқыт терісі.
Үнемі ол лас болған кезде,
Сыпайы ғана жуып тазалайды.

“الديك الهندي و الدجاج البلدي”

إذ جاءها هندي كبير العرف، فقام في الباب قيام الضيف
يقول: حيا الله ذي الوجوها، ولا أراها أبداً مكروها
أتيتكم أنشر فيكم فضلي، يوماً، وأقضي بينكم بالعدل
وكل ما عندكم حرام، علي، إلا الماء، والمنام
فعاود الدجاج داء الطيش، وفتحت للعلج باب العش
فجال فيه جولة المليك، يدعو لكل فرخة وديك
وبات تلك الليلة السعيدة، ممتعاً بداره الجديد
وبانت الدجاج في أمان، تحلم بالذلة والهوان
حتى إذا تهلل الصباح، واقتبست من نوره الأشباح
صاح بها صاحبها الفصيح، يقول: دام منزلي الملبح
فانتبهت من نومها المشئوم، مذعورة من صيحة الغشوم
تقول: ما تلك الشروط بيننا، غدرتنا والله غدرأً بينا
فضحك الهندي حتى استلقى، وقال: ما هذا العمى يا حمقى؟
متى ملكتم ألسن الأرباب؟ قد كان هذا قبل فتح الباب

“Үнді әтеші және жергілікті тауықтар”

“Кейбір әлсіз ауыл балапандары үйлеріне бас сұғып жатқанда,
Үлкен тарақты үнді әтеші келіп, есік жанында қонақ тәрізді тұрды.
Ол: “Құдай пәле-жаладан сақтап, ұзақ ғұмыр берсін.
Мен сендерге бір күнге қасиетімді тарату үшін
Және араларыңда әділдікпен үкім шығару үшін келдім.
Маған су мен ұйқыдан басқасының бәріне тыйым салынған».

Ұшқалақ балапандар аңдаусызда өзгеге есік ашты.
 Ал ол болса өзін патша сезініп, әр тауық пен әтешке дұға етті.
 Ол сол бақытты түнде жаңа үйінің қызығын көрді.
 Тауықтар тыныш ұйықтап, масқаралық жайлы түс көрді.
 Таң ағарып атқанда, нұрына елестер шомылды.
 Қызыл тілді үй иесі оянып: “Мәңгі жаса, сүйікті үйім!”, – деп айқайлады.
 Тауықтар жаман түс көріп, алаяқтың айғайынан оянды.
 “Мұндай шарт болған емес арамызда! Сіз бізге опасыздық жасадыңыз!”
 Әтеш құлаганиша күлді де: “Бұл не деген соқырлық, ақымақтар?!
 Қашаннан бері мырзалардың тілінде сөйлейтін болғансыңдар?
 Бұл сендер есікті ашпас бұрын болып қойған!”.

“سليمان والهدد”

وَقَفَ الْهُدُودُ فِي بَابِ سُلَيْمَانَ بِذَلِكَ
 قَالَ يَا مَوْلَايَ كُنْ لِي عَيْشَتِي صَارَتْ مُمْلَةً
 مِثْلُ مِنْ حَبَّةٍ بَرٍّ أَحَدْتُ فِي الصَّدْرِ غُلَّةً
 لَا مِثْلَ الْفَيْلِ ثَرَوِيهَا وَلَا أَمْوَاءَ دَجَلَةٍ
 وَإِذَا دَامَتْ قَلِيلًا قَتَلْتَنِي شَرًّا قَتَلَهُ
 فَأَشَارَ السَّيِّدُ الْعَالِي إِلَى مَنْ كَانَ حَوْلَهُ
 قَدْ جَنَى الْهُدُودُ ذَنْبًا وَأَتَى فِي الْيَوْمِ فَعَلَهُ
 تِلْكَ نَارُ الْإِثْمِ فِي الصَّدْرِ وَذِي الشُّكُوفِ تَعْلَهُ
 مَا أَرَى الْحَبَّةَ إِلَّا سُرِقَتْ مِنْ نَبْتٍ نَمْلَهُ
 إِنَّ لِلظَّالِمِ صَدْرًا يَشْتَكِي مِنْ غَيْرِ عَلَيْهِ

“Сүлеймен пайғамбар және көкек”

“Көкек келіп Сүлейменнің есігін қағып,
 Уа, Мырзам, өмірімді құтқар деді.
 Өлім аузында менің бұлай қалғаным,
 Бидай дәнінен болған ба деп ойладым.
 Ніл мен Тигр суы да оны сөндіре алмас.
 Әрі қарай жалғасар болса, өліп кетуім де ықтимал.
 Сол кезде мырзасы маңайына нұсқады,
 Бұл дәннің құмырсқаның илеуінен ұрланғанын көрем мен.
 Жауыздың кеудесінде болар әрдайым,
 Шипасы жоқ аурулар өмір бойы”.

الثعلب والديك

بَرَزَ الثَّعْلَبُ يَوْمًا فِي شِعَارِ الْوَاغِظِينَا
 فَمَشَى فِي الْأَرْضِ يَهْذِي وَيَسْتَبُ الْمَآرِينَا
 وَيَقُولُ الْحَمْدُ لِلَّهِ إِلَهَ الْعَالَمِينَا
 يَا عِبَادَ اللَّهِ تَوَبُوا فَهَوَّ أَهْفُ التَّائِبِينَا
 وَارْهَدُوا فِي الطَّيْرِ إِنَّ الْعَيْشَ عَيْشُ الزَّاهِدِينَا

وَاطْلُبُوا الدِّيكَ يُؤَدِّنُ لِصَلَاةِ الصُّبْحِ فِينَا
 فَأَتَى الدِّيكَ رَسُولٌ مِنْ إِمَامِ النَّاسِكِينَا
 عَرَضَ الْأَمْرَ عَلَيْهِ وَهُوَ يَرْجُو أَنْ يَلِينَا
 فَأَجَابَ الدِّيكُ عُذْرًا يَا أَضَلَّ الْمُهْتَدِينَا
 بَلَغَ الثَّلَاثَ عَتَّى عَنْ جُدُودِي الصَّالِحِينَا
 عَنْ ذَوِي التَّبَجَانِ مِمَّنْ دَخَلَ الْبَطْنَ اللَّعِينَا
 أَنَّهُمْ قَالُوا وَخَيْرُ الْقَوْلِ قَوْلُ الْعَارِفِينَا
 مُخْطِئٌ مَنْ ظَنَّ يَوْمًا أَنَّ لِلثَّلَاثِ دِينَا

“Түлкі мен әтеш”

“Бір күні бетпердесін киіп уағызшының,
 түлкі шықты әлемді шарлап, айлакерлерді ессіз қарғап.
 Әлемдердің Раббысы Аллаға мадақ болғай,
 Ей, Аллахтың құлдары құлшылық қыл,
 Үңгір адамдарындай тәубе етіңдер.
 Құстардан алыс болыңдар, шынайы өмір аскеттердің өмірі,
 Әтешке айталық, таң намазына бізді оятсын,
 Ол бізге тақуалардың жіберген пайғамбары.
 Әтешке әмір келген соң, келіседі деп сенеміз.
 Сонда әтеш: «Кешіріңіз, тура жолдағылардың адасқаны,
 Қарғыс атқыр асқазанындағы ата-анамнан,
 Және менен түлкіге дұғай сәлем жолдаңыз.
 Ата-бабам айтушы еді жақсы бір сөз,
 “Түлкіде дін бар деген қателеседі”, деп”.

الخُفَاش وَمَلِكَةُ الْفَرَاشِ

مَرَّتْ عَلَى الْخُفَاشِ، مَلِكَةُ الْفَرَاشِ
 تَطِيرُ بِالْجُمُوعِ سَعِيًّا إِلَى الشُّمُوعِ
 فَعَطَفَتْ وَمَالَتْ وَاسْتَضَحَّكَتْ فَقَالَتْ
 أَرَزَيْتِ بِالْعَرَامِ يَا عَاشِقَ الظَّلَامِ
 صَفِّ لِي الصَّدِيقَ الْأَسْوَدَ الْخَامِلَ الْمُجَرَّدَا
 قَالَ سَأَلْتِ فِيهِ أَصْدَقَ وَاصِفِيهِ
 هُوَ الصَّدِيقُ الْوَافِي الْكَامِلُ الْأَوْصَافِ
 جَوَارُهُ أَمَانٌ وَسِرُّهُ إِيْتِمَانٌ
 وَطَرْفُهُ أَلِيلٌ إِذَا هَفَا الْخَلِيلُ
 يَحْنُو عَلَى الْعُشَّاقِ ، يَسْمَعُ لِلْمُشْتَاكِ
 وَجُمْلَةُ الْمَقَالِ ، هُوَ الْحَبِيبُ الْغَالِي
 فَقَالَتْ الْحَمَقَاءُ وَقَوْلُهَا اسْتَهْزَاءُ
 أَيْنَ أَبُو الْمِسْكِ الْخَصِي ذُو الثَّمَنِ الْمُسْتَرْخَصِ
 مِنْ صَاحِبِي الْأَمِيرِ الظَّاهِرِ الْمُنِيرِ
 إِنْ عُدَّ فَيَمَنْ أَعْرِفُ ، أَسْمُو بِهِ وَأَشْرُفُ
 وَإِنْ سُبِّلَتْ عَنْهُ وَعَنْ مَكَانِي مِنْهُ
 أَفَاجِزُ الْأَتْرَابَا وَأَنْثَنِي إِعْجَابَا
 فَقَالَ يَا مَلِكَةَ وَرَبَّةَ الْأَرِيكَةِ
 إِنْ مِنَ الْغُرُورِ ، مَلَامَةُ الْمَغْرُورِ

فَأَعْطِنِي قَفَاكَ ، وَامْضِي إِلَى الْهَلَاكِ
 فَتَرَأْتُهُ سَاخِرَهُ وَذَهَبْتَ مُفَاخِرَهُ
 وَبَعْدَ سَاعَةٍ مَضَتْ ، مِنْ الزَّمَانِ فَإِنْقَضَتْ
 مَرَّتْ عَلَى الْخَفَاشِ مَلِكُهُ الْفَرَّاشِ
 نَاقِصَةً الْأَعْضَاءِ تَشْكُو مِنَ الْفَنَاءِ
 فَجَاءَهَا مِنْهُمْ كَمَا يُضْجِكُ مِنْهَا الْبُكَاءُ
 قَالَ أَلَمْ أَقُلْ لَكَ ، هَلَكْتَ أَوْ لَمْ تَهْلِكِي
 رَبِّ صَدِيقِ عَبْدٍ أَبْيَضُ وَجْهِ الْوُدِّ
 يَفْدِيكَ أَلْزَيْسِ ، بِالنَّفْسِ وَالنَّفِيسِ
 وَصَاحِبِ النُّورِ ، فِي الْحُسْنِ وَالظُّهُورِ
 مُعْتَكِرِ الْفَوَادِ مُضَيِّعِ الْوُدَادِ
 حِبَالُهُ أَشْرَاكَ وَقُرْبُهُ هَلَاكَ

“Жарқанат пен көбелек патшайым”

“Топ бастаған көбелек патшайымы,
 Шырақ іздеп өтті жарқанат қасынан.
 Ол иіліп, мысқылдап былай деді:
 Ей, қараңғылықтың әуесқойы,
 Махаббаттан кемсітілдің бе?
 Айтшы маған, жалқау, қара, жалаңаш бала.
 Шынайы махаббатты жақсы білердей,
 Сұрағаның жай ма достым, еш кідірмей.
 Ол расында кемел достық иесі,
 Онымен әрдайым қауіпсіз, сырың да болады жасырын.
 Ұйқылы көздерімен, жаныңнан өтсе,
 Ғашықтарға берілер сезім-сырың.
 Дәлірек айтар болсам, ол шынайы ғашықтар.
 Ақымақ көбелек сонда мазақ етіп:
 Арзан бағалы мускус иесі, ханзада,
 Айқын боп тұр жарық шашқан келбетің.
 Мен білетін жандардың арасынан,
 Дәл өзін мақтан ете аламын.
 Ол жайлы, қарым-қатынасымыз жайында сұрағанда,
 Құрбыларыммен мақтанамын, тамсанамын.
 Жарқанат айтты: “Ұлы, патшайым, тақ иесі!”
 Менменшілді айыптау бекер әурешілік.
 Ендеше, менен аулақ жүр, өз шаруаңмен айналыс.
 Көбелек оны мазақ етіп, жайына кете барды.
 Бір сағаттан соң, көз жасын тоқтата алмай,
 Көбелек өтті, нөкерлері өлген талай.
 Жарқанат көріп, қасына келді дағы мысқылдап:
 Тірі ме, әлде өлі ме? Мен саған айтпадым ба?
 Қара жүзді достардың, пейілі ақ болады,
 Көшбасшысына жанын беруге барады.
 Ал жүзі нұрлы, сұлулықтың символы,

Бұлыңғыр жүрек, мейірімнен алыс болады,
Оның байланысы – тұзақ, жақындасуы – өлім”.

ملك الغربان وندور الخادم

كَانَ لِلْغُرَبَانِ فِي الْعَصْرِ مَلِيكَ ، وَلَهُ فِي النِّخْلَةِ الْكُبْرَى أَرِيكَ
فِيهِ كُرْسِيٌّ ، وَجِدْرٌ ، وَمُهَوِّدٌ ، لَصِغَارِ الْمَلِكِ أَصْحَابِ الْعَهْدِ
جَاءَهُ يَوْمًا نَدُورُ الْخَادِمِ ، وَهُوَ فِي الْبَابِ الْأَمِينِ الْحَازِمِ
قَالَ: يَا فَرَعُ الْمُلُوكِ الصَّالِحِينَ ، أَنْتَ مَا زِلْتَ تَحِبُّ النَّاصِحِينَ
سَوْسَةً كَانَتْ عَلَى الْقَصْرِ تَدُورُ ، جَازَتْ الْقَصْرَ ، وَدَبَّتْ فِي الْجُدُورِ
فَابْعَثِ الْغُرَبَانَ فِي إِهْلَاكِهَا ، قَبْلَ أَنْ نَهْلِكَ فِي أَشْرَاكِهَا
ضَحَكَ السُّلْطَانُ مِنْ هَذَا الْمَقَالِ ، ثُمَّ أَدْنَى خَادِمَ الْخَيْرِ ، وَقَالَ:
أَنَا رَبُّ الشُّوْكَةِ الضَّافِي الْجَنَاحِ ، أَنَا ذُو الْمَنْقَارِ ، غَلَّابُ الرِّيحِ
أَنَا لَا أَنْظُرُ فِي هَذِي الْأُمُورِ ، أَنَا لَا أَبْصِرُ تَحْتِي يَا نَدُورُ
ثُمَّ لَمَّا كَانَ عَامٌ بَعْدَ عَامٍ ، قَامَ بَيْنَ الرِّيحِ وَالنَّخْلِ خِصَامٌ
وَإِذَا النِّخْلَةُ أَقْوَى جَذْعُهَا ، فَبَدَا لِلرِّيحِ سَهْلًا قَلْعُهَا
فَهَوَّتْ لِلْأَرْضِ كَالْتِّلِ الْكَبِيرِ ، وَهَوَى الدِّيْوَانُ ، وَانْقَضَ السَّرِيرُ
فَدَهَا السُّلْطَانُ ذَا الْخَطْبِ الْمَهُولِ ، وَدَعَا خَادِمَهُ الْغَالِي يَقُولُ :
يَا نَدُورَ الْخَيْرِ ، أَسْعَفَ بِالصِّيَاحِ ، مَا تَرَى مَا فَعَلْتُ فِينَا الرِّيحَ ؟
قَالَ: يَا مَوْلَايَ، لَا تَسْأَلْ نَدُورَ ، أَنَا لَا أَنْظُرُ فِي هَذِي الْأُمُورِ !

“Қарғалар патшасы мен қызметші Нәдур”

“Баяғы өткен заманда, қарғаларда болған дейді бір патша,
Болған екен тағы оның пальма ағашы басында.
Бөлмесінде оның болыпты орындық пен кереует.
Ханзадаларға арналған патшаның қамалында.
Бір күні адал қызметшісі Нәдур келіп, патшасына:
“Уа, әділ патшалардың ұрпағы, сіз әлі де насихатты тыңдаушысыз!”
Сарайды кенелер жүр айналып, қирата ма деп қорқамыз,
Тамырына ұяламай тұрғанда, қарғалар жібергей, құтқарсын!
Сұлтан бұл сөзге күлді де, сенімді қызметшісін қасына алып,
“Мен, тікеннің иесімін, мықты қанаттарым бар,
Желді де бағындырам, білмейсің бе? Ей, Нәдур!
Бас қатырып қайтеміз болмашы бір нәрсеге,
Қорқатұғын несі бар, қызметіңді бар атқар.
Жыл артынан жыл, уақыт өтті зымырап,
Жел мен пальма арасында дау туындап.
Пальманың діңі күшінен айырыла бастады,
Жел оны оңай ғана алды жұлып.
Төбедей боп жатты жерде пальма ағашы құлаған,
Патша тағы, төсек жатыр әрбір жерде шашылған.
Шақырды Нәдур қызметшісін дереу сонда,
Сұмдық апаттың боларын кім ойлаған.
Әй, Нәдур көмектеспей қайда жүрсің,
Көрмейсің бе желдің бізге не істегенін.

*Уа, мырзам! Нәдурден сұрап қайтесіз,
Мен бұл істің білмеймін оң шешімін”.*

الملك فيكم آل إسمعيل لا زال بيتكم يظل النيل
النيل ان احصى لكم حسناتكم ملأ الزمان محاسنا و الجيلا
خلفاؤنا الاحرار إلا انهم ارقى شعوب عواظفا و ميولا
أعلى من الرومان ذكرا في الورى و أعز سلطانا و أمنع غيلا
سبحان من لا عز إلا عزه يبقى و لم يك ملكه ليزلا
يا أهل مصر كلوا الامور لربكم فألله خير موئلا و وكيلا

*“Билік қолдарыңызда, Исмайлит әулеті,
Әйтсе де патшалығыңыз Ніл көлеңкесінде қалады”.*

*“Ніл сенің жақсылықтарыңды санаса,
Бұл уақыт пен ұрпақты жақсылыққа толтырар еді.
Британдықтар біздің қарсыласымыз болса да,
олардың монархиясының даңқы римдіктерден де биік екенін
мойындаймын...*

*Алладан басқа ешбір тәңір жоқ.
Ол барлық кемшілік атаулыдан пәк.
Уа, Мысыр халқы, бәрін Раббыларыңа тапсырыңдар!
Аллах ең құдіретті және қамқоршы”*

اختلاف النهار والليل ينسي ... اذكرا لي الصبا وأيام أنسي
وصفا لي ملاوة من شباب ... صورت من تصورات ومس
عصفت كالصبا اللعوب ومرت ... سنة حلوة ولذة خلّس

وسلا مصر: هل سلا القلب عنها ... أو أسا جرحه الزمان المؤسي
كلما مرت الليالي عليه ... رق، والعهد في الليالي تقسي
مستطار إذا البواخر رنت ... أول الليل، أو عوت بعد جرس

*“Күндіз бен түн ұмытшақ білемісің,
Балалық шағымды айтып беремісің.
Сондай ғажап сәттер еді балғын шақ.
Көз алдымда тұр менің сенемісің.
Ойнақтайды Саба желі балаша,
Мысырдан сұра, кездер еді тамаша.
Ұмыта алар ма жүрек оны бір сәтке,
Әлде уақыт жарасын емдеп таба ма.
Түндер жүректі қатігез етсе де,
Кемелер дауысы кеудені тербетсе,
Оларға отырып кеткендей күй кешіп,
Жүрегің соғады Отан деп сол кезде...”*

لِي اللَّهِ أَشْكَو مِنْ عَوَادِي النَّوَى سَهْمَا
 أَصَابَ سُودَاءَ الْفُؤَادِ وَمَا أَصْمَى
 مِنَ الْهَاتِكَاتِ الْقَلْبِ أَوَّلَ وَهْلَةٍ
 وَمَا دَخَلَتْ لَحْمًا وَلَا لَامَسَتْ عَظْمًا
 تَوَارَدَ وَالنَّاعِي فَأَوْجَسَتْ رَنَّةً
 كَلَامًا عَلَى سَمْعِي وَفِي كَيْدِي كَلَامًا
 فَمَا هَتَفًا حَتَّى نَزَا الْجَنْبُ وَانْزَوَى
 فَيَا وَيْحَ جَنْبِي كَمْ يَسِيلُ وَكَمْ يَدْمَى
 طَوَى الشَّرْقَ نَحْوَ الْغَرْبِ وَالْمَاءَ لِلثَّرَى
 إِلَيَّ وَلَمْ يَرْكَبْ بِسَاطًا وَلَا يَمَّا
 أَبَانَ وَلَمْ يَنْبِسْ وَأَدَّى وَلَمْ يَفْهَ
 وَأَدْمَى وَمَا دَاوَى وَأَوْهَى وَمَا رَمَا

“Бұл менің жүрегімнің түкпір-түкпіріне тиді,
 бірақ өлуге мүмкіндік бермеді.
 Дәл осы сәтте етке кірмей,
 сүйекке тимей жүректі жұлып алардай болды.
 Мен өмірдегі оқиғаларды сөктім,
 бірақ бұдан не өзгеріс болады,
 Олардың арасында тек бірен-саран елес қалды.
 Аллах жар болсын, күнәсіз менің періштем.
 Уақыт бақытқа кедергі болды, әттең-ай.
 Сіз көркемсіз, тәрбиеңіз тым асқақ,
 Ана деген мәңгі есім сізге шақ”.

مُضْنَاكَ جَفَاهُ مَرْقَدُهُ وَبَكَاهُ وَرَحَّمَ عَوْدُهُ
 حَيْرَانُ الْقَلْبِ مُعَذِّبُهُ مَفْرُوهُ الْجَفْنِ مُسَهَّدُهُ
 وَيُنَاجِي النَّجْمَ وَيَتَعَبُّهُ وَيُقِيمُ اللَّيْلَ وَيُقْعِدُهُ
 الْحُسْنُ حَلَفْتُ بِبُيُوسِفِهِ وَالسُّورَةَ إِنَّكَ مُفْرَدُهُ
 بَيْنِي فِي الْحُبِّ وَبَيْنَكَ مَا لَا يَقْدِرُ وَاشِ يُفْسِدُهُ

Сүйіктіңіз одан бас тартты
 Қоштасуға онымен келгенде.
 Жүрегі сезді ме азапты
 Қабақтары ұйқысыз сыр ашты.
 Жұлдызға сырын айтып, шаршатты,
 Түнді оятып, қайтадан ұйықта
 Жүсіптің (пайғамбар) сұлулығымен ант етемін,
 Сенің ғана сұлулығыңды паш етемін.
 Арамызда сезім бар, махаббат бар,
 Ешкім кедергі болмайды деп серт беремін

سنون تعاد و دهر يعيد لعمرک ما في الليالي جديد
 اضاء لادم هذا الهلال فكيف تقول الهلال الوليد

نعود عليه الزمان القريب ويحصى علينا الزمان البعيد
ومن عجب وهو جد الليالي يبيد الليالي فيما يبيد
يقولون يا عام قد عدت لي فيا ليت شعري بماذا تعود

Жылдар оралады, оралар жас
Түндер де өтуде, жаңалықсыз
Бұл ай Адам үшін жарық жолдас
Қалайша ай туды деп айта қоймас.
Біз оған жақын арада ораламыз.
Алыс уақыт бізге қайтып оралар ма.
Қалайша ол түн атасы болды екен
Түндерді шақырады таң атқанша
Жылға айтады сен маған оралдың деп
Немен оралғаныңызды білсем екен.

يا جارة الوادي طربت وعادني ما يشبه الاحلام من ذكراك
مثلت في الذكرى هواك وفي الكرى والذكريات صدى السنين الحاكي
ولقد مررت على الرياض بربرة غناء كنت حيالها القاك
وتعطلت لغة الكلام وخابطت عيني في لغة الهوى عيناك
لا امس من عمر الزمان ولا غد جمع الزمان فكان يوم رضاك

Алқаптағы көрші қыз, бір өзіңді еске алып,
Сол бір ғажап жерлерді кезіп қайттым
Мен сенің сезіміңді жадымда сақтап,
Түсімде бейнеңді көріп сыр ақтардым.
Біз кездескен әсем бақты аралап,
Елесіңді аспаннан іздеп тұрдым мен
Ешқандай сөз айта алмадым ғажап-ақ,
Махаббат тілі көздерімізде тұр бірақ.
Бір өзіңсіз өткен де жоқ бүгін де.
Ең бақытты күндерім сен риза болған күндер.

في الليل لما خلي إلا من الباكي
والنوح ع دوح حالي للصارخ الشاكي
سكون و وحشة و ظلمة وليل مالوش آخر
ونجمة مالت ونجمة حلفت ما تتأخر
دا النوم يا ليل نعمة يحلم بها الساهر
الفجر شأشأ وفاض على سواد الجميلة
لمح كلمح البياض من العيون الكحيلة

Шағымданушыға ағаштың сыбдыры ұнаған кезде.
Тыныштық, жалғыздық және қараңғылық шексіз түнде.
Жұлдыз иіліп, ал енді бірі кешікпеймін деп ант берген кезде.
Уа, түн, ұйқы деген ояу адамның арманы.
Қараңғылықтан соң күн көтеріліп, таң ағарды
Қара көздердің ашы-жұмғаны секілді.

أَمِيْنُهُ يَا بِنْتِي الْغَالِيَهْ أَهْنِيْكَ بِالسَّنَةِ الثَّانِيَهْ
 وَأَسْأَلُ أَنْ تَسْلَمِي لِي السِّنِيْنَ وَأَنْ تُرَزِّقِي الْعَقْلَ وَالْعَافِيَهْ
 وَأَنْ تُقَسِّمِي لِأَبِي الرِّجَالِ وَأَنْ تُلْدِي الْأَنْفُسَ الْعَالِيَهْ
 وَلَكِنْ سَأَلْتُكَ بِالْوَالِدِيْنَ وَنَاشَدْتُكَ اللَّعَبَ الْغَالِيَهْ
 أَتَدْرِيْنَ مَا مَرَّ مِنْ حَادِثٍ وَمَا كَانَ فِي السَّنَةِ الْمَاضِيَهْ
 وَكَمْ بُلْتَ فِي حُلُلٍ مِنْ حَرِيْرٍ وَكَمْ قَدْ كَسَرْتَ مِنَ الْإِنِّيَهْ
 وَكَمْ سَهَرْتَ فِي رِضَاكِ الْجُفُوْنِ وَأَنْتِ عَلَى غَضَبٍ غَافِيَهْ
 وَكَمْ قَدْ خَلْتَ مِنْ أَبِيكَ الْجُبُوْبُ وَلَيْسَتْ جُبُوْبُكَ بِالْخَالِيَهْ
 وَكَمْ قَدْ شَكَا الْمَرْءُ مِنْ عَيْشِهِ وَأَنْتِ وَحَلْوَاكِ فِي نَاحِيَهْ
 وَكَمْ قَدْ مَرَضْتَ فَاسْقَمْتِهِ وَقُمْتَ فَكُنْتَ لَهُ شَافِيَهْ
 وَيَضْحَكُ إِنْ جِئْتِهِ تَضْحَكِيْنَ وَيَبْكِي إِذَا جِئْتِهِ بَاكِِيَهْ
 وَمِنْ عَجَبٍ مَرَّتِ الْحَادِثَاتُ وَأَنْتِ لِأَحَدِثِهَا نَاسِيَهْ فَلَوْ
 حَسَدْتَ مُهْجَةً وَلَدَهَا حَسَدْتُكَ مِنْ طِفْلَةٍ لَا هِيَهْ

Әмина, қымбатты қызым, екінші туған күніңмен құттықтаймын.
 Аллахтан саған әрдайым ақыл мен денсаулық сұраймын.
 Бізге рухы биік, ең жақсы адамдарды дүниеге әкелу үшін.
 Ата-анаңның атынан, қымбат ойыншықтарыңнан сұраймын.
 Білесің бе, өткен жылы не болып, қандай оқиғалар өткенін?
 Неше жібек көйлекті тоздырып, неше ыдысты сындырдың?
 Сені ұйықтатамыз деп, қаншама рет көз ілмеп едік,
 Әкеңнің қалтасы қанша рет бос болып, ал сенікін толтырып еді.
 Сен ойнағанда, әкең күнкөріс қамын ойлап жүрді,
 Сен ауырғанда сауықтырып, сосын өзін емдеді.
 Сен оған күлсең күледі, жыласаң бірге жылайды.
 Сен үшін бағалы күндер қалай керемет өтеді.
 Егер саған қызғанышпен қарайтын жүрек болса,
 Мен сені қызғанар едім, менің нәзік қызым.

أَلَا حَبِذَا صَحْبَةُ الْمَكْتَبِ وَأَحِبُّ بِأَيْمِهِ أَحِبُّ
 وَيَا حَبِذَا صَبِيَّةَ يَمْرُحُونَ عَنَانَ الْحَيَاةِ عَلَيْهِمْ صَبِي
 كَأَنَّهُمُ الْبَسَمَاتِ الْحَيَاةِ وَأَنْفَاسَ رِيحَانِهَا الطَّيِّبِ
 مَقَاعِدَهُمْ كَمْ جَنَاحَ الزَّمَانِ وَمَا عِلْمُوا خَطَرَ الْمَرْكَبِ
 عَصَافِيرٍ عِنْدَ تَهْجِي الدُّرُوسِ مَهَارَ عَرَابِيدٍ فِي الْمَلْعَبِ
 لَهُمْ جَرَسُ مَطَرٍ فِي السَّرَاحِ وَلَيْسَ إِذَا جَدَّ بِالْمَطَرِ
 قَطِيعَ يَزْجِيهِ رَاعٍ مِنَ الدَّهْرِ لَيْسَ بِلَيْنٍ وَلَا صَلْبٍ
 أَهَابَتْ هُرُوتُهُ بِالرَّفَاقِ وَنَادَتْ عَلَى الْحَيِّدِ الْهَرَبِ
 وَدَارَ الزَّمَانُ فَدَالَ الصَّبَا وَشَبَّ الصَّغَارُ عَنِ الْمَكْتَبِ
 وَغَابَ الرَّفَاقُ كَانَ لَمْ يَكُنْ بِهِمْ لَكَ عَهْدٌ وَلَمْ تَصْحَبِ

Мектептегі достық керемет еді,
 Ол күндер қандай тамаша еді.
 Достармен ойнау бір ғанибет,
 Өмір тізгінін ұстау тым ерте еді.

Өмірдің күлкісі мен хош иісін сезіп
Балалықтың қанатында қалықтап
қауіп-қатерді ешқашан білмеп еді.
Сабақта тордағы құстар секілді.
Қоңыраудың соғылуын күтеді,
Алайда қойшының отары секілді
Оларды тынышталуға шақырады,
Таяғымен қашқан достарымды
Сабаққа қайтып шақырады.
Жастық-шақ өтті, мектеп бітірдік.
Арамызда ешбір достық болмағандай,
Сан-қилы бағытқа тарасып кеттік.